

Хамзат Қажымұратұлы
Алтынбек Ұтысханұлы

ДІН ЖАРАСТЫРА МА, ТАЛАСТЫРА МА?



Астана, 2018

ӘОЖ 28
КБЖ 86.38

Хамзат Қажымұратұлы, Алтынбек Ұтысханұлы
Дін жарастыра ма, таластыра ма? – Алматы: «Самға»
баспасы, 2018. – 240 б.

ISBN

Бұл еңбекте әр мұсылман баласына білуі тиісті ең керекті діни мәліметтер жинақталған. Исламның бес парызы мен иман шарттары, ғибадат, тазалық негіздері, Ислам тарихынан үзінділер, ахлақ және ардақты Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) өмірі мен өнегесі берілген.

Қарапайым тілмен жазылған кітап діни сауатын молайтқысы келген барша оқырманға арналған.

ӘОЖ 28
КБЖ 86.38

ISBN

© «Самға» баспасы, 2018
© Х. Қажымұратұлы, А. Ұтысханұлы, 2018

АЛҒЫСӨЗ

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары елімізге дәстүрлі емес жат діни бірлестіктер қаптап, халықтың алаңдаушылығын туғызған болса, бүгінде Қазақстанда діни жағдай тұрақты деуге толық негіз бар. 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы және қайта тіркеу нәтижесінде елдегі конфессиялар саны 40-тан 18-ге азайды. Мемлекеттің діни салаға қатысты ұстанып отырған дұрыс саясатының, дәлірек айтқанда, жаңадан құрылған Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің қарқынды жұмысының ықпалымен қазіргі уақытта діни жағдай толық бақылауда екенін айтуға болады.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Тәуелсіздік және дәуір» атты кітабында теріс ағымдардан сақтандырып, бірлік мәселесіне назар аудартады: «Біздің өміріміз үшін дәстүрлі емес діни және дін атын жамылған ағымдарға жастардың соқыр еріп кетуіне көз жұмып қарай алмаймыз. Себебі – біздің қоғамның діни теріс ағымға қарсы иммунитетінің әлсіздігінде. Адамның ішкі сүзгісі мынадай сұрақ қоюы керек: Біздің аналарымыз, әпкелеріміз, қыздарымыз өзге халықтың киім үлгілерін киюі қажет пе? Бізбен бір дастарқанда ас ішпеуі керек пе? Автокөлік жүргізбеуі керек пе? Мұның бәрі өзге халықтардың дәстүрі. Бірақ, бұл дәстүрлер біздің далада болған емес. Бізге зиян тигізетін діни ағымдар бар. Біз ондай ағымдардан барынша аулақ болуымыз керек және шынайы руханиятты насихаттайтын дінді алу керек. Құрандағы қасиетті өсиеттерді орындау үшін дін дамуы мен өркендеуі мұқтаждарға көмектесу, бауырмалдық, үлкенге құрмет, балаларға тәрбие беру, Отанды және халықты қорғау, бірлікке шақыру істерімен атқарылуы тиіс».

Елдегі тұрақтылық пен тыныштық – баршаға тән жауапкершілік. Осы себепті республикамыздағы 25 шақты ұлттан құралатын 70 пайыздай мұсылман жұртшылығының рухани қажетін өтеп келе жатқан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы да осы жауапкершілікті терең сезініп, мұсылман жамағатының татулығы мен бірлігіне қызмет

етуде. Басқармаға қарасты мешіттердің барлығы елге имандылықты дәріптеп, діни қажетін өтеп, халыққа сауат ашу жұмыстарын жүргізіп келеді. Сол мешіттерді қажетті діни әдебиеттермен қамтамасыз етіп отыру да өз кезегінде жауапты міндет. Өйткені ел ішінде діни экстремизм мен терроризмді болдырмау, радикалды ағымдармен күресте негізгі қару білім болуы тиіс. Нақты тарихи фактілерге сүйенетін жүйелі білім ғана әсіре діни ағымдарға тойтарыс беруге қауқарлы болмақ. Қазірге дейін ҚМДБ бөлімдері бірқатар мазмұнды кітаптардың жарық көруіне ұйытқы болды. Осы орайда ҚМДБ құрамындағы Насихат және қоғаммен байланыс бөліміндегі мамандардың әзірлеген қолдарыңыздағы осы еңбектің оқырманға берері мол.

Ислам – бейбітшілік діні. Қазақстан республикасы да тәуелсіздігін жариялағаннан бастап ядролық қарудан өз еркімен бас тартып, әлемге өзін бейбітсүйгіш ел ретінде танытты. Көпвекторлы саясатымыз әлемдегі барлық елдермен ашық әрі достық қарым-қатынасқа негізделген. Елбасымыз айтқандай, бүгінде Исламды экстремизм, терроризмнен арашалап алуға мәжбүр жағдай туындауда. Осы себепті кітапта Исламның бейбітшілік ұстанымдары, оның қазақ даласына келуі мен орнығуы тарихи негізде жақсы талданған, дінде күштеу жоқтығы, «ислам қылышпен тараған» дейтін қарадүрсін пікірдің негізсіздігін білдіріп, тұщымды жауап айтылған. Кітаптың мазмұнына арқау болған тақырыптардың қай-қайсысы да қазіргі қазақ қоғамы үшін өзекті мәселелер.

Атап айтқанда, Ханафи мәзһабы мен Тасаууф жолының өміршеңдігі, діни алауыздықтың шығу себептерін қарастырғаны, бауырмашылдықты нығайту, басшыға бағынудың міндеттілігі, харижиттер, Хизбут-Тахрир, псевдосалафилер, таблиғ жамағаты, Ата жолының қателіктерін әһлі суннамен салыстыра отырып ашып көрсетуі және т.б.

Алла тағала елімізге тыныштық, жерімізге амандық берсін! Еңбек оқырмандардың рухани кәдесіне жарасын!

*Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы,
Бас муфти*

Серікбай қажы Ораз

АҢДАТПА

Еліміз аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, көк байрағымыз көк аспанда желбіреген сәтте әрбір қазақтың жүрегінде қандай сезім болды екен?!

Бабаларымыздың қаны, аналарымыздың жасымен қол жеткізген бостандығымыз – әрбір қазақ азаматы үшін баға жетпес қазына. Сонау «Ақтабан шұбырындыдан» «Желтоқсан» оқиғасына дейінгі қазақ басына төнген аласапыран сынақтар біздерді тәуелсіздікке жеткізген киелі баспалдақ іспеттес. Дініміз, діліміз қайта оралған сәтте жетпіс жыл бойы рухани құлазыған халқымыз жаппай дінге бет бұрды. «Шөлдеген жан су көрсе, бас қоймай ма қайнарға» деп дана Абай атамыз айтқандай, өзінің рухани бұлақ көзінің бастауына сол кезде жұртшылық, соның ішінде жастар мән бермеді. Тұнық таза Исламмен бірге керітартпа пікірлер де араласып кетті. Аузында «бісмілләсі» бар барлық жанды діндар деп санайтын дархан халқымыз алғашында жалған дін жаюшыларды бір-бірінен ажыратып жатпады. Оған себеп, сол уақытта Қазақстанда дін ғалымдарының тапшылығы, мешіт имамдарының білімдерінің таяздығы, арнайы имамдар даярлайтын оқу орындарының жоқтығы.

Көкейдегі сауалдарына тұшымды жауап таба алмаған иманды жастар сол кездері шетел асып, Ислам дінінің білім ордаларынан тәлім алды. Қазақи салт-дәстүр мен діни ұстанымды бойларына сіңіріп үлгермеген қазақ жастары елге оралып, өздері барып білім алып келген елдің салт-дәстүрлерін, діни ұстанымдарын жая бастады. Осыдан барып ғасырлар бойы халықтың санасында қалыптасқан салт-дәстүр мен діни үрдіске келімсек дін жаюшылардың пікірі сәйкес келмей қарама-қайшылық туындады. Әсіресе, жастар арасында бұл ұстаным біржақты қабылданып, кейін отбасын, одан кейін қоғамның шырқын бұзуға апарды. Осының кесірінен бауырлар қатынасына сызат түссе, оның арты қазақи болмысымыздан айырылуға сәл-ақ қалды.

Бұл еңбек осы салада қызмет атқарып жүрген дінге жанашыр жандарға және барша мұсылман бауырларға арналады.

Алла баршамыздың дін жолындағы ісімізге сәттілік берсін!

ИСЛАМ – БЕЙБІТ ДІН

«Ислам» сөзінің түбірі «салима», «иуслиму», «ислам» яғни, «бейбітшілік, аманшылық» деген сөздерден бастау алады және ол Алла тағаланың «Салам» деген көркем есімімен түбірлес. Ал шариғаттағы мағынасы: толық мойынсұну, Алланың алдында парыздарды орындау, одан басқа жалған құдайларға табынбау.

Алла тағала Құран кәрімде:

هُوَ اللَّهُ الَّذِي لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْمَلِكُ الْقُدُّوسُ السَّلَامُ

«Ол сондай Алла, Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол патша, өте пәк, есендік беруші»¹.

Ислам – Алла тағаланың Жәбірейіл періште арқылы сүйікті әрі соңғы пайғамбары Мұхаммедке (с.а.у.) жіберген ең соңғы діні. Ол – адам баласына осы дүниеде және ақыретте бақытты өмір сүруге жетелейтін қағидалар жиынтығы.

Қазіргі уақытта әлемде 1,5 млрд-қа жуық мұсылман бар және жыл сайын бұл көрсеткіш өсе түсуде. Еліміздің тарихы мен мәдениеті көптеген ғасырлар бойы Ислам дінімен тығыз байланыста дамып келеді. Ислам – қазақ халқының өзіндік руханияты мен мәдениетінің қалыптасуындағы негізгі қайнарлардың бірі болып табылады.


Исламның қазақ даласына түбегейлі орнығуына VIII ғ. ортасында, 751 ж. Тараз қаласының маңындағы мұсылман әскербасы Зияд ибн Салих пен Қытай қолбасшысы Гао Сяньчжидің арасында болған Атлах шайқасында мұсылман әскері жеңіске жетіп, Жетісу мен Шығыс Түркістан жерлерінің азат етілуі себеп болды. Мұсылман әскерінің бұл жеңісі Орта Азия жерінде Ислам діні мен мәдениетінің қалыптасуына жол ашты. X ғ. аяғына қарай Ислам Жетісу мен Сырдариядағы отырықшы халықтың негізгі дініне айналды. X ғ. басында Қараханит мемлекетінің негізін қалаушы Сатұқ

¹ «Хашр» сүресі, 23-аят

мұсылмандықты қабылдады, ал оның ұлы Боғра-хан Һарун Мұса 960 ж. Ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады.

Оңтүстік Қазақстандағы көшпенді түркі халқының арасында Исламды таратуда ұлы ойшыл Қожа Ахмет Яссауи (1166 ж. немесе 1167 ж. қайтыс болған) зор үлес қосты. Әмір Темірдің Яссауиге деген құрметінің белгісі ретінде XIV-XV ғғ. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі салынды, қазіргі таңда бұл тарихи жәдігер тек Қазақстандағы ірі мұсылмандық сәулет ескерткіші ғана емес, сонымен қатар, әлемдік озық үлгілердің бірі болып саналады. Қазақ хандығы құрылғаннан бастап мұсылмандық құқықтық нормаларға жүгінді. Барлық қазақ хандары, соның ішінде Керей мен Жәнібектен бастап ең соңғы қазақ ханы Кенесары (1847 ж. қайтыс болды.) өздерінің шариғатқа жүгінетіндіктерін айтып кеткен.

Тәуке ханның (шамамен 1718 ж. қайтыс болды) «Жеті Жарғы» заңдар кодексі қабылдауы Исламды қоғамдық өмір мен заңдық тәжірибеде қолдануда айтарлықтай үлкен қадам болды. Осы құжатта көрсетілген әкімшілік, қылмыс және азаматтық құқық нормалары айтарлықтай дәрежеде шариғатқа жүгінген.



1-сурет. Әлемдегі мұсылмандардың шоғырланған аймақтары

Соңғы уақытта әлемдік ақпарат құралдарында Исламға негізсіз көп жала жабылуда. Ислам терроризм, экстремизм, сондай-ақ зорлық жасап жаулап алуды еш қолдамайды.

Бұл асыл діннің негізгі құндылықтарына мән бермегеннің, діни сауатсыздықтың белгісі. Әу бастан Исламның ұстанымы тек бейбітшілік. Кейбір ориенталистердің «ислам қылыш арқылы тарады» дегені де негізсіз. Исламда тек Отанға, жеке өмірге қауіп төнген жағдайда ғана қолға қару алуға рұқсат етіледі. Ұлы тәрбиеші Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзінің сахабаларына былай деп ескерткен:

لَا تَتَمَنَّوْا لِقَاءَ الْعَدُوِّ، وَسَلُّوْا اللَّهَ الْعَافِيَةَ

«Жаумен кездесуді көксемендер, одан да Алладан амандық сұраңдар»². Шынайы мұсылманның табиғатында озбырлық, біреуге күш көрсету секілді жаман қылықтар болмайды.

Ал, егер Отанға, елге, отбасыға қауіп төнген жағдайда әрбір мұсылман қасық қаны қалғанша қорғауға міндетті. Алла тағала:

أُذِنَ لِلَّذِينَ يُقَاتِلُونَ بَأْتِنَهُمْ ظَلَمُوا وَإِنَّ اللَّهَ عَلَىٰ نَصْرِهِمْ لَقَدِيرٌ *
الَّذِينَ أُخْرِجُوا مِنْ دِيَارِهِمْ بِغَيْرِ حَقٍّ إِلَّا أَنْ يَقُولُوا رَبُّنَا اللَّهُ

«Шынында шабуыл жасалып, зұлымдыққа ұшырағандарға соғысу үшін рұқсат берілді. Күдіксіз Алланың оларға жәрдем етуге күші толық жетеді. Олар жазықсыз бір ғана: **«Раббымыз Алла» дегендігі себепті ата мекендерінен қуылғандар**»³.

Бұл жерде соғысқа рұқсат берілуі аятта келгендей тек зұлымдыққа ұшырап, өз елдерінен кетуге мәжбүр етілген жағдайға қатысты. Осыған ұқсас басқа аятта:

وَقَاتِلُوا فِي سَبِيلِ اللَّهِ الَّذِينَ يُقَاتِلُونَكُمْ وَلَا تَعْتَدُوا إِنَّ اللَّهَ لَا يُحِبُّ الْمُعْتَدِينَ

«Өздеріңмен соғысқандармен Алла жолында соғысыңдар, шектен шықпаңдар. Негізінен, Алла шектен шығушыларды жақсы көрмейді»⁴.

² Бұхари хадистер жинағы, №2804

³ «Хаж» сүресі, 39-40 аяттар

⁴ «Бақара» сүресі 190-аят

Бұл жердегі аяттарда өздерімен соғысқандармен ғана соғысу міндетті екені меңзелген. Аяттағы «шектен шықпаңдар» деген әмір, «өздеріңмен соғысқандар» деген аяттар соғысты мұсылмандар бастамайтынын аңғартуда. Исламның бейбіт дін екеніне тағы бір дәлел: ой, сенім бостандығына еркіндік бергендігі. Өзге дін өкілдеріне де бейбіт ұстаныммен қарайды. Сенім мәселесінде ешкімді мәжбүрлемейді. Алла тағала Құран кәрімде:

لَا إِكْرَاهَ فِي الدِّينِ

«Дінде күштеу жоқ» деген⁵.

Әр адамға өз ықтиярымен ғана сенім қабылдауға мүмкіндік береді.

وَلِكُلِّ وُجْهَةٌ هُوَ مُوَلِّيهَا فَتَسَبِّحُوا الْحَيَّاتِ

«Әр адамның бет түзеген бір құбыласы бар. Жақсылыққа асығыңдар»⁶.

«Әркімнің бет түзейтін құбыласы бар» деген сөздің мағынасы әркімнің өзінің жолы, ұстанымы бар деген сөз. Алла тағала басқа бір аятта Пайғамбарымызға (с.а.у.) былай дейді:

فَإِنْ أَسْلَمُوا فَقَدْ اهْتَدَوْا وَإِنْ تَوَلَّوْا فَإِنَّمَا عَلَيْكَ الْبَلَاءُ

«Егер олар мұсылман болса, онда олардың тура жол тапқаны. Ал егер олар бет бұрып кетсе, (саған ешқандай зиян жоқ) сенің міндетің тек жеткізу ғана»⁷.

Соңғы дін Ислам болғандықтан, Алланың ендігі қабыл алатын діні де тек Ислам болмақ. Аятта бұл турасында:

إِنَّ الدِّينَ عِنْدَ اللَّهِ الْإِسْلَامُ

«Алланың қасында шынайы дін – Ислам» делінген⁸.

⁵ «Бақара» сүресі 256-аят

⁶ «Бақара» сүресі 148-аят

⁷ «Әли Имран» 20-аят

⁸ «Әли Имран» сүресі, 19-аят

Дегенмен, Исламға шақырғанда адам баласының бойында хикмет, сабырлық секілді ізгі қасиеттер болуы ләзім. Алла тағала Құран кәрімде:

ادْعُ إِلَى سَبِيلِ رَبِّكَ بِالْحُكْمِ وَالْمَوْعِظَةِ الْحَسَنَةِ ۚ وَجَادِلْهُمْ بِالَّتِي هِيَ
أَحْسَنُ ۚ إِنَّ رَبَّكَ هُوَ أَعْلَمُ بِمَنْ ضَلَّ عَنْ سَبِيلِهِ ۚ وَهُوَ أَعْلَمُ بِالْمُهْتَدِينَ

«Адамдарды Раббыңның жолына даналықпен, жақсы үгіт арқылы шақыр. Әрі олармен көркем түрде күрес. Күдіксіз, Раббың тура жол тапқандарды да жақсы біледі»⁹.

Мұсылмандардың бейбіт сүйгіштігіне бір дәлел – сәлемдесу арқылы бір-біріне үнемі амандық тілеуі. Әрбір мұсылманның «Ассаламу алайкум» деуі «мен саған аманшылық, бейбітшілік тілеймін» дегені. Бұл Жаратушының бұйрығына жатады:

فَإِذَا دَخَلْتُمْ بُيُوتًا فَسَلِّمُوا عَلَى أَنْفُسِكُمْ تَحِيَّةٌ مِّنْ عِنْدِ اللَّهِ مُبَارَكَةٌ طَيِّبَةٌ

«Қашан үйлерге кірсеңдер, өздеріңе (мұсылмандарға) Алла тарапынан болған берекетті де көркем амандасумен сәлем беріңдер»¹⁰.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бір хадисінде:

أَنَّ رَجُلًا سَأَلَ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَيُّ الْإِسْلَامِ خَيْرٌ
قَالَ تُطْعِمُ الطَّعَامَ وَتُقْرِئُ السَّلَامَ عَلَى مَنْ عَرَفْتَ وَمَنْ لَمْ تَعْرِفْ

«Бір кісі: «Исламдағы ең жақсы амал қандай?» – деп сұрағанда, Расулұлла (с.а.у.): «Мұқтажды тамақтандыруың және танысаң да, танымасаң да кездескенмен сәлемдесуің», – деп жауап берген»¹¹.

Демек, мұсылмандар күнделікті мейлі оларды танысын, танымасын басқа адамдарға Алланың аманшылығын, бейбітшілігін тілеуде. Бұл өзі мұсылмандық міндет. Шын мұсылман – ол басқа біреуге қолымен де, тілімен де зиян келтірмеген жан. Пайғамбарымыздың хадисінде:

⁹ «Нахыл» сүресі 125-аят

¹⁰ «Нұр» сүресі, 61-аят

¹¹ Сунан Аби Дауд №5194, Бұхари, Мұслим хадистер жинағында келген.

الْمُسْلِمُ مَنْ سَلِمَ الْمُسْلِمُونَ مِنْ لِسَانِهِ وَيَدِهِ

«Мұсылман – басқа бір мұсылманға тілімен, қолымен зиян келтірмейді»¹². Ал жазықсыз кісі өлтіру ол – үлкен күнә. Алла тағала Құран кәрімде:

وَمَنْ قَتَلَ نَفْسًا بِغَيْرِ نَفْسٍ أَوْ فَسَادٍ فِي الْأَرْضِ فَكَأَنَّمَا قَتَلَ النَّاسَ جَمِيعًا

«Кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, онда барлық адамды қырғанмен тең»¹³.

Ислам тарихынан білімі таяз қаламгерлер ислами жорықтарды алға тартып, Ислам дінін қылышпен таратқан деген тұжырымды алға тартуда. Осы орайда Исламның алғашқы дәуіріне бір көз жіберсек, Мекке тұрғындарынан езгі көрген алғашқы мұсылмандар Хабаһстан (Эфиопия) еліне көшіп барған еді. Сол кезде Хабаһстан патшасы Нежашидің алдында сөйлеген Жағфар ибн Әбу Талибтің сөзі арабтардың сол уақыттағы жағдайын айқын аңғартуда. Ол арабтарды былай сипаттаған: *«Әй, елбасы! Біз надан ұлттың ішінде жүрген жан едік. Пұттарға табынатынбыз. Өлекселерді жейтінбіз. Әртүрлі жаманшылықтарға баратынбыз. Туысқандарымызбен араласпайтынбыз. Көршілерімізге жаманшылық істейтін едік. Байлар кедейлерді қанайтын. Аллаға шүкір, арамызда ата-бабасынан танымал, қадірлі, өзі де халық арасында абыройлы, әділеттігімен танылған адам пайғамбар болды. Алла осы пайғамбар арқылы бізді бұл қараңғылықтан құтқарды»¹⁴*, – деді.

Ислам кемеліне келіп, Құранның түсуі тоқтағаннан кейін мұсылмандарға бұл дінді Құранның тікелей әмірімен әлемге жаю міндет болды. Дін жаюда отарлау, қанау, елді құлдыққа айдау секілді мақсаттардан аулақ болды. Исламға дейін шөлде өмір сүрген жабайы арабтар жарты ғасыр өтпей әлемге ұстаздық ете бастады. Исламның бір шеті – Африкадағы Мысыр, Ливияға жетсе, енді бір шеті – Орта

¹² Бұхари хадистер жинағы, № 10

¹³ «Мәида» сүресі, 32-аят

¹⁴ Фиқһу ас-Сира кітабының қазақша аудармасы, 118-бет

Азияда Қытай шекарасына шейін жетті. Ислам дінінен нәр алған халықтар бұл ақиқат діннің құндылықтарын зерттей келе, әлемде сол кезде теңдесі жоқ ғылым бұлақтарының көзін ашты. Медицина, астрономия, математика, химия ғылымдарының негізін қалап әлемге паш етті. Ислам жайылған бүкіл аймақтар өздерінің ұзақ ұйқысынан оянды. Бұл аймақтарда білімнің сан саласы дамып, медицина, зерттеу орталықтары ашылды, әлем жұртшылығы басқа күйде өмір сүре бастады. Міне, бұл шынайы жиһад, шынайы Алла жолында күш жұмсау болды. Ал қазіргі Алла жолында өздерін «жиһадтамыз» деп санайтындардың соңында тек үйінділер ғана қалуда. Осы заманда Исламды кереағар түсінетін топтар арасында «ислами жанұя құрып, Исламда өмір сүреміз» деушілерден «Ислам үшін өліп жаннатқа кіреміз» деушілер көбейіп кетті. Алғашқы дәуір мұсылмандарында басқа елге әскермен кіруге мақсат – Ислам жаю болатын, қазірдегідей әр жерде жарылыстар ұйымдастырып, бейкүнә бала-шаға, қарттар мен қарапайым халыққа қасірет үйірмейтін.

Ислам шариғатында бекітілген қағида бойынша бір елдің аумағына мұсылман әскері кірмес бұрын халқын Исламға шақыратын, егер Исламды қабылдаса, ол ел Ислам мемлекетінің бір бөлігі болып, жалпыға бірдей Ислам шариғаты жүргізілетін. Исламды қабылдамаған жағдайда жизия (салық) төленеді. Бұл салықтан ол мемлекеттің ұтатыны түгел жері мұсылман мемлекетінің аясына кіреді, сол себепті шекараларын өзге мемлекеттерден қорғау мұсылман мемлекетінің міндетіне өтеді. Ал, бұған келіспеген жағдайда басқа мемлекеттерге Ислам жаюға кедергі келтіргендіктен, соғыс жариялауға мәжбүр болды. Қазіргі уақытта да осы пікірді ұстанатын деструктивті ағымдар бар. Олар әлемді екіге бөледі: «дәрул Ислам», яғни мұсылман мемлекеттері, «дәрул харб» әрдайым соғыс жағдайында болу керек мұсылман емес мемлекеттер. Бұл мемлекеттермен соғысу, оларға күштеп шариғат заңдарын жүргізуді заңды деп санайды. Қазіргі уақытта әлемнің кез келген елінде мешіттер, ислами орталықтар жұмыс істейді, тіпті мұсылман емес Қытайдың өзінде 40 млн-ға жуық мұсылман

бар. Ресейде, Индияда, Францияда да халықтың ауқымды бөлігін мұсылмандар құрауда. Ғаламторда да мұсылмандар еш шекарасыз дінді насихаттай алады. Сол себепті, Ислам дағуаты кең тарауда. Алла тағаланың:

ادْعُ إِلَى سَبِيلِ رَبِّكَ بِالْحُكْمَةِ وَالْمَوْعِظَةِ الْحَسَنَةِ

«Адамдарды Раббыңның жолына даналықпен, жақсы үгітпен шақыр¹⁵ деген әмірі күшпен, қарумен емес, даналықпен, біліммен жаю керектігін меңзейді.

Тарихтан мысал келтірер болсақ, екінші халифа Омардың тұсында Ислам кең тарап, көптеген жерлер халифа билігіне қарайды. Сол жерлерді мекендеген түрлі ұлттар мен ұлыстардың ешбіріне мұсылман билігі қысым жасамай, тұрғындар бейбіт өмір сүрді. Айталық, Ислам әскері әһли кітап яғни христиан, яһуди дін өкілдері көбірек шоғырланған Палестина аймағын басып алғаннан кейін, ондағы тұрғындармен хазіреті Омар 637 жылы мынандай келісім шарт жасады: «Бұл Алланың құлы, мұсылмандардың әміршісі Хаттабұлы Омардың Илиа халқына берген қауіпсіздік қағазы: *Олардың жандарына, малдарына, шіркеулеріне, кресттеріне, дені саулары мен сырқаттарына және қалған ұлтына амандық берілді. Шіркеулерін ешкім тұрғын үйге айналдырмайды, оларды ешкім бұзбайды, ішкі және сыртқы қор мүліктерінен еш нәрсе кемітілмейді, малдарына ешкім қол сұқпайды. Мұндағылардың дініне зорлық жасалмайды, ешкімге дін негізінде зорлық көрсетілмейді*»¹⁶.

Бұл заманда дінді жаю тек бейбіт түрде болуы ләзім. Соғысуға шешім қабылдау тек мемлекет басшысының бұйрығымен жүзеге асады. Бір адамның немесе ғалымның жиһад немесе соғыс жариялауы орындалуы ләзім үкімге жүрмейді, өйткені ол жеке тұлғадан шыққан сөз.

Ал, пайғамбарымыз (с.а.у.) меңзеген нағыз жиһадқа келер болсақ, ол адамның өз нәпсісімен күресуі, нақтырақ айтсақ, қызғаншақтық, тәкаппарлық, көреалмаушылық секілді

¹⁵ «Нахыл» сүресі 125-аят

¹⁶ Әділетті төрт халифа, Жолдасов Абдолла

жағымсыз қасиеттерден арылуы. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бірде соғыстан шаршап-шалдығып келе жатқан сахабаларына: «Біз қазір кіші жиһадтан үлкен жиһадқа қайттық», – деген кезде, сахабалары: «Уа, Расулұлла, «Үлкен жиһад» деген не?» – деп, таңала сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз: «Ол – өз нәпсіңмен күрес», – деп жауап қайырды¹⁷. Қазіргі заман ғалымдарының пікірі бойынша, 21-ғасыр жиһады – сауатсыздықпен күрес, ғылым-білімге ұмтылу. Статистикаға сүйенсек, көптеген мұсылман мемлекеттерінде, соның ішінде тұрақсыз соғыс халіндегі мұсылман мемлекеттерінде сауатсыздық кең етек жайғаны баршамызға мәлім. Бұл мұсылмандардың заманға сай өмір сүре алмағандығының, діни түсінігінің таяздығының белгісі.

Махатма Гандидің мына сөзімен бұл тақырыпты аяқтағанды жөн көрдік:

«Мұсылмандар ең жарқын және жеңісті күндерінде де шектен шықпаған. Ислам діні әлемді Жаратушыға және Оның туындысына таңдануды бұйырады. Батыс әлемі үрейге толы өмір сүріп жатқанда Шығыста жарқыраған Ислам жұлдызы азап шеккен дүниеге жарық, бейбітшілік, еркіндік әкелген еді. Ислам діні алдамшы, жалған дін емес. Үнділер бұл дінді құрметтеп, зерттейтін болса, олар да мен сияқты Исламды жақсы көретін болады. Мен Ислам дінінің пайғамбарларының және оның жанындағылардың қалай өмір сүргенін көрсететін кітаптарды оқыдым. Бұлар мені қызықтырғаны соншалық – кітаптардың аз екендігіне қынжылдым. Мен мынадай қорытындыға келдім: Исламның шұғыл дамуы қылышпен жүзеге аспаған. Керісінше, қарапайымдылығы, қисындылығы және пайғамбарларының кішіпейілділігі, әрқашан сөзінде тұратындығы, туыстар мен барлық мұсылмандарға деген мейірімділігі арқылы адамдардың көңілінен шығып, жүректерінен орын алған»¹⁸.

¹⁷ Бәйһақи хадистер жинағы

¹⁸ <http://zhamagat-kyzylorda.kz/kaz/content/atakti-tulgalardin-sozderi>

ДІНИ АЛАУЫЗДЫҚТЫҢ (ФИТНА) ШЫҒУ СЕБЕПТЕРІ

Кез келген мемлекеттің гүлденуі, өркендеуі, бірінші кезекте экономикалық, табиғи ресурстарына емес, ішкі тұрақтылығына, ауызбіршілігіне байланысты. Мемлекет кедей болуы мүмкін, алайда сүттей ұйыған ауызбіршілік, ынтымақтың арқасында барлық қиыншылықтарды жеңіп, өркениетті елдер санатына енеді. «Байлық байлық емес, бірлік байлық» демекші, қазақ халқының басына түскен талай қысылтаяң кездерде осы бірліктің арқасында жол тауып отырған. Ал жүз-жүзге, ру-руға, ұлыстарға бөлініп, әркім өз пайдасын көксегенде кесепатқа ұшырап, жау қолына оңай олжа болған. Алла тағала Құран кәрімде былай дейді:

وَالْفِتْنَةُ أَشَدُّ مِنَ الْقَتْلِ

«Бүлік (фитна) кісі өлтіруден де ауыр»¹⁹.

Ақиқатында, бүлік (фитна) – Ислам үшін де, мұсылмандар үшін де көптеген апаттардың себебі болып табылады. Сондықтан да бүліктен Алла Елшісі (с.а.у.) және осы үмбеттің алдыңғы буын ізгілері (саләфтары) де алдын ала сақтанған. Алла тағала былай деген:

وَاتَّقُوا فِتْنَةً لَا تُصِيبَنَّ الَّذِينَ ظَلَمْتُمْ مِنْكُمْ خَاصَّةً
وَاعْلَمُوا أَنَّ اللَّهَ شَدِيدُ الْعِقَابِ

«Және сендерден жеке залым болғандарға ғана кесірі тимейтін фитнадан (бүліктен) сақтаныңдар!»²⁰. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына хадисі жоғарыдағы аятты толықтыра түскендей:

«هَلْ تَرَوْنَ مَا أَرَى؟» قَالُوا: لَا، قَالَ: «فَإِنِّي لَأَرَى
الْفِتْنَ تَقَعُ خِلَالَ بُيُوتِكُمْ كَوُفْعِ الْمَطَرِ».

¹⁹ «Бақара» сүресі, 191-аят

²⁰ «Әнфәл» сүресі, 25-аят

«Сендер мен көріп тұрғанды көре аласыңдар ма?! Мен сендердің үйлеріңнің арасында жаңбыр нәсерлеткендей бүлік-фитна қаптағанын көріп тұрмын»²¹.

Қиямет жақындаған кезде фитналардың көбейетіні жөнінде Пайғамбарымыз (с.а.у.) да ескерткен:

يَتَقَارَبُ الزَّمَانُ وَيَنْقُصُ الْعِلْمُ وَيُلْقَى الشُّحُّ وَتُظْهَرُ الْفِتَنَ وَيُكْثَرُ الْهَرَجُ

«Қиямет жақындағанда ілім азайып, сараңдық көбейеді, бүліктер пайда болып, өлім кең етек алады»²².

Шыныменде, соңғы жүзжылдық бүлік пен кісі өліміне толы, соғыс жүзжылдығы деп атауға лайық. 1914 жылғы бірінші Дүниежүзілік соғыстан бастап, отызыншы жылдардағы қолдан жасалған аштық, қазақтың бетке ұстар тұлғалары: Сәкен, Ахмет, Бейімбеттердің нақақтан-нақақ атылуы, екінші дүниежүзілік соғыс, желтоқсан құрбандары – барлығы осы жүзжылдықтың еншісіндегі қазақ басына төнген кесепат. Бұл – еліміздің бостандығы, тәуелсіздігі жолында жасалған ерекше құрбандық. Аллаға шүкір, тәуелсіздігімізге қол жеткіздік. Тәуелсіздікпен бірге асыл дініміз, тіліміз қайта оралды, бүкіл табиғи байлықтарымызды игеруге мүмкіншілік алдық. Кезінде КСРО-да аты беймәлім, көлеңкеде болған Қазақстан әлемге әйгілі болып, алпауыт мемлекеттер санасар дербес, өзіндік шекарасы бар, жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орын алатын еліне айналды. Мұның барлығы, әрине, Алла тағаланың мейірімділігі мен бабаларымыздың дұғасының арқасында.

Бұрынғы КСРО мемлекеттерінің көпшілігінде соғыс алаулары тұтанып, ішкі тұрақтылыққа сызат түссе, жүзден аса ұлыс өкілдері орналасқан қазақ елінде тыныштық орнады. Сол кездегі кей сарапшылар Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуына күмәнмен қарап, ол пікірлерін ашық білдірген де болатын. Дегенмен, сындарлы тоқсаныншы жылдардан сүрінбей өтіп, жарқын болашаққа нық қадам басты. Бұған

²¹ Фатху әл-Бари шарх сахих әл-Бұхари №6651

²² Фатху әл-Бари шарх сахих әл-Бұхари №6652

негізгі себеп – Қазақстан қазба байлықтары және мемлекет басындағы тұлғалардың жүргізген ұтқыр саясаты.

Қазақстан тәуелсіздігімен бірге қол жеткізген діні, тілі жыл өте дамып, мұсылмандыққа бет бұрушылардың саны көбейіп, қазақ елі рухани жағынан да баи түсті. Әрине, бұл өз кезегінде қазақтың байлығына көз алартқан мемлекеттер үшін ой салды. Өйткені адамдар жаппай дінге бет бұратын болса, Алланың алдындағы, қоғамның алдындағы және жанұясының алдындағы міндетін түсінеді. Рухани байыған адам бойын әлбетте арақ-шарап ішуден, ойын-сауық орындарынан аулақ ұстайды, парақорлық, несие алу азаяды. Ислам діні үйреткендей еліне, жеріне деген құрметі оянады. Өйткені, халықты рухани аздырудың салдары көп ұзатпай аталған ұлтты дәрменсіз, әлжуаз етеді. Бұл тұста не істеу қажет?! Бұған қол жеткізу үшін жалғыз жол ол адамдарды бір-біріне қарама-қарсы қойып, арасына от салу.

Бұрынғы замандағыдай руаралық жанжал немесе халық арасында төре, қара халық деп бөлу мүлдем негізсіз. Ең тиімді жол мұсылмандардың арасын жік-жікке бөлу, біреуінің сенгенін енді біреуі мойындамау, біреуді кәпірге шығарып, біреуді пасық қылу. Міне, осы тұста нағыз бүлік оты бастау алды. Біреуі бір ғалымды тыңдаса, енді біреуі жоқ ол адасуда, өйткені ол арнайы ғалымдардан дәріс алмаған деп шықты. Бұл тұста туындайтын сұрақ: бүлік қайдан басталды, оған не себеп болды және оның шешімі не?!

Өздеріңізге мәлім, қазақ елі тәуелсіздігін алған кезде дін ілімін аңсаған жастар жан-жаққа ағыла бастады. Сауд Аравиясы, Ливан, Түркия, Ливия, Египет, Марокко, Сирия, Пакистан секілді Ислам мемлекеттеріне барып, Ислам дінін үйренді. Өз елінің дәстүрін, дінмен біте қайнаған әдет-ғұрыптарынан, ата-бабадан мирас болып қалған асыл дінінен хабарсыз жастар дінмен бірге сол елдің мәдениетін, салт-дәстүрін де бойына сіңіріп, елге оралған соң қоғамда қарама-қайшылықтар туғыза бастады. Мыңдаған жылдар қанға сіңген, сол қанмен ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тапқан Ислам дінін әп-сәтте жоққа шығарғандар шықты. Оларды ғасырлар бойы адасып келген деп пұтқа табынушы мүшріктердің деңгейіне апарып

қойды. Осы тұста бір жанұяда бірінші ұлы сопы, екінші ұлы тәкфирші, үшінші ұлы таблиғ жамағатынан болған жағдайлар да ұшырасты. Еліміздегі мешіттерде бұрыш-бұрышта Исламды насихаттап, басқаның ұстанымымен санаспайтын топтар пайда болды. Кейбіреулер жоғарыдан мемлекетті түбегейлі Ислам мемлекетіне айналдыру керек десе, енді бірі жұпыны киініп, үйді-үйді аралап «кәлімә» айтқызды. Әрине, тәуелсіздік таңы атқан 90-жылдары діни білім алған имамдарымыз да аз еді. Рухани шөлдеген халықтың талабын толық қанағаттандыра алмады. Есесіне оның жауабын шетелден білім алған жастар беріп, өздеріне қаратып алды. Міне, осыдан халық арасында әртүрлі жамағаттар, ағымдар пайда болды. Ағымдар өз кезегінде материалдық тұрғыда өте қауқарлы, өйткені шетелде олардың қуатты демеушілері әркез жәрдем жасайды. Аузында Құраны бар әрбір азаматты періште санайтын біздің ұлт оның парқына терең үңілмеді, мұсылманшылыққа бет бұру басты мақсат болды. Ағымдардың жетегіне өздері ергеннен кейін өздерінің жақындарын да соған тартты. Өздері келіп «еті сенікі, сүйегі менікі» деп, сеніп тапсырған балалары кейін уақыт өте өздеріне қарсы шықты. 2010-жылдары жиырма жыл өтпей еліміз діни топтар мен секталардың ордасына айналды. Такфиршілер, уахабшылар, таблиғ жамағаты, хизбутта-хир, ахмадия жолын ұстанатындардың саны көбейді. Осылардан тәлім алған ізбасарлары елімізді біраз дүрбелеңге салып, оның соңы жарылыстар, кісі өліміне, шетел асып, соғыста жан тапсырумен аяқталды. Арамшөпті тамырымен жұлмасаң, қайта шығары мәлім. Бұл ағымдар елімізде нағыз бүліктің бастамасы болып отыр. Олармен күресудің жалғыз жолы – ол ілім.

Елімізде, Аллаға шүкір, қазіргі таңда діни білім алам деушілерге барлық жағдай жасалған. Шетел асудың қажеті шамалы. Осы уақытта елімізде 1 жоғары оқу орны, 10 медресе, 2 қарилар дайындайтын орталық бар. Аталмыш оқу орындарда еліміздің білікті діни мамандары ұстаздық етеді, сонымен қатар араб тілін меңгеру үшін араб мемлекеттерінен ұстаздар арнайы келіп, дәрістер жүргізеді. Бітірген дін ма-

мандары еліміздің түкпір-түкпірінде мешіттерде қызмет атқарады. Өзге елге барып, жатбүйрек болмаудың жалғыз жолы – алғашқы діни білімін еліміздің оқу орындарында қалыптастыру.

Кезінде медресе көрген, араб, парсы, түрік тілдерін меңгерген Абай, Шәкәрімдер елде жүріп данышпан атанған. Қазақ даласында неше түрлі даулар болған: жер дауы, жесір, дауы, ру дауы.... алайда, діни алауыздық, дін дауы болған емес. Қазақтың тоз-тоз болып, шашырап кетпеуінің себебі де осы асыл дініміздің арқасы. Сол үшін дінімізді қастерлейік, көлденең келген көк аттының сөзіне ілеспей, ауызбіршілігімізді сақтайық, бірлігі жарасқан ел болайық.

БАУЫРМАШЫЛДЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУ СЕБЕПТЕРІ

Мұсылман – мұсылманның бауыры, ол оған еш уақытта тілімен де, қолымен де жаманшылық жасамайды, келеке етпейді, өзгенің малына, арына сұқтанбайды. Бұл – иләһи қағида, Исламдағы ең ұлы ұғымдардың бірі. Бұл тақырыптар мінберлерде, діни отырыстарда талай қозғалғанымен соны амалға асыру, бірінші болып соған қадам басу бізде байқалмауда. Себеп не? Онсыз да қарасы санаулы мұсылман қоғамы тоз-тоз болып кетті, Құран бір, Пайғамбар сүннеті бір емес пе? Осыншама алшақтық қайдан пайда болды? Бұған кімдер итермелейді? Әлде бұл діни сауатсыздық па? Ат төбеліндей мұсылман жамағатының арасында діннің кейбір тармақшаларына қатысты мәселелерде дау-дамайлар, өзара келіспеушіліктер толастаған емес...

Исламдағы бауырмашылдық сезім – Алла Тағаланың ықыласты, тақуа мұсылман құлдарының бойына дарытатын иләһи қасиет. Алла Тағала Құран кәрімде:

وَأَلْفَ بَيْنَ قُلُوبِهِمْ ۖ لَوْ أَنفَقْتَ مَا فِي الْأَرْضِ جَمِيعًا مَا أَلْفَتْ
بَيْنَ قُلُوبِهِمْ وَلَكِنَّ اللَّهَ أَلْفَ بَيْنَهُمْ ۖ إِنَّهُ عَزِيزٌ حَكِيمٌ

«Және Ол мүміндердің жүректерін қосты. Егер сен жер жүзіндегі нәрселерді тұтас сарп қылсаң да олардың жүректерін қоса алмас едің. Бірақ Алла, олардың араларын біріктірді. Расында Ол, өте үстем, аса дана»²³.

Шынайы мұсылман қоғамын мұсылмандар арасындағы өзара бауырмашылдық сезімінсіз суреттеу мүмкін емес. Мұндай сезімдегі бауырлар ағаштың бұтақтары іспеттес, саны көбейген сайын қуаттана түседі. Бұтағы көп мықты ағашқа қатты жел әсер ете алмағандай ауызбіршілігі, бауырмашылдығы мығым елге ешқандай жат пиғылды күштер әсер ете алмайды. Әлбетте, бұл ағаштың жеміс

²³ «Әнфәл» сүресі 63-аят

беруі имандылыққа тікелей байланысты. Алла тағала Құран кәрімде былай деуде:

إِنَّمَا الْمُؤْمِنُونَ إِخْوَةٌ

«Шын мәнінде, мүміндер бауыр»²⁴.

Алла тағаланың адам баласына берген бұл ұлы нығметі - иманнан кейінгі қасиетті ұғым. Алла тағала Құран кәрімде:

إِذْ كُنْتُمْ أَعْدَاءَ فَأَلَّفَ بَيْنَ قُلُوبِكُمْ فَأَصْبَحْتُمْ بِنِعْمَتِهِ إِخْوَانًا

(Өйткені: Бір-біріне дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды)²⁵.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) Меккеден Мәдина қаласына hijрет жасаған кезде ең алғашқы әрі ең маңызды амалдарының бірі – Мәдина мұсылмандарын татуластыруы, бір-біріне бауыр қылуы. Бұдан бауырмашылдықтың мұсылман мемлекетінің іргесінің мығым болуына негіз екенін көруге болады. Сонда ғана бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған, ынтымағы жарасқан қоғамның пайда болуына апарады.

Нұғман ибн Башир (р.а.) риуаятында Пайғамбарымыз (с.а.у.):

مَثَلُ الْمُؤْمِنِينَ فِي تَوَادُّهِمْ وَ تَرَاحُمِهِمْ وَ تَعَاطُفِهِمْ مَثَلُ الْجَسَدِ إِذَا اشْتَكَى مِنْهُ عُضْوٌ تَدَاعَى لَهُ سَائِرُ الْجَسَدِ بِالسَّهْرِ وَالْحَمَى

«Мұсылмандар бір-біріне бауырмалдықта, мейірімділікте, қарым-қатынаста бір бүтін дене іспеттес. Егер оның бір ағзасы ауырса, қалғаны ұйқысыз және ыстығы көтерілуінде онымен бірге болады»²⁶, – деген.

Денені құраған ағзалар бірігіп жұмыс жасаған уақытта дене сау болатыны сияқты қоғамның мүшесі саналатын адамдар да бауырмашылдықта болса, өркендеп гүлденеді.

Алла Тағала Құран кәрімде былай деген:

²⁴ «Хужурат» сүресі, 10-аят

²⁵ «Әли Имран» сүресі 103-аят

²⁶ Мұслим хадистер жинағы

وَاعْتَصِمُوا بِحَبْلِ اللَّهِ جَمِيعاً وَلَا تَفَرَّقُوا وَاذْكُرُوا نِعْمَتَ اللَّهِ عَلَيْكُمْ
إِذْ كُنْتُمْ أَعْدَاءً فَأَلَّفَ بَيْنَ قُلُوبِكُمْ فَأَصْبَحْتُمْ بِنِعْمَتِهِ إِخْوَاناً

«Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысыңдар, бөлінбеңдер. Сондай-ақ өздеріңе Алланың берген нығметін еске алыңдар. Өйткені, бір-біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды»²⁷

Басқа бір аятта:

وَاطِيعُوا اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَلَا تَنَازَعُوا فَتَفْشَلُوا وَتَذْهَبَ
رِيحُكُمْ وَاصْبِرُوا إِنَّ اللَّهَ مَعَ الصَّابِرِينَ

«Аллаға әрі Елшісіне бой ұсыныңдар, өзара жанжалдаспаңдар, онда үрейленесіңдер де құттарың қашады және сабырлы болыңдар. Расында, Алла сабырлы-лармен бірге»²⁸.

Алла тағала бұл аятта мұсылмандар арасындағы жанжалдың оларды құрдымға апаратынын меңзеуде. Бұл аятқа орай Имам әр-Рази: «Жанжалдасудың зардабы мұсылмандардың әлсіреуіне себеп болады»²⁹ деген.

Басқа бір аятта Алла тағала:

شَرَعَ لَكُمْ مِنَ الدِّينِ مَا وَصَّى بِهِ نُوحًا وَالَّذِي أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ وَمَا
وَصَّيْنَا بِهِ إِبْرَاهِيمَ وَمُوسَى وَعِيسَى أَنْ أَقِيمُوا الدِّينَ وَلَا تَتَفَرَّقُوا فِيهِ

«(Мұхаммед Ғ.С.) Алла Нұхқа (а.с.) нұсқау берген нәрселерді және саған уахи еткенімізді, сондай-ақ Ыбырайым, Мұса және Исаға (а.с.) нұсқау берген нәрселерімізді сендерге діни жол қылды: дінді мықты ұстаныңдар, дінде бөлінбеңдер»³⁰.

Бұл аяттың тәпсірі жайында атақты муфассир³¹ ғалым әл-Бағауи: «Барлық пайғамбарлар (Алланың оларға сәлемі бол-

²⁷ «Әли Имран» сүресі 103-аят

²⁸ «Әнфал» сүресі, 46-аят

²⁹ Мафатиху әл-Ғайб 15 том, 138-бет

³⁰ «Шура» сүресі, 13-аят.

³¹ Құран тәпсірінің ғалымы

сын) Алланың дінін орнату үшін, қоғам арасында бейбітшілік таратып, алауыздықты жою үшін жіберілді»³² деген.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерінде Құран аяттарын қуаттайтын, бірлікті, ынтымақты үндейтін бөлінуге, ажырауға тыйым салатын көптеген хадистер бар:

(إِنَّ اللَّهَ يُرِضِي لَكُمْ ثَلَاثًا وَيَكْرَهُ لَكُمْ ثَلَاثًا فَيُرِضِي لَكُمْ: أَنْ تَعْبُدُوهُ، وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا، وَأَنْ تَعْتَصِمُوا بِحَبْلِ اللَّهِ جَمِيعًا وَلَا تَفَرَّقُوا، وَيَكْرَهُ لَكُمْ: قِيلَ وَقَالَ، وَكَثْرَةُ السُّؤَالِ، وَإِضَاعَةُ الْمَالِ).

«Шын мәнінде Алла үш нәрсе үшін сендерге разы болады және үш нәрсені жек көреді. Алланың разы болатыны: Аллаға құлшылық қылу, Оған серік қоспау, Алланың дініне жармасып бөлінбеу, Алланың жек көретіні: өсек тарату, орынсыз көп сұрақ қою, малды ысырап ету»³³.

Бұл хадис жайында Имам ән-Науауи: «Бөлінбеңдер» деген әмір мұсылман арасындағы ауызбіршілікті меңзейді» деген. Бұл Исламның бұлжымас қағидаларынан³⁴.

Басқа бір хадисте: «Жамағатпен бірге болыңдар, бөлінуден аулақ болыңдар, шын мәнінде шайтан жалғызбен бірге, екі адамнан алыс, кімде-кім жаннаттың рахатын қаласа, жамағатпен бірге болсын»³⁵ деген.

Ғалымдар арасында «жамағат» сөзінің кімдерге қатысты айтылатыны жайында бірнеше пікірлер бар:

Бірінші: жамағат дегеніміз – мұсылмандардың негізгі басым бөлігі. Бұл анықтама аясына үмбеттің мужтаһидтері, ғалымдары, шариғатпен амал жасайтын оларға ерушілері кіреді, егер осы басым бөліктен кім бөлініп шығатын болса, шайтанның жауынгерлерінен болғаны және олар негізгі топтан бөлінгені үшін, бидғат иесі деген атаққа ие бола-

³² Имам Бағауидің «Мағалиму әт-Танзил» кітабының 7-томы, 186-беті.

³³ Мұслим хадистер жинағы.

³⁴ Имам ән-Науауидің «Сахих Мұслим» хадистер жинағы түсіндірме кітабының 12 томы, 11-беті.

³⁵ Тирмизи хадистер жинағы 4-том, 465-бет.

ды. Бұл Абу Масғұд әл-Ансари, Ибн Масғұд, әл-Хусейн ибн Әлидің ұстанымы³⁶.

Екінші: жамағат деп мужтаһид ғалымдарға айтылады. Кім үмбет ғалымдарының айтқанына қарсы шығатын болса, жаһилият (надандық) өлімімен өледі, өйткені Алла Тағала үмбет ғалымдарын әлемге хужжат (дәлел) етті. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) «Үмбетім адасушылықта бірікпейді»³⁷ деген хадисінде келгендей, үмбет ғалымдарының бір мәселеде адасушылықта келіспейтінін жеткізген. Бұл ұстанымда Абдулла ибн әл-Мубарәк, Исхақ ибн Рахауия болған³⁸.

Үшінші: жамағат деп Ислам дінінің негізін қалаған пайғамбарымыздан кейінгі сахабаларға айтылады, өйткені олар ешуақытта адасушылықта бас біріктірмеген. Бұл ұстаным Омар ибн Абдул Әзизге тән³⁹.

Төртінші: бір басшының қарамағындағы мұсылман қауым⁴⁰.

Бауырмашылдықтың шарттары:

1. Шынайы Алла разылығы үшін болу.

Егер бір мұсылманды жақсы көргенде Алланың разылығы емес, адамның биік мансабы, абыройы, байлығы себеп болса, ол Алла қалаған бауырмашылдыққа жатпайды.

2. Бауырмашылдықтың имани жолда, тақуалықпен астауы. Бауырмашылдық шарттарының бірі азғындық жолды емес, имани жолды таңдауда.

3. Бауырмашылдық ислами шеңберде болу.

Ислам шеңберіне кереғар әрекетте байланыспау, Аллаға серік қосудан, Исламнан шығаратын амалдардан алыс болу. Егер бауырлар арасында күнә жолға түсіп, ауытқығандар кездессе, оған насихат айтылу керек. Насихат пайда бермеген жағдайда, күнә амалдарға ортақ болмас үшін онымен байланысын үзеді.

³⁶ Әш-Шатыбидің «әл-Ифтсаам» кітабының 2-томы, 260-беті

³⁷ Ахмад хадистер жинағы

³⁸ Әш-Шатыбидің «әл-Ифтсаам» кітабының 2-томы, 260-беті

³⁹ Әш-Шатыбидің «әл-Ифтсаам» кітабының 2-томы, 261-беті

⁴⁰ Әш-Шатыбидің «әл-Ифтсаам» кітабының 2-томы, 263-беті

4. Өзара кешірімділікте болу.

Мұсылман екінші мұсылманмен жанжалдаспайды, кешірімге бейім тұрады. Егер мұсылман бауырлар арасында қателік орын алса, оны кешіреді.

5. Қиыншылық пен кеңшілікте ортақтасу.

Шынайы мұсылман бауырдың белгісі әркез бауырына көмек көрсетуде алдыңғы қатарда тұрады.

Алла тағала бір-бірін шынайы жақсы көрген бауырларға есепсіз сауаптар жазады. Оның қайтарымы бұл өмірде де, ақыретте де болады.

Бауырмашылдықтың артықшылығы:

1. Алла тағаланың махаббаты. Құдси хадисте: *«Кімде-кім менің разылығым үшін бір-бірін жақсы көрсе, мәжілістес (бір отырыста болу) болса, бір-біріне зиярат жасаса, бір-біріне жәрдемдесе, менің махаббатым оған нәсіп болады»* делінген⁴¹.

2. Алланың құрметіне бөленеді. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінде: *«Кімде-кім біреуді Алланың разылығы үшін жақсы көрсе, дәрежесін көтереді»*⁴².

3. Алланың аршысының көлеңкесінде болады. Әбу һурайрадан жеткен хадис бойынша Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтты: *«Алла тағала қиямет күні айтады: «Менің разылығым үшін бір-бірін жақсы көргендерге бүгін ешкімге көлеңке нәсіп етпеген күні оларға көлеңке нәсіп болады»*⁴³.

4. Иман ләззатын сезінеді. Әбу һурайрадан жеткен хадис бойынша Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтты: *«Кім егер иманның ләззатін сезінуді қаласа, Алла разылығы үшін бір адамды жақсы көрсін»*⁴⁴.

5. Иман кемелдігі. Әбу Умамадан жеткен хадис бойынша Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтты: *«Кімде-кім Алла разылығы үшін жақсы көрсе, жек көрсе, садақа берсе, бас тартса, иманының кәмілдігінің белгісі»*⁴⁵.

⁴¹ Әз-Зарқанидің әлә Муата ибн Мәликке жасаған шархы №1731

⁴² Ахмад хадистер жинағында келген.

⁴³ Мұслим хадистер жинағы

⁴⁴ Ахмад хадистер жинағында келген.

⁴⁵ Әбу Дәуіт хадистер жинағы

6. Жаннатқа кіреді. Әбу Һурайрадан жеткен хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтты: *«Иман келтірмейінше, жаннатқа кірмейсіңдер және бір-бірлеріңді жақсы көрмейінше, толық иман келтірмейсіңдер, бір-бірлеріңді жақсы көруге апарар жолды көрсетейін бе? Араларыңда сәлемдесуді жайыңдар»*⁴⁶.

Мұсылмандардың дамуына тежеу болып отырған бірнеше факторлар бар, егер олардың түйіні шешілсе дүниеде нағыз ауызбіршілік, сүйіспеншілік орнар еді.

Мұсылмандардың бірлігіне кедергі болатын жайттар:

1. Қате ақида. Мұсылманның бұл фәни дүние мен о дүниедегі жағдайы оның ұстанған ақидасына байланысты. Аллаға деген сенім дұрыс болса, пенденің жүрегінде тыныштық орнап, жүрегі жай табады. Ал ақидасы қате болса, тура жолдан ауытқығаны, оның Алла разылығы үшін жасап жатқан амалдарынан еш пайда болмағаны. Сол себепті сенім ілімі ең маңызды ілімдердің қатарында. Ондай ауытқулар байқалған жағдайда міндетті түрде сенімді негіздерге сүйене отырып, жөнделуі тиіс. Сенім дұрыс қалыптаспаған адамдардың жүрегінде күмән болғандықтан әркез мұсылмандардың арасында осы дертін жаюға тырысады. Ақидадағы қате түсінік қазіргі уақытта еліміздегі мұсылмандар арасын бөлудегі негізгі себептерден болып отыр. Аллаға тән сипаттарды олар тікелей түсініп, Құранның ауыспалы астарлы мағыналарын қолдануға қарсы. Олардың сенімі бойынша Алла мүшелерден тұрады, оның екі қолы, көзі, беті, аяғы бар, ол аспанда тақта отыр және т.б. осы сияқты адасулар. Мұндай сенімнен әлбетте бас тарту керек. Осы орайда олар басқа мұсылмандардың ақидасын қатеге шығарып, мұсылмандардың бірлігіне, бауырмашылдығына жік салуда.

2. Мазһабсыздық. Ислами білім азайған уақытта дінге кірген мұсылмандардың бір ғалымның артынан еріп, оның айтқанына жүгінуі міндетті амалдардан. Исламның алғашқы дәуірлерінен бастап, Ислам мазһабтары мұсылман

⁴⁶ Мұслим хадистер жинағы

арасындағы бірліктің, ынтымақтың негізгі факторы ретінде қаралған. Өйткені, әр адам өз бетінше шариғатты түсінуге тырысса, уақыт өте мұсылман қоғамында бір-біріне қарсы, бір-біріне бағынбайтын бірнеше топтардың пайда болуына апарады. Бұл өз кезегінде мұсылмандар арасындағы алауыздықтың алғашқы қадамы.

3. Басшыға бағынбау. Басшылыққа бағынбау бауырмашылдыққа кедергі болатын негізгі себептердің бірі. Қазіргі замандағы мұсылман мемлекеттеріндегі нәубеттердің ең негізгі себебі – басшыға бағынбау. Алла тағала Құран кәрімде:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِي الْأَمْرِ
مِنْكُمْ فَإِنْ تَنَازَعْتُمْ فِي شَيْءٍ فَرُدُّوهُ إِلَى اللَّهِ وَالرَّسُولِ إِنْ كُنْتُمْ
تُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ ذَلِكَ خَيْرٌ وَأَحْسَنُ تَأْوِيلًا

«Әй, мүміндер! Аллаға бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар. Сонда егер бір нәрсеге талассаңдар, оны Аллаға, пайғамбарға ұсыныңдар: Егер сендер Аллаға, ақырет күніне иман келтірген болсаңдар. Міне осы, қайырлы да нәтижеде жақсы»⁴⁷.

Мұның айқын көрінісі ретінде мешітке келуші кейбір жат ағым өкілдерінің заңды түрде мемлекет тарапынан бекітілген имамдарға бағынбауын, оларға мұсылмандарды қарсы қоюын мысалға келтіруге болады.

4. Діндегі парыз амалдардан сүннет амалдарды жоғары қоюы. Кейбір жат ағым өкілдері дінге жаңа бет бұрған мұсылмандарға кейбір парыз емес, абзал болған амалдарды (сақал өсіру, мисуак қолдану, балақ қысқарту) міндеттеп, діннің негізі ретінде көрсетеді. Дінге жаңа ғана бет бұрған ол діннің негізі осы екен деп ол амалдарды жасамаған мұсылмандардың әрекетін жат көреді, оларды пасыққа шығарады. Осылайша, мұсылман қоғамын жік-жікке бөліп, бөлінуіне апарады. Сөйтіп, қарапайым халықтың алдында

⁴⁷ «Ниса» сүресі, 59-аят

пайғамбарымыздың (с.а.у.) абзал болған сүннеті тұрпайы көрінуде.

5. Әл-уәләә уәл-бараа немесе Алла разылығы үшін жақсы көру, Алла разылығы үшін жек көру мәселесіндегі қате ұстаным.

Әл-уәләә – Алла тағаланы және оның пайғамбарын, мұсылмандарды жақсы көру.

Әл-Бараа – Алла тағалаға, пайғамбарға, мұсылмандарға қарсы шыққан кәпірлерді, мүшріктерді, екіжүзділерді, пасықтарды жек көру.

Бұл дегеніміз, Алланың әмірлерін, пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннеттерін бұлжытпай орындайтын мүміндерді жақсы көріп оларға жәрдемдесу. Алла тағала Құран кәрімде:

وَالْمُؤْمِنُونَ وَالْمُؤْمِنَاتُ بَعْضُهُمْ أَوْلِيَاءُ بَعْضٍ يَأْمُرُونَ بِالْمَعْرُوفِ
وَيَنْهَوْنَ عَنِ الْمُنْكَرِ وَيُقِيمُونَ الصَّلَاةَ وَيُؤْتُونَ الزَّكَاةَ وَيُطِيعُونَ
اللَّهَ وَرَسُولَهُ أُولَئِكَ سَيَرْحَمُهُمُ اللَّهُ إِنَّ اللَّهَ عَزِيزٌ حَكِيمٌ

«Мүмін ерлер мен мүмін әйелдер бір-біріне көмекші. Олар дұрыстыққа қосып, бұрыстықтан тосады. Сондай-ақ олар намаздарын толық орындап, зекет беріп, Аллаға, Елшісіне бой ұсынады. Соларды Алла мейіріміне бөлейді. Расында Алла тым үстем, аса дана»⁴⁸.

Егер мұсылман емес басқа дін өкілі болатын болса, ол сен үшін мұсылман бауырыңнан төмен болғанымен, онымен қарым-қатынаста шектен шығып астамшылдық жасауға болмайды. Тарих куә, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) кезінде де, одан кейінгі алтын ғасырларда мұсылмандар мен басқа дін өкілдері тату-тәтті бейбітшілікте өмір сүріп келген. Оларды діндері үшін қудалау, байлықтарына көз аларту кездеспеген. Мұның айқын көрінісі ретінде жүзден астам ұлттың Отанына айналған елімізді мысалға келтіруге болады.

Мұсылманды басқа қауымдардан жақын көру - шынайы мұсылманның сипаттарынан. Кімде-кім басқа қауымды

⁴⁸ «Тәубә» сүресі, 71-аят

өзінің мұсылман бауырына қарағанда жақынырақ тартса, бұл оның иманының әлсіздігі. Алла тағала Құран кәрімде:

إِنَّمَا وَلِيُّكُمُ اللَّهُ وَرَسُولُهُ وَالَّذِينَ آمَنُوا الَّذِينَ يُقِيمُونَ
الصَّلَاةَ وَيُؤْتُونَ الزَّكَاةَ وَهُمْ رَاكِعُونَ

«Шынайы түрде сендердің достарың Алла және Елшісі және де намазды толық орындайтын, зекет беретін әрі рүкуғ қылушы мүминдер»⁴⁹.

Иманның кәміл болуының бірден бір жолы – біреуді Алла разылығы үшін жек көріп, Алла разылығы үшін жақсы көру. Пайғамбарымыздың хадисінде келгендей:

مَنْ أَحَبَّ إِلَهُ وَأَبْغَضَ إِلَهُ ، وَأَعْطَى إِلَهُ وَمَنْعَ إِلَهُ ، فَقَدْ اِسْتَكْمَلَ الْإِيمَانُ

«Кім Алла разылығы үшін жақсы көрсе, жек көрсе және кім Алла разылығы үшін берсе, тыйым салса, иманы толық болады»⁵⁰.

Мұсылмандар арасына жік салуды мақсат ететін кейбір жат ағым өкілдері осы ұстанымды негізге ала отырып, Аллаға құлшылық жасап, бес парызын орындап жүрген, алайда олардың ұстанымымен санаспайтын мұсылмандарды шектеп, Алла разылығы үшін жек көру керектігін алға тартады. Бұл ұстанымды қолдайтын жат ағым өкілдері өзге мұсылман топтармен байланыспай Исламдағы бауырмашылдыққа балта шабуда. Олар үшін бірінші болып амандасуға, қандай бір қиын жағдайда көмек қолын ұсыну, рұқсат етілмейді. Осы жолға шақырып жүрген кейбір уағызшылар өздерінен бөлек бағыттағы мұсылмандармен үзілді-кесілді қыз алысып, қыз берісуге де қарсы. Мүшрік, кәпірлерге қатысты түскен аяттарды өздеріне қарсы бағыттағы мұсылмандарға қолдануда. Бұл надандықтың, білімсіздіктің белгісі.

Жоғарыдағы аталған себептер Ислам үмбетін жегідей жеп, іштей құлдыратуда. Құран аяттарында, пайғамбар (с.а.у.) хадистерінде келген тікелей әмірге қарсы келуде. Мұсылман үмбетінің осындай кедергілерге мойы-

⁴⁹ «Маида» сүресі, 55-аят

⁵⁰ Әбу Дәуіт хадистер жинағы.

май, нәпсінің айдағанына ермей, таза ақыл-ойға жүгініп, пікір қылатын кез келді. Алла еліміздегі мұсылмандардың ынтымағын арттырсын!

БАСШЫҒА БАҒЫНУ – ПАРЫЗ

Мұсылман үмбетінің алға басуының, күшеюінің алғышарттарының бірі – басшыға бағыну, өзара бірлікте, ынтымақта болу.

Адамның табиғаты жаманшылыққа бейім болғандықтан, әркез оларға тиісінше жаза беріп, үкім шығару үшін бір адамның қандай да бір қоғамда басшылық жауапкершілігін атқаруы міндетті амалдардан. Өйткені, қоғамда басшы болмау күштілердің әлсіздерге, байлардың кедейлерге үстемдік қылып, қанауына жол ашады. Басшысы жоқ бұл қоғамға Құран аяттарының үкімдері, пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннеті немесе мемлекеттік заңдары еш әсерін тигізе алмайды. Бұл үкімдер мен заңдар тек атқарушы орган, мықты басшылық болса ғана жүзеге асады. Қарапайым бағдаршамның өзін мысалға алсақ, егер ол жоқ болған кезде немесе бір сәт істен шығып қалса, көліктер кептелісі пайда болып, жол апаттарының орын алуына жол ашуы мүмкін. Бұл жай қарапайым бағдаршамның ісі, егер бір сәт мемлекет басшысыз қалса не болмақ, әлбетте ол елде тәртіпсіздік орнары айдан анық, өйткені мемлекет басшысының қызметі тек елді тәртіпке келтірумен бітпейді. Оның қызметтік функциясына елдің басқа елдермен қарым-қатынасы, экономикасы, қауіпсіздігі, сауаттылығы, заңдардың атқарылуы, елдің кеңшілікте өмір сүруі кіреді. Жеке қасиеттеріне келер болсақ, парасаттылық, ақылдылық, көшбасшылық, ұшқыр ойлылық, ұлтжандылық негізгі қасиеттер болып табылады. Әрине, мұндай ұлы жауапкершілікті тек бір адам мойнына алғандықтан оған айтылар сын, наразылық та сан-алуан болуы мүмкін. Дегенмен, басты назар аударатын мәселе басшы бір, халық көп. Бір басшының бойында халыққа ұнайтын барлық қасиеттер болуы мүмкін емес, сондай-ақ мемлекет ішінде басшылыққа мүдделі керітартпа топтардың да болуы ықтимал. Тарихтан белгілі болғандай, ізгі халифалардың кезінде де кейбір топтар арасында басшылыққа кінә тағып,

қарсы шыққандар кездескен, бірақ тарихтан мәлім оның ешқайсысының түбі жақсылыққа апармаған. Сол себепті басшы ол патша болсын, президент болсын немесе сол басшының тағайындаған өкілі болсын бағыну – міндет.

Басшыға бағыну – әрбір мұсылман үшін парыз амал. Бұл амалдың парыздығы Құран кәрім мен хадистерде бекітілген. Алла тағала Құран кәрімде:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِي الْأَمْرِ
مِنْكُمْ فَإِنْ تَنَازَعْتُمْ فِي شَيْءٍ فَرُدُّوهُ إِلَى اللَّهِ وَالرَّسُولِ إِنْ كُنْتُمْ
تُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ ذَلِكَ خَيْرٌ وَأَحْسَنُ تَأْوِيلًا

«Әй, мүміндер. Аллаға бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар. Сонда егер бір нәрсеге талассандар, оны Аллаға, пайғамбарға ұсыныңдар: Егер сендер Аллаға, ақырет күніне иман келтірген болсаңдар. Міне осы, қайырлы да нәтижеде жақсы»⁵¹.

Алла тағала басқа бір аятта әмірге бойсұну турасында :

وَإِذَا جَاءَهُمْ أَمْرٌ مِنَ الْأَمْنِ أَوْ الْخَوْفِ أَذَاعُوا بِهِ وَلَوْ رَدُّوهُ إِلَى
الرَّسُولِ وَإِلَى أُولِي الْأَمْرِ مِنْهُمْ لَعَلِمَهُ الَّذِينَ يَسْتَنبِطُونَهُ مِنْهُمْ
وَلَوْلَا فَضْلُ اللَّهِ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَتُهُ لَاتَّبَعْتُمُ الشَّيْطَانَ إِلَّا قَلِيلًا

«Қашан оларға (мұнафықтарға) аманшылықтан немесе қауіп-қатерден хабар келсе, олар оны жайып жібереді. Егер олар оны Пайғамбарға не өздерінің іс басындағыларына ұсынса, олардан оның мән-жайын білер еді. Егер сендерге Алланың кеңшілігі, мейірімі болмаса, шайтанға ермегендерің өте аз болар еді»⁵².

Басқа бір аятта Алла тағала пенделеріне дінге мықтап жабысуға, бөлінбеуге шақырады:

⁵¹ «Ниса» сүресі, 59-аят

⁵² «Ниса» сүресі, 83-аят

وَاَعْتَصِمُوا بِحَبْلِ اللَّهِ جَمِيعًا وَلَا تَفَرَّقُوا

«Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысыңдар да бөлінбеңдер»⁵³.

Егер мұсылмандардың арасында бір басшы шығып, бірлікке, татулыққа шақырмаса, ол қоғамның тоз-тозы шығып, құрдымға кетері анық. Алла ондай қауымдар жайында:

وَلَا تَكُونُوا كَالَّذِينَ تَفَرَّقُوا وَاخْتَلَفُوا مِنْ بَعْدِ مَا

جَاءَهُمُ الْبَيِّنَاتُ وَأُولَئِكَ لَهُمْ عَذَابٌ عَظِيمٌ

«Өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін сондай бөлініп, қайшылыққа түскендер тәрізді болмаңдар. Міне, соларға зор азап бар»⁵⁴.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мүбәрак хадисінде:

مَنْ أَطَاعَنِي فَقَدْ أَطَاعَ اللَّهَ وَمَنْ عَصَانِي فَقَدْ عَصَى اللَّهَ وَمَنْ

أَطَاعَ أَمِيرِي فَقَدْ أَطَاعَنِي وَمَنْ عَصَى أَمِيرِي فَقَدْ عَصَانِي

«Кім маған бойсұнса, ол Аллаға бойсұныпты. Кім маған бойсұнбаса, ол Аллаға бойсұнбапты. Кім басшыға бағынса, ол маған бағынғаны»⁵⁵, – дейді.

Басқа бір хадисте пайғамбарымыз (с.а.у.):

قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «اسْمَعُوا وَأَطِيعُوا

وَإِنْ اسْتَعْمَلَ عَلَيْكُمْ عَبْدٌ حَبَشِيٌّ وَإِنْ اسْتَعْمَلَ عَلَيْكُمْ

عَبْدًا حَبَشِيًّا كَانَ رَأْسُهُ زَبِيَّةٌ» رواه البخاري

«Тыңдаңдар, бойсұныңдар, тіпті егер сендердің үстеріңнен басы мейіздей болған хабашилік⁵⁶ құл билік жасаса да»⁵⁷.

Адамның дүниелік, ақыреттік өмірінің түзелуі тікелей басшыға байланысты, ол жайында:

⁵³ «Әл- Имран» сүресі, 103-аят

⁵⁴ «Әл- Имран» сүресі, 105-аят

⁵⁵ Мұслим хадистер жинағы №1865

⁵⁶ Африка құрлығындағы Эфиопия мемлекетінен шыққан қауым

⁵⁷ Фатху әл-Бари шарх сахих әл-Бұхари №6723.

وَقَالَ سَهْلُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ النَّسْرِيُّ: « لَا يَزَالُ النَّاسُ بِخَيْرٍ مَا عَظَّمُوا السُّلْطَانَ وَالْعُلَمَاءَ، فَإِنْ عَظَّمُوا هَذَيْنِ أَصْلَحَ اللَّهُ دُنْيَاهُمْ وَأُخْرَاهُمْ، وَإِنْ اسْتَحَفُّوا بِهِذَيْنِ، أَفْسَدُوا دُنْيَاهُمْ وَأُخْرَاهُمْ»

Сахил ибн Абдуллаһ әт-Тустари: «Адамдар басшысы мен ғалымдарын сыйласа жақсылықта болмақ. Егер (басшысы мен ғалымдарын) құрметтесе, Алла олардың дүниелік тіршілігі мен ақыреттік өмірін түзейді, ал егер оларды елемесе, онда олар өздерінің бұ дүниесі мен о дүниесін құртады»⁵⁸, – деген.

Кезінде хазіреті Әлидің билік құрған заманында мін іздеумен болған хауариждер⁵⁹ өзінің арам пиғылын іске асырмақ болып, Құрандағы:

﴿إِنَّ الْحُكْمَ إِلَّا لِلَّهِ يَفُضُّ الْحَقَّ وَهُوَ خَيْرُ الْفَاصِلِينَ﴾

«Барлық билік Аллада. Ол әділ үкім етеді. Үкім жасауда Алладан артығы жоқ...», – делінген⁶⁰, «Әнғам» сүресінің 57-аятын елдің бірлігін бұзу үшін пайдаланбақ ниетте: «**Үкімді тек Алла шығарады**», – деп ел билейтін кісінің үкіміне бойсұнбайтындықтарын жариялады. Хазіреті Әли: «Иә, үкімді тек Алла шығармақ. Алайда, адамдарға тақуасы болсын, яки, тақуасы болмасын бір басшы қажет. Басшы мұсылман болса, айтылған үкімі орындалуға тиіс. Ал, мұсылман емес болса, құлақ аспау қажет», – деп жауап беріп, бұл аяттың түп мағынасын елге түсіндіріп, хауариж ағымының теріс пиғылын паш етіп берді⁶¹.

Тағы бір хадисте:

وَعَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ : أَنَّهُ قَالَ : «مَنْ خَرَجَ مِنَ الطَّاعَةِ ، وَفَارَقَ الْجَمَاعَةَ ، فَمَاتَ ، مَاتَ مَيِّتَةً جَاهِلِيَّةً» .

⁵⁸ Имам Қуртубидың «Ахкаму әл-Құран» тәпсірінде

⁵⁹ Исламның алғашқы дәуірінде Исламнан бөлініп шыққан жат діни ағым

⁶⁰ «Әнғам» сүресінің 57-аяты

⁶¹ <http://www.muftayat.kz/kz/article/view?id=623>

Пайғамбарымыздан (с.а.у.) Әбу Һурайрадан жеткен хадис бойынша «Кімде-кім бағынуға қарсы шықса және жамағаттан бөлінсе, надандық дәуірінің өлімімен өледі»⁶².

Бір хадисте:

«إِنَّهَا سَتَكُونُ بَعْدِي أَمْرَةٌ وَأُمُورٌ تُنْكَرُونَهَا». قَالَوا يَا رَسُولَ اللَّهِ كَيْفَ تَأْمُرُ مَنْ أَدْرَكَ مِنَّا ذَلِكَ قَالَ «تُؤَدُّونَ الْحَقَّ الَّذِي عَلَيْكُمْ وَتَسْأَلُونَ اللَّهَ الَّذِي لَكُمْ». رواه البخاري و مسلم

Ибн Масғуд Пайғамбардың (с.а.у.) былай деп айтқанын жеткізген: «Менен кейін озбырлық және сендер қоштамайтын көптеген нәрселер пайда болады». Ол кісіден: «Уа, Алланың елшісі, сол уақытқа куә болсақ, қайткен жөн?» – деп сұрағанда, ол: «Өз міндеттеріңді орындаңдар және Алладан өздеріңе тиісті болған нәрселерді қайтаруын тілеңдер», – деп жауап берді⁶³.

Басшыға құрмет көрсету жайында Пайғамбарымыз (с.а.у.):

وَعَنْ أَبِي بَكْرٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ : قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ – «مَنْ أَهَانَ سُلْطَانَ اللَّهِ فِي الْأَرْضِ أَهَانَ اللَّهُ»

«Пайғамбарымыздан (с.а.у.) Әбу Бәкір жеткізген хадис бойынша «Кімде-кім Алланың жердегі сұлтанын кемсітсе, Алла оны қорлайды»⁶⁴ деді.

Тіпті шынайы мұсылман үшін басшының қыспағына сабырлық жасауы міндетті амал. Ол жөнінде:

وَعَنْ إِبْنِ عَبَّاسٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ «مَنْ رَأَى مِنْ أَمِيرِهِ شَيْئًا يَكْرَهُهُ فَلْيُضِرَّ عَلَيْهِ ، فَإِنَّهُ مَنْ فَارَقَ الْجَمَاعَةَ شَبْرًا فَمَاتَ إِلَّا مَاتَ مَيِّتَةً جَاهِلِيَّةً»

Ибн Аббастан жеткен хадис бойынша пайғамбарымыз (с.а.у.) айтты: «Кімде-кім басшысынан ұнамсыз әрекет

⁶² Шарх ән-Науауи әла Мүслим №1848

⁶³ Бұхари хадистер жинағы №3408

⁶⁴ Тирмизи хадистер жинағында № 2224

көрсө, сабыр етсін! Кім егер жамағаттан бір қарыс алыстаса, надандық дәуірінің өлімімен өледі»⁶⁵.

Сахабалар ментабиғиндердің және Ислам ғалымдарының басшылық жайында сөздері:

Әнас ибн Мәликтен жеткен хабар бойынша: «Біздерге үлкендеріміз, Алла елшісінің (с.а.у.) сахабалары: *«Басшыларыңды сөкпеңдер, оларға опасыздық жасамаңдар, Алладан қорқыңдар, сабыр етіңдер» дейтін»*⁶⁶.

Атақты сахаба Әбу Дарда: «Екіжүзділіктің алғашқы белгісі басшыға қарсы шығудан басталады»⁶⁷ деді.

Бұхаридің «Китабу әт-Тарих» кітабында Ибн Аббастың көзінше Қағбаны жаққан әл-Хаджажды балағаттағанда: «Шайтанға жәрдемші болма» дегені бар.

Әл-Хафиз ибн Ражаб: «Басшыларға бойсұнып, тағаттылық жасауда өмірдің бақыты, құл өмірінің реттілігі, сол арқылы діні байқалып, Раббысына итағаттылығы көрінеді»⁶⁸.

Ибн әл-Мубарак: «Кімде-кім ғұламаларға немқұрайлы қараса, ақыретін жоғалтады, ал кім басшыларға немқұрайлы қараса, дүниесін жоғалтады, кім бауырларға немқұрайлы қараса, тақуалығын жоғалтады»⁶⁹.

Бадру әд-дин ибн Джамағаның ат-Тартушиден жеткізген хабары бойынша Құранның мына аятын түсіндірді: **«Алла тағала адам баласын бірін-бірі арқылы қорғамаса, жер жүзі бұзылар еді. Алла бүкіл әлемге кеңшілік иесі»**⁷⁰. Бұл аяттағы бірін-бірі қорғау деген сөз басшыларды жіберу арқылы Алла тағала жерде әділдік орнататынын меңзейді, өйткені басшыларсыз әлемде тыныштық орнамайды, тек олардың болуы арқылы күшті әлсізге әлімжеттік қылмайды⁷¹.

Атақты фикһ ғалымы Әбу Абдулла әл-Қалғи әш-Шафиғи: «Егер басшылар болмаса, Алланың үкімдері іске аспас еді,

⁶⁵ Бұхари, Мұслим хадистер жинағында, «Нәйлу әл-Аутар» №3193

⁶⁶ Бәйһақи хадистер жинағы

⁶⁷ Бәйһақи хадистер жинағы

⁶⁸ Әл-Хафиз ибн Ражабтың «жаамиғ әл Улум уә әл-Хикам»

⁶⁹ Ибн Әсәкирдің «Тариху Димашқ» кітабы

⁷⁰ «Бақара» сүресі, 251-аят

⁷¹ Бадру әд-дин ибн Джамағаның «Тахрир әл-әхкәмф тадбир әһли әл-Ислам» кітабы

жетімдер пана таппай, халық бір-бірін шыдатпас еді»⁷² деген.

Басшыға бой ұсынудың Алла алдында мәртебесі өте жоғары, сондай-ақ жеке өз тұлғасы үшін халық алдында пайдасы көп, солардың ішінен жекелей айтар болсақ:

Бірінші: Басшыға Алланың харам еткен нәрсесінен басқа әмірге бой ұсыну – ол Алла тағаланың әміріне бой ұсынғанмен тең. Жоғарыдағы хадисте келгендей:

«مَنْ أَطَاعَنِي فَقَدْ أَطَاعَ اللَّهَ وَمَنْ عَصَانِي فَقَدْ عَصَى اللَّهَ وَمَنْ
أَطَاعَ أَمِيرِي فَقَدْ أَطَاعَنِي وَمَنْ عَصَى أَمِيرِي فَقَدْ عَصَانِي»

«Кім маған бойсұнса, ол Аллаға бойсұныпты. Кім маған бойсұнбаса, ол Аллаға бой ұсынбапты. Кім басшыға бағынса, ол маған бағынғаны. Кім басшыға бағынбаса, ол маған бағынбағаны»⁷³.

Екінші: Басшыға жақсы істе бойсұну мемлекет тұрақтылығына, тыныштығына апарады. Егер мемлекет ішінде басшылыққа мүдделі бірнеше топтар болса, олардың арасында болып тұратын дау-жанжалдардың нәтижесінде қарапайым халықтың тыныштығы бұзылып, үнемі қауіпті жағдайда күн кешеді.

Үшінші: Бір басшыға бағыну арқылы мемлекеттегі адамдардың бірлігі күшейіп, өзара сүйіспеншілігі артады.

Төртінші: Бір басшыға бағынған елді сыртқы жау ала алмайды. Сыртқы жау бір мемлекетті жауламас бұрын мемлекет басшылығына қарсы топтармен мәмілеге келеді. Бұл ерте заманнан бері Ислам жауларының қолданып келе жатқан әдісі.

Бесінші: Мемлекеттердің гүлденуі, өркендеуі басшыға бағынуда жатыр. Әлемде болған барлық өркениеттер, мәдени ошақтар бір басшыға бой ұсынған тұрақты, тыныштық үстемдік құрған жерлерде болған, өйткені тұрақтылық адамды ғылым-білімнің дамуына, ғылыми жаңалықтардың ашылуына апарады.

⁷² Әбу Абдолла әл-Қалғи әш-Шафиғидің «Тахзиб» кітабы

⁷³ Бұхари хадистер жинағында келген

Басшыға бағынбаудың зардаптарын айтар болсақ, алысқа кетпей-ақ Қазақстан тарихына-ақ көз жүгіртсе болады. Қазақ бір тудың астына жиналып, бір басшыға бағынған кезде сыртқы жаулар баса-көктеп кіре алмаған. Жүз-жүзге бөлініп, әр жүз, әр ру өз мақсатын көксегенде ғана жаудан ойсырай ұтылған екен. Соның бір мысалы 1723 жылы орын алған «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» қырғыны. Қазақ руларының бір басшыға бағынып, бас қоса алмағанының нәтижесінде қазақ халқының жартысы қырғынға ұшырады. Бүкіл қазақ елін жауламақ болған жоңғарларға тойтарыс тек Аңырақай шайқасында бір тудың астында жиналғанда ғана жүзеге асты. Бұл тарихтағы қырғындар келесі ұрпаққа сабақ болу керек. Заманымыздағы Ислам мемлекеттеріндегі соғыстар, ондағы тұрақсыздық басшыға бағынбағанның кесірінен туып отыр. Египет, Тунис, Ливия, Ауғанстан, Ирак, Сирия және басқа мемлекеттердегі қарапайым халықтың тоз-тоз болуы – басшыға бағынбағанның нәтижесі. Бір мысал, Ливия Жамаһириясын айтар болсақ, бір басшыға бағынып өмір сүрген кездері мен осы кездерін салыстыру мүмкін емес. Әртүрлі руларды біріктіріп, халықты ортақ билікке бағындырып отырған басшыларының қасақана өлімінен кейін Ливия халқы әр ру өз пайдасын көксеген майдан алаңына айналды⁷⁴. Африкада ең бай мемлекет болып саналатын Ливияда қазіргі кезде жоқшылық, азық-түлік жетіспеушілігі байқалуда. Бұл тек басшыға қарсы шыққанның бір көрінісі, келешекте Ливия деген мемлекеттің әлемдік картадан жойылып кету қаупі бар. Тізімге тек Ливияны ғана емес, Ирак,

⁷⁴ Каддафидің кезінде Ливияның жағдайы: ІЖӨ әрбір адам үшін 14192\$, жұмыссыздарға жәрдемақы 730\$, медбикелердің жалақысы 1000\$, жаңа туылған нәрестеге 7000\$, жаңа үйленгендерге тегін пәтер, үлкен ауқымдағы салықтар алынып тасталған, білім алу, емделу тегін, шетелдерде білімін шыңдау мемлекет қаражатымен, жеке кәсіп ашу үшін мемлекеттен көмек, көп балалы отбасыға жеңілдіктер, жалған дәрі жасаған үшін – өлім жазасы, пәтер, автакөлік алу үшін өсімсіз несиелер, мемлекеттік қызметтегі адамдарға автокөлік бағасының жартысын мемлекет өз мойнына алады, бір литр бензин 0,14\$, электр энергия, су, нан бағасы символикалық бағамен.

Ауғанстан, Сирия, тағы да басқа мемлекеттерді мысалға келтіруге болады.

Мұсылман үмбетінің бірлікте, ынтымақта өмір сүруінің өзіндік алғышарттары бар, олардың ең маңыздысы:

Бірінші: Ақида сенімде бір болу.

Мұсылмандар арасында өзара ынтымақ, бірлік болу үшін ең алдымен бір ақидаға иман келтіруден басталады, өйткені Исламның іргетасының негізі болған ақидада қате сенім болса, ондай мұсылман қоғамында бірлік орнамайды. Бұл ақида Адам атадан бастап соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) дейінгі бүкіл пайғамбарлардың ақидасын қамту керек. Алла тағала Құран кәрімде:

آمَنَ الرَّسُولُ بِمَا أُنزِلَ إِلَيْهِ مِنْ رَبِّهِ وَالْمُؤْمِنُونَ كُلٌّ آمَنَ
بِاللَّهِ وَمَلَائِكَتِهِ وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ لَا نُفَرِّقُ بَيْنَ أَحَدٍ مِّنْ رُّسُلِهِ
وَقَالُوا سَمِعْنَا وَأَطَعْنَا غُفْرَانَكَ رَبَّنَا وَإِلَيْكَ الْمَصِيرُ

«Пайғамбар өзіне Раббы тарапынан түсірілгенге иман келтірді. Мүміндер де барлығы: Аллаға, періштелерге, кітаптарға және пайғамбарларға иман келтірді. «Елшілердің араларын бөлмейміз, естідік те бой ұсындық. Раббымыз! Сенен жарылқау тілейміз, қайтып барар жеріміз де Сенің алдың» деді⁷⁵.

Бұл көпшілік мұсылмандардың ақидасы, осы негізге Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабалары және мұсылмандардың алғашқы ғалымдары сүйенген. Ал егер осы таза сенімді кірлету мақсатында Алланы басқаша сипаттай бастаса, мұсылмандар арасындағы ауызбіршілікке сызат түсіреді⁷⁶. Ондай қауымға Алла тағаланың азабы, қаһары болары анық. Алла тағала Құран кәрімде:

يَكْفُرُ بِالْإِيمَانِ فَقَدْ حَبِطَ عَمَلُهُ وَهُوَ فِي الْآخِرَةِ مِنَ الْخَاسِرِينَ

⁷⁵ «Бақара» сүресі, 285-аят

⁷⁶ Қазіргі кезде елімізде кейбір жат ағым өкілдері Алланы адам кейпінде оның қолы, көзі, беті бар деп сипаттап, қарапайым мұсылмандар арасында арандатушылық туғызуда.

«Кімде-кім иманды жоққа шығарып (яғни, Исламның үкімдерін теріс шығарып) күпірлік қылса, істеген бүкіл істері зая кетеді және ақиретте де зиян шегушілердің қатарында болады»⁷⁷.

Екінші: Бір шариғатпен үкім ету.

Ақида негіздерінде бір болған секілді шариғат заңдарында да бір болуы тиіс. Бұл жерде шариғат заңдарына, бір орталыққа бағынуды айтады. Егер әрбір мұсылман жеке өзі пәтуа шығаратын болса, оның соңы елдің тұрақсыздығына апарады. Бұл орайда Ислам мазһабтарының орны ерекше, өйткені олар елді бірлікте, ынтымақта ұстауда басты күш болып саналады.

Үшінші: Ортақ негізге қайту.

Барлық мұсылман мемлекеттерінің діни мәселеде үкім беретін орталықтары жұмыс істейді. Оны пәтуа беру орталығы немесе мүфтият деген атаулармен атайды. Сол елдегі мұсылмандар өздерінің діни ұстанымдарында осы орталықтарға қарап бағыт алуы керек. Осылай жасау арқылы ғана мұсылмандар арасында бірлік орнайды. Ал, егер кез келген мәселеде орталыққа жүгінбей әр адамнан сұрайтын болсақ, оның түбі адасушылыққа апарады.

Төртінші: Білімсіздіктен құтылу.

Ислам үмбетіндегі бөлінуге, бүлікке апаратын негізгі себеп ол – білімсіздік. Алла Тағала Құран кәрімде былай деп айтқан:

قُلْ هَذِهِ سَبِيلِي أَدْعُو إِلَى اللَّهِ عَلَىٰ بَصِيرَةٍ أَنَا وَمَنِ اتَّبَعَنِي

«Менің жолым – осы. Мен және маған ілесушілер сендерді Аллаға білімге сәйкес шақырамыз», – де»⁷⁸.

Имам әш-Шаукани бұл аятқа қатысты былай деді: *«Яғни айқын дәлелге сәйкес шақырамыз. Әл-Басира – бұл ақиқатты жалғаннан ажырататын түсінік, білім!»⁷⁹*

⁷⁷ «Мәида» сүресі, 5-аят

⁷⁸ «Юсуф» сүресі 108-аят

⁷⁹ «Фатхуль-Қадир» 1/298-

Әли ибн Әбу Талиб: *«Білімсіз жасалған ғибадатта қайыр жоқ және дұрыс түсінік болмаған білімде де қайыр жоқ!»* – деп айтатын.

Мұсылман адам дін туралы бір нәрсе айтпастан бұрын немесе дінде бір нәрсені істемес бұрын, ол туралы қажетті нәрселердің барлығын біліп алмайынша, амалға асырмау керек, себебі білімсіз жасалған амал өзіне де, өзгеге де орасан зор зиян әкеледі. Расында, білімсіз амал ететіндер – қараңғылықта адасып жүрген адам сияқты. Омар ибн Әбдул-Әзиз былай деген: *«Кімде-кім Аллаға білімсіз құлшылық етсе, онда ол пайдадан гөрі, зиян көп әкеледі»*⁸⁰.

Қазіргі уақыттағы кейбір жат ағым өкілдері өздерінің уағыздарында мұсылмандарды басшыға, әмірге бой ұсынуға шақырғанмен, ақиқатында олардың әрекеттерінде бұл байқалмайды, өйткені басшыға бағыну ауызбен айту емес, іспен дәлелдеумен болатын іс. Басшыға бағыну ол оның барлық істерде (шариғатта харам амалдардан басқа) әмірлеріне бойсұну. Және оның қарамағындағы тағайындаған қызметшілеріне, өкілдеріне бойсұну. Егер оның өкілдеріне бой ұсынбаса, басшының өзіне қарсы шыққанмен тең.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы – тікелей мемлекеттің, Елбасының салиқалы саясатына сәйкес Ислам шеңберінде жұмыс істейтін діни мекеме. Оның бағыт-бағдары мемлекет тарапынан жіті қадағалануда және үлкен қолдауға ие. Негізгі мақсаты елімізді имандылыққа үйіріп, ынтымақ-бірлігін асқақтату. Діни үкімдер беру, халықты діни тұрғыда сусындандыру – тек Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына тиесілі әрекет. Яғни, діни басқарма тарапынан бекітілген имам-молдаларға халық діни мәселеде бағынып, құлақ асуы міндетті.

Қорыта келе, Ислам – бірлікке, ынтымаққа негізделген дін. Кез келген бұзық ниет, топтан бөліну Исламда қатты сынға алынады және Алланың қаһарына душар болуға апаратын себеп, өйткені басшыға, жамағатқа қарсы шығу ол

өмірдегі тепе-теңдікті бұзады. Бұған жамағатпен бірге болу керектігі жайында келген жүздеген хадис дәлел. Исламдағы адамның жеке намазынан жамағат намазының 27 есе сауабы көп болуы, оны әркез мешітке шақырып, Исламдағы бауырларымен бірге болуға үндейді. Бес уақыт намазда бірге болу арқылы олардың арасында бауырмашылдықты, сүйіспеншілікті күшейтеді. Бір қалада, бір мешітте, мұсылмандардың жұма уағызына жиналуы, барлығы ұйып имамның уағызын тыңдауы, әлбетте, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруға апарады. Бұған тағы да мысал айт намаздарын, жаназа намаздарын келтіруге болады. Жылына бір рет ұлтына, нәсіліне, түсіне қарамай қажылық парызын өтеу мақсатында мұсылмандардың басы Мекке қаласында қосылуы Ислам дінінің нағыз ынтымақ, бірліктің діні екенін көрсетеді. Ислам дінінің негізі бірлікке үндегенмен, бұл жүйені реттеуші, бақылаушы әмірлер болмаса, ол жүйе іске аспайды.

«Көш басшысы жоқ ел оңбайды,

Құралай бастаған киік оңбайды» демекші, әр елдің әл қуаты, өсіп-өркендеуі басшының елмен, елдің басшымен қарым-қатынасына тікелей байланысты. Іргесі берік, егеменді ел болайық десек, басшыларымызға бағынып, халықты бірлік пен ынтымаққа үндейік.

ШИИТТЕР МЕН ОЛАРДЫҢ СҮННИТТЕРДЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Шииттердің тарих сахнасында қалыптасуы туралы ғалымдар арасында көптеген пікірлер бар. Кейбіреулер пайғамбарымыздың (с.а.у.) кезінде қалыптасты десе, енді бір зерттеушілер ол кісі дүниеден өткеннен кейін пайда болды дейді, үшінші пікір халифа Османның кезінде бүліктердің нәтижесі деген тұжырымға саяды.

«Шиа» араб тілінен аударғанда «жақтас», «көмекші», «топ» деген мағыналарды білдіреді. Шиит (шиа) – Ислам дініндегі саяси қолдау тапқан үлкен ағымдардың бірі. Шииттер есімі аталғанда көп жағдайда он екілік шииттер (имамия) мақсат етіледі. Он екілік дегеніміз атақты сахаба Әли мен пайғамбарымыздың (с.а.у.) қызы Фатимадан тараған он бір ұрпағына тиесілі.

Әли ибн Әбу Талибтың ұрпағынан тараған шииттердің он екі имамының тізімі⁸¹:

1. Әли ибн Әбу Талиб (Алла оған разы болсын), пайғамбарымыздың күйеу баласы, Ислам дінін алғаш қабылдаған жасөспірімдердің бірі. Шииттер оны «Мұртаза» деп атайды. 661 жылы Харижиттер қолынан қаза тапқан.

2. Хасан ибн Әли ибн Әбу Талиб, шииттер оны «Мужтаба» деп атайды. Мәдинада 669 жылы қайтыс болған. Мәдинада, жаннатул бақи зиратында жерленген.

3. Хусәйн ибн Әли ибн Әбу Талиб, шииттер оны «Шәһид» деп атайды. Кербалада 680 жылы қайтыс болған.

4. Әли ибн әл-Хусәйн ибн Әли, шииттер оны «Зәйн әл-абидин» немесе «Сәжжад» деп атайды. Мәдинада 713 жылы қайтыс болған.

5. Мұхаммед ибн Әли ибн әл-Хусәйн, шииттер оны «Бақыр» деп атайды. Заманында ілімі жағынан ешкімге дес бермеген. Мәдинада 732 жылы қайтыс болған.

⁸¹ Ақидатул әшшиа әл-исна әл- ашара, Мамдух Ибн Али Аль-Харби

6. Жағфар ибн Мұхаммед, шииттер оны «әс-Садик» деп атайды. 765 жылы Мәдинада қайтыс болған.

7. Мұса ибн Жағфар әс-Садик, шииттер оны «Қазым» деп атайды. Бағдатта абақтыда 799 жылы қайтыс болған.

8. Әли ибн Мұса ибн Жағфар әс-Садик, шейітер оны «Риза» деп атайды. Тус маңындағы Санабид мекенінде 818 жылы қайтыс болған.

9. Мұхаммед ибн Әли ибн Мұса, шииттер оны «Тақий» немесе «Жәууад» деп атайды; Бағдадта 835 жылы қайтыс болған.

10. Әли ибн Мұхаммед ибн Әли ибн Мұса, шииттер оны «Нақий» немесе «Һади» деп атайды. Самаррада 868 жылы қайтыс болған.

11. Хасан ибн Әли ибн Мұхаммед, шииттер оны «Зәкий» немесе «Аскәри» деп атайды. Самаррада 873/874 жылы қайтыс болған.

12. Мұхаммед ибн Хасан әл-Аскәри, шииттер оны «Мәһди» немесе «Хужжатул-қаим әл-Мунтазыр» деп атайды. Олардың сенімі бойынша ол һижри 256 жылы туылып, 260 жылы аспанға көтерілген. Содан кейін 329 жылы әкесінің үйіндегі жертөлеге кіріп, «ғайып» болып кеткен⁸².

Шииттердің сенімі бойынша, барлық мұсылмандар Әлиге және Әлидің ұрпақтарына бойсұнуы міндет. Оған Құран кәрімдегі «Байина» сүресінен: **«Күдіксіз, сондай иман келтіріп, түзу іс істегендер, міне, солар – жаратылғандардың жақсысы»**⁸³ мысалға келтіріп, бұл аятты Әлиге және оның жақтастарына қатысты айтылған деген пікірді ұстанады және осыған қатысты әл-Хаким әл-Хасканидің «шауаһид танзил» кітабында пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисі делінген ғибраттарды мысалға келтіреді. Ол ғибратта аяттағы «жаратылғандардың жақсысы» жөнінде Әли сұраған кезде пайғамбарымыз (с.а.у.):

هُمَ أَنْتَ وَشِيعَتُكَ يَا عَلِي

⁸² Жоғарыда аталған он екі имам заманының ғалымдары тақуа жандары болған қазіргі шииттік бағытқа ешқандай қатысы жоқ.

⁸³ «Бәйинә» сүресі, 7-аят

Яғни «Сен және сенің жақтастарың»⁸⁴ деп жауап берген. «Шиа» сөзі көптеген ғалымдардың пікірінше, Мұхаммед (с.а.у.) қайтыс болғаннан кейін халифалыққа мұсылмандар Әбу Бәкірді тағайындағаннан кейін пайда болған деген сөз бар. Олар пайғамбармыздың (с.а.у.) күйеу баласы хазіреті Әли және оның ұрпағы халифалыққа ең лайықты адамдар және бұл қасиетті Құран мен хадис арқылы бекітілгеніне иман келтіреді. Кейбір ғалымдар (әсіресе Сауд Арабиясынан) бұл ағымның негізін қалаушы Абдулла ибн Саба есімді яһуди адамға телиді. Бұл бағыттың қазіргі ең көп таралған жері – Иран Ислам Республикасы. Сондай-ақ Ирак, Пәкістан, Индия, Ливан, Әзірбайжан мемлекеттерінде шииттер мұсылмандардың ауқымды бөлігін қамтиды. Шииттердің көпшілігі атақты сахабалар Әбу Бәкір, Омар, Османды Әлиден билікті әділетсіз түрде тартып алған деп санайды және Әлидің халифалығын қолдайтын хадистерді жасырған деген пікірді ұстанады. Тіпті, кейбір ғалымдары, мысалы, Аятолла әл-Хомейни⁸⁵ өзінің «Кашфул-асрар» деп аталатын кітабында Омарды кәпір деп санаған.

Жоғарыда аталған он екі имамның көпшілігі Әлиден бастап (р.а.) заманының ғалымдары, атақты имамдары болған, алайда кейінгі ізбасарлары олардың дәрежелерін тым асқақтатып жіберген.

Шииттер ішінара онға тарта топқа бөлінгенмен негізгі үш топты атап өтейік⁸⁶:

1. Он екілік немесе Имамия. Олардың сенімі бойынша, Мухаммад ибн әл-Хасан әл-Әскариды ғайып болған имам деп атайды, қиямет күні қайта оралып келіп, жерде әділдік орнатады. Шииттердің бұл түрі сан жағынан ең көбі шамамен 85% және шииттер деп аталған кезде осы

⁸⁴ Мухаммад ибн Жабир ат-Табари тәпсірінде келтірілген.

⁸⁵ Рухолла Мусаві Хомейни (парс. روح الله موسوی خمینی) 24 қыркүйекте 1902 жылы Иранның Хомейн қаласында дүниеге келген. Иранның саяси қайраткері, 1979 жылғы Ирандағы революцияның көсемі. 1979-1989 жылдар аралығында Иран басшысы.

⁸⁶ <http://ar.wikipedia.org/wiki/%D8%A7%D9%84%D8%B4%D9%8A%D8%B9%D8%A9>

түрі мақсат етіледі. Избасарлары Иран, Ирак, Әзірбайжанда шоғырланған. Бұл бағыттың шариғи заңдары (фикһ) негізін Жағфар ас-Садик есімді ғалымдары қалыптастырып кеткен.

2. Исмағилия. Имам Жағфар ас-Садик өмірден өткеннен кейін шииттер баласы Муса әл-Казимнің айналысында шоғырлана бастады. Имам Исмағил ибн Жағфар әкесі Жағфардың кезінде қайтыс болса да оның жақтастары өздеріне жеке топ құрып, бөлініп шықты. Ұзақ уақыт бойы созылған езгіден кейін құпия дағуаттың арқасында Мысырда Фатимия мемлекеті құрылады. Қазіргі уақытта Сауд Арабияның оңтүстігінде Нажран деген аймақта және Индияның кейбір жерлерінде шоғырланған.

3.Зайдия. Хусайн ибн Әлидің және оның баласы Әли Зәйнул Абидиннің өлімінен кейін екі баласы болған, олар: Зейд ибн Әли және Мухаммад әл-Бақи. Зейд ибн Әли сол кезде үкімдік құрған Омаят мемлекетіне қарсы шығып, айналасына шииттерден және басқа да адамдардың басын қосып, жасақ жинады. Алайда соғыста сәтсіздікке ұшырап, атасы Хусейн (Алла оған разы болсын) секілді қырғынға ұшырады. Осы оқиғадан кейін шииттердің бір бөлігі Мухаммад әл-Бақидан бөлініп, жеке топ құрды. Олардың басқа шииттерден айырмашылығы имамдық (басшылық) кез келген Әлидің ұрпағына тиесілі болуы мүмкін екені және оған Құраннан, хадистен дәлел жоқ екеніне иман келтіреді. Олардың атақты имамдарына Яхия ибн Зейд, Мухаммаду Нафсуз Закия және басқалары жатады.

Шииттер мен сүнниттердің негізгі келіспеушіліктері:

Келіспеушіліктер	Шииттер	Сүнниттер
Исма ⁸⁷ (күнәсіздік)	Пайғамбарлар (Алланың оларға сәлемі болсын) және он екі имам.	Тек пайғамбарлар (Алланың оларға сәлемі болсын)
Сахабалар	Сахабалар әділ, екіжүзді, пасық, кәпір болып бөлінеді.	Сахабалардың барлығы әділ, оларға тіл тигізбеу уәжіп, Пайғамбардан (с.а.у.) кейін деңгейі бойынша Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли келеді. Бұл жөнінде құран аяттарында, хадистерде дәлелдер бар.
Мұсылмандардың аналары	Айша шариғатқа қарсы әрекет жасап, Әли имамға қарсы шыққан.	Айша – жалпы мұсылмандардың анасы және пайғамбарымыздың (с.а.у.) жаннаттағы жұбайы.
Басшылық	Басшылық Алла тарапынан Құранда бекітілген және ол тек Әлидің ұрпақтарына ғана тиесілі	Басшылық Алла тарапынан бекітілмеген, ол кез келген адамға тиесілі болуы мүмкін
Шапағат	Он екі имам шапағат бере алады.	Тек пайғамбарымыз (с.а.у.) Алланың рұқсатымен шапағатшы болуға лайық.
Тәубе ⁸⁸	Үлкен күнә істеген адам тәубе етпесе, мәңгілікке жаһаннамда болады.	Үлкен күнә істеген мұсылман жаһаннамда мәңгілік болмайды.
Мутға некесі (Уақытша неке)	Рұқсат етіледі және оған сауап жазылады	Мутға некесі зинамен бірдей харам.
Сәжде	Олар тек топыраққа, құм, тасқа ғана сәжде қылады.	Кез келген таза жерге сәжде қылуға болады.

⁸⁷ Күнә жасаудан пәк, яғни өмірінде ешқашан күнә жасауы мүмкін емес.

⁸⁸ Мазһабтар тарихы, Смайыл Сейтбеков

Азан	Азанда «Әли – уәли Алла» деген сөзді қосады	Пайғамбарымыз (с.а.у.) кезіндегі азан осы уақытқа дейін өзгермей жеткен.
Денеге зақым келтіру	Рұқсат етіледі	Харам
Дәрет	Жалаң аяққа масих тартуға рұқсат	Жуу парыз
Намаз	Себеппіз бесін намазы мен асырды, ақшам намазы мен құптанды біріктіріп оқуға рұқсат.	Ханафи мазһабы бойынша тек қажылық уақытында ғана бесін мен асырды бесіннің уақытында, ақшам мен құптанды құптанның уақытында.

Жоғарыда аталған шииттер Ислам үмбетінің он пайызын ғана құрайды. Сондай-ақ әр заманда шииттердің шарифаттан ауытқуы әртүрлі болған. Кейбір топтары шииттікке бас иіп, шынайы ақиқат жол ретінде ұстанса, кейбір мансапқұмарлар саяси қалқан ретінде қолданған. Оған мысал Омаяттардан кейін келетін Аббаситтер⁸⁹ халифаты өздерінің Омаяттарға қарсы саяси үгіттеулерінде «нусрату әһлу әл-байт» яғни пайғамбар (с.а.у.) жанұясына жәрдем беру деген ұран ұстанған. Қарапайым халық арасында пайғамбарымыздың (с.а.у.) жанұясына деген ерекше құрмет кең тарағаны мәлім. Соның арқасында олар билікке жетіп, Ислам әлеміне төңкеріс жасағаннан кейін шынайы бет перделері яғни өздерінің пайғамбарымыздың көкесі Аббас ибн Абдулмутталиптен тарайтыны әшкереленді. Тіпті осы кезге дәлме-дәл келетін Әбу Ханифа да әһлу әл-байтқа қолдау көрсеткен деген дерек бар. Міне, осылайша кейбір топтар Әлидің ұрпақтарын өздерінің саяси мақсаттарына қолданған.

Шииттер турасында үкім беруде ұлы ғұламалар тарапынан нақты күпірлігі жайында сөз айтылмаған. Дегенмен кейбір топтарын мысалға алғанда Исмағилиттар, Ғулаттар оларды кәпір топтардан деп шарифат шеңберінен шығарған.

⁸⁹ Аббаситер хижра бойын 132 жылы үкімет басына келген халифат аталмыш халифаттың негізін қалаушы Аббас Сафах, Жағфар Аббас ибн Абдулмутталип, пайғамбарымыздың (с.а.у.) көкесінен тарайды.

Ислам ғұламаларының көпшілігі аталған ағымға соның көпшілігін құрайтын «Имамия» тобына адасқан деген үкім береді, бірақ күпірлікке шығарудан аулақ. Атақты сәләф дәуіріне жататын және одан кейінгі белгілі ғалымдардың шииттер турасында үкімі:

1. Алқама ибн Қайс ән-Нахағи (62 жылы хижрада қайтыс болған): «Христиандар Мәриямұлы Иса хақында шектен шыққандай, шииттер Әли хақында шектен шықты»⁹⁰.

2. Амир әш-Шағби (105 жылы хижрада қайтыс болған): «Бұл адасушылықты көріп олармен сойлестім, алайда ақыл тоқтарлық ешкімді көрмедім»⁹¹.

3. Имам Малик ибн Анас (179 жылы хижрада қайтыс болған): «Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сахабаларына сөз тигізетін қауымды Исламнан деп санамаймын»⁹².

4. Имам Шафиғи (179 жылы хижрада қайтыс болған): «Олар секілді жалғанға шақырып, өтірікке куәлік беретін қауымды көрмедім»⁹³.

5. Имам Ахмад ибн Ханбал (179 жылы хижрада қайтыс болған): Сахабаларды балағаттайтын адамдар жайында сұралған кезде: «Оларды Исламнан деп санамаймын» деп жауап берді⁹⁴.

Сол секілді Әз-Зухри, Суфиян ибн Уяайна, Алқама ибн Қайс ән-Нахағи, Суфиян Саури, Абдулла ибн Мубарак сынды басқа ғалымдар шииттер жайында сұралғанда «олар өтірікшілер, олардың артынан намаз оқуға болмайды, олар Иса қауымына ұқсайды» деген тұжырымдар айтқан.

Шииттердің мемлекет болып қалыптасуы көп жағдайда саяси шиеленістердің нәтижесінде болып отыр. Өйткені олардың кейбіреуінің көкейінде ежелдегі парсы империясын қайта өрлетуге деген ұлтшылдықтан туған мақсат бар. Олай дейтін себебіміз шиит жолын ұстанушылардың басым бөлігі парсы нәсілінен. Осы себепті бұл ағым жалпының ұстанар

⁹⁰ «Сунна» Абдулла ибн Ханбал 2 т, 548 б

⁹¹ «Сунна» Абдулла ибн Ханбал 2 т, 548 б

⁹² Ибн Баттаның «Ибана суфра» кітабы, 162 бет.

⁹³ Ибн Батта «Ибана кубра» 2/245

⁹⁴ «Суннату лилХилал» Абу бакр ибн Хилал

жолы болуы мүмкін емес, оқшауланған бір мемлекеттің саяси шоқпары іспеттес, өйткені әлемнің 90%-ын құрайтын сүнниттердің діни негіздері, Құран мен сүннеттен бастау алатын өзіндік қағидалары мен ережелері берік әрі күмән туғызбайды. Кез келген мұсылман сахабаларға бөліп-жарып қарамайды, өйткені олардың барлығы әділ әрі қадірлі. Алла тағала Құран кәрімде мухажирлер жайында былай деген:

فَاسْتَجَابَ لَهُمْ رَبُّهُمْ أَنِّي لَا أُضِيعُ عَمَلَ عَامِلٍ مِّنْكُمْ مِّنْ ذَكَرٍ أَوْ أَنْتِي
بَعْضُكُمْ مِّنْ بَعْضٍ ۖ فَالَّذِينَ هَاجَرُوا وَأُخْرِجُوا مِنْ دِيَارِهِمْ وَأُوذُوا
فِي سَبِيلِي وَقَاتَلُوا وَقُتِلُوا لَأُكَفِّرَنَّ عَنْهُمْ سَيِّئَاتِهِمْ وَلَأُدْخِلَنَّهُمْ جَنَّاتٍ
تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ ثَوَابًا مِّنْ عِنْدِ اللَّهِ ۖ وَاللَّهُ عِنْدَهُ حُسْنُ الثَّوَابِ

«Сонда олардың Раббылары тілектерін қабыл етті: «Шын мәнінде Мен сендерден еркек, әйел амал істеушілердің амалын зая қылмаймын. Бір-біріңненсіңдер. (Бәрің бірдейсіңдер.) Және сондай босқандардың, жұрттарынан шығарылғандардың және Менің жолымда жапа шектірілгендердің, соғысқандардың, өлтірілгендердің жамандықтарын жасырамын. Сондай-ақ оларды астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргіземін. Сыйлық Алланың қасынан. Әрине, сыйлықтың жақсысы Алланың қасында»⁹⁵.

Басқа бір аятта Алла тағаланың мұхажирлер мен ансарлардан разы болғаны жөнінде келтіріледі:

وَالسَّابِقُونَ السَّابِقُونَ مِنَ الْمُهَاجِرِينَ وَالْأَنْصَارِ وَالَّذِينَ اتَّبَعُوهُمْ
بِإِحْسَانٍ رَّضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي
تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا أَبَدًا ۖ ذَٰلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ

«Мұхажир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Алла разы болды. Әрі олар да Алладан разы болды. Сондай-ақ Алла, олар

⁹⁵ «Әли Имран» сүресі, 195-аят

үшін мәңгі болатын, астарынан өзендер ағатын жаннаттар әзірледі. Осы ірі мұрат»⁹⁶.

Ардақты сахабалар әлемге Исламды жайып, соның арқасында Ислам әлемінде сүнниттік кең тарап, жалпыға ортақ заңдар, негіздер қалыптасты. Елімізде негізінен Исламның сүнниттік ағымы кең тараған.

ХИЗБУТ ТАХРИР НЕГЕ ШАҚЫРАДЫ?

Хизбут тахрир ағымы 1953 жылы мұсылмандардың үшінші қасиетті мешіті орналасқан Құддыс қаласында пайда болды. Негізгі мақсаты – Ислам халифатын құрып, мұсылмандардың басын қосу. Бұл әлем мұсылмандарын саяси әрі пікір тұрғысында біріктіру. Алты ғасыр Ислам әлемінде билік құрып, 1924 жылы құлаған Осман империясын қайта тұрғызу.



Суретте Тақи ад-Дин ән-Набхани

Бұл діни ағымның негізін қалаушы, әрі ең алғашқы әмірі (басшысы) – Тақи ад-Дин ән-Набхани⁹⁷, заманының белгілі ғалымдарының бірі болған. Хизбут тахрир сөзіне келетін болсақ, «хизб» партия, топ, ал «тахрир» босату, бостандық, яғни бостандық партиясы. Аталмыш ұйымға басшылыққа тағайындау ішкі сайлау арқылы болады және оның уақыты шектелмеген.

Өзінің айтуынша, ұстанымын пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннетінен алады. Яғни, алғашқы кезең ол дағуат кезеңі немесе ұйымның әлемде жақтастар жинау кезеңі⁹⁸. Осы мақсатта әлемнің түкпір-түкпірінде өздерінің орталықтарын, баспаханаларын аша бастады. Негізгі орталықтары Палестина, Ливан және Шығыс Азия, Батыс Еуропа мемлекеттері.

⁹⁷ Тақи ад-Дин ән-Набхани 1914 жылы Палестинада Ижзам деген аймақта дүниеге келген. Мысырдағы әл-Азһар университетін тамамдаған. Әкесі Ибраһим Ислам заңдары саласының маманы болған, сол аймақтағы медреседе ұстаздық қылған. Шешесі сол кездегі атақты қазылардың бірі Юсуфтың қызы. Жазған атақты еңбектері: «Әшшахсия әл-исламия (ислами тұлға)», «Низамул Ислам (Ислам системасы)», «Мафаһим хизбут тахрир (хизбут тахрирдің түсініктемелері)», т.б. еңбектер. 1977 жылы қайтыс болған. tiny.cc/hizbut-tahrir

⁹⁸ tiny.cc/hizbut-tahrir1

Бұл ұйымға көптеген араб, Ислам мемлекеттерінде тыйым салынған⁹⁹.

Ұйымның құрылуы және дамуы

Хизбут тахрир ұйымы Құддыс қаласында 1953 жылы құрылды. Ұйымның құрылуы мен дамуы бірнеше кезеңдерден тұрады. Алғашқы кезең қалыптасу кезеңі. Бұл кезең ұйымның негізін қалаушы Такии ад-Диннің жеке күш-жігері мен оның айналасындағы соның жолын ұстанған жақын адамдардың атсалысуынан тұрады. Ислам заңдарын терең оқыған әрі біраз уақыт қазылық қызмет атқарған Такии ад-Дин үшін ұйымның негіздерін, заңнамаларын жазу қиын іс емес еді. Өздерін партия ретінде жариялағаннан кейін келесі кезең жария кезеңіне ауысты. Ливан, Йордания, Палестина жерлерінде ұстаздық қылған ол шәкірттерінің арасынан өзінің жақтастарын дайындай бастады. Өзінің жақтасы, пікірлес серіктері Әли Фахруддин Ливандық мәжіліс кеңесіне партия атынан мүше болып сайланды. Сол секілді Ахмад Дағур есімді шәкірті Йордания мемлекетінің парламентіне мүше болып сайланды, алайда көп ұзамай тұтқынға алынып, сол кездегі мемлекетте төңкеріс жасағысы келген әрекеті үшін өлім жазасы кесілді¹⁰⁰.

Араб мемлекеттерінде табысқа кенелмегеннен кейін сол жүйелерімен Батыс Европа мемлекеттеріне ауысты. Олардың ол мемлекеттердегі мұсылмандарға тигізген әсері – оған дейін істеп келген діни орталықтар, намазханалар жабылып, Европа мұсылмандарын мемлекетпен одан бетер шиеленістіре түсті.

2011 жылы басталған араб мемлекеттеріндегі: Мысыр, Ливия, Тунис көтерілістерге Хизбут тахрир ұйымының қатысы бар деген пікір бар. Өйткені олардың ойынша, мемлекет егер заңнамаларына ислами емес жүйелерді енгізетін болса, ол мемлекетті шариғи Ислам мемлекеті деп сана-

⁹⁹ «Уағи» Палестинада жарық көретін журналының 234, 235 сандары 2006 жыл, шілде.

¹⁰⁰ «Хизбут тахрир» Абдурахман ибн Мухаммад Саид Димашкия, Стамбул, 1997 ж.

майды. Аталмыш ағым араб мемлекеттерінен бөлек Азия мемлекеттерінде көптеп қанат жайған, әсіресе, Индонезия, Малайзия, Өзбекстан. Европада Британия, Дания, Германия мемлекеттерінде кездеседі. Олар үшін Отан алдындағы міндеттемелер жоқ. Бүкіл әлем мұсылмандарын ешбір шекарасыз біртұтас мемлекет құруға шақырады. Құранды негіз ретінде өмірдің кез келген тұсына қолданады. Басқа діни ағымдардан негізгі екі айырмашылық бар:

- Бір мемлекеттің ішінен екінші бір мемлекет құруға түбегейлі қарсы;
- Адамдардың ұстамын өзгертуде тек пікір сайысымен ғана жүгеге асырады. Күшпен бағындыруға жол бермейді.

Демократизм мен капитализмнің барлық түрін харамға шығарады. Ағымның пайымынша, бұл кәпірлердің жүйесі және ол жүйеде қызмет атқару харам. Осыған қатысты Хизбут тахрир ағымының «Демократия – кәпірлердің жүйесі, оны ұстану, амал істеу оған шақыру харам» деген белгілі кітаптары бар. Бұл кітапта демократияның Исламмен ешбір байланыс жоқ екені, оның Ислам шариғатына қайшы екені жазылған¹⁰¹. Осы тұрғыда батыс елдері «Хизбут тахрир» ағымын радикалды ағымдар қатарына жатқызады. Сол секілді капитализм, социализм, комунизмнің барлық түрлерін жоққа шығарады. Сонымен қатар Тақии ад-Дин Әннабаһанидің «Исламдағы экономикалық жүйе» тақырыбында кітабы бар. Аталмыш кітап әл-Азһар ғалымдары тарапынан қабылданбады. Сол секілді Хизбут тахрир баспасындағы кітаптар бүкіл араб және мұсылман мемлекеттерін сынға алады. Бұл ағымның түсінігінше, бүкіл мұсылман мемлекеттерінің басшылары Батысқа қызмет жасауда солардың жүйесімен жүреді деген пікірді ұстанады¹⁰². Егер Ислам мемлекеті орнаған жағдайда оны жүйелі түрде жан-жақты салада басқаруға қауқарлары жететініне сенеді.

¹⁰¹ «Демократия кәпірлердің жүйесі, оны ұстану, амал істеу оған шақыру харам». 1990 жылдары жарық көрген кітап

¹⁰² «Хизбут тахрир ағымының саяси түсініктері», төртінші баспа, 2005 жыл.

Көптеген Батыс сарапшылары аталмыш ағымды қауіпті ағымдар қатарына жатқызады. Олар тікелей соғысқа бас көтеруге шақырмаса да идеологиялық тұрғыда батыс пен Ислам әлемін бөлуге апарады. Тоқсаныншы жылдардың аяғында орын алған жарылыстарға әлемдік БАҚ Хизбут тахрир өкілдерін қатыстырғанмен, Хизбут тахрир бұған өзінің қатыстылығын жоққа шығарды¹⁰³.

Хизбут тахрир жамағатының негізгі қателіктері:

1. Саясат мәселелеріне көп сын айтады. Тіпті өзін Ислам негіздеріне сүйенген саяси партия деп санайды. Мұсылмандарды халифат орнатуға үндейді. Алайда халифат құрмас бұрын оның алғышарттарына яғни Исламға жаңа кірген мұсылмандардың рухани тәрбиесіне мән бермейді. Рухани, ғылыми тұрғыда деңгейлері көтермейінше, халифат орнатуға мұсылмандар дайын болмайды.

2. Хизбут тахрир мұсылман қоғамының негізгі мақсаты болған іштей өрлеуге мән бермейді. Әркез мұсылман қауымының өрлеуінің негізгі кепілі ақида, құлшылық, мінез-құлық, ауыс-түйісте тазалық болуы. Әрбір адамның көкейінде жақсылыққа қарай өзгеруге деген пейілі болмаса, онда қоғам да өзгермейді. Алла тағала Құран кәрімде:

إِنَّ اللَّهَ لَا يُغَيِّرُ مَا بِقَوْمٍ حَتَّى يُغَيِّرُوا مَا بِأَنْفُسِهِمْ

«Расында, бір қауым өзін өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді»¹⁰⁴.

وَعَدَ اللَّهُ الَّذِينَ آمَنُوا مِنْكُمْ وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ لَيَسْتَخْلِفَنَّهُمْ فِي الْأَرْضِ كَمَا اسْتَخْلَفَ الَّذِينَ مِنْ قَبْلِهِمْ وَلَيُمَكِّنَنَّ لَهُمْ دِينَهُمُ الَّذِي ارْتَضَى لَهُمْ وَلَيُبَدِّلَنَّهُمْ مِنْ بَعْدِ خَوْفِهِمْ أَمْنًا يَعْبُدُونَنِي لَا يُشْرِكُونَ بِي شَيْئًا وَمَنْ كَفَرَ بَعْدَ ذَلِكَ فَأُولَئِكَ هُمُ الْفَاسِقُونَ

¹⁰³ Хизбут тахрир ұйымы «Шарқұл аусат» журналы арқылы (31-3-2004 жарық көрген) өздерінің бұған ешбір қатынасы жоқ екенін жариялады.

¹⁰⁴ «Рағыд» сүресі, 11-аят

«Алла сендерден иман келтіріп, ізгі іс істегендерге өздерінен бұрынғы өткендердей жер жүзіне мұрагер қылуды уәде етті. Сондай-ақ олар үшін өзі разы болған дінін нығайтып, қауіп-қатерден кейін бейбітшілікке айналдырады. Олар Маған құлшылық қылады. Маған еш нәрсені серік қоспайды. Кім осыдан кейін қарсы келсе, міне солар, бұзақылар»¹⁰⁵.

Ал Хизбут тахрир жамағаты болса, сол тұтастыққа сызат түсіруде, өйткені олар Ислам әлемінің ұстанып отырған жолына әлемдік Батыстың ықпалы зор деген пікірді алға тартады. Осылайша ол қарапайым мұсылмандардың санасында мемлекетке деген наразылықтың тууына себеп болуда.

3. Хизбут тахрир ағымының адасқан тұстарының бірі бөгде әйелмен қол ұстасуға, сүйуге рұқсат береді. Олардың пікірінше бұл әрекет зинаға бармайынша, харам емес¹⁰⁶. Бұл мына хадиске қайшы:

كُتِبَ عَلَى ابْنِ آدَمَ نَصِيئَهُ مِنَ الزَّيْنَى مُدْرِكُ ذَلِكَ لَا مَحَالَةَ،
فَالْعَيْنَانِ زَنَاهُمَا النَّظَرُ، وَالْأُذُنَانِ زَنَاهُمَا الْاسْتِمَاعُ، وَاللِّسَانُ
زَنَاهُ الْكَلَامُ، وَالْيَدُ زَنَاهَا الْبَطْشُ، وَالرِّجْلُ زَنَاهَا الْخُطَا...

«Алланың бекіткені бойынша адамдардың көптеген жасайтын күнәлары зинақорлыққа апарады. Көздің зинасы шариғатпен тыйым салынған нәрсеге қарау. Құлақтың зинасы өзіне қатысы жоқ аңгімені тыңдау. Тілдің зинасы шариғат бойынша рұқсат етілмегенді айту. Қолдың зинасы харамды ұстау. Аяқтың зинасы харамға бару»¹⁰⁷.

4. Хизбут тахрир ағымы пайғамбарларға сенім мәселесінде үлкен қателікке бой алдырады. Олардың түсінігінше, пайғамбарлар пайғамбарлыққа дейін кез келген үлкен күнәларды жасауы мүмкін және ол одан өзін қорғай алмайды¹⁰⁸. Ислами сенім бойынша пайғамбарлар үлкен күнәларға баруы мүмкін емес. Олардың айтуы бойын-

¹⁰⁵ «Нұр» сүресі, 55-аят

¹⁰⁶ Әл-Хилафа, 32 бет

¹⁰⁷ Мұслим хадистер жинағында №4808-

¹⁰⁸ Әш-шахсия әл-Исламия

ша тіпті сараңдық, сатқындық, қорқақтық сипаттары болуы мүмкін.

5. Аталмыш ағымның негізін қалаушы Тақии ад-Дин ән-Набаханидің «Әшшахсия әл-Исламия» атты кітабында адамның іс-әрекеті оның тағдырына еш қатысы жоқ деген пікір айтады. Демек, адам қандай да бір әрекетті өз қалауымен жасайды дейді. Бұл Құран аяттарына, пайғамбарымыздың (с.а.у.) сахих хадистеріне қайшы пікір. Алла тағала Құран кәрімде:

وَلَخَلَقَ كُلَّ شَيْءٍ فَقَدَرَهُ تَقْدِيرًا

«Алла сендерді де, жасаған нәрселеріңді де жаратты»¹⁰⁹ десе, Расулалла тағдырға иман келтірмейтіндер жайында былай дейді:

الْقَدَرِيَّةُ مَجْهُوسٌ هَذِهِ الْأُمَّةُ إِنْ مَرَضُوا فَلَا
تَعُودُوهُمْ، وَإِنْ مَاتُوا فَلَا تَشْهَدُوهُمْ

«Тағдырға иман келтірмейтіндер бұл үмбеттің пұтқа табынушылары секілді. Егер ауырса, жағдайын сұрамаңдар. Егер дүниеден өтсе, жаназасына қатыспаңдар»¹¹⁰.

Бұл ағымның ұстанымына сүйенсек, кейбір әлемде болып жатқан жағдайлар Алланың қалауынсыз жүзеге асады. Бұл – анық адасушылық.

Хизбут тахрир ағымының көсемдері:

- Тақии ад-Дин Әннабаһани (басшылық қылған жылдары 1953-1977 ж);
- Абдул Қадим Залул (басшылық қылған жылдары 1977-2003 ж);
- Ата Абу әр-Рашта (2002 жылдан қазіргі уақытқа дейін);

Хизбут тахрир ағымының әлемдегі өкілдері:

1. Мамдух Абу Сауа Қатишат (Иордания);
2. Насир Уахан Әлләһәби (Йемен);
3. Ибраһим Осман Абу Халил (Судан);
4. Нафит Бут (Пәкістан).

¹⁰⁹ «Сафпат» сүресі 96-аят

¹¹⁰ Әбу Дәуіттің хадистер жинағында №4691

5. Ялмаз Шилик (Түркия);
6. Исмаил Юсынта (Индонезия);
7. Махиддин Ахмад (Бангладеш);
8. Фахида Ханум Муни (Бангладеш);
9. Рида Балхадж (Тунис);
10. Нишам әл-Баба (Сирия);
11. Шариф Зайд (Мысыр).

Қорыта келе, аталмыш ұйым мұсылман қоғамын тікелей соғысқа, күш көрсетуге төңкеріске шақырмаса да халық арасында мемлекетке деген наразылық оятуда, өйткені Хизбут тахрир ағымы мүшелері мемлекеттік басқару жүйелеріне өздерінің наразылықтарын ашық білдіреді. Олардың пікірінше, мемлекет жүйесіне капитализм, социализм, коммунизмнің жүйесі араласатын болса, мемлекет мұсылман мемлекеті деген атаудан шығады. Ең бірінші адам өзін жақсы жаққа өзгертуге тырысуы тиіс, сонда ғана Ислам мемлекеті орнады деген сөз. Алла тағала Құран кәрімде:

إِنَّ اللَّهَ لَا يُغَيِّرُ مَا بِقَوْمٍ حَتَّى يُغَيِّرُوا مَا بِأَنْفُسِهِمْ

«Расында, бір қауым өзін өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді»¹¹¹.

Мемлекет өзін Ислам мемлекеті деп жариялағанмен халық мұсылман болмауы мүмкін. Бұл жерде мәселе мемлекеттің атауында немесе заңында емес, ең алдымен халқы мұсылман болуы шарт. Егер халифат құру қажет болса, басым бөлігі шариғат заңымен жүретін араб мемлекеттерінде құрылар еді. Алайда, ол мемлекеттерде бұл идея өз қолдаушыларын таппады.

Құрметті бауырлар, атаумен емес, тұтас болмысымызбен мұсылман болуға тырысайық! Өзімізден бастайық, жанұямыздан бастайық, сонда ғана шынайы мұсылманшылдыққа қол жеткіземіз.

¹¹¹ «Рағд» сүресі 11-аят

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАБЛИҒ ЖАМАҒАТЫ ЖӘНЕ СҮННЕТКЕ САЙ ДАҒУАТ НЕГІЗДЕРІ

Егер адам баласы Алла тағаланың мейірімімен ең тура, ақиқат жол Исламға келетін болса, ол дүниедегі бүкіл байлықтан артық. Оның Исламнан тыс сүрген өмірі хидаят жолын тапқаннан кейінгі бір сәтіне де татымайды. Өзін екі өмірде де бақытты ететін Ислам дініне қауышқаннан кейін оны тек өзіне ғана қаламай жақындарына да қалауы тиіс. Ең жақын адамдары әке-шешесінің, жарының, бауырларының да осы жолда болғанын қалайды. Сол себепті бұл игі жолға шақыру кез келген адам үшін Алла алдында үлкен мәртебеге апаратын амалдардың санатында. Өйткені бұл қызмет адамзаттың ішінде ең абзалы пайғамбарлардың (Алланың оларға сәлемі болсын) атқарған амалдары. Алла тағала Құран кәрімде былай деуде:

وَمَا أَرْسَلْنَا مِنْ قَبْلِكَ مِنْ رَّسُولٍ إِلَّا نُوحِي إِلَيْهِ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنَا فَاعْبُدُونِ

(Мұхаммед F.C.) сенен бұрын бір пайғамбар жіберсек, оған: «Күдіксіз Менен басқа ешбір тәңір жоқ. Ендеше, Маған ғана құлшылық қылыңдар» деп қана уахи етіп, жібердік»¹¹².

Барлық пайғамбарлар тек таухид жолына, Алла жолына, тек оған құлшылық қылып, ширк атаулыдан аулақ болуға шақырған.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) мүбәрак хадисінде:

مِنْ حَدِيثِ أَبِي هُرَيْرَةَ - رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ - أَنَّ النَّبِيَّ - صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ - قَالَ: «مَنْ دَعَا إِلَى هُدًى كَانَ لَهُ مِنَ الْأَجْرِ مِثْلُ أُجُورِ مَنْ تَبِعَهُ، لَا يَنْقُصُ ذَلِكَ مِنْ أُجُورِهِمْ شَيْئًا»

«Кімде-кім хидаят жолына шақырса, оған ерген адамның сауабы еш кеміместен беріледі»¹¹³ делінген.

¹¹² «Әнбия» сүресі, 25-аят

¹¹³ Мұслим хадистер жинағы

Басқа бір аятта:

وَمَنْ أَحْسَنُ قَوْلًا مِّمَّنْ دَعَا إِلَى اللَّهِ وَعَمِلَ
صَالِحًا وَقَالَ إِنِّي مِنَ الْمُسْلِمِينَ

«Шын! Мен мұсылмандарданмын» деп, Аллаға шақыра отырып ізгі іс істеген кісіден сөз тұрғысынан жақсы кім бола алады?»¹¹⁴ делінген.

Адам қай салада болмасын Алланың жолына шақыруға, үндеуге міндетті. Ол міндет ешуақытта оның мойнынан түспейді. Кейбір адамдар ойлағандай дағуат ол тек имамдарға, дін қызметкерлеріне ғана міндетті емес. Мұсылман әркез ең алдымен өзін, жанұясын, жақындарын жақсылыққа шақыруы тиіс, жақсылықтың ең ұлығы әлбетте адамның Исламға келуі.

Алла тағала Құран кәрімде былай деуде:

وَالْمُؤْمِنُونَ وَالْمُؤْمِنَاتُ بَعْضُهُمْ أَوْلِيَاءُ بَعْضٍ يَأْمُرُونَ بِالْمَعْرُوفِ
وَيَنْهَوْنَ عَنِ الْمُنْكَرِ وَيُقِيمُونَ الصَّلَاةَ وَيُؤْتُونَ الزَّكَاةَ وَيُطِيعُونَ
اللَّهَ وَرَسُولَهُ أُولَئِكَ سَيَرْحَمُهُمُ اللَّهُ إِنَّ اللَّهَ عَزِيزٌ حَكِيمٌ

«Мүмін ерлер мен мүмін әйелдер бір-біріне көмекші. Олар жақсылыққа шақырып, жаманшылықтан тияды. Сондай-ақ олар намаздарын толық орындап, зекет беріп, Аллаға, Елшісіне бой ұсынады. Соларды Алла мейіріміне бөлейді. Расында Алла тым үстем, аса дана»¹¹⁵.

Алла жолына шақыру бізді Алла мадақтаған қайырлы үмбеттен қылады. Алла тағала Құран кәрімде былай деуде:

كُنْتُمْ خَيْرَ أُمَّةٍ أُخْرِجَتْ لِلنَّاسِ تَأْمُرُونَ بِالْمَعْرُوفِ
وَتَنْهَوْنَ عَنِ الْمُنْكَرِ وَتُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ

¹¹⁴ «Фуссилат» сүресі, 33-аят

¹¹⁵ «Тәуба» сүресі, 71-аят

«Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, қарсылықтан тыятын, сондай-ақ Аллаға сенетін қайырлы бір үмбет болып шығарылдыңдар»¹¹⁶.

Имам Ибн Кәсирден жеткен хабар бойынша: «Кімде-кім бұл қауымнан болса, Алла тағаланың мақталған қауымынан болады». Қатададан жеткен хабар бойынша: «Омар ибн әл-Хаттаб былай деп айтқан: «Кімде-кім сол мақталған үмбеттен болғысы келсе, Алланың талап еткенін (исламға шақыру) орындасын, кім оны орындамаса кітап иелеріне ұқсағаны» деп, Құранның: **«Олар бір-бірлерін істеген жамандықтарынан тыймайтын болған. Расында олардың істегендері нендей жаман»**¹¹⁷ деген аятын оқыды».

Қоғамдағы адамдар сан алуан салада әртүрлі қызмет жүктерін арқалағандықтан, олардың жағдайлары, шамалары ескеріледі. Тіпті қызметіңізді абыроймен орындап, өзіңізді тек жақсы қырыңыздан көрсетіп, мұсылманға тән әрекет жасасаңыз, оның өзі дағуат. Мұсылмандықтан ауытқымай, Исламға кір түсірмеудің өзі абыройлы істерден болып табылады. Алла тағала адам баласына шамасы келмейтін істі жүктемейді. Жаратушы ие Құран кәрімде: **«Алла кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді; істеген жақсылығы өз пайдасына, жамандығы зиянына»**¹¹⁸ деген яғни, адам баласына өзінің шамасынан тыс амал жүктелмейді.

Ибн Омар (р.а.) Алла елшісінің (с.а.у.) былай дегенін риуаят еткен:

كُلُّكُمْ رَاعٍ وَكُلُّكُمْ مَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ، الْإِمَامُ رَاعٍ وَمَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ، وَالرَّجُلُ رَاعٍ فِي أَهْلِهِ وَهُوَ مَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ، وَالْمَرْأَةُ رَاعِيَةٌ فِي بَيْتِ زَوْجِهَا وَمَسْئُولَةٌ عَنْ رَعِيَّتِهَا، وَالْخَادِمُ رَاعٍ فِي مَالِ سَيِّدِهِ وَمَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ، - قَالَ: وَحَسِبْتُ أَنْ قَدْ قَالَ: وَالرَّجُلُ رَاعٍ فِي مَالِ أَبِيهِ وَمَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ - وَكُلُّكُمْ رَاعٍ وَمَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ

¹¹⁶ «Әли Имран» 110-аят

¹¹⁷ «Мәида» сүресі, 79-аят.

¹¹⁸ «Бақара» сүресі, 286-аят

«Бәрің де бақташысыңдар, бәрің де өз отарларыңа жауаптысыңдар. Әмірші адамдарға бақташы, ол сол отарына жауапты, ер кісі өз отбасына бақташы, сол отарына жауапты, ал әйел күйеуінің үйіне және баласына бақташы әрі соларға жауапты, кісінің құлы (қызметкері) қожайынының малына бақташы әрі соған жауапты. Әлбетте, бәрің де бақташысыңдар әрі бәрің де өз отарларыңа жауаптысыңдар!»¹¹⁹

Жоғарыдағы хадис бойынша адамның қоғамдағы орнына, жауапкершілігіне байланысты дінді жеткізудегі міндеті мен жауапкершілігі өзгереді.

Қазақстан жеріне діни ағымдар ағылғанда, «Таблиғ жамағаты» ұйымы да бұдан шет қалмады. Әлбетте, бұл ұйымды деструктивті ағымдар санатына кіргізуге болмайды, өйткені олардың мақсаты бұқара жұртшылығына Ислам дінін жеткізу болған. Алғашқы кезде бұл біраз деңгейде рухани қажеттілікті өтегенмен уақыт өте дін Исламның күшеюімен, өзімізден шыққан қаракөз қазақ балаларының Исламды игеруімен қоғамның бұл ұйымға деген қажеттілігі тоқтады.

Бұл ұйым он төртінші ғасырда Индия жерінде пайда болған, алайда «Таблиғ жамағаты» деген атпен 1926-жылдан бастап танылды. Негізін қалаушысы – Мухаммад Илияс әл-Кандаһлауи (1885-1944), орталықтары Дели қаласында. Алғашында Индия, Пәкістан, Бангладеш жерлерінде тара-са, кейіннен араб мемлекеттерінде тарай бастады. Соңғы жылдары Еуропа мемлекеттерінде белсенділіктері артуда. Олар өздеріне Ислам дағуатын міндеттеп, белгілі бір уақыт аралығында Алла жолында адамдарды Исламға шақыруды (айына үш күн немесе жылына қырық күн) парыз деп санайды. Олар негізгі екі мақсатты алға қояды: Бірінші Ислам діні жетпеген аймақтарға дінді жеткізу, екінші, діннен алыстап кеткен мұсылмандарды Исламның құндылықтарын орындауға шақырып, оларды тақуалыққа итермелеу. Негізгі ұстанатын дәлелдерін Пайғамбарымыздың (с.а.у.)

¹¹⁹ Бұхари, Мұслим хадистер жинағы

(يَلْعُوا عَنِّي وَلَوْ آيَةً) «Менен бір аят болса да (адамдарға) жеткізіндер!» – деген сөзімен байланыстырады.

Дінге шақырудағы ерекшеліктері:

Біріншіден: Таблиғ жамағатының құрамындағы көпшіліктің шариғи білімдері таяз. Ғалымдарының көбі тек орталықтары Пәкістан, Индияда жерінде. Бұл әрекеттері Құрандағы мына аятқа толықтай қайшы. Алла тағала Құранда пайғамбарға (с.а.у.) былай деуді бұйырған: **«Айт: «Бұл менің жолым. Мен терең ілімге негізделген түрде ғана Аллаға шақырамын. Мен және маған ергендер», – де»**. Ал «таблиғ» жамағатында терең ілімді адамдар аз.

Екіншіден: Құран аяттары мен хадистерді тиісті түрде түсіндірмейді. Құран аяттарын бұрмалап, «бұл дағуатқа шығу аяты» деп қате түсіндіреді.

Үшіншіден: Дінге шақыруды арнайы күн сандарымен шектеулері. Бұл да шариғатта болмаған, дінге енгізілген жаңалық болып саналады.

Төртіншіден: Дағуатты ілім алу сынды парыздардан да артық құлшылық етіп көрулері дінге жат әрекет. Олардың түсінігінше, ілім алу көп уақытты талап етеді, адам азды-көпті ілімімен амал ету керек деп сенеді.

Бесіншіден: Діни ілімсіз пәтуа беру фактілері кездеседі.

Алтыншыдан: Ислам діні ең әуелі отбасын түзеуден басталуы керек. Кей кезде әке-шешелерін, бала-шағаларын тастап, қырық күндік мерзімге дағуат жасап кетеді.

Сүннетке сай дағуаттың шарттары:

Бірінші шарт: Ықылас.

Алла тағала Құран кәрімде:

وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حَقَّاءَ
وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقَيِّمَةِ

«Олар ғибадатты, нағыз Аллаға шынайы ынтамен бір беткей түрде орындаулары, намаз оқулары, зекет берулері үшін әмір етілген. Міне осы түп-тура дін»¹²⁰.

¹²⁰ «Бәина» сүресі, 5-аят

Жоғарыдағы Құран аятында «шынайы ынтамен бір беткей түрде орындаулары» деген сөзден Аллаға бағытталған әрбір салиқалы амалдың шынайы ниетпен Алла разылығын қалап жасау керектігін айтуда. Салиқалы амалмен мақтану, көрсету, өзін жоғары ұстау әрекеттері қосылса, ол амалдың сауабын жояды. Сол секілді Ислам дағуатындағы мақсат белгілі бір топтың санын көбейтіп, белгілі бір ғалымның атын шығару болса, пайда бермейді. Қазақстандағы кейбір ислами топтар да көбінесе өкілеті мемлекет тарапынан бекітілген Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкілдеріне қарсы шығуға үгіттейді, бұл «Таблиғ жамағатының» әрекетінде де кездеседі.

Екінші шарт: Бірізділік.

Бұл жерде мақсат: адам басқа біреуді дінге шақырған кезде ең маңызды болған амалдарға үндеуі тиіс. Олар:

Алланың бірлігіне шақыру. Діни негізі қалыптаспаған адам бойына Аллаға деген сүйіспеншілікті сіңдіру ең маңызды қадам. Бұл орайда дағуатшы адамға Алланың бір екенін, Оның ешбір жаратылыстарға ұқсамайтынын, әлсіздік, шаршау секілді бүкіл кемшілік атаулыдан пәк екенін, Оның мұсылмандар үшін аса мейірімді, кәпірлер үшін аса қаһарлы екенін жеткізу. Бүкіл жаратылыстың тек Аллаға құлшылық үшін жаратылғанын түсіндіру.

Пайғамбарға (с.а.у.) сүйіспеншілік. Аллаға иман келтіргеннен кейін Пайғамбарымыз (с.а.у.) және өмірімізді оның сүннетіне сай жүру керек екені жайында жеткізу. Алла тағала Құран кәрімде:

لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ لِّمَن كَانَ
يَرْجُو اللَّهَ وَالْيَوْمَ الْآخِرَ وَذَكَرَ اللَّهَ كَثِيرًا

«Расында, сендер үшін, Алланы да, ақырет күнін де үміт еткендер және Алланы көп еске алған кісілер үшін Алланың Елшісінде көркем өнегелер бар»¹²¹.

Көркем мінез. Ислам дінін қабылдаған имандылықты тек құлшылықпен ғана емес, көркем мінез-құлықпен де көрсете

¹²¹ «Ахзаб» сүресі, 21-аят

білуі тиіс. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Мен үшін сіздердің ең сүйіктілеріңіз, сондай-ақ қиямет күні маған ең жақын болатындарыңыз – ең көркем мінезділеріңіз»¹²² деген.

Үшінші шарт: Жан-жақтылық.

21-ғасыр дағуатшысы заман ағымына сай, технологиялық құрылғыларды қолдана білуі тиіс. Оларды қолдана білмеу оның жұмысын тежеуге апарады.

Төртінші шарт: Құран мен сүннетке сүйену.

Әрбір дағуатшы үшін Құран және сүннет негізгі ұстаным болуы тиіс. Қасиетті Құранда: **«(Уа, Мұхаммед!) Сен адамдар арасында Алланың көрсеткені бойынша төрелік етсін деп Саған хақ кітапты (Құранды) түсірдік»**¹²³, басқа бір аятта: **«(Уа, Мұхаммед!) Біз Саған барлық нәрсені ашық баяндайтын, мұсылмандар үшін дұрыс жол, игілік және қуаныш болатын Құранды түсірдік»**¹²⁴ делінген.

Хадис жайында Құран кәрімде: **«Егер бір нәрсе үстінде талас-тартыста қалсаңдар, Аллаға (Алланың кітабы Құранға) және Пайғамбарға (Мұхаммедтің (с.а.у.) сүннетіне) жүгініңдер. Егер сендер Аллаға, ахирет күніне анық сенетін болсаңдар, осылай істеу әрі қайырлы, әрі жақсы нәтижелі болмақ»**¹²⁵.

Демек, әрбір дағуатшы мұсылман үшін Құран мен сүннет темірқазық іспеттес бағыт-бағдар беруі тиіс.

Дінге қалай шақырамыз?

Бірінші: Тыңдаушылардың ой-өрісі, жас шамасы, мінезі, қоғамдық орны жайында білуіміз және соған сәйкес дағуат жасауымыз керек. Аш болса, тойдырып, ауру болса дәрі беріп, әдепсіз болса, тәртіпке шақыруымыз қажет.

Екінші: Ауырлатпау, жеңілдету. Дінді жаюшы адам сонымен қатар діннің негізгі парыздарын үйретуші болып табылады. Үйретуші адам құлшылықтың жеңіл жолдарын білуі қажет. Сапар шексе, намаздың қысқаруы, су болмаса, топырақты қолдануды, ауру болса, оразасын ашу, тағы басқа

¹²² Тирмизи хадистер жинағы

¹²³ «Ниса» сүресі, 105-аят

¹²⁴ «Нахыл» сүресі, 89-аят

¹²⁵ «Ниса» сүресі, 59-аят

жеңілдіктердің басын ашып, үйретуі тиіс. Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзінің мүбәрак хадисінде: *«Жеңілдетіңдер, ауырлатпаңдар, сүйіншілеңдер, қорқытпаңдар»*¹²⁶, – деген.

Үшінші: Бірте-біртелік (градация). Алладан кемеңгерлік қасиет нәсіп болған адам Алланың бірлігіне шақырғаннан кейін одан кейін маңызды болған намаз, дәретті үйретеді. Иманы орнығып намаз оқи бастаса, ораза ұстаудың абзалдығын, оның рухани тәндік пайдаларын түсіндіреді. Кеше ғана Ислам қабылдаған адам бір сәтте бүкіл амалды орындап кетуге шамасы келмейді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзінің меккелік, мәдиналық дауатында осы мәселеге ерекше мән берген.

Төртінші: Жұмсақ, ерекше қамқорлық. Адам жас тал екенде алғашқы уақытында оған ерекше мән беріп, суарып, қазыққа байлап оны демеп, біраз уақыт қамқорлық жасайды. Егер ешбір қазық, тіреу байланбаса, қалай болса солай өсіп немесе бір сұрапыл дауылда құлап қалуы мүмкін. Сол секілді Исламға жаңа келген адам алғашында білімді адамдар тарапынан қолдауға мұқтаж. Егер оған көңіл бөлмесе, иманы жанбай жатып өшіп қалуы мүмкін немесе жат пиғылды ағымдардың жетегінде кетіп адасуы мүмкін. Сол себепті Исламға келген адамды арнайы білім алушы топқа қосып, назарда болу керек. Бұл тұрғыда Таблиғ жамағаты мүлдем қауқарсыз, өйткені олардың дағуаты көп жағдайда намаз, дәретпен ғана шектеледі.

Бесінші: Өзінің шама-шарқын білу. Бұл орайда Исламға жаңа келген адамдар тарапынан әр түрлі сұрақтар қойылуы мүмкін. Сол себепті кейбір аса күрделі сұрақтарға жауап беруден аулақ болуы, оны білім иелеріне бағыттауы тиіс. Алла тағала Құран кәрімде: **«Егер өздерің білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар»**¹²⁷ деген. Демек, Исламға шақырушы өзінің дін ғалымы емес, дағуатшы екенін сезінуі тиіс.

Қорыта келе, бұл ағымның жаман, жақсы жақтары байқалады. Олардың негізгі жақсы қасиеттері жергілікті

¹²⁶ Бұхари хадистер жинағы

¹²⁷ «Нахыл» сүресі, 43-аят

басшыларға ашық түрде қарсы шықпауында, сондай-ақ олар қай елде жүрсе де сол елдің салт-дәстүрін, заңдарын мойындап, кереғар әрекеттерге бармайды. Негізгі мақсат ретінде дін жаюды ғана алға қояды. Алайда шариғат ілімі жоқ кез-келген адамға дағуатқа шығуды міндеттеуге болмайды, білімсіз дін жаюдың өзі шариғатқа қайшы әрекет.

Мемлекет тарапынан жоғарыдағы олқылықтар ескеріле отырып, 2013 жылдың 26 ақпанында Астана қаласының Сарыарқа аудандық сотының шешімімен аталған діни ұйымның Қазақстан аумағындағы қызметіне тыйым салынды.

Аталмыш сот шешімі Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылған міндеттерге толық сәйкес келеді. Мемлекет басшысы өз Жолдауында: «Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі осы жат діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені біздің қоғамның бір бөлігінің шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз», – дей отырып, дәстүрлі емес секталар мен жалған діни ағымдардың қызметіне қатаң тосқауыл қою қажеттігіне баса мән берген болатын.

Елімізде орналасқан бір діни жоғары оқу орны мен он медреседен жыл сайын мыңдаған діни мамандар тәлім алып шығады. Олар еліміздің түкпір-түкпірінде халыққа қызмет жасауда. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бұл ағымның белсенділігіне жол берілгенмен, қазіргі уақытта оған қажеттілік жоқ және олардың негізгі мақсаттары да белгісіз. Қазіргі кезде елімізде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы және оған қарасты бөлімдер РАНТ (Республикалық ақпарат насихат тобы) жұмыс істейді. Әрбір облыста Ислам насихаты жетпеген ауылдарда ЖАНТ (Жергілікті ақпарат насихат тобы) жұмыс істейді. Бұл топ мүшелерін еліміздегі білікті діни мамандар құрайды. Сол себепті дінді тек білім иелерінен үйренейік, сонда ғана адасушылықтан алыс боламыз.

СОПЫЛЫҚ ЖОЛ

Сопылық немесе суфизм мәселесі – қазіргі кездегі қоғамда қызу талқыға салынып, нақты бір шешімге келмеген мәселелердің бірі. Бірі сопылық жол ешбір кемшіліксіз ақиқат жолы, оны әрбір адам ұстану қажет десе, енді бір топтар сопыларды көрсе, діндегі адасқан ағымды көргендей шошына қарайды.

Сопылық Исламдағы үш негіздің (ислам, иман, ихсан) бірі – ихсанның амалға асуын реттейтін жүйе. Фикһ шарифат ілімін қамтыса, ақида иман негіздерін жүйеге келтіреді, сопылық болса иманның ихсан дәрежесіне жетелейтін тәрбие мектебі. Оның негізгі қағидасы:

أَنْ تَعْبُدَ اللَّهَ كَأَنَّكَ تَرَاهُ فَإِنْ لَمْ تَكُنْ تَرَاهُ فَإِنَّهُ يَرَاكَ

«Алла тағала көріп тұрғандай құлшылық жасау, сен Оны көрмесең де Ол сені көруде»¹²⁸. Қарапайым құлдың Алла тағаланы тануы үшін оның разылығына бөленуге апаратын хидаят жолы. Тасаууф¹²⁹ ілімін басқаша «тазару ілімі», «мінез-құлық ілімі» деп те атайды.

Сопылық немесе тасаууфты тілдік жағынан талдайтын болсақ, ғалымдар арасында көптеген пікірлер, ұстанымдар бар, олардың ең көп тарағаны:

– Суфа «الصُّوْفَة» өздерін құлшылыққа арнаған адамдар¹³⁰, кейбір деректерде Қағба жанында қажыларға қызмет көрсететін адамдарға айтылған.

– Сифа «السِّفَة» яғни тасаууф дегеніміз көркем мінез-құлықтармен сипатталу, жаман мінез атаулыдан қашық болу.

– Суффа «السُّفَّة» Бұл атау пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәуіріндегі пайғамбар мешітін мекендеген үй-күйі жоқ пақырларға қатысты айтылады. Олар – пайғамбарымыз (с.а.у.) бөлген садақамен өмір сүрген мұсылмандар.

¹²⁸ Бұхари хадистер жинағы, №49

¹²⁹ Сопылық жолының басқаша атауы

¹³⁰ Муғжам әл-уасит

- Саф «الصَّف» Олар өздерін әркез барлық жақсы амалдарда алғашқылардан, яғни бірінші саптан болуға шақырады.

- Суф «الصُّوف» яғни жүн деген мағынаны білдіреді.

- Сафаа «الصِّفَاء», яғни тазалық, пәктік деген мағыналарды білдіреді.

Бұл сөздердің ішінде тілдік құрылымға сәйкес ең жақын варианты «суф», «الصُّوف» сөзі, өйткені ежелгі уақытта жүннен тоқылған киімдер тақуалықтың, қарапайымдылықтың белгісі ретінде саналып келген. Кей деректерде алғашқы сопылардың киімі жүннен тоқылғаны келтіріледі.

Шариғаттағы мағынасында бірнеше анықтамаларға тоқталғанды жөн көрдік.

Зәкәрия әл-Әнсари: «Тасаууф – ол мәңгілік бақытқа жету үшін мінез-құлық пен нәпсіні тазартатын, адамды іштей сырттай өсіретін ілімге қатысты айтылады»¹³¹.

Шейх Ахмад Зарук: «Жүректерді тек Аллаға ғана бағындыратын ілімді мақсат етеміз»¹³².

Доктор Мухаммад Жамил Ғази «Тасаууф» сөзінің көне грек тіліндегі «сафия» сөзінен енген деген пікірді ұстанды. «Сафия» хикмет деген мағынаны білдіреді¹³³.

Жүнейд: «Тасаууф дегеніміз – бүкіл жақсы мінез атаулыны іске қосып, жаман мінездерді тастау»¹³⁴.

Әбу әл-Хасан әш-Шәзили: «Тасаууф нәпсіні құлшылыққа тәрбиелеу, Алланың үкімдерін іске асыру»¹³⁵.

Ибн Ажиба: «Тасаууф – Алла алдындағы есеп үшін жасалатын амалдарға тәрбиелейді және ішкі дүниені барлық жаман мінездерден тазартып, жақсы мінезге баулиды. Бұған жету жолы: бірінші – ілім, екінші – амал, үшінші – дарын»¹³⁶.

¹³¹ «Рисаләт әл-Қушайрия, 7-бет

¹³² Ахмад Заруктың «Қауағид әт-тасаууф» кітабының 2-беті.

¹³³ Доктор Мухаммад Жамил Ғазидің «әс-Суфия әл-уаджһу әл-Ахар» кітабының 47-беті

¹³⁴ Мустафа әл-Маданиды «ән-Нусра ән-Набауия» кітабының 22-беті.

¹³⁵ Хадид Сақардың «Нуру әт-Тахқиқ» кітабының 93-беті.

¹³⁶ Ахмад ибн Ажиба әл-Хуснидің «Мифраж әт-ташаууф илә хақааиқи ат-тассауф» 4-бет.

Сопылық жол Ислам әлемінде алғашқы ғасырлардан бастап, жеке адамдардың Аллаға құлшылық әрекеттерінен басталды. Уақыт өте бұл бір жүйеге келіп, үлкен сопылық жолдарға айналды, соның нәтижесінде сопылық мектептер пайда болды.

Осы жолды ұстанған Исламның атақты ғалымдарын мысалға келтірсек: алғашқылары атақты табиғин Хасан әл-Басри, Шамсу әт-Табризи, Жәләлуддин әр-Руми, Имам Науауи, әл-Ғазали, т.б. сондай-ақ әскер басшылардың ішінде Салахуддин әл-Аюби, Мухаммад әл-Фатих, Омар әл-Мухтар, Иззуддин әл-Қассам осы жолды ұстанған.

Тасаууфтың негізі:

Тасаууфтың негізі құлшылық арқылы барлық күнә әрекеттерден алыстау, нәпсіні тәрбиелеу арқылы рухани тұрғыда биіктеуде. Бұның түп төркіні Пайғамбарымыздың (с.а.у.) және сахабалардың дәуіріне қатысты. Кейбір зерттеушілер тасаууфтың негізі буддизм, христиан дінінен бастау алады деген пікірді ұстанады. Дегенмен мұсылман сопылары Исламдағы сопылықтың басқа дінмен ешқандай байланысы жоқ екеніне бірауыздан келіскен¹³⁷.

«Сопылық» сөзінің пайда болуы

Әл-Қушайридің айтуынша, мұсылмандар пайғамбарымыздың (с.а.у.) уақытында өзара атақ-абыройда бөлінбей, тек пайғамбардың сахабалары деген ұлы атауға ие болған. Одан кейінгі табиғин¹³⁸ және атбағут-табиғиндердің¹³⁹ дәуірінде адамдарды «зуһад», яғни тақуалар «ъуббад» (көп құлшылық жасаушылар) деп атаған¹⁴⁰.

Мухаммад Садик әл-Ғамаари сопылардың алғашқылары Мысырдағы Александрия қаласында өздерін сопылар деп атаған топтардан бастау алғанын айтады. Басқа бір дерек-

¹³⁷ Абдул Қадыр Исаның «Хақаиқ ан Тасаууф» кітабының 30-беті

¹³⁸ Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сахабаларын көргендер және оларға ергендер.

¹³⁹ Табиғиндердің дәуірінен кейінгі келетін дәуір ғалымдары

¹⁴⁰ Хажі Халифаның «Кашфу аззунун ан Асмаа әл-кутуб уа әл-фунун» кітабының 1-томы, 414 -бет

те Масғуди «Мируаж әз-заһаб» кітабында келген риуаят бойынша, «Аббасситтердің атақты халифаларының бірі Мамунның кезінде қарауылы Әли ибн Салих әл-Хаджиб оның құзіретіне кіріп: «Ей, мұсылмандардың әміршісі, есік сыртында аппақ киімді бір кісі тұр, сізге кіруді қалайды» дегенде, Халифа бұл сөзінен оның сопы екенін байқады»¹⁴¹ делінген.

Сопылықтың ғылым ретінде пайда болуы

Сахабалар, табиғиндердің дәуірінен кейін Ислам дініне көптеген ұлттардың кіруінің нәтижесінде жаңа ғылым түрлері оған дейін белгілі болмаған ілімдер фикһ, таухид, хадис, тафсир, қисын, мирас пайда болып, бұл ілімдерге ерекше көңіл бөлінді. Адамдар құлшылықтан, тақуалықтан ауытқи бастады. Адамдарды рухани тұрғыда тәрбиелейтін бір жүйе, тәртіп қажет болды. Сол себепті оған дейінгі тасаууф ілім ретінде жазылып, тасаууф мектептерінің пайда болуына жол ашты¹⁴².

Алғашқы тасаууф ғылымында жазылған кітаптар:

- Әл-Харис әл-Мухасибидің (243 жылы һижра бойынша қайтыс болған) «Буд у мән әнәәбә илә Алла», «Әдәәбу ән-нуфус», «Рисәләту әт-тауаһһум» кітаптары.
- Әбу Сағид әл-Харраздың (277 жылы һижра бойынша қайтыс болған) «Ат-тариқ илә Алла» кітабы.
- Әбу Абдурахман әс-Салмидің (325 жылы һижра бойынша қайтыс болған) «Әдәәбу ас-Суфия» кітабы.
- Әбу Насыр Абдулла ибн Әли әс-Сирадж әт-Тусидің (378 жылы һижра бойынша қайтыс болған) «Әл-лимағ фи әт-тасаууф» кітабы.
- Әбу Бакір әл-Килаабазидің (380 жылы һижра бойынша қайтыс болған) «Әт-тағарруф әләә мазһаби әһлу әт-тасаууф» кітабы.

¹⁴¹ Мухаммад Садик әл-Ғаммаридің «Әл-интисар литариқ әс-суфия» кітабының 17-18 беттер.

¹⁴² Доктор Ахмад Алуштың «тасаууф мин әл-уажһати әт-тарихия» кітапшасынан.

- Әбу Талиб әл-Мәккидің (386 жылы хижра бойынша қайтыс болған) «Қуту әл-қулуб фи муғамалати әл-әлмахбуб» кітабы.
- Әбу Қасым әл-Қушайрдың (465 жылы хижра бойынша қайтыс болған) «Әр-Рисалату әл-Қушайрия» кітабы¹⁴³.
- Әбу Хамид әл-Ғазалидың «(505 жылы хижра бойынша қайтыс болған) «Ихия улуму әд-дин», «әл-Арбағина фи усул әд-дин» және т.б.

Бұл ғалымдардың еңбектері сопылық жолға ауқымды деңгейде өз үлесін қосып, сілкініс бергенімен, жаңа сатыға Имам Ғазали және оның кітабы «Ихия улуму әд-дин» көтерді. Бұл кітаптың ерекшелігі иман, Ислам шарттарының астарлы тұстарын ашып, құлдың құлшылыққа деген ықыласын арттырды.

Сол секілді фикһ ғалымдарының ішінде Абдул Қадир әл-Жайлани және оның шәкірттері сопылықты діни тәрбие мектебі ретінде қалыптастырған. Осы орайда мектеп негізі Құран аяттарынан, хадистерге сүйеніп, шариғат шеңберінен ауытқымады. Бұған сол кездегі сопылыққа қарсы әрекет жасаған қазіргі Уаһабизм ағымының ғалымдарының бірі – Ибн Таймия сопылықтың бұл түрін қолдағаны жайында, әсіресе, олардың ғалымдары әл-Жайлани, Ахмад әр-Рафаағиды мұсылмандардың діни тәрбиешісі ретінде бағалағаны жөнінде дерек бар¹⁴⁴.

¹⁴³ Тасаууф ғылымындағы атақты кітаптар

¹⁴⁴ Ибн Таймияның «Фатауа кубра» кітабының 10-томы, 516-517 беттер.

Сопылық жолдар және олардың таралған жерлері

Жолдың атауы	Шейхі	Қайтыс болған жылдары (һижра бойынша)	Таралған жерлері
Қадырия жолы	Шейх Абдул Қадир әл-Жайлани	561 ж.	Сирия, Ирак, Шығыс Африка, Индия, Пәкістан, Мағриб араб мемлекеттері
Сағдия жолы	Шейх Сағду әд-Дин әл-Жабауи	575 ж.	Шам елдері
Рафағия жолы	Шейх Ахмад ибн Әли ар-Рафағи	578 ж.	Сирия, Ирак, Батыс Азия, Индия, Пәкістан
Ахмадия немесе Бадауия жолы	Шейх Ахмад әл-Бадауи	627ж	Мысыр, Сирия, Ирак, Мағриб Араб мемлекеттері, Пәкістан, Индия
Акбария жолы	Шейх Мухи әд-Дин Араби	638 ж.	Мысыр, Сирия, Мағриб арабы
Әәлу Бағулия жолы	Шейх Мухаммад ибн Әли Бағули	653 ж.	Йемен, Индонезия, Шығыс Азия, Хижаз аймағы
Шәзилия жолы	Шейх Әби әл-Хасан Әш-Шазили	656 ж.	Мысыр, Судан, Мағриб араб мемлекеттері, Йемен, Йордания, Индия, Пәкістан
Дәсуқия жолы	Шейх Ибраһим әд-Дәсуқи	676 ж.	Мағриб араб мемлекеттері, Еуропаның біршама мемлекеттері
Қызылбастар жолы	Шейх Сафиюддин Исхақ әл-Ардбили	730 ж.	Ирак, Ауғанстан, Иран, Түркия
Бакташия жолы	Шейх Мухаммад ибн Ибраһим Бакташ	738 ж.	Ирак, Мысыр, Сирия, Түркия, Албания
Нақышбандия жолы	Мухаммад Биһауддин Шах Нақышбанд	791 ж.	Орталық Азия, Сирия

Сопылар дінді шариғат, тариқат, ақиқат деп үш негізге бөледі. Уахабшылар бұл бөлуді діндегі адасу, бидғат деп санайды. Оған Исламда ешқандай дәлел-дәйектің жоқ екенін алға тартады. Сопылар дәлел ретінде «хадис Жәбірейілді» негізге алады. Бұл хадис атақты сахаба Омар ибн әл-Хаттабтан риуаят етіледі: *«Бір күні біз Алла елшісінің (с.а.у.) қасында отырғанымызда аппақ киімді, қою қара шашты, бойында сапар ізі көрінбейтін және арамыздан оны ешқайсымыз танымайтын бір адам келді. Ол пайғамбарымыздың (с.а.у.) тізелеріне тізелерін түйістіріп (қарсы) отырды да, екі қолын сандарына қойып: «Әй, Мұхаммед! Маған Ислам туралы хабар берші», – деді. Алла елшісі (с.а.у.): «Ислам дегеніміз – Алладан өзге құлшылыққа лайық тәңір жоқ екеніне әрі Мұхаммед Оның елшісі екеніне куәлік етуің, намазды толық орындауың, зекет беруің, Рамазанда ораза ұстауың және жолына шамаң келсе үйге (Қағбаға) қажылық жасауың», – деп жауап қайтарды. (Әлгі адам): «Сен рас айттың», – деді. Ал біз оның сұрақ қойып, кейін растағанына таңқалыстық. Сонан соң ол: «Енді маған иман жайынан хабар берші?»-деді. Алла елшісі (с.а.у.): «Иман дегеніміз – Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, ақырет күніне иман келтіруің және тағдырдың жақсылығы мен жамандығына иман келтіруің», – деді. Ол тағы да: «Сен рас айттың»,- деді. Сонан соң: «Енді ихсан жайында хабар берші», – деді. Ол кісі (с.а.у.): «Алланы көріп тұрғаныңдай құлшылық жасауың. Егер сен оны көріп тұрмасаң да, ол сені көріп тұр», – деді. Әлгі адам: «Енді маған (Қиямет) сағаты жайында хабар берші?» – деді. Сонда (пайғамбар с.а.с.): «Сұралушы сұраушыдан артық білмейді ол жайын», – деді. Әлгі адам: «Онда маған оның белгілерінен хабар берші», – деп еді, ол кісі: «Күң өзінің қожайынын туды және жалаңаяқ-жалаңбас қой соңындағы кедейлер биік үйлер салуда жарысатынын көресің», – деді. Содан соң әлгі адам кетіп қалды. Мен біраз уақыт өткіздім. Сосын ол кісі маған: «Әй, Омар, сұраушының кім екенін білемісің?» – деді. Мен: «Алла мен елшісі жақсырақ біледі», – деп едім, ол кісі:*

«Ақиқатында, бұл – Жәбірейіл. Ол сендерге діндеріңді үйрету үшін келді», – деді¹⁴⁵.

Олардың түсінігінше, жоғарыдағы хадисте дін тармақтары жайында баяндалған:

- Ислам – ол амал арқылы жүзеге асатын құлшылықтың түрі. Ғұламалар арасында оны шариғат деп атайды. Мұны зерттеу ісімен фикһ ғалымдары айналысады.
- Иман – ол жүрекпен сенім арқылы Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға иман келтіру. Бұл саламен ақида ғалымдары айналысады.
- Ихсан – ол руханият тарапы. Бұл: Алла тағаланы көріп тұрғандай құлшылық ету, тіпті сен Оны көре алмасаң да Ол сені әрдайым көріп тұрады. Бұл саланы сопылар ақиқат деп атайды. Өйткені олардың негізгі зерттеу саласы да осы.

Сопылықтың бұл деңгейіне жету үшін (шариғаттан ақиқатқа) олардың айтуынша тариқат қажет яғни сол деңгейге апаратын жол. Ол дегеніміз, нәпсімен күресу, бойдағы кемшіліктерден ада болып, жоғарғы дәрежеге жету үшін ізгі адамдармен сұхбаттас болу. Тариқат шариғаттан ақиқатқа жету үшін салынған көпір іспеттес. Бұл мәселе түсінікті болу үшін намазды мысалға келтіріп көрейік. Намаздың әрекеттерін үйреніп, сыртқы-ішкі парыздарының дұрыс болу шарттарына мән беру, фикһ ғалымдарының бекіткен ережелерімен амал жасау шариғат тарапын қамтиды, ол намаздың сыртқы құрылысы, денесі. Дене рухқа мұқтаж болған секілді намаз да ізгілікті, қорқынышты қажет етеді. Рухсыз дене болмайтындай, қорқынышсыз, тақуалықсыз намаздың маңыздылығы аз. Шариғат олардың пайымынша негіз, тариқат тәсіл, ақиқат ол – жеміс. Бұл үш нәрсе бір-бірін толықтырушы, тығыз байланысқан негіздер. Сопылардың атақты қағидасына сәйкес: «Ақиқат

¹⁴⁵ Мұслим, 8; Әбу Дәуіт, 4695; Тирмизи, 2610; Нәсаи, 4990; Ибн Мәжа, 63

(сопылардың түсінігіндегі) шариғатқа қарама-қайшы келсе, ол зындық¹⁴⁶ жолда болғаны.

Шейх Ахмад Зарук: «Сопылық фиксыз болмайды, өйткені Алланың үкімдері тек фикһ арқылы ғана білінеді. Сол сияқты фикһ сопылықсыз болмайды, өйткені Аллаға деген шынайы бетбұрыс болмайды және бұл екеуі имансыз жүзеге аспайды. Сол себепті үш негіз қосылған кезде ғана дұрыс болады. Рухсыз дене жоқ секілді денесіз рух та жоқ»¹⁴⁷.

Имам Мәлик ибн Әнас: «Кімде-кім сопылық жолды ұстанып, фикһ ілімін игермесе, зындық¹⁴⁸ болады, кімде-кім фикһ ілімі жолына түсіп, сопылық жолын ұстанбаса, пасық болғаны. Кімде-кім екеуін жинаса ғана мақсатына жетеді» деген.

Имам Ғазали: «Сопылық жолдың Алла разылығына бөленуде ең негізгі жол екеніне анық көз жеткіздім. Олардың өмір жолдары, мінездері ең таңдаулы әрі өнегелі. Шариғат сырларына қанық ислами мінез-құлықты таныған адамдар олардың бойларынан мін табуы қиын. Ішкі сыртқы көріністері пайғамбарымыздың (с.а.у.) нұрынан нәр алғандай» деген¹⁴⁹.

Имам ән-Науауи: «Рисалату әл-Мақасид» кітабында: Тасаууф жолының негізі бесеу: Алладан құпия, жасырын күйде қорқу, әрекетте, сөзде пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннетімен жүру, салихалы мінезге ие болу, азға, көпке Аллаға қанағат қылу, қиыншылықта, молшылықта Аллаға шүкіршілік айту»¹⁵⁰.

Ибн Таймия: «Шын мәнінде, сопылық – сыншылдардың сипаттарынан. Ол тақуалықпен, Аллаға құлшылықпен ерекшеленген жандардан» деген, кітаптың басқа бір жерінде «Құран мен хадисті ұстанғандар» деп сипаттаған¹⁵¹.

Жәләлуддин әс-Суюти: «Шын мәнінде тасаууф ілімі – шарапатты ілімдерден. Оның шеңбері сүннетпен жүру,

¹⁴⁶ Діндегі екіжүзділік, мұсылман болып көрініп, күпірлікті жасыру

¹⁴⁷ Ахмад Заруктың «Қауағид тасаууф» кітабының үшінші қағидасы, 3-бет

¹⁴⁸ Өзін мұсылман ретінде көрсетіп, күпірлігін іштей жасыратын адам

¹⁴⁹ Имам Ғазалидің «әл-Мункиз мин ад-далал» кітабының 131-бет.

¹⁵⁰ Мақасид әл-Имам ән-Науауи фи әт-Таухид уә әл-ғибада уә усулу әт-тасаууф 20-бет

¹⁵¹ Ибн Таймияның «Фатауа кубра» кітабының 12-том, 36-бет.

бидғатты тастау. Соңғы уақытта кейбір топтар өздерін сопылар деп атағанмен, шын мәнінде олардан емес»¹⁵².

Қазіргі кезде елімізде өздерін сопы санаған кейбір топтар пайда болуда, олардың негізгі көтерген мәселелері: «кім тариқатқа қосылмаса адасады, шайтанның жолына түседі, діннен шығады, пірге қол бермесе болмайды, пірсіздің пірі – шайтан, пәленше пірге қол беріп мурид болыпты, пірге қол беріп, тариқатқа кірген адам зікір салса болғаны, қаза намаздарын, тіпті парыз намаздарын да оқымай-ақ жаннатқа бара береді, ілім үйрену харам, өйткені ілімді адам тәкаппарланып кетеді, пірдің айтқаны шарифат» деген әңгімелерді жиі айтады. Осындай топтардың аузынан жиі естілетін сөз, қазақтың ақын, би, шешендері, соның ішінде Абай, Шәкәрім, Бұхар жырау – түгелі сопылар болған. Қазіргі көп сопылардың халі осындай. Алайда, шынайы сопының бойында екі негіз болуы тиіс:

Бірінші: Мінез-құлық. Шынайы сопының бойында Исламда мадақталған барлық жақсы сипаттар болуы қажет. Бұл құлдың Раббысына, қоғамға, өзіне деген құрметі.

Екінші: Амал. Амал тұрғысында Құран мен сүннетке жүгінеді, егер қайшы әрекет жасалса, шынайы сопылық шеңберіне кірмейді. Осы тұрғыда Имам әл-Жунайд: «Егер кім Құранға, хадиске, фикһ іліміне жүгінбесе, оған ермендер» деген.

Қорыта келе, сопылық – адамды рухани тұрғыда өрлеуге апаратын тәрбие мектебі. Атақты табиғин Хасан Басридің дәуірінде пайда болған бұл жол Ислам ілімінде көптеген ғалымдарды қалыптастырды. Исламның Орта Азияда, Индия, әсіресе Африка құрлығына таралуына үлкен үлесін қосты. Әрине, бұл қазіргі кездегі неше алуан сопылық жолдардан алыс, өйткені шынайы сопылық ілімге сүйенеді. Әубәкір Кердері атамыз бұл турасында:

*Сопылық жолы ауыр жол,
Ұстап көрсең тәуір жол.
Сопылықты ұстансаң,*

Оқыған көп ғалым бол, – деп, сопылықтың ілімсіз болмай-тынын шегелеп айтып кеткен.

Алла елімізді ілімсіз дін жаюшы сопылардың бүлігінен сақтасын!

«АҚҚУҒА» ЕМЕС, АЛЛАҒА СЕН!

Елімізде көрініс берген жат ағымдардың бірі – Ата жолы. Кейде мұны «Ақ жол», «Ақ орда» деп те атайды. Бірақ бәрінің тоғысып келгенде айтатын ұрандары, шақыратын нәрселері бір. Дегенмен, бұл ағымға еріп, адасқан жандар аз емес. Бір адамдар жанұясын тастап осы жолға ерсе, енді біреулері жанұясымен ажырасып шын «бақытқа» қол жеткізуде. Бұл ағым басқа ағымдар сияқты жарылыстар, қантөгістер ұйымдастырмағанымен, сенім тұрғысында ең үлкен күнәға итермелейді. Ол – Аллаға серік қосу.

Бұл ағымға қатысты шариғат тұрғысында жауап бермес бұрын ең алдымен олардың шығу тарихы, ұстанымы, сенімдері жайында тоқталсақ. «Ақ жол», «Ата жолы», «Аққу», «Сұңқар»¹⁵³ деген атаулармен белгілі болған аталмыш ағым мүшелері адамның әуелгі кезекте психологиялық қалпына ерекше мән береді. Егер адам діни тұрғыда сауатты, білімді болса, ол адамға өздерінің насихаттарын жүргізбейді. Бұл жолға тек рухани тұрғыда әлсіз, жеке пікірі жоқ адамдар ғана түседі.

Бұл ағымға кейбіреулер ауруына ем таба алмағаннан кейін амалсыздықтан енсе, енді біреулер өмірдің сынақтарына төтеп бере алмай, тығырықтан шығар жол таппай барады.

Ата жол тілінде бата сұрайтын орындарды «орда» деп атайды. Олардың ойынша, қарапайым адам тікелей Алладан тілек тілей алмайды, міндетті түрде Алланың алдында абыройлы әруағы күшті бабалар арқылы сұрау керек деп сенеді. Мысал ретінде айтатындары: «Сен үлкен бастыққа кірерде тікелей кіре алмайсың, міндетті түрде ол кісіге жақын көмекшісі арқылы кіресің ғой, сол сияқты Аллаға да жасаған дұғаларың жетпейді, міндетті түрде жеткізуші делдалдар болу керек. Міне, олар Арыстан баб, Бәйдібек баба, Сарыбай ата, Түктібай ата, Жамбыл ата, Айша бибі ана, тағы

¹⁵³ Салтан Сәкеновтың «Жас Алаш», № 45 (15295), 05-06-2008 ж арнайы зерттеген мақаласынан пайдаланылды.

да сол секілді кейбіреуі құлаққа таныс, таныс емес бабалар. Ал сол ордаларда қызмет ететін ерекше жандарды «аққу», «сұңқарлар» деп атайды. Олар әруақтармен тілдесіп, осылар арқылы қарапайым халыққа бата жеткізуші делдалдар.

Аққу – әйелдерге, ал сұңқар – ерлерге айтылатын атау.

Олар өздерінің жолдарын шариғи тұрғыда қуаттау үшін адамдарға намаз оқындар, дәретпен жүріңдер, бастарыңа орамал тағындар деген Ислам дінінің міндеттерін нұсқайды. Кейбір адамдар осы тұста Алланың берген һидаятымен мешітке барып, ақиқатты ұғып, тура жолға түсетіндері де кездеседі, бірақ көпшілігі соларға еріп адасуда.

Ордадағы жасалатын рәсімдерге келетін болсақ, оған кірмес бұрын дәретті болу керек. Бата беретін бөлмеге өткенде аталарға қолыңды төсіңе қойып, бас иіп сәлем беру «парыз». Өйтпесең аталар разы болмай, батасын бермей қоюы да мүмкін. Әрбір ордаға кірген сайын ақша қалдыру міндет. Ақшаны көбірек тастаса, батаның да қабыл болу ықтималдығы көбірек. Әрбір ордаға кірген кезде сол ордадағы бабаларды себепші қылып, Құдайдан жалбарынып, қажетін сұрау керек. Аталардың қабылдау «рәсімінен» өткен соң, ортаға шырақ жағылады. Ауру, дерттеріңнің жазылуын тілеп, бойыңды осы отқа аластайсың. Отқа табынушылықтың көрінісін де осы жерден байқауға болады.

Сосын ата-бабаларға бағышталып, Құран оқылады. «Түркістанда – түмен баб, Сайрамдағы сансыз баб, бабтардың бабы – Арыстан баб, 360 әулие-әнбиеге, Ғайып Ерен Қырық Шілтен, бес ата...» деп бастап, айнала-аймақтардағы таныс-таңсық ата-бабалардың аттарын атап шығады.

Осыдан кейін аққу-сұңқарлар ата-баба аруағын шақыруға кіріседі. Біреу жүрегін ұстап қай әруақ-ата келгенін айтады, енді біреуі қолына қалам-қағаз алып аттарын жазып отырады.

Соңында барлық әруақтарға тұрып «бір сәлем» жасалады. Аққу-сұңқарлар кезекпе-кезек ортаға шығып, теңселіп тұрып аузынан ақ көбік шашып, қиқулай жөнеледі.

Қара бура, Ақ бура, Қабанбай батыр, Наурызбай батыр, Қарасай батыр, Қарашаш ана, Арыстан баб, Шортанбай, Жамбыл, Сүйінбай, Шәкәрімдердің де батасын тыңдайсың. Әркімнің атын атап, батасын бере бастайды. Аты аталған орнынан тұрып, сәлем беріп, екі қолын жайып, қазықша қатып батасының қабыл болуын тілеп тұрады. Батаға бірнеше рет барғаннан кейін жұрттарды «қажылыққа» аттандырады. Халық апта сайын, ай сайын автобустармен мазар аралайды¹⁵⁴. Ордаға алғаш барушылар, ең әуелі, «кіші қажылықтан» өтеді. Жұрт сол аймақтың, өңірдің, облыстың басындағы ел арасында атақ-дәрежесі бар бабалар әруағының мазарларына барады. Ол жерге барғанда Құран оқылып, бата жеткізіледі. Қай мазарға қонақ болып барсаң, ол сені батасымен жарылқайды. «Кіші қажылықтан» өткен соң, «үлкен қажылықты» атқару қажет. Онда Түркістаннан бастап, сол жердегі дәрежесі үлкен бабалардың мазарын аралайсыз. Жолай Жамбыл бабамыздың мұражайына соғып, Үкаша сахабаның қасынан өтіп, зәмзам судан дәм татасыз. Домалақ ананың, Сарыбай атаның басына Құран бағыштап, Адам Ата мен Хауа ана тасының арасынан өтіп, бір сыналасың. Бесік тастардың құдіретін де тамашалап, Қазығұртқа барып, кемені көресің. Қысқасы, турист болып келесіз. «Ата жолы» – туристік агент

¹⁵⁴ Пайда болу жолы: «Ақ жол» діни бірлестігі өз жұмысын ұйым ретінде 1997 жылғы ақпан айында бастаған. Кейіннен «Ата жолы» деп атын өзгертіп, 2001 жылы Алматыда коммерциялық ұйым (ЖШС) ретінде тіркелген. 2001 жылы Астана қаласында тіркеуден өтті. Ұйымның негізін қалаушылары Ұйымның негізін бүкіл Қазақстан бойынша көптеген шәкірттері бар Қыдырәлі Тарыбаев деген адам қалаған. Қазақстан Республикасындағы басшылары Ұйымның негізін қалаушы Қыдырәлі Тарыбаев 2009 жылы қайтыс болғаннан кейін басшы болып Қайранбеков тағайындалды. Орналасқан жері «Ата жолы» сенімін ұстанушылар Республиканың 9 аймағында: Шығыс Қазақстан облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Жамбыл облыстарында, Астана мен Алматы қалаларында топтасқан. Таралу аумағы: Қазақстан Республикасының барлық облыстары территориясында. Қолданатын әдебиеттері: «Ата жол» атты рухани-танымдық журнал. «Ата жолы әліппесі» атты кітапшалар және басқа да басылымдар шығарып отырады.

рөлін атқарады. Есесіне әруақтардың батасына көміліп қайтасыз.

Бұл секта қандай мақсатпен құрылған? Бұл дінсымаққа өтушілердің басым көпшілігі кімдер? Басын бір сұққандар одан шырмалып шыға алмай қалатынына себеп не? Ең алдымен, мұндай жолға түскендердің діни сауатының жоқтығын аңғарамыз. Яғни, кешірілмес күнә – серік қосушылыққа жол береді.

Ордаға келушілерді қайтып кетіп қалмас үшін екі әдіспен ұстайды: бірі – ынталандыру, екіншісі – қорқыту.

«Пәлен жерде пәлен бабаңның берер сыйы бар, сонда барып құрбандығыңды шал. Астыңа – тақ, басыңа – бақ береді. 25 күнде жетпесең сынағың тұр басында: көк телпектен (полиция), ақ телпектен (дәрігер), темір тұлпардан, ақ қағаздан (құжат)». Осы сөздерге иланған адамдар жынның сөзіне сеніп, Түркістанға қарай асығады. Білімсіз жұрт «бармай қойсам, әруақтың сынағы келіп қала ма» деп қорқады. Амалсыз барады. Ақшасы болмаса, табады.

Орданың айналасына адам жинау әдісі де жақсы қарастырылған. «Пәленше деген біреуің бар екен. Соның басына іс түсті. Ордаға әкел, әкелмесең қор болады, әкелсең жолы болады» деп біреуді саған аманаттайды. Сосын «аманат түбі – қиянат» деп тағы қосып қояды. Қазақта не көп, туыс көп. Сол туыстардың арасынан аталған есімді біреу табылады, әйтеуір. Сен оны ордаға тартасың, ол жақындарын, достарын тартады. Сөйтіп, жынның арбауына ерушілердің қатары да көбейе бастайды.

Түркістанға кем дегенде 2 рет барып келушілер Қаскелеңге келіп «жүректерін ашқызады». Яғни, сұңқар мен аққу болып келеді. Олар келіп орда ашады да, тағы да маңайына адам жинайды. Сөйтіп, циклды түрде жалғаса береді.

«Ата жолының» түбіне ақыл салып қараған адам қайнаған бизнес жатқанын байқайды. Oriflame, Amway, Mary Kay үлгісіндегі «желілік бизнес». «Платина», «рубин», «бриллиант» деген сияқты «аққу», «сұңқар» деген атақты аласың да, артыңнан адам кіргізесің. Семинар маркетингтерге

жібергендей, Түркістанға жібересің. Бұл да тура соның жүйесі. Әр адам басынан құрбандыққа деп ақша алады.

Ислам дінін жамылып жүрген бұл топтың түпкі мақсаты түсінікті болды. Ол – елді қанау, осы арқылы ақша табу. Елді тура жолдан адастыру. «Ата жолы» деп, бабалар жүрген жол деп елді азғыру.

Ең алдымен, адамдардың бұл жолға түсуіне басты себеп – діни сауатсыздық, Абай айтқандай: «Жаратушы тұрғанда жаратылғаннан не сұрайсың?»

Осыған қатысты Құран аяттарын мысалға келтірер болсақ, Алла Тағала:

وَنَحْنُ أَقْرَبُ إِلَيْهِ مِنْ حَبْلِ الْوَرِيدِ

Біз адам баласына күре тамырынан да жақынбыз»¹⁵⁵, басқа бір аятта:

وَإِذَا سَأَلَكَ عِبَادِي عَنِّي فَإِنِّي قَرِيبٌ أُجِيبُ دَعْوَةَ الدَّاعِ إِذَا دَعَانِ فَلْيَسْتَجِيبُوا لِي وَلْيُؤْمِنُوا بِي لَعَلَّهُمْ يَرْشُدُونَ

«Мен оларға ақиқатында жақынмын. Менен тілек тілесе, қабыл аламын»¹⁵⁶ деген.

Дұғаның қабыл болуы немесе қабыл болмауы орда басындағы аталардың мейірімі түсіп, қолдауымен емес – адамның шарифат үкімдерін қаншалықты деңгейде орындағанына байланысты. Пенде Алла Тағаланың үкімін орындағанына қарай, оның тілегі де қабыл болу ықтималдығы артады. Дұғаның қабыл болу шарттары мен әдептері:

1. Ықыласпен жасау. Ықылас дегеніміз – Алла Тағалаға серік қоспай, әрі ниетін риадан (көрсетіп істеу) таза ұстап, бір ғана Алланың разылығы үшін жасау, Одан ғана сұрау. Бұл – дұғаның қабыл болуының ең бірінші шарты.

وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ خُنَفَاءَ

¹⁵⁵ «Қаф» сүресі, 16-аят

¹⁵⁶ «Бақара» сүресі, 186-аят

«Олар ғибадатты нағыз Аллаға шынайы ынтамен бір беткей түрде орындайды»¹⁵⁷.

Дұға жасаушы адам Аллаға серік қосудан сақтану керек. Алла тағала Құран кәрімде былай деген:

قُلْ إِنَّمَا أَدْعُو رَبِّي وَلَا أُشْرِكُ بِهِ أَحَدًا

«(Уа, Мұхаммед!) «Мен өз Раббыма дұға қыламын және Оған ешкімді серік қоспайман» де»¹⁵⁸

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде:

إِذَا سَأَلْتَ فَاسْأَلِ اللَّهَ، وَإِذَا اسْتَعَنْتَ فَاسْتَعِنْ بِاللَّهِ

«Егер сұрасаң Алладан сұра, егер жәрдем тілесек Алладан жәрдем тіле!»¹⁵⁹ деген.

2. Харамнан алыс болу. Дұға қабыл болуының шарттарының бірі – адамның харамнан алыс болуы, жеген тағамы, киген киімі, тапқан табысы адалдан болу. Алла тағала Құран кәрімде:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُلُوا مِن طَيِّبَاتِ مَا رَزَقْنَاكُمْ

(Әй, мүміндер! Ризықтандырғанымыздың жақсысынан жеңдер)¹⁶⁰ деген.

Харам аспен тамақтанып, киім киіп, жанұясын асыраған адамның дұғасы қырық күн бойы қабыл болмайтыны жөнінде Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерінде баян етілген.

3. Дұғадағы шынайылық. Адамның Аллаға жасаған дұғасы жүрегінен шынайы түрде шығуы ләзім. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мүбәрак хадисінде:

ادْعُوا اللَّهَ وَأَنْتُمْ مُوقِنُونَ بِالْإِجَابَةِ، وَاعْلَمُوا أَنَّ اللَّهَ

لَا يَسْتَجِيبُ دُعَاءَ مَنْ قَلْبٍ غَافِلٍ لَّاهٍ

¹⁵⁷ «Баиина» сүресі, 5-аят.

¹⁵⁸ «Жын» сүресі, 20-аят.

¹⁵⁹ Тирмизи хадистер жинағынан

¹⁶⁰ «Бақара» сүресі 172-аят

«Алланың жауап беретініне кәміл сеніп, дұға қылыңыздар, сондай-ақ Алланың жүрегі өзге нәрсеге алаңдаулы, бейқам, қаперсіз жанға жауап бермейтінін біліңіздер»¹⁶¹.

4. Қарапайымдылық таныту. Дұға тілеуші пенде дұға тілеу сәтінде өзінің Алланың алдында төмен екенін көрсете білуі қажет. Алла тағала Құран кәрімде:

ادْعُوا رَبَّكُمْ تَضَرُّعًا وَخُفْيَةً إِنَّهُ لَا يُحِبُّ الْمُعْتَدِينَ

«Раббыларыңа жалбарынып, жасырын түрде тілеңдер. Күдіксіз Ол шектен шығушыларды жақсы көрмейді»¹⁶² деген.

5. Аллаға Құран мен Сүннетте келген дұғаларды айтып жалбарыну. Құран аяттары – сөздердің ең қадірлісі, құрметтісі әрі ең дұрысы ал, Пайғамбарымыздың (с.а.у) сөзі – Құраннан кейінгі ең ұлық сөз. Құран мен Сүннеттегі дұғаларды пайдаланып, жалбарыну оның қабыл болуының ықтималдығын арттырады. Мысалы, Құранда Алла Тағала:

وَمِنْهُمْ مَّنْ يَقُولُ رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِي
الْآخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ

«Адамдардың кейбірі: «Раббымыз! Бізге бұл дүниеде де жақсылық, ақыретте де жақсылық бер және бізді тозақ отынан сақта»-дейтіндер бар»¹⁶³. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дұға қылатын: *«Я, Алла, амандығымның кепілі болған дінімді дұрыстай гөр және менің бұл дүниедегі өмірімді дұрыстай гөр, сондай-ақ менің Өзіңе қайтып оралғандағы ақыреттік өмірімді дұрыстай гөр, әрі менің өмірімді жақсылықтардың қосымшасы қыла гөр, ал, менің өлімімді күллі жамандықтардан құтылуым қыла гөр»¹⁶⁴.*

Кейбір Ақорда, Ақжол, Атажол жетегінде жүргендер дұға жасау барысында Құранда, хадистерде келген дұғаларды қолданбай, өздерінің ойларынан шығарған ата-бабалардан

¹⁶¹ Тирмизи хадистер жинағынан

¹⁶² «Ағраф» сүресі, 55-аят

¹⁶³ «Бақара» сүресі, 201 -аят

¹⁶⁴ Мүслим хадистер жинағында

деген жалған баталарды қолданады. Әсіресе, дұғаларында Қыдыр ата, Арыстан баб, Айша бибі қолдасын деген сөз тіркестері жиі кездеседі.

6. Дұға жасағанда шектен шықпау, тек жақсылыққа бағытталу. Дұға жасаушы адам Алланың тыйым салғанына немесе ұнамсыз болған амалдарға дұға жасамауы ләзім, өйткені ол шектен шығушылық болып табылады. Алла тағала Құран кәрімде былай деген:

ادْعُوا رَبَّكُمْ تَضَرُّعًا وَخُفْيَةً إِنَّهُ لَا يُحِبُّ الْمُعْتَدِينَ

«Раббыларыңа жалбарынып, жасырын түрде тілеңдер. Күдіксіз Ол шектен шығушыларды жақсы көрмейді»¹⁶⁵.

7. Алланың көркем есімдерімен дұға қылу. Раббымыз былай деп әмір етті:

وَلِلَّهِ الْأَسْمَاءُ الْحُسْنَىٰ فَادْعُوهُ بِهَا

«Алланың көркем есімдері бар Оған сол есімдермен дұға қылыңыздар!»¹⁶⁶. Алланың 99 есімі әр түрлі мағына беруіне байланысты адамның басына түскен әртүрлі жағдайларда соған сәйкес мағыналы есімімен дұға тілеуіне болады. Мысалы, әділдікті талап еткенде «ия, Әділ» деп, кешірім сұрағанда «ия, Ғаффар» деп, ризық-несібесінің кеңеюін қаласа, «ия, Раззақ» деп тілегені абзал.

Сол секілді Алланың разылығы үшін жасалған ізгі істерді дәнекер етіп жалбарынуға рұқсат. Осыған орай Пайғамбарымыз (с.а.у.) мына оқиғаны баяндаған еді:

«Бірде сендерге дейін өмір сүрген үш кісі жолға шығып, сапарда жаңбырдан пана іздеп бір үңгірге келіп паналады. Алайда олар үңгірге кірген кезде таудан бір тас домалап түседі де, одан шығар жолды тығыздап жауып тастайды. Сонда олар: «Ақиқатында, бұл тастан сендерді Алла Тағалаға өздеріңнің ізгі істеріңді дәнекер етіп, сол үшін Оның сендерді осы қиыншылықтан құтқаруын тілеп, жалбарынуларың ғана құтқарады!»-десті. Содан соң олардың бірі өзінің бала-

¹⁶⁵ «Ағраф» сүресі, 55-аят

¹⁶⁶ «Ағраф» сүресі, 180-аят

шағасынан да, үй-қызметшілерінен де бұрын ата-анасын тамақтандырып, Алла ризалығы үшін әке-шешесіне айрықша қамқорлық көрсеткенін айтып, сол үшін құтқаруын өтініп, Алла Тағалаға жалбарынған кезде тас аздап жылжиды. Содан кейін екінші жолаушы өзінің бір қызға өлердей ғашық болғанын, бірақ оның оң қабақ танытпағанын, сол арудың қуаңшылық жылы қатты тарыққан кезінде, ақша үшін жігіттің еркіне көнуге келісім бергенін баян етеді. Дей тұра қыз мұның Алладан қорқуы керектігін есіне салған кезде, Алладан қорыққандықтан ғана әлгі аруға берген ақшасын да алмастан, мүмкіндікті пайдаланбай, оны жібере салғанын айтып, сол үшін құтқаруын өтініп, Алла Тағалаға жалбарынған кезде тас тағы біраз жылжиды, бірақ үңгірден шығу мүмкін емес еді. Кезек үшінші жолаушыға жетеді. Ол басынан өткен мына жағдайды баяндайды. Өзі жұмысқа жалдаған малайларының бірі еңбекақысын алмай кетіп, арада уақыт салып, қайта оралып, ақшасын сұрағанда ол жоқта әлгінің еңбек ақысын пайдаланып, көбейткенін, кейін ол ақшаға көптеген мал-дүние алғанын әңгімелеп, сол түйелерді, сиырларды, қойларды, қызметшілерді көрсетіп, осының бәрін ақысын сұрап келген әлгі адамға бергенін, мұны тек Алланың ризалығы үшін істегенін айтып, көмек сұрап жалбарынғанда, тас олар үңгірден шыға алатындай жерге дейін жылжиды»¹⁶⁷.

Бұл хадистен ізгі істің Алла алдында қаншалықты жоғары дәрежеге ие болатынын аңғара аламыз. Алланың разылығынан басқа ниетпен жасалған кез келген ізгі амал қабылданмайды. Мұның ішіне Ата жол және басқа да жолдағылардың әрбір орданың басына барып құрбан шалуларын мысалға келтіруге болады, өйткені Алланың разылығынан басқа нәрсені мақсат етіп, құрбан шалатын болса, ол құрбаны харам құрбанға кіреді. Алла тағала Құран көрімде былай деген:

حُرِّمَتْ عَلَيْكُمُ الْمَيْتَةُ وَالْدَّمُ وَلَحْمُ الْخِنْزِيرِ وَمَا أُهْلَ لِغَيْرِ اللَّهِ بِهِ

¹⁶⁷ Бұхари және Мүслим хадистер жинағынан

«Сендерге: өлексе, аққан қан, доңыз еті және Алладан басқаның атымен бауыздалған мал арам қылынды»¹⁶⁸.

8. Дұға жасаушы дәретті болуы және қолын жоғары көтеріп дұға жасауы. Дұға жасаушы құл дұға жасарда дәрет алып, құбылаға қарап, қолын көтеріп дұға жасағаны абзал. Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадисінде:

إِنَّ اللَّهَ حَيَّ كَرِيمٌ، يَسْتَجِي مِنْ عَبْدِهِ إِذَا رَفَعَ إِلَيْهِ يَدَيْهِ أَنْ يَزِدَّهُمَا صَفَرًا

«Шын мәнінде, Алла Ұялушы және Жомарт. Егер Оның құлы Оған екі қолын жоғары көтеріп дұға қылса, оларды (екі қолын) құр қайтаруға ұялады»¹⁶⁹.

Бұл жердегі қолын жоғары көтеріп, дұға тілеудегі мағына Алла тағаланың мекеніне емес, керісінше оның мәртебесінің жоғары екенін меңзейді. Сонымен қатар, дұға тілеуші адамның қолын жайып, бетін сипауы сүннет амалдардан болып табылады.

سَلُّوا اللَّهَ بِبُطُونٍ أَكْفَكُمُ وَلَا تَسْأَلُوهُ بِظُهُورِهَا
فَإِذَا فَرَعْتُمْ فَاَمْسَحُوا بِهَا وَجُوهَكُمْ

«Алла тағаладан сұрағанда алақандарыңның ішімен сұраңдар, сыртымен сұрамаңдар, дұға жасағаннан кейін беттеріңді сипаңдар»¹⁷⁰.

Сондай-ақ, мұсылманның дұғасы қабыл болу үшін қасиетті орындар мен сәттерді ескергені жөн.

а) Түннің соңғы үштен бір бөлігі (яғни, таң сәрі кезінде). Дәлел: Алла тақуа пенделерін сипаттай келіп былай деді:

الَّذِينَ يَقُولُونَ رَبَّنَا إِنَّنَا آمَنَّا فَاغْفِرْ لَنَا ذُنُوبَنَا وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ ﴿١٦﴾
الصَّابِرِينَ وَالصَّادِقِينَ وَالْقَانِتِينَ وَالْمُنْفِقِينَ وَالْمُسْتَغْفِرِينَ بِالْأَسْحَارِ

«Олар, Раббымыз! Иман келтірдік, күнәмізді кешір де от азабынан сақта»-дегендер. Олар сабыр етушілер, шыншыл-

¹⁶⁸ «Мәида» сүресі, 3-аят

¹⁶⁹ Тирмизи хадистер жинағынан

¹⁷⁰ Әбу Дәуіт, Байхақи хадистер жинағынан

дар, бойсұнушылар, Алла жолында малын сарп қылушылар және таң сәріден кешірім тілеушілер»¹⁷¹.

б) Жұма күнгі бір сәт. Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадисінде келгендей:

إِنَّ فِي الْجُمُعَةِ سَاعَةً لَا يُوَافِقُهَا عَبْدٌ مُسْلِمٌ
يَسْأَلُ اللَّهَ فِيهَا خَيْرًا إِلَّا أَعْطَاهُ إِثَابَهُ

«Осы күні бір сәт бар. Егер мұсылман сол уақытта қайырлы нәрсе сұраса, сұрағанын береді»¹⁷².

Сол секілді қасиетті Рамазан айы, Қадір түні, ораза, құрбан айттарында тілеген дұғалардың қабыл болу ықтималдығы жоғары. Жерлердің ішінде ең қасиеттісі Меккедегі Харам мешіті, Мединадағы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мешіті және Ақса мешіті және Арафатта, Муздалифада тілеген дұғалар қайтарылмайтыны жөнінде хадис шарифтерде анық дәлелдер бар.

Қазіргі қоғамдағы кейбір қауымның Түркістанды қасиет тұтып, екінші Мекке атайтындар кездеседі. Оңтүстік өңірлерге жол түсіп, барып жатса, Құран оқытып, дұға жасаудың еш айыбы жоқ, ал арнайы барып, мінәжат қылу шариғатта құпталмаған әрекет. Исламда тек үш мешітке арнайы сапар шегіп, аттануға болады. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

لَا تُشَدُّ الرِّحَالُ إِلَّا إِلَى ثَلَاثَةِ مَسَجِدٍ: مَسْجِدِي
هَذَا، وَالْمَسْجِدِ الْحَرَامِ، وَالْمَسْجِدِ الْأَقْصَى

«Тек үш мешітке бару үшін сапар шегуге болады: Пайғамбар мешіті, Харам мешіті, Ақса мешіті»¹⁷³.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай өзін мұсылман деп санайтын әрбір пенде өзінің мінәжатын тек Аллаға арнау керек, тек одан ғана сұрайды. Бес уақыт намазда үзбей оқитын Фатиха сүресінде біз әрдайым:

¹⁷¹ «Әли Имран» сүресі, 16-17-аяттар

¹⁷² Табрани хадистер жинағында

¹⁷³ Бұхари, Мүслим хадистер жинағы

«Саған ғана құлшылық қыламыз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз!»¹⁷⁴ дейміз. Дінді тереңнен толғап, түсіндіретін Абай шығармаларында да солай. «Алла бір, Құран шын, Пайғамбар хақ, Мүмин болсаң үйреніп сен де ұқсап бақ!» – делінеді. Ата жолда деушілердің шақыратыны әруақ, жалбарынатыны да әруақ. Олардың әруақ деп жүргені «рух» жан, «әруақ» жандар. Олар айтып жүрген әруақ адам баласы бұл өмірден өткеннен кейін оның тірілерге шарапаты, пайдасы болмайды. Алла тағала Құран Кәрімде былай дейді:

إِنْ تَدْعُوهُمْ لَا يَسْمَعُوا دُعَاءَكُمْ وَلَوْ سَمِعُوا مَا اسْتَجَابُوا لَكُمْ
وَيَوْمَ الْقِيَامَةِ يَكْفُرُونَ بَشْرِكُكُمْ وَلَا يُنَبِّئُكَ مِثْلُ خَبِيرٍ^ط

«Егер өлілерге жалбарынсаңдар, олар сендердің дауыстарыңды естімейді. Олар естісе де сендерге жауап қайтара алмайды. Қиямет күні олар сендердің ортақ қосқандарыңнан бас тартады. Алладан басқа сендерге ешкім хабар бере алмайды»¹⁷⁵.

Басқа бір аятта:

فَإِنَّكَ لَا تُسْمِعُ الْمَوْتَى وَلَا تُسْمِعُ الصُّمَّ الدُّعَاءَ إِذَا وَلَّوْا
مُدْبِرِينَ وَمَا أَنْتَ بِهَادٍ الْعُمَى عَنْ ضَلَالَتِهِمْ^ط

«Рас, сен өліктерге естірте алмайсың. Сондай-ақ, бет бұрып бара жатқан саңырауларға дауыс естірте алмайсың»¹⁷⁶ делінген.

Сол себепті, шипамыздың емін іздеу барысында әулие араламай тек Алладан сұрауымыз қажет. Алла тағала Құран кәрімде былай деген:

الَّذِي خَلَقَنِي فَهُوَ يَهْدِينِ ﴿٧٨﴾ وَالَّذِي هُوَ يُطْعِمُنِي
وَيَسْقِينِ ﴿٧٩﴾ وَإِذَا مَرِضْتُ فَهُوَ يَشْفِينِ

¹⁷⁴ «Фатиха» сүресі, 5-аят

¹⁷⁵ «Фатыр» сүресі, 14-аят

¹⁷⁶ «Рум» сүресі, 52-аят

«Ол мені жаратқан, маған тура жол көрсетеді»(79) «Ол маған жегізеді де, ішкізеді»(80) «Ол қашан ауырсам, маған шипа береді»¹⁷⁷

Имам әш-Шафиғи бір сөзінде: «Ғылым екеу-ақ: дәрігерлік пен фикһ. Дәрігерлік тәнге, фикһ дінге қажет ғылым» , – деген екен. Алла тағала Құран Кәрімде былай деген:

وَنَزَّلُ مِنَ الْقُرْآنِ مَا هُوَ شِفَاءٌ وَرَحْمَةٌ لِّلْمُؤْمِنِينَ
وَلَا يَزِيدُ الظَّالِمِينَ إِلَّا خَسَارًا¹⁷⁸

«Құраннан мүміндерге шипа және рақым түсіреміз. Ол залымдардың зиянын тым арттыра түседі»¹⁷⁸.

Құран біздің жаралы жүрегіміздің жалғыз шипасы. Алланың кәламын тиләуат еткенде, оның аяттарының нұры жүрегімізге еніп, дертімізге дауа береді. Құранның ләззатын, оның құдіретін сезінген мұсылман баласы оны күнде оқудан жалықпайды. Сонымен қатар, Құранды жанымыздың дертінен бөлек, тәнімізге шипа болу үшін де оқуға болады.

Шариғат рұқсат ететін ем жолдары: Құран аяттарымен дем салу және дәрігерлік (медицина) кеңесті, дәрі-дәрмекті қолдану.

Әз пайғамбар (с.а.у.) бір сөзінде:

لِكُلِّ دَاءٍ دَوَاءٌ فَإِذَا أُصِيبَ دَوَاءُ الدَّاءِ بَرَأَ بِإِذْنِ اللَّهِ عَزَّ وَ جَلَّ

«Әрбір дерттің бір дауасы бар. Егер дауа дертке дөп тисе, Алла тағала қалауымен науқас ауруынан айығып кетеді»¹⁷⁹, – деген.

Алла тағала өзінің мейірімімен ауырған құлына рақымын төгіп, ауырған кезде оның күнәларын кешіріп, оған сауап жазады.

Айша (р.а.) анамыз риуаят еткен хадисте:

مَا مِنْ مُسْلِمٍ يُشَاكُ شَوْكَةً فَمَا فَوْقَهَا إِلَّا كُتِبَتْ
لَهُ دَرَجَةٌ وَ مُحِيتَ عَنْهَا خَطِيئَةٌ

¹⁷⁷ «Шуғара» сүресі 78-80-аяттар

¹⁷⁸ «Исра» сүресі 82-аят

¹⁷⁹ Мустадрак ала сахихайн, әл-Хаким Нисабури

Яғни: «Мұсылманға кірген тікен және басқа нәрсе себепті оған бір сауап жазылып, бір күнәсі кешіріледі»¹⁸⁰, – деген.

Басқа бір хадисте:

مَنْ يُرِدِ اللَّهَ بِهِ خَيْرًا يُصِبْ مِنْهُ

Мағынасы: «Алла тағала кімге жақсылық қаласа, оған бір қиындық береді»¹⁸¹ – деп айтылған.

Демек, аурудың өзі дәрігер тәрізді. Ол біздің көзімізді ашады. Қолда бар нәрсені қадірлеуді үйретеді. Пайғамбарымыз науқастарды зиярат еткен кезде ауру адамға айтқан мынандай дұғасы бар:

فَقَالَ لَهُ: «لَا بَأْسَ طَهُورٌ إِنْ شَاءَ اللَّهُ»

«Еш уайымдама, Алла қаласа, бұл тазалану»¹⁸² деген. Әлбетте, ауру адамның ынсап көзін ашып, өзінің жағдайына қанағатшылдықпен қарайтын болады. Ол да Алланың адам баласына берген бір нығметі.

Әрине, барлық емшілерді даттауға болмайды, олардың да арасында емшілікті терең зерттеп, неше алуан шөптердің тамырлары мен жапырақтарынан тұнбалар жасап, Алланың қалауымен емдейтіндер, бұл міндетті аманат етіп алып біздің өмірімізге жеткізгендер бар. Сондай-ақ, Құран аяттарының сырларын түсініп, Пайғамбарымыз (с.а.у.) үйретіп кеткендей дем салып, емдейтін де емшілер бар.

Сонымен қатар, адамдарды алдап, көзбояушылықпен емдейтіндер де кездеседі. Ондай адамдар көп жағдайда жындармен байланысады. Оны олар білмеуі мүмкін немесе біліп, жасыруы мүмкін. Сүлеймен пайғамбардың қиссасында келгендей Балқис патшайымның тағын кім бірінші әкеледі дегенде бір жын «мен сіз орныңыздан тұрғаныңызша алып келемін», – деді. Енді бірі «сіз көзіңізді ашып-жұмғанша алып келемін» деп айтуы жындардың Алланың қалауымен

¹⁸⁰ Мұслим хадистер жинағында

¹⁸¹ Бұхари хадистер жинағынан

¹⁸² Бұхари хадистер жинағынан

берілген аса зор жылдамдық иесі әрі құдірет иесі екенінің дәлелі. Ол жайында Құранда өтеді:

﴿ ۳۸ ﴾ قَالَ يَا أَيُّهَا الْمَلَأُوْا أَبْكُم يَأْتِيَنِ بِعَرْشَهَا قَبْلَ أَنْ يَأْتُوْنِي مُسْلِمِيْنَ
 قَالَ عَفْرِيْتُ. مِّنَ الْجِنِّ أَنَا ءَاتِيْكَ بِهِ. قَبْلَ أَنْ تَقُوْمَ مِنْ مَّقَامِكَ ۖ وَإِنِّي عَلَيْهِ
 لَقَوِيْٓ أَمِيْنٌ ﴿ ۳۹ ﴾ قَالَ الَّذِي عِنْدَهُ عِلْمٌ مِّنَ الْكِتَابِ أَنَا ءَاتِيْكَ بِهِ. قَبْلَ أَنْ
 يَرْتَدَّ إِلَيْكَ طَرْفُكَ ۚ فَلَمَّا رَءَاهُ مُسْتَقَرًّا عِنْدَهُ. قَالَ هَٰذَا مِنْ فَضْلِ رَبِّي لِيَبْلُوَنِي
 ءَأَشْكُرُ أَمْ أَكْفُرُ ۚ وَمَنْ شَكَرَ فَإِنَّمَا يَشْكُرُ لِنَفْسِهِ ۖ وَمَنْ كَفَرَ فَإِنَّ رَبِّي غَنِيٌّ
 كَرِيْمٌ ﴿ ۴۰ ﴾

«Әй, қауым! Олар маған бой ұсынып, келуден бұрын, оның тағын маған қайсысың әкелесіңдер?»- деді.(39) Жындардан бір ғыприт: «Оны орныңнан тұруыңнан бұрын келтіремін. Шын оған күшім жетеді де сенімдімін» деді. (40) Сондай өзі кітап ғылымына ие біреу де: «Оны кірпік қағуыңнан бұрын келтіремін» деді. (Сүлеймен Ғ.С.) оның, жанына келтіріліп, қойылғанын көрген сәтте: «Бұл Раббымның кеңшілігі. Шүкірлік қылам ба, нәсүкірлік қылам ба, мені сынау үшін. Кім шүкірлік қылса, әрине өзі үшін қылады. Ал кім нәсүкірлік етсе, Раббым бай да (оның шүкірлігіне мұқтаж емес), өте жомарт»¹⁸³.

Олар, яғни жындар үшін мыңдаған шақырым жерге барып қайту бір мезеттің ісі. Қазіргі кездегі кейбір көріпкелдердің өзіне келген адамдар жайында толық мәлімет білуі осы жындардың көмегі арқылы жүзеге асады. Ол көріпкел жын кірген адам ішінен сезеді, екінші бір күштің оған сыбырлап айтып жатқанын, алайда ол өзінше жорамалдайды. Өзінің бойында керемет қасиет пайда болғандай сезінеді, бұл сыбырлап жатқан менің аталарым ба деген ой келеді! Сөйтіп, ол өзін көріпкел, балшымын деп жариялайды. Құран кәрімде «Нас» сүресінде ол жайында:

مِنْ سِرِّ الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ ﴿ ۴ ﴾ الَّذِي يُوسْوِسُ فِی

¹⁸³ «Нәмл» сүресі 38-40-аяттар

﴿ ٥ ﴾ صُدُّوا النَّاسَ ﴿ ٦ ﴾ مِنَ الْجَنَّةِ وَالنَّاسِ ﴿ ٥ ﴾

(4) «Сыбырлап азғырушының кесірінен»5)), «Сондай адамдардың көкейлеріне салатын;» (6) «Мейлі жыннан, мейлі адамдардан болсын, (бүкіл азғырушылардың кесірінен Аллаға) сиынамын» де»¹⁸⁴.

Көріпкел, балгерге келетін болсақ, бір-біріне жақын синонимдес ұғымдар, екеуі де болашақты болжайды. Бұл жерде ескерте кететін жайт, кейбір атақты жырау билеріміздің, мысалға айтқанда, Мөңке би, Майқы би, Бұқар жырау бұлардың болашақ жайында айтқан жорамалдары Құран аяттарымен, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерімен сабақтасып келген. Көріпкелдер көп жағдайда ешбір құралдың көмегінсіз болжауларын жасайды, ал балшы болса, карта, құмалақ, ай-жұлдыздарға қарап, тіпті кофенің көпіршігімен де ашады.

Кей кезде балгерлердің айтқанының дәл келуін олардың жындармен байланыста болғанымен түсіндіруге болады. Жындар көбінесе руханилығы төмен, тәні лас адамдарға кіреді. Көп жағдайда кәпір жындар өздеріне дос ретінде кейбір адамдарды әдейілеп таңдап алады. Сөйтіп оларды алдапарбау арқылы, түрлі айлакерлік әдістермен өз ырқына көндіреді. Көбіне біз мұндай жандарды балшы, бақсы, тәуіп деп те айтамыз. Негізінен жындар ғайыппен байланысты мағлұматтардан бейхабар екені анық, олар тек адамдарға белгісіз кейбір мәліметтерді ғана жеткізе алады. Көбіне олар, көктегі періштелердің әңгімесіне тыңшылық жасайды. Осы тыңшылықтан алған мәліметтерін жердегі достарына өтірік қосып жеткізеді. Ал жындардың көктегі періштелердің әңгімесіне тыңшылық жасауы жайында Құранда былай делінген:

وَأَنَا لَمَسْنَا السَّمَاءَ فَوَجَدْنَاهَا مُلْتَأَةً فَخَرْنَا شَدِيدًا وَشُهْبًا
﴿ ٨ ﴾ وَأَنَا كُنَّا نَقْعُدُ مِنْهَا مَقْعِدَ اللَّسْمَعِ فَمَنْ يَسْمَعُ أَلْءَا
يَجِدْ لَهُ شِهَابًا رَصَدًا ﴿ ٩ ﴾ وَأَنَا لَا نَذَرِي أَشْرًا أَرِيدُ

¹⁸⁴ «Нас» сүресі 1-6-аяттар.

بِمَنْ فِي الْأَرْضِ أَمْ أَرَادَ بِهِمْ رَبُّهُمْ رَشَدًا ﴿١٠﴾

«Әрине, көкке қарманғанымызда оны қатал күзетші және атылған жалындарға толтырылған түрде таптық. Әлбетте, тыңдау үшін аспанның кей орындарында отыратын едік. Енді біреу тыңдамақшы болса, оны көздеген жұлдызды көреді. «Әрине, білмейміз; жер жүзіндегілерге жамандық ойланылуда ма? Немесе оларға Раббылары жақсылық қалауда ма?»»¹⁸⁵.

Көріпкел, балшыларға барудың шариғаттағы үкімі: Егер олар ғайыпты білеміз дейтін болса, олардың үкімі күпір және адасу болады. Имам Мұслим өзінің сахихында Пайғамбарымызың (с.а.у.) былай дегенін риуаят етті:

مَنْ أَتَى عَرَافًا فَسَأَلَهُ عَنْ شَيْءٍ لَمْ تُقْبَلْ لَهُ صَلَاةُ أَرْبَعِينَ يَوْمًا

«Кімде-кім көріпкелге барып одан бір нәрсе жайында сұраса, оның намазы қырық күн бойы қабыл етілмейді»¹⁸⁶.

Әбу һурайра (оған Алла разы болсын) риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.) :

مَنْ أَتَى كَاهِنًا فَصَدَّقَهُ بِمَا يَقُولُ فَقَدْ كَفَرَ بِمَا أَنْزَلَ عَلَى مُحَمَّدٍ

«Кім-де кім көріпкелге барса және оның айтқанын растаса, ақиқатында Мұхаммедке түсірілген нәрсеге кәпір болды»¹⁸⁷-деді.

Имран ибн Хусейн (оған Алла разы болсын) риуаят еткен хадисте пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деді:

«لَيْسَ مِمَّنْ تَطَيَّرُ أَوْ تُطَيَّرُ لَهُ، أَوْ تَكْهَنُ أَوْ تُكْهَنُ لَهُ، أَوْ سِحْرُ أَوْ سُحْرُ

لَهُ، وَمَنْ أَتَى كَاهِنًا فَصَدَّقَهُ بِمَا يَقُولُ فَقَدْ كَفَرَ بِمَا أَنْزَلَ عَلَى مُحَمَّدٍ»

«Кім-де кім құс ұшырса немесе ол үшін құс ұшырылса, немесе бал ашса немесе ол үшін бал аштырылса, немесе сиқыр қылса немесе ол үшін сиқырлық қылынса ол бізден емес және

¹⁸⁵ «Жын» сүресі, 8-10-аяттар

¹⁸⁶ Мұслим хадистер жинағында

¹⁸⁷ Әбу Дәуіттің хадистер жинағында келген

кім балгерге барса және оның айтқанын растаса, ақиқатында Мұхаммедке түсірілгенге кәпір болды»¹⁸⁸ - деді.

Бұл хадистерде көріпкелдерге, балгерлерге, сиқыршыларға және басқа да соларға ұқсастарға бару және олардың айтқандарына сену күпірлікке апаратын амалдарға жатқызылған.

Алла тағала «Бақара» сүресінде:

وَمَا يُعَلِّمَانِ مِنْ أَحَدٍ حَتَّى يَقُولَا إِنَّمَا نَحْنُ فِتْنَةٌ فَلَا تَكْفُرْ فَيَتَعَلَّمُونَ مِنْهُمَا مَا يُفَرِّقُونَ بِهِ بَيْنَ الْمَرْءِ وَزَوْجِهِ وَمَا هُمْ بِضَارِّينَ بِهِ مِنْ أَحَدٍ إِلَّا بِإِذْنِ اللَّهِ وَيَتَعَلَّمُونَ مَا يَضُرُّهُمْ وَلَا يَنْفَعُهُمْ وَلَقَدْ عَلِمُوا لَمَنِ اشْتَرَاهُ مَا لَهُ فِي الْآخِرَةِ مِنْ خَلَاقٍ وَلَبِئْسَ مَا شَرَوْا بِهِ أَنْفُسَهُمْ لَوْ كَانُوا يَعْلَمُونَ

«Олекі періште: «Біз сынақ үшін келдік, кәпір болмаңдар» - деп айтпайынша ешкімге (сиқырды) үйретпеген. Сонда да олар (яһудилер) екеуінен ер- әйелдің арасын айыратынды үйренетін еді. Олар Алланың бұйрығынсыз ешкімге зиян бере алмайды. Олар өздеріне зиян келтіретін, пайда бермейтін нәрсені үйренетін. Расында олар оны айырбастап алғанға (Алланың кітабының орнына сиқыр үйренгенге) ақыретте несібе жоқтығын білді. Олар өздеріне нендей жаман нәрсе сатып алғандықтарын білген болса еді» - деді¹⁸⁹.

Жоғарыда келтірілген айқын дәлелдерден ой түйсек, барлық емшілердің әрекетін харамға шығаруға болмайды. Олардың арасында шариғат шеңберінен шықпай, адамдардың игілігі жолында Алланың мейірімін үміт етіп, сауапты амалдар жасайтындар бар. Ал нақтылы ақ жол, ақ орда ата жолына келер болсақ, біздің ата-бабаларымыз ешуақытта әруақтарға табынбаған, олардан жәрдем сұрамаған. Мұның Алла алдында үлкен күнә екенін білген. Алла тағала Құран кәрімде былай деген:

إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ

¹⁸⁸ Бәззәз хадистер жинағында жақсы тізбекпен келген

¹⁸⁹ «Бақара» сүресі, 102-аят

يَسَاءٌ ۖ وَمَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ افْتَرَىٰ إِثْمًا عَظِيمًا

«Алла өзіне ортақ қосуды жарылқамайды да, бұдан өзге қалаған кісісін жарылқайды. Сондай-ақ кім Аллаға ортақ қосса, расында жала қойып, зор күнәлі болды»¹⁹⁰.

Аятта байқағанымыздай, Алла тағала егер қаласа барлық күнәларды кешіреді, тек серік қосу бұл шеңберге кірмейді. Иә, ол емшілер, бақсыларға барғаннан кейін адам өзін жақсы сезінуі мүмкін, тіпті Алланың қалауымен емделуі де мүмкін. Сіз сол емделген көзіңізбен, аяғыңызбен бір жыл жүрерсіз, бес жыл жүрерсіз, он жыл жүрерсіз, бірақ сіз сол қысқа мерзімдегі саулыққа бола Алланың кешірімес үлкен күнәсіне батып жатырсыз. Алланың мәңгі азабына өзіңіз барып кірудесіз. «Аңқау елге арамза молда» демекші, аталмыш ағым өкілдері елді жалған жолмен қорқытып-үркітіп өздеріне тартуда. Ондағы мақсат: пайда көзі, ешбір қиналып тер төкпестен ақша табу ғана. Сол себепті бұл ағым еліміздегі ең қатерлі ағымдар қатарына кіреді.

ТАКФИР ЖАМАҒАТЫ

Ислам әлеміндегі қауіпті ағымдардың бірі – Такфир жамағаты немесе такфиршілер. Олар өздерін «Жамағату дағуа уал хижра» деп атайды, алайда, Ислам әлемінде «Жамағат такфир уәл хижра» деген атпен белгілі. «Такфир» сөзінің түбірі «куфр» сөзінен туындайды.

Куфр көптеген араб сөздіктерінде, соның ішінде Ибн Манзурдың¹⁹¹ «Лисәнул Араб» сөздігінде «жабу», «мойындамау» немесе «жасыру» деген мағыналарды білдіреді. Құран кәрімде мынандай аят бар:

وَيَنْعَمَتِ اللَّهُ هُمْ يَكْفُرُونَ

«Алланың нығметіне шүкірсіздік (мойындамау) ете ме?»¹⁹².

Сол уақыттағы діндарларға Иса пайғамбардан кейін соңғы пайғамбар Мұхаммед (с.а.у.) келеді дегенде пайғамбар өздерінен шықпағандықтан кітаптарында жазылған бұл мәліметті мойындамай жасырған болатын. Бұл жерде «куфр» сөзі бас тарту, мойындамау деген мағынада келген.

Яғни куфр дегеніміз – Аллаға және пайғамбарларына сенбеген, діннің әмірі мен тыйымдарына қарсы келген, жаратылыс ақиқатын мойындамаған кісі. Ондай адамға «қабыл етпеуші, қарсы келуші, жоққа шығарушы» деген ұғымдарға келетін «кәфир» (кәпір) атауын береді. Күпірлік тек Аллаға, пайғамбарына сенбеумен ғана емес, діни үкімдердің қандай да біреуіне қарсы келумен де орындалады¹⁹³.

Күпірліктің екі түрі бар:

¹⁹¹ Джәмәлуддин Абуль-Фадль Мухаммад ибн Мукрим әл-Ансари ар-Руайфи, Ибн Манзур деген атпен танымал (1232-1311,) – мұсылмандардың атақты ғалымы, фиқһ, араб тілінің маманы, жиырма томдық араб сөздігінің «Лисәнул араб» авторы

¹⁹² «Нахыл» сүресі, 72 -аят

¹⁹³ Смайыл Сейтбеков «Иман негіздері» 102-бет

Бірінші түрі: Үлкен күпірлік, ол Ислам дінінен шығарады, оның бес түрі бар:

1. Жалғанға шығару. Алла тағала Құран кәрімде былай деген:

وَمَنْ أَظْلَمُ مِمَّنِ افْتَرَى عَلَى اللَّهِ كَذِبًا أَوْ كَذَّبَ بِالْحَقِّ
لَمَّا جَاءَهُ أَلَيْسَ فِي جَهَنَّمَ مَثْوًى لِّلْكَافِرِينَ

«Аллаға жала жапқаннан немесе келген шындыққа қарсы болғаннан артық залым бар ма? Кәпірлердің орны тозақ емес пе?»¹⁹⁴

2. Тәкаппарлықтан болған күпірлік. Алла Құран кәрімде былай деген:

وَإِذْ قُلْنَا لِلْمَلَائِكَةِ اسْجُدُوا لِآدَمَ فَسَجَدُوا إِلَّا
إِبْلِيسَ أَبَىٰ وَاسْتَكْبَرَ وَكَانَ مِنَ الْكَافِرِينَ

«Сол уақытта періштелерге: «Адамға сәжде жасаңдар» дедік. Сонда олар дереу сәждеге жығылды. Бірақ Ібіліс бас тартып, дандайсып, қарсы келушілерден болды»¹⁹⁵.

3. Күмәннан туған күпірлік. Алла тағала Құран кәрімде былай деген:

وَدَخَلَ جَنَّتُهُ وَهُوَ ظَالِمٌ لِّنَفْسِهِ قَالَ مَا أَظُنُّ أَن تَبِيدَ هَٰذِهِ أَبَدًا ﴿٣٥﴾
وَمَا أَظُنُّ السَّاعَةَ قَائِمَةً وَلَئِن رُّدِدْتُ إِلَىٰ رَبِّي لَأَجِدَنَّ حَيْرًا مِّنْهَا مُنْقَلَبًا
﴿٣٦﴾ قَالَ لَهُ صَاحِبُهُ وَهُوَ يُحَاوِرُهُ أَكَفَرْتَ بِالَّذِي خَلَقَكَ مِنْ تُرَابٍ ثُمَّ
مِنْ نُطْفَةٍ ثُمَّ سَوَّاكَ رَجُلًا ﴿٣٧﴾ لَّكِنَّا هُوَ اللَّهُ رَبِّي وَلَا أُشْرِكُ بِرَبِّي أَحَدًا

«Ол өзіне зұлымдық еткен түрде бақшасына кірді де: «Тіпті бұны жоқ болады деп ойламаймын» деді.(36) «Әрі қияметтің болатындығын да ойламаймын деді. Мүбада Раббыма қайтарылсам, әрине бұдан да орын табамын» (деді).(37) Жолдасы оған сөйлесіп тұрып: «Сені топырақтан, сонан кейін бір тамшы судан жаратып, сонан соң Адам ет-

¹⁹⁴ «Анкабут» сүресі, 68-аят

¹⁹⁵ «Бақара» сүресі, 34-аят

кен Аллаға қарсы келесің бе?» – (деді).(38) «Бірақ, менің Раббым, Ол Алла; Раббыма ешбіреуді серік қоспаймын»¹⁹⁶.

4. Қарсы келу арқылы күпірлік жасау. Алла тағала Құран кәрімде:

وَالَّذِينَ كَفَرُوا عَمَّا أُنذِرُوا مُعْرِضُونَ

«Ал сондай қарсы болғандар ескертілген нәрседен жалтаруда»¹⁹⁷.

5. Екіжүзділіктен болатын күпірлік. Алла тағала:

ذَلِكَ بِأَنَّهُمْ آمَنُوا ثُمَّ كَفَرُوا فَطُبِعَ عَلَى قُلُوبِهِمْ فَهُمْ لَا يَفْقَهُونَ

«Міне, расында олар иман келтіріп, кейін қарсы келгендіктерінің салдарынан жүректері бітелген. Енді олар түсінбейді»¹⁹⁸.

Екінші түрі: Кіші күпірлік. Мұндай сипаттағы адамдар діннен шықпайды. Ол Құранда, хадистерде келген діннен шығармайтын күнәлар. Мысалы, Құран аятында «куфр» сөзі Алланың нығметтерін жоққа шығарған адамдар хақында келген:

وَضَرَبَ اللَّهُ مَثَلًا قَرْيَةً كَانَتْ آمِنَةً مُطْمَئِنَّةً يَأْتِيهَا رِزْقُهَا

رَغَدًا مِّنْ كُلِّ مَكَانٍ فَكَفَرَتْ بِأَنْعُمِ اللَّهِ فَأَذَاقَهَا اللَّهُ

لِبَاسَ الْجُوعِ وَالْخَوْفِ بِمَا كَانُوا يَصْنَعُونَ

«Алла сендерге бейбітшіліктегі жайбарақат бір кентті мысал берді: Оған әр тараптан мол ризық келуші еді. Ақырында, Алланың нығметіне қарсы келді. Сондықтан Алла оларға қылықтарының салдарынан ашаршылық және қауіп-қатердің тонын кидіріп жапа тарттырды»¹⁹⁹.

Сол секілді пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінде келгендей:

سَبَابُ الْمُسْلِمِ فُسُوقٌ وَقَتَالُهُ كُفْرٌ

¹⁹⁶ «Кәһф» сүресі, 36-38-аяттар

¹⁹⁷ «Ахқаф» сүресі, 3-аят

¹⁹⁸ «Мунафиқун» сүресі, 3-аят

¹⁹⁹ «Нахыл» сүресі, 112-аят

«Мұсылманды балағаттаушы пасық, өлтірушісі залым». Бұл жерде «куфр» сөзі залым, Алланың ашуына ұшыраған адам ретінде келтіріледі, өйткені оған Құран кәрімнің мына аяты дәлел:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الْقَصَاصُ فِي الْقَتْلَى

«Әй, мүміндер! Сендерге қысас (есе қайтару) парыз етілді»²⁰⁰.

Алла тағала кісі өлтіруші күнәһарды мүміндер санатының ішінде келтірген, өйткені Құран аяты «Ей, мүміндер» деп басталады.

Үлкен күпірлік пен кіші күпірліктің айырмашылығы:

– Үлкен күпірлік жасаған адам Ислам дінінен шығады, кіші күпірлік діннен шығармайды.

– Үлкен күпірлік жасау мәңгі тозаққа қалады, ал кіші күпірлік жасаған адам мәңгі тозаққа қалмайды.

– Үлкен күпірлік барлық амалдардың сауабын жояды, ал кіші күпірлік сол күпірлікке қатысы бар амалды ғана жояды.

Қазіргі кезде такфир жамағаты шариғат шарттарын ескермей, бір адамның шариғатқа қайшы әрекет жасағаны үшін кәпір деп үкім бере салудан тартынбайды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзінің мүбәрак хадисінде:

وَمَنْ رَمَى مُسْلِمًا بِكُفْرٍ فَهُوَ كَقَتْلِهِ

«Кімде-кім мұсылманды күпірлікпен айыптаса, ол оны өлтіргенмен тең»²⁰¹ деген.

Алла тағала Құран аятында былай деуде:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا ضَرَبْتُمْ فِي سَبِيلِ اللَّهِ فَتَبَيَّنُوا وَلَا تَقُولُوا

لِمَنْ أَلْقَى إِلَيْكُمُ السَّلَامَ لَسْتَ مُؤْمِنًا تَبْتَغُونَ عَرَضَ الْحَيَاةِ

الدُّنْيَا فَعِنْدَ اللَّهِ مَغَانِمٌ كَثِيرَةٌ ۖ كَذَلِكَ كُنْتُمْ مِّن قَبْلُ فَمَنَّ اللَّهُ

عَلَيْكُمْ فَتَبَيَّنُوا ۚ إِنَّ اللَّهَ كَانَ بِمَا تَعْمَلُونَ خَبِيرًا ﴿٩٤﴾

²⁰⁰ «Бақара» сүресі, 178-аят

²⁰¹ Фатху әл-Бари шарх сахих әл-Бұхари № 6277

«Әй, мүміндер! Алла жолында (соғысқа) шықсаңдар, өте анықтаңдар. Сәлем бергенді дүние-мүлікке қызығып: «Мүмін емессің» демендер. Өйткені Алланың қасында көптеген олжалар бар. Бұрын сендер де сондай едіңдер. Алла сендерге қамқорлық етті. Сондықтан өте-мөте анықтаңдар. Шәксіз Алла істеген істеріңді біледі»²⁰².

Сол себепті, біреуді күпірлікке шығарардың алдында ол адамның не үшін ол әрекетті жасағанын ойлау керек. Мысалы, адам білместікпен Аллаға лайықты емес заттарды таңуы мүмкін, ол көп жағдайда Ислам негіздерін дұрыс білмегендіктен туындайтын жағдай. Сол секілді ол қателесуі немесе оны істеуге мәжбүр болуы мүмкін және кәпір деп үкім беруші адам мұның барлығын ескере білетін шариғатты терең оқыған адам болуы ләзім.

Заманымызда бұл шарттардың ешбірін ескерместен жылдам күпірлікке үкім беретін тәкфиршілер өздерінің діни ұстанымдарын хауариждерден алады²⁰³. Яғни, адамды үлкен күнә жасағаны үшін күпірлікке шығарып, оны өлтіруге малын талан-таражға салуға, ар-намысын таптауға рұқсат береді. Такфир жайында ғалымдардың айтқан сөздері:

Имам әл-Қуртуби былай деген: «Такфир – оның алдына көптеген адамдар келіп, сүрінген қауіпті есік, ол есіктің ал-

²⁰² «Ниса» сүресі, 94-аят

²⁰³ Хауариждер – бұл мұсылман басшыларына сөзбен және қарумен қарсы шығатын әрі мұсылмандарды үлкен күнәсі үшін күпірлікте айыптайтын ежелгі секталардың бірі. Олардың пайда болатыны туралы пайғамбарымыздың өзі көптеген хадистерінде хабарлаған еді. Хафиз Ибн Кәсир айтады: «Хауариждер туралы кейбір салиқалы сәләфтардың айтқанынан артық не бар десеңші, олар мына аяттағы адамдар – хауариждер деп түсіндірген: «Айт: «Сендерге амалдары бойынша зиянға ұшыраушылардың хабарын берейін бе?» Олар дүниедегі еңбектері зая кеткендер. Өздері болса: «Рас, жақсы іс істедік» деп ойлайды» (әл-Кәһф сүресі, 103-104-аяттар)». Қараңыз: «әл-Бидайә уә-ннихая» 7/228-Имам Әбул-Алия айтады: «Мен пайғамбарымыздың (с.а.у.) өлімінен кейін он жыл бойы мухкәм (анық, бірмағыналы Құран мен Сүннет мәтіндерін) оқып жүрдім, сонда Алла Тағала маған екі нығмет берді, алайда оның қайсысы жақсырақ екенін білмеймін: біріншісі, Ислам жолына салғаны; екіншісі, мені хауариж қылмағаны!» Қараңыз: «әт-Табәқат әл-кубра» 7/113-

дында таңдаулылар ғана тоқтап, құтылды. Ал құтылумен не теңдесе алады?!»²⁰⁴.

Имам Ибн 'Абидин былай дейтін: «Күпірлік – қауіпті нәрсе! Егер мен мүміннің күпірлікке түспейтініне бір ғана ақтау тапсам, оны күпірлікте айыптамаймын»²⁰⁵.

Ибн Таймия былай деген: «Күпірлікте айыптау нақты тұлғаның кейпіне (жағдайына) байланысты ерекшеленуі мүмкін, өйткені қателік жасаған адамның әрбірі бидғатшы немесе надан бола бермейді және кез келген адасушы да кәпір, бұзақы (фасиқ) немесе тіпті жай күнәһар да бола бермейді»²⁰⁶.

Күпірлік сөзі Құран мен сүннетте көп мәрте кездеседі, алайда барлық жағдайда «діннен шығу» деп түсінуге болмайды. Бұған мысал Абдулла ибн Масғұдтан жеткен хадисте: «Мұсылманды балағаттау төмен түсіру бұзақылық белгісі, ал онымен соғысу күпірлік айғағы»²⁰⁷ делінген.

Бұл жердегі күпірлік сөзі мойынсұнбаушылық, шектен шығу деген мағыналарды білдіреді. Бұған дәлел Құран кәрімдегі мына аят:

وَإِنْ طَائِفَتَانِ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ اقْتَتَلُوا فَأَصْلَحُوا بَيْنَهُمَا فَإِنْ بَغَتْ إِحْدَاهُمَا عَلَى الْأُخْرَىٰ فَقَاتِلُوا الَّتِي تَبْغِي حَتَّىٰ تَفِيءَ إِلَىٰ أَمْرِ اللَّهِ فَإِنْ فَاءَتْ فَأَصْلَحُوا بَيْنَهُمَا بِالْعَدْلِ وَأَقْسِطُوا إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ الْمُقْسِطِينَ

«Егер мүміндерден екі топ соғысса, дереу араларын жарастырыңдар; мүбада екі жақтың бірі, екіншісіне өктемдік жасаса, бас тартқан жақпен Алланың әміріне қайтқандарына дейін соғысыңдар. Егер қайтса, араларын әділдікпен жарастырыңдар, туралық істеңдер. Расында Алла туралық істеушілерді жақсы көреді»²⁰⁸.

²⁰⁴ «әл-Муфхим» 3/111

²⁰⁵ «Фатауа-ссуғра» 4/224

²⁰⁶ «Минһажу-Ссунна» 5/250

²⁰⁷ Бұхари хадистер жинағында №48

²⁰⁸ «Хужурат» сүресі, 9-аят

Жоғарыдағы хадисте күпір сөзі келсе, оны Құран аяты айшықтап, айтылған сөз залымдыққа, шектен шығуға қатысты айтылғанын меңзейді.

Құран кәрімде былай делінген:

وَمَنْ لَّمْ يَحْكَمْ بِمَا أَنزَلَ اللَّهُ فَأُولَٰئِكَ هُمُ الْكَافِرُونَ

«Кім Алланың түсіргенімен үкім етпесе, міне солар қарсы болушылар»²⁰⁹. Бұл жердегі кәфирун деген сөз қарсы болушылар деп түсіндірілген. Оны Құран кәрімнің басқа бір аяты қуаттайды:

وَمَنْ لَّمْ يَحْكَمْ بِمَا أَنزَلَ اللَّهُ فَأُولَٰئِكَ هُمُ الظَّالِمُونَ

«Және кім Алла түсірген заң бойынша билік етпесе, міне солар залымдар»²¹⁰.

Тағы бір аятта:

وَمَنْ لَّمْ يَحْكَمْ بِمَا أَنزَلَ اللَّهُ فَأُولَٰئِكَ هُمُ الْفَاسِقُونَ

«Алланың нұсқауымен үкім етпесе, міне солар бұзақылар»²¹¹. Егер адамды залым немесе бұзақы деп сипаттайтын болсақ, ол оның діннен шыққанына дәлел емес. Бұған қатысты салмақты дәлелдердің бірі сол уақыттағы Хауаридждермен көп тартысқа түскен атақты сахаба Абдулла ибн Аббас бұл аяттағы күпірлік жайында былай деген: «Сендер айтып жүрген күпірлік діннен шығаратын күпірлік болып табылмайды»²¹². Және бір сөзінде: «Істің мәні олар айтып немесе шамалап тұрғандай емес, өйткені бұл күпірліктің кіші күпірлігі» деген. Күпірлік сөзінің нақты сол мағына бермейтіндігінің тағы бір дәлелі пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінде келгендей: «Менің үмбетімде екі нәрсе күпірлік болып табылады: шыққан тегін балағаттау және өлген адамды дауыстап жоқтау». Бұл екі нәрсе ұнамсыз әрекеттер болғанымен діннен шығармайтынына ешкім күмән келтірмейді.

²⁰⁹ «Маида» сүресі, 44-аят

²¹⁰ «Маида» сүресі, 45-аят

²¹¹ «Маида» сүресі, 47-аят

²¹² Әл-Хаким, Мустадрак, 2/313

Және олар барлық үлкен күнә жасаған мұсылмандарды кәпір деп санайды. Оған арақ ішкен, зина жасаушы, кісі өлтіруші, ата-анаға зұлымдық жасаушы, яғни барлық үлкен күнә жасаушы мұсылмандар кіреді. Алайда көпшілік ғұламалардың пайымдауынша, адам бұл әрекеттерді істеуімен діннен шықпайды, діннен тек қана мұны халал деп таныса ғана шығады. Мысалы: арақты ішсе діннен шықпайды, оны халал деп таныса, діннен шығады. Өйткені пайғамбарымыз (с.а.у.) адамды күпірлікпен жөнсіз айыптауға тыйым салған:

«Егер адам өзінің (исламдағы) бауырына: «Әй, кәпір» десе, бұл сөз өзіне қайтып оралады, Ол (адам) туралы айтылғаны шын болса, (ол соған лайықты) керісінше болған жағдайда (айтылған нәрсе айтқан адамға) қайтады»²¹³ деген.

Соғыстардың бірінде сахаба бір мүшрікті өлтіру үшін қылышын көтергенде, әлгі мүшрік қорыққанынан кәлімә (Лә Иләһә илла Аллаһ Мухаммадар русулуллаһ) сөзін айтқан болатын, соған қарамастан өлтіріп жібереді. Бұл хабар пайғамбарымызға (с.а.у.) жеткенде әлгі сахаба ол қорыққанына кәлима айтты деп ақталады. Сонда Расулалла: «Сен оның жүрегін ашып көрдің бе?» деп қатты реніш білдіреді.

Алла тағала Құран кәрімде мұсылмандарды орынсыз күпірлікке шығаруға қатаң тыйым салған:

قُلْ إِنَّمَا حَرَّمَ رَبِّي الْفَوَاحِشَ مَا ظَهَرَ مِنْهَا وَمَا بَطَنَ
وَالْإِثْمَ وَالْبَغْيَ بِغَيْرِ الْحَقِّ وَأَنْ تُشْرِكُوا بِاللَّهِ مَا لَمْ يُنَزِّلْ
بِهِ سُلْطَانًا وَأَنْ تَقُولُوا عَلَى اللَّهِ مَا لَا تَعْلَمُونَ

«Күдіксіз Раббым, арсыздықтарды, Оның көрнеу, көмесін, күнәны, орынсыз озбырлықты, оған байланысты ешбір дәлел түсірілмеген нәрсені Аллаға серік қосуларыңды және білмейтін нәрселеріңді Аллаға қарсы сөйлеулеріңді арам қылды» де (Мұхаммед (с.а.у.)²¹⁴.

²¹³ Бұхари хадистер жинағы, №6104

²¹⁴ «Ағраф» сүресі, 33-аят

Күпірлікпен айыптау арқылы бұзық пиғылдылар адамның ар-намысын қорлауға, мал-мүлкін талан-таражға салуға жол ашады, ал түгел қоғамды айыптау мекемелерді жаруға, қару-жарақтарға қол жеткізуге, мемлекет мүлкін иемденуге итермелейді. Бұл Ислам шарифаты шеңберіне мүлдем қатысы жоқ әрекеттер. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл әрекеттердің барлығын харамға шығарған:

فَإِنَّ دِمَاءَكُمْ وَأَمْوَالَكُمْ وَأَعْرَاضَكُمْ حَرَامٌ عَلَيْكُمْ كَحُرْمَةِ
يَوْمِكُمْ هَذَا ، فِي شَهْرِكُمْ هَذَا ، فِي بَلَدِكُمْ هَذَا

«Сендердің қандарың, мал-мүліктерің, ар-намыстарың бұл күн, бұл ай, бұл қала харам (қасиетті) болған секілді екінші біреулеріңе харам», – деді содан кейін сахабаларға «Сендер куәсіңдер ме?» – деді. Сахабалар бірауыздан: «Куәміз!» - десті. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Уа, Алла, куә бол! Уа, Алла, куә бол!» – деді²¹⁵.

Бұл - пайғамбарымыздың (с.а.у.) ең соңғы өсиеттерінің бірі еді. Одан кейін көп ұзамай бұл өмірмен қош айтысты.

Қазіргі кездегі Такфир жамағатының әлемнің түкпір-түкпірінде жарылыстар ұйымдастыруы, ондағы бейкүнә адамдардың, соның ішінде, мұсылмандардың мерт болуы - дінге жасаған нағыз зұлымдық. Алла тағала Құран кәрімде былай деуде:

وَمَنْ يَقْتُلْ مُؤْمِنًا مُتَعَمِّدًا فَجَزَاؤُهُ جَهَنَّمُ خَالِدًا فِيهَا
وَعَذَابُ اللَّهِ عَلَيْهِ وَلَعَنَهُ وَأَعَدَّ لَهُ عَذَابًا عَظِيمًا

«Кім бір мүмінді әдейі өлтірсе, оның жазасы ішінде мәңгі қалатын тозақ болады. Сондай-ақ оған Алланың ашуы, қарғысы болып және оған зор қинау әзірлеп қойған»²¹⁶.

Қазіргі заманда қоғамымызда көрініс тапқан бұл қатерлі ағымның қайта өрлеу тарихына тоқталар болсақ, оның алпысыншы жылдары бастау алғанын байқаймыз. Ұзақ уақытқа созылған саяси езгіден кейін түрмелерде жазасын

²¹⁵ Бұхари хадистер жинағы №1741

²¹⁶ «Ниса» сүресі, 93-аят

өтеуші тұлғалардың арасында пайда болды, әсіресе, Саид Қутуб²¹⁷ және оның жақтастарының өлімінен кейін мүлдем өршіп кетті. Бұл жерде өздерінің амандықтары үшін топтан бөлініп, сол кездегі ел президенті Жамал Абду Насирді қолдаушы топты бірінші болып тәкфирге шығарғандар өздері болатын. Аталмыш топтың атақты көсемдері:

Али Исмағил – түрмеде сотталған жастар арасында белсенді топтың басшысы болады.

Махир Абдул Әзиз Знаати аталмыш ағымның бұқаралық ақпарат беру бөлімін басқарады. Топ жетекшісі Шукри Ахмад Мұстафамен бірге 1977 жылы өлім жазасына кесіледі.

Шукри Ахмад Мұстафа 1965 жылы 23 жасында саяси көзқарасы үшін тұтқындалды. Бірақ тұтқыннан босап шығып, 1971 жылы агрономия саласында бакалавр дәрежесін алады. Осыдан кейін біртіндеп өзінің жақтастарын жинап, топ құра бастайды. Басқа қалалардан да қолдаушылар тауып, бәрінің басын қосып, 1973 жылы әміршісі болып тағайындалып, Мысырдың таулы аймақтарына жер аударады. Олар қажетті қару-жарақтармен, құрылғылармен жабдықталады. Алайда бұл әрекеттері өзінің діттеген мақсаттарына жетпейді. Сол жылы түгелдей мемлекет әскерінің қолына түсіп, тұтқынға алынады. Дегенмен оларға келесі жылдың сәуір айында кешірім жасалады. Екінші рет Шукри Мустафа бұрынғы ісін қайтадан бастап, бұрынғыдан да үлкен әскери жасақ құрып, бұл жолы шетелден де көмек алады. Өздерінен басқа мұсылмандарды кәпірге санап,

²¹⁷ Каир қаласынан 235 шақырым орналасқан Асьют аймағындағы Муша ауылында текті, алайда кедей жанұяда 1906 жылы дүниеге келген. 1912 жылы мектепке оқуға барып, бес жылдан кейін Құранды түгел жатқа білген. Отыз жасында Каирге барып, «Дәр әл Улум» институтын аяқтайды. Бұл оқуды аяқтағаннан кейін мектептегі оқытушы дипломына ие болады. Білім саласында жұмыс істеп, АҚШ-та білімін шыңдаған. Алайда АҚШ тағы өмірге ондағы азғындыққа таң қалып, оқудан қайтқаннан кейін АҚШ тық өмір сүру салтын қатты сынға алады. Уафд партиясының мүшесі болған. Мысыр мемлекетіне, соның ішінде президентке қарсы жүргізген солшыл саясаты үшін өлім жазасына кесіледі. Оның атақты еңбектері: «Біздің еврейлерге қарсы күресіміз» 1950 ж. «Исламның капитализммен күресі», 1951-

кімде-кім топтан шықса, діннен шыққан адам ретінде жазалау әрекеттерін қолданады. Ізбасарларына қаталдық танытқанымен олар соқыр сеніммен әмірлеріне мүлтіксіз бойсұнатын. Мысырдың вакуфтар министрі Мұхаммад Хусейн әз-Захабидің өлімінен кейін Мысыр мемлекеті оларды қатаң түрде басуды қолға алды. Жүздеген топ мүшелері қолға түсіп, бес қолбасшысына, соның ішінде Мустафа Шукриге өлім жазасы кесілді. Бұл әділ де қатал әрекеттен кейін аталмыш ағымның әрекеті әлсіреді, бірақ түпкілікті жойылып кетпеді. Біздің уақытқа дейін олардың ізбасарлары көп мемлекеттерде болғанымен үкімет тарапынан қабылданған шешімдерге байланысты жасырын әрекет етуде.

Топ ұстанымы: Өздерінің ұстанымында күпірлікке шығару негізгі идея ретінде қабылданады. Кез келген үлкен күнә жасап, тәубаға келмеген адамды кәпір дейді. Сол секілді шариғатпен толық үкім етпеген барлық басшыларды кәпірге шығарады және оларды бөліп-жарып қарамайды. Аталған мемлекетке қызмет жасайтын адамдарды ара-жігін ажыратпастан кәпір деп таниды. Олардың сенімі бойынша ғұламалар да кәпірлер, өйткені олар тәкпіршілердің кәпірге шығарған нәрсесін кәпірге шығармаған. Және өздеріне қарсы келген, олардың имамдарына ант бермеген кез келген қоғамды кәпір қоғам деп таниды. Ал егер кімде-кім олардың жамағатына кіріп, кейін шығатын болса, ол «муртад» *«діннен шыққан»* деп өлім жазасына кесілетін. Олар оған дейінгі мұсылман ғалымдарының келісіміне, тіпті сахабалардың сөздеріне құлақ аспайды. Олардың ойынша, Ислам дін ретінде тек төрт ғасыр бойы ғана амал жасалды, одан кейінгі ғасырларда адасушылық белең алды деп таниды.

Хижрет, яғни, жер ауыстыру олардың ұстанымындағы екінші негіз болып табылады. Хижрет олардың пікіріндегі кәпір мемлекеттен оқшаулану, олардың ойындағы шынайы Ислам мемлекетін орнату, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) және сахабалардың Мекке уақытындағыдай өмір сүру. Қазіргі уақытта сандарының аздығынан олар мемлекетке қарсы соғысқа үгіттемейді. Олар жамағат және жұма намаздарын

мешітте оқымайды, өйткені ондағы имамдар кәпірлер, тек төрт мешітті ғана мойындайды: Меккедегі харам мешіті, Мәдинадағы пайғамбар мешіті, Құба мешіті, Ақса мешіті, оның өзінде егер имамдары өздерінен болса. Алғашқы әмірлері Шукри Мустафаны қияметте келетін Махди деп иман келтіреді. Олардың ойынша, Алла олар арқылы бүкіл әлемге Исламды жаяды деп сенеді.

Аталған ағымның Қазақстан жеріндегі әрекетіне орай 2013 жылдың қараша айында ҚМДБ арнайы пәтуа шығарған болатын, ол пәтуа төмендегідей:

«ҚМДБ шариғат және пәтуа бөлімі «Тәкфиршілер» жамағатының әрекеттері жалпы Ислам дініне жат болғандықтан Қазақстанда таратылуына тыйым салады»²¹⁸.

2014 жылдың қазан айында аталған ұйымның дінге, мемлекетке қауіптілігін ескере отырып Астана қаласы прокурорының арызы бойынша Сарыарқа аудандық сотының «Ат-такфир уаль-хиджра» халықаралық ұйымын экстремистік топ деп тану және елімізде оның қызметіне тыйым салу жөніндегі шешімі шықты. Бұл туралы Бас прокуратураның баспасөз қызметі хабарлады²¹⁹.

Осы шешімді шығару кезінде аталған ұйымның экстремистік бағыттағы қызметі жөніндегі қолда бар материалдармен қатар, сот «Ат-такфир уаль-хиджра» халықаралық ұйымының қызметіне Ресей Федерациясында, Қырғызстанда, АҚШ-та, Түрік Республикасында және Еуропалық одақта тыйым салынғандығы ескерілді.

Сот шешімі заңды күшіне енді, осыған орай «Ат-такфир уаль-хиджра» халықаралық ұйымының қызметіне қандай да бір қатыстылық (қызметіне қатысу, қаржыландыру, идеологиясын насихаттау және т.б.) заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады.

Ой түйсігімен алатын болсақ, мұсылман емес мемлекетте өмір сүру күпірлік болса, сол басшыларды кәпірлер деп санасақ, қанша зиялы ағаларымызды, соның ішінде Елбасы

²¹⁸ <http://www.muftyat.kz/kz/fatwa/view?id=68>

²¹⁹ <http://www.zakon.kz/4660259-mezhdunarodnaja-organizacija-at-takfir.html>

Нұрсұлтан Назарбаевтан бастап, еліміздегі дәстүрлі Ислам дінінің қанат жаюына өзінің сүбелі үлесін қосқан мұсылман бахадүр бабаларымызды имансыз деп танығанымыз. Елімізде қазіргі уақытта бір жоғары оқу орны, он медресе, бір қарилер дайындайтын оқу орнының болуы еліміздегі діннің қарқынды дамып келе жатқанының айқын дәлелі. Елбасымыздың: «Саясат күнде өзгереді, ал дін – мәңгілік», деген сөзі Ислам діні негіздерінің еш кемшіліксіз екенін мойындауы, ал саясаттың адам ырқына сәйкес өзгеретінін айтып отыр. Ал істің мәнісіне жетпей көпірге шығару ол барып тұрған надандық.

Алла тағала Құран кәрімде айтады:

إِنَّ اللَّهَ لَا يُغَيِّرُ مَا بِقَوْمٍ حَتَّى يُغَيِّرُوا مَا بِأَنْفُسِهِمْ

«Расында, бір қауым өзін өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді»²²⁰.

Кез келген шынайы мұсылман Алланың заңымен жүргенді қалайды. Қоғамда болып жатқан азғындық, кісі өлтіру, зинақорлық, жетім балалар, қараусыз қарттардың көбеюі, мұның барлығын жүрегінде адамгершілігі бар кез келген адам қаламайды. Бірақ оның шешімі Ислам мемлекетін құрумен шектелмейді.

Сөз соңында ойымызды түйіндер болсақ, еліміздегі дін қайраткерлерінің бірі отандық телеарналарға берген сұхбаттарының бірінде ағымдарға қатысты сауалға: «Ағымдар өзі аты айтып тұрғандай тасқын су секілді ағады да кетеді және артынан зиянын қалдырады» дегені бар. Сөзін жалғап, Ислам тарихында көптеген ағымдар болғанын айтып, бұл уақытта олардан ешбірі қалмағанын жеткізді. Әрине, солай болатынына сенейік, солай болатынына үміт етейік. Алла тағала елімізді фитна атаулыдан сақтасын!

²²⁰ «Рағд» сүресі, 11-аят

ШЫНАЙЫ СӘЛӘФТАР ҚАНДАЙ АҚИДА ҰСТАНҒАН?

Қазіргі кездегі кейбір жат ағым өкілдері қоғамда өздерін шынайы мұсылмандар екенін көрсету мақсатында ұстанған жолдарын дәстүрлі мазһабтардан ерекшелеу үшін өздерін әртүрлі атаулармен атап келген. Бір уақытта өздерін уахабшылар деп атаса, қазіргі уақытта бұл атаудан үрке қарайтындар көп болғандықтан атауларын өзгертіп, сәләфтармыз дейді. Алайда негіздері сол баяғы Уахабизм ағымының негізін қалаушы Мухаммад ибн Абдул Уәһәбтың ұстанымы болып қала берді.

Сәләфия (араб: سَلَفِيَّة) – Ислам дінінің негізі боп табылатын Құран мен Сүннетті «әс-сәләф әс-салихун» (араб: السلف الصالحون), яғни, Мұхаммед (с.а.у.) және оның сахабалары, олардың ізбасарлары мен Ислам үмбетінің имамдары. «Сәләф» (араб: سَلَفٌ) сөзі тілдік жағынан Ибн Манзур айтқандай: «алдыңғы өткен халық» деген мағына береді²²¹.

Құран аяттарында Алла тағала сәләфтардың жолын ұстануды әмір етеді.

وَمَنْ يُشَاقِقِ الرَّسُولَ مِنْ بَعْدِ مَا تَبَيَّنَ لَهُ الْهُدَىٰ وَيَتَّبِعْ غَيْرَ
سَبِيلِ الْمُؤْمِنِينَ نُوَلِّهِ مَا تَوَلَّىٰ وَنُصْلِهِ جَهَنَّمَ ۖ وَسَاءَتْ مَصِيرًا

«Ал біреу өзіне тура жол айқындалғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шықса, сондай-ақ мүміндердің жолынан басқа жол іздесе, оны бұрылған жағына бұрамыз да тозаққа саламыз. Ол нендей жаман орын!»²²²

Бұл жердегі мүміндер деген сөз сахабаларға қатысты айтылған. Яғни, сахабалардың жолынан басқа жол іздесе, бұрылған жағына бұрып, тозаққа саламыз дейді.

Басқа бір аятта:

²²¹ «Лисан әл-араб», (6/330); Ибн Манзур

²²² «Ниса» сүресі 115-аят

فَإِنْ آمَنُوا بِمِثْلِ مَا آمَنْتُمْ بِهِ فَقَدْ اهْتَدَوْا وَإِنْ تَوَلَّوْا فَإِنَّمَا هُمْ فِي شِقَاقٍ فَسَيَكْفِيكَهُمُ اللَّهُ وَهُوَ السَّمِيعُ الْعَلِيمُ

«Сонда олар, егер сендер сенген сияқты сенсе, онда рас тура жол табар еді. Ал егер олар бет бұрса, сонда олар мүлде жолдан шыққан болады. Сонда да Алла сені олардан қорғауға жетіп асады. Ол Алла – естуші, әр нәрсені білуші»²²³.

مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ وَالَّذِينَ مَعَهُ أَشِدَّاءُ عَلَى الْكُفَّارِ رُحَمَاءُ بَيْنَهُمْ تَرَاهُمْ رُكَّعًا سُجَّدًا يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِنَ اللَّهِ وَرِضْوَانًا سِيمَاهُمْ فِي وُجُوهِهِمْ مِنْ أَثَرِ السُّجُودِ ذَلِكَ مَثَلُهُمْ فِي التَّوْرَةِ وَمَثَلُهُمْ فِي الْإِنْجِيلِ كَزَرْعٍ أَخْرَجَ شَطْأَهُ فَآزَرَهُ فَاسْتَغْلَظَ فَاسْتَوَى عَلَى سُوقِهِ يُعْجِبُ الزُّرَّاعَ لِيُغَيِّظَ بِهِمُ الْكُفَّارَ وَعَدَ اللَّهُ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ مِنْهُمْ مَغْفِرَةً وَأَجْرًا عَظِيمًا

«Мұхаммед – Алланың елшісі. Онымен бірге болғандар, кәпірлерге қатаңырақ, өзара тым мейірімді. Оларды рүкүғда, сәждеде көресің. Олар Алладан мәрхамет әрі ризалық тілейді. Олардың жүздерінде сәждеделердің ізінің дерегі бар. Олардың Тәуратта да, Інжілде де сипаттары бар; бұл бас жарып, сосын қуаттанып, жуандап, өз сабағында тік тұрған егін сияқты. Бұл (мысал) егіншілерді таңырқатып, онымен кәпірлерді ызаландыру үшін. Алла олардан иман келтіріп, ізгі іс істегендерге жарылқау, зор сыйлық уәде етті»²²⁴.

Ибн Мәсғуд айтады: «Шынында, Алла Өз құлдарының жүрегіне қарап, олардың арасынан Мұхаммедтің (с.а.у.) жүрегінің ең жақсы екенін көрді. Сөйтіп, оны Өзіне таңдап, Өзінің елшілігімен жіберді. Содан соң Алла Мұхаммедтің (с.а.у.) жүрегінен кейін басқа құлдарының жүректеріне қарап, олардың арасынан сахабалардың жүректерінің ең жақсы екенін көрді. Сөйтіп, оларды Өзінің пайғамбарына көмекші етті!»²²⁵

²²³ «Бақара» сүресі, 137-аят

²²⁴ «Фатх» сүресі, 29-аят

²²⁵ Ахмад 1/379

Сондай-ақ, Ибн Аббастың Хауариждермен келісімге отыруға келгендегі ең бірінші сөзі: «Мен сендерге пайғамбардың (с.а.у.), сахабаларының – мухажирлер мен ансарлардың және оның ағасының баласының (Әли) атынан келіп тұрмын. Құран соларға түсірілді және олар Құранның мағынасын сендерден жақсы біледі, ал сендердің араларыңда бірде-бір сахаба жоқ!»²²⁶.

Бұл хабарда Құранды қарапайым түсінудің өзі жеткіліксіз екеніне тікелей нұсқау бар, себебі хауариждер де Құранның аяттарына сүйенген болатын. Әйткенмен, Ибн Аббас оларға Құран сахабалардың кезеңінде түскенін және сахабалар Құранның мағынасын жақсырақ білетінін айтты.

Айтылған дәйектің барлығы салиқалы сәләфтардың түсінігіндегі Құран мен Сүннетке ерудің маңыздылығын білдіреді. Әрбір мұсылман адам Исламға өз көзқарасымен қарамауы керек, керісінше, әрбір иман келтірген адам Ислам дінін тек сәләфтардың түсінігімен түсінуі тиіс. Себебі, Исламды «өзінше» түсіну бүлік шығаратын көптеген ағымдар мен адасқан секталарды туғызды. Суфйән әс-Сәури: «Егер сен сәләфтар басын қалай қасығанын білсең, онда дәл солай басыңды қасы!» деген²²⁷.

Сахабалардың жолына еретіндер, әсіресе бүлікке толған заманда сәләфтардың жолын берік ұстанғандарға Алла тағала сансыз сауаптар жазады!

Алла елшісі (с.а.у.) былай деді: *«Шынында, сендерден кейін ұзақ сабырлық күндері келеді. Кімде-кім сондай уақытта сахабалардың жолын берік ұстанса, онда сендердің араларыңдағы елу адам сияқты сауап алады!»* Сахабалар сұрады: «Уа, Алла пайғамбары, мүмкін өздерінің арасындағы елу адамның сауабын алатын шығар?» Сонда ол: *«Жоқ, дәл*

²²⁶ Ахмад 1/621, әл-Хәким 2/150-152, әл-Бәйһақи 8/309

²²⁷ «Заммул-кәләм» 1/181

сендердің араларыңдағы елу адамның сауабын алады!»²²⁸ – деді²²⁹.

Шынайы мұсылманға бұдан артық бақыт бар ма?!

Құран мен хадисті түсінуде және оны өмірде қолдануда сәләфу ассалихиннің жолын үлгі ету Құран мен Пайғамбар (с.а.у.) сүннетін ұстанатын мұсылман болудан туындайтын міндет. Себебі, Алла Тағала өзінің елшісіне бой ұсынуды әмір етті:

«Пайғамбар сендерге не берсе соны алыңдар, сендерді неден тыйса, содан тыйылыңдар»²³⁰ деді. Ал Пайғамбарымыз (с.а.у.) болса өзінің және тура жолдағы әділетті орынбасарларының, сондай-ақ сахабалар мен алғашқы үш буын өкілдерінің ішіндегі ізгілердің жолымен жүруді әмір етті. Бұл жайындағы хадис шәріпте: *«Адамдардың ең абзалы – менің заманымдағылар. Одан кейін оларға ергендер, одан кейін оларға ергендер»²³¹.*

Олардың ең абзал қауым ретінде баяндалуы, оларға еру мен оларды үлгі тұту керектігін міндеттейді. Хадистің мағынасына үңілетін болсақ, аталмыш хадисте айтылған бірінші буын олар: пайғамбарды (с.а.у.) көрген сенімдерін оған түскен уахи арқылы қуаттаған ұлы сахабалар, екінші буын пайғамбар (с.а.у.) нұрынан қуат алған әрбіреуі Исламның жеке шоқтығы болған сахабаларды көрген табиғиндер, үшінші кезең табиғиндерді көрген табаға табиғиндердің кезеңі. Бұл үш кезең - пайғамбар (с.а.у.) дәуіріне ең жақын Исламның алтын ғасыры. Ол уақыттағы мұсылмандардың табиғаты, дінге түйсігі пайғамбарымыз (с.а.у.) уақытындағыдай таза болатын. Уақыт өте бұл дінге деген түсінік әлсіреп, адамдардың арасында ауытқулар пайда бола бастады.

²²⁸ Бір нәрсені ескерген жөн, қиын кезеңде сахабалардың жолын берік ұстанғандарға Алла тағала елу сахабаның сауабын береді дегеніміз, ол адамның сахабалардан да дәрежесі биік деген сөз емес.

²²⁹ Әт-Табрани «әл-Кәбир»

²³⁰ «Хашыр» сүресі, 7-аят

²³¹ Ахмад, Тирмизи және Бәйһақи.

Қазіргі кезде қарапайым мұсылмандарды мазалайтын маңызды мәселелердің бірі: «Біздің ұстанған ақидамыз сол сәләф уақытындағы ақида ма, әлде бұрмалап алған біреулердің сөздері ме? Осы орайда кез келген мұсылман үшін сәләфтардың жолын ұстану олар дінді қалай түсінген болса, дәл солай түсінуге тырысу әрбір мұсылманның міндеті әрі жүректі тыныштыққа апаратын жалғыз жол. Өйткені, алғашқы үш ғасыр кейінгі мұсылмандар үшін темірқазық іспеттес бағыт беруі тиіс.

Сенім тұрғысында қазіргі уақыттағы уахабшылар өздерін шынайы сәләфтардың жолын ұстанамыз деген пікірді алға тартуда және сол сенімдерінің Ашғари, Матуриди ақидаларынан өзгеше екенін баса көрсетуде. Егер олардан: «Сендер бізден не нәрсемен ерекшеленесіңдер?» деп сұрасаң, олар: «Сендер Алланың түсірген муташабиһ²³² аяттарын талқылайсыңдар, сендер Алла сипаттарын тағтыл (амалға асырмау) қыласыңдар. Өзінің Құранда келген сипаттарына қарсы шығасыңдар, егер Алла өзіне тән қол бар деп айтса, сендер күш деп түсініктеме бересіңдер, бұл сәләфтардан келмеген жайт» деген сөздерін алға тартады.

Олардың көп қолданатын тәсілдерінің бірі – мұсылманды сен Матуридитсің, сен Ашғаритсің деп, ақида мәселесінде осы екі адамның ойынан құралған іспетті шектеп қояды. Имам Матуриди мен Ашғари екеуі де сәләфтардың жолын ұстанған. Матуриди немесе Ашғари бүліктер көбейген заманда жат ағымдарға ұтымды жауап беріп отырған. Өйткені, ескі жол сахабалардың ақидасы Құран мен хадиспен шектелетін, сол уақыттағы адамдардың білімі, аяттарға түсінігі қосымша ақылды қажет етпейтін. Өйткені, ол дәуірдегі адамдардың Құран аяттарына, хадистерге түсінігі өте жоғары болатын. Кейінгі дәуірлерде дін қабылдаған мұсылмандар тікелей Құраннан, хадистерден ақида негізін қалыптастыра алмады, оларға түсіндіруші ақыл күшін қажет етті. Тіпті, кейбіреуі Алланың сипаттарына қатысты келген аяттарды өз

²³² Ризабек Батталұлының «Ақида сабақтары» кітабында муташабиһ деп кейбір аяттар мен хадистерде келген, мағынасы ұқсас сөздер.

қалауынша түсіне бастаған кезде бүлікті тоқтату мақсатында Ислам ғұламалары араласты. Алланың Құранда келген сипаттарын, оның ұлықтығына еш кемшілік келтірместен, сахабалар салып берген сара жолмен түсіндіре бастады. Бұл өз кезегінде ақида жүйесінің бір қалыпқа келуіне себеп болды. Сол уақыттағы әһлу сунна ақиадасы деген атау Ашғари, Матуриди ақидасы деген атаумен қатар жүрген. Өйткені, ол - әлемнің 90% мұсылмандарының ұстанған ақидасы.

Уахабшылардың Ашғарилер мен Матуридилердің ақидадағы ұстанымын қатеге шығарудағы алға тартқан дәлелдері Құранда келген Алланың өзін сипаттаған аяттарының тура мағынасын басқа мағынаға келтіріп бұрмалайсыңдар деуінде, тіпті осы мәселеде қазіргі кездегі уахабшылардың бірі Сафар Хауали былай деп келтіреді: «Ашғарилердің Құран аяттарына тәуил жасауы Батыни ағымына ұқсайды. Яғни, олар Құранның астарлы мағынасын қолдануға түпкілікті қарсы».

Дегенмен, кейбір Құран аяттарының тек астарлы мағынасын қолданатын кездері болады. Құран кәрімде былай делінген:

نَسُوا اللَّهَ فَنَسِيَهُمْ

«Олар Алланы ұмытты. Сондықтан Алла оларды ұмытты»²³³.

Егер бұл аятты сөзбе-сөз түсінетін болсақ, Алланы ұмытшақтық қасиетпен сипаттағанымыз болады. Неге осы тұста басқа муташабиһ аяттардағы секілді Алланың құдіретіне сай ұмытшақтық деп айтпайды? Өйткені бұл Алла үшін үлкен кемістік. Кез келген санасы бар адам ілім иесі болған Алла тағаланың еш нәрсені ұмытпайтынын, ұмытшақтық ол кемшілік екенін біледі. Оған дәлел Алла тағала Құран кәрімде:

وَمَا كَانَ رَبُّكَ نَسِيًّا

²³³ «Тәуба» сүресі, 67-аят

«Сондай-ақ Раббың ұмытпайды»²³⁴ деуде.

Құранның бұл аятындағы «ұмыту» – Алланың құл үшін мейірімін алып қоюы, тура жолдан адастыруы²³⁵. Бұлай тікелей мағынасын алмай астарлы мағынасын айтуымыз, ол – тәуил. Сөздердің астарлы мағынасы болуы ол әлемнің бүкіл тілдеріне тән ерекшелік. Мысалы: «Бұл мекеменің тұтқасын жалғыз өзім ұстаймын» деген сөздің мағынасы тікелей тұтқаны ұстау емес, керісінше, сол мекемеге билігін жүргізуінде, иелік етуінде. Бұл сөйлемде ешқандай ақылы толық адам тұтқаны ұстайды екен деп түсінбейді. Сол себепті Алланың өзін сипаттаған сипаты әр кезде тура мағынада болмауы мүмкін. Басқа бір аятта былай делінген:

وَنَحْنُ أَقْرَبُ إِلَيْهِ مِنْ حَبْلِ الْوَرِيدِ

«Өйткені Біз оған күре тамырынан да жақынбыз»²³⁶.

Бұл аятты кейбір жат ағым өкілдері айтқандай, егер тура мағынасында алатын болсақ, Алланың орналасуы біз үшін күре тамырымыздан да жақын болмақ және білу керек жайт. «Алла барлық жерде» деген сенім ол Матуриди, Ашғари ақидаларынан емес. Бұл ұстанымды Мұғтазилиттер ағымы ұстанған. Байхақи «Иғтиқад» кітабында: «Алла барлық жерде деген ол мұғтазилиттердің ақидасы»²³⁷ деген. Бұл жайында имам Ашғаридің өзі «Мақалат» кітабында айтады.

Алла тағала Құран кәрімде:

يُدُّ اللَّهُ فَوْقَ أَيْدِيهِمْ

«Алланың иады олардың қолдарының үстінде» деген аяттағы «иад» тура аударғанда «қол» сөзін Ибн Касир: «Ол олармен бірге. Сөздерін естіп, мекендерін біледі. Тіпті, ішкі ниеттерін де. Алла тағаланың өзі пайғамбары арқылы олардың серттерін қабылдап тұр» деп ауыспалы мағынада тәпсірлеген. Егер кейбір жат ағым өкілдері секілді тура

²³⁴ «Мәриям» сүресі, 64-аят

²³⁵ Бағауидің тәпсірі

²³⁶ «Кәһф» сүресі, 16-аят

²³⁷ Бәйһақидың «Иғтиқад» кітабы

түсінсек «Алланың қолы олардың қолдарының үстінде» деген түсінік пайда болады.

Құранның мағынасы көмескі аяттарына мағына беру, үкім шығару үшін тілдік білім жеткіліксіз. Адам араб тілін жетік білуі мүмкін, бірақ бұл оның Құранға тәпсір жасауына жол бермейді. Мұндай жағдайларды біз алғашқы тәпсірлерге, әсіресе, сахабалардың тәпсіріне жүгінуіміз керек²³⁸, өйткені олар Құран түсу кезінде пайғамбармен (с.а.у.) бірге болған, түсінбеген жерлерін сұрап отырған.

Атақты сахабалардың ішінде Абдулла Ибн Аббас Құранды түсінуде басқа сахабаларға қарағанда бір қадам ілгері тұрған. Осы орайда Пайғамбарымыз (с.а.у.) Ибн Аббасқа былай дұға жасаған:

اللَّهُمَّ فَفِّهْهُ فِي الدِّينِ وَعَلِّمْنِهُ التَّأْوِيلَ

«Алла тағала оған дін ілімін беріп, тәуилді²³⁹ үйрет»²⁴⁰.

Бұл Құран аяттарына мүлдем тәуил жасауға қарсы топтарға салмақты дәлел. Әрине, Құранның кез келген аяттары тәуилге салынбайды, тек мағынасы көмескі болған аяттарға Алланың сипаттарына кемшілік тудырмайтындай тәуил жасалынады. Бұл қадамға барудағы негізгі себеп – қарапайым мұсылмандардың санасынан тәжсим²⁴¹ сенімінен алыстату. Осы тұста атақты сахабалардың және басқа да сәләф ғалымдарының Құранның кейбір муташибих аяттарына тәуил жасағанын мысалға келтіруге болады:

1. Алла тағала Құран кәрімде:

²³⁸ Құранның әрбір аятына бұған сахабалар не деген деп айту орынсыз, өйткені сахабалар кезеңінде Құран түсінігі табиғи болғандықтан барлық аяттарда түсіндірме бермеген.

²³⁹ Ризабек Батталұлының «Ақида сабақтары» кітабында келгендей «Тәуил» аят пен хадисте келген мағынасы ұқсас сөздерді Алла тағалаға лайық мағынада астарлап түсіну. «Тәуил» екі түрлі болады. Бірінші «тәуил ижмалий» яғни мағынасы ұқсас аят пен хадисте бір мағына бар деп астарлы түрде жалпылама түсіндіру. Екінші «тәуил тафсыйли» яғни аят пен хадисте келген мағынасы ұқсас сөздерге Алла тағалаға лайық болған белгілі бір мағына тағайындап қолдануды айтады.

²⁴⁰ Ибн Хиббан сахих хадистер жинағы

²⁴¹ Аллаға денелік сипат беру

يَوْمَ يُكْشَفُ عَنْ سَاقٍ وَيُدْعَوْنَ إِلَى السُّجُودِ فَلَا يَسْتَطِيعُونَ

«Қиямет күні балтыр (шындық) ашылады. Олар сәждеге шақырылады, сәжде қыла алмайды»²⁴².

Бұл жердегі «сақ» сөзі араб тілінен балтыр деп аударылады. Егер тура мағынасын алатын болсақ, «сол күні балтыр ашылады».

Тәпсіршілердің имамы атанған Табари бұл жайында: «Сахабалар мен табиғиндерден болған бір топ ғалымдар тәуил иелері жоғарыдағы «сақ» сөзін «қатты қиын жағдай» деп тәпсірлеген²⁴³. Аяттың мағынасы: қиямет күні кәпірлер үшін өте ауыр күн келеді, сол күні олар өздерінің жазаларын тартады.

Жоғарыдағы «сақ» сөзін қатты қиын жағдай деп мағына берген сахабалардың ішінде тәфсірші ғалым Ибн Аббас, одан кейін атақты табиғин ғалымдары Мужаһид, Қатада да аталған сөзді қиындық деп түсіндірме берген. Бұл жайында Табаридың кітабында келген.

2. Сол секілді аят «әл-Күрсідегі» «күрсі» сөзін Ибн Аббас Алланың ілімі деп тәпсір жасаған²⁴⁴.

3. Фәжр сүресіндегі وَجَاءَ رَبُّكَ وَالْمَلَكُ صَفًّا صَفًّا «жә ә Раббука», тура аударғанда «Раббың келді» сөзін Нәсәфидің тәпсірінде келгендей Ибн Аббас Алланың әмірі Алланың үкімі деп түсіндірген.

4. «Нұр» сүресіндегі {اللَّهُ نُورُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ} (Алла – көктер мен жердің нұры.)²⁴⁵. Бұл аятты Табаридың тәпсірінде келгендей атақты сахаба ибн Аббас аспан мен жердегілерді (жаратылғандарды) тура жолға бастаушысы деп тәуил жасаған.

5. Алла тағала Құран кәрімде:

وَالسَّمَاءَ بَنَيْنَاهَا بِأَيْدٍ وَإِنَّا لَمُوسِعُونَ

²⁴² «Қалам» сүресі, 42-аят

²⁴³ Әл-Хафиз ибн Жарир әт-Табаридің тәпсірі

²⁴⁴ Әл-Хафиз ибн Жарир әт-Табаридің тәпсірі

²⁴⁵ «Нұр» сүресі, 35-аят

«Аспанды құдіретімізбен жасадық. Шын мәнінде күшіміз жетеді»²⁴⁶.

Бұл жердегі (بَائِدٍ) «биайдин» деген сөзді қазіргі кездегі өздерін сәләфпыз дейтін жатағым өкілдері қол деп түсіндірсе, Ибн Касирдің, Қуртубидің, Табаридың тафсирлерінде²⁴⁷ Ибн Аббастың, Қатаданың, Мужахидтің «құдірет, қуат» деп тәпсір жасағанын жеткізеді.

6. Алла тағала Құран кәрімде:

وَيَبْقَى وَجْهُ رَبِّكَ ذُو الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ

«Ұлы дәрежеге ие әрі жомарт Раббың өзі ғана қалады»²⁴⁸.

Атақты тәпсір ғалымы Қуртуби бұл жердегі «уәжһ» сөзін қазіргі кездегі кейбір жат ағымдар секілді жүзі деп тәпсір қылмайды. Алланы Өзі деп тәпсір жасаған бұған ол атақты сахаба Ибн Аббастың тәпсірін мысалға келтірген.

7. Имам Байхақидан жеткен хабар бойынша Бұхари Аллаға қатысты «күлуге» орай хадисті Алланың мейірімі, рақымы деп түсіндіреді. Ал жат ағым өкілдері болса, бұл хадисті тура түсіну керек деген ұстанымда.

8. Имам Нәуауи Пайғамбарымыздың (с.а.у.) «Алла тағала күндіз күнә істегендердің тәубасын қабыл алу үшін түнде алақанын жаяды. Ал түнде күнә жасағандардың тәубасын қабыл алу үшін күндіз алақанын жаяды. Бұл жағдай күннің батысынан шығатын уақытқа (қияметке) дейін жалғасады» деген хадисіндегі «күнә жасаған құлдарының тәубаларын қабыл алу үшін Алла тағаланың алақан жаюын» былай деп түсіндіреді: «Тәубенің қабыл болуы белгілі уақытпен шектелмейді. Алла тағаланың алақан жаюы – тәубаның қабыл болуын білдіру үшін ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Әл-Мәзири былай деді: «Бұл жерде мұрат болған мағына – тәубаның қабыл болуы. Өйткені, арабтар бір нәрсеге риза болса, қабыл алғанының белгісі ретінде қолын ашады, ал ұнатпаса онда алақанын жұмады. Міне, сондықтан,

²⁴⁶ «Зарият» сүресі, 47-аят

²⁴⁷ Аталған кітаптар тәпсір саласында Исламның негізгі қайнар көзі болып табылады.

²⁴⁸ «Рахман» сүресі, 27-аяты

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл хадисте көзге көрінетін нәрсені мысал келтіру арқылы арабтардың түсінетін тәсілімен мұрат болған мағынаны білдіріп тұр. Яғни, бұл жерде сөздің ауыспалы мағынасы қолданылған, ағза ретіндегі қол Алла үшін мүлде мүмкін емес»²⁴⁹.

9. Имам Мәликтен жеткен хадис бойынша Алла түннің үшінші бөлігінде түседі дегенді Алланың рақымы, періштелері түседі деп түсіндіреді²⁵⁰, ал жат ағым өкілдері болса, Алланың өзі түседі деп түсіндіреді. Сонда басқа сұрақ туындайды, егер Алла олардың айтқанындай аспаннан жерге түсетін болса, түскен уақытында аршыны кім иелік етеді.

Ибн Аббастың Құранға тәуил жасауын ешқандай сахабалар теріске шығармаған.

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, сәләф ғалымдары Алланы сипаттаған кезде бір нәрсеге ұқсатудан, дене, пішін беруден, шектеуден аулақ болған. Алла тағаланың қолы бар, көзі бар деп айту Жаратушы үшін кемшілік болып табылады, өйткені бір нәрсеге мұқтаж болу жаратылғандардың сипаттарынан. Алла тағала Құран кәрімде Өзі жайлы былай деген:

لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ

«Еш нәрсе Ол сияқты емес»²⁵¹.

Осы тұрғыда Имам Әли:

سَيَرَجِعُ قَوْمٌ مِنْ هَذِهِ الْأُمَّةِ عِنْدَ اقْتِرَابِ السَّاعَةِ كُفْرًا

يُنْكِرُونَ خَالِقَهُمْ فَيَصِفُونَهُ بِالْجِسْمِ وَالْأَعْضَاءِ

«Бұл үмбеттен бір қауым қиямет жақындаған кезде Жаратушысын дене, пішінмен сипаттап кәпір болады»²⁵² деген.

Қазіргі кездегі кейбір жат ағым өкілдері өздерін «сәләфтардың жолындамыз» деп айтып Аллаға пішін

²⁴⁹ http://dinislam.kz/publ/a_ida_d_rys_pa_2/21-1-0-500

²⁵⁰ Имам Захаби Сияр кітабы

²⁵¹ «Шура» сүресі, 11-аят

²⁵² Ибн Муаллим әл Қурашидің «Наджму әл Мухтади уа ражму мухтади» кітабының 588 беті

беру, денемен сипаттауға қатысты ширк ойларын таратуға мүдделі. Осы орайда кейбір діннен бейхабар адамдар бұл шынайы жол екен деп, соларға еруде.

Осы тұрғыда Имам Тахауи: «Кімде-кім Алланы жаратылғандардың сипатымен сипаттайтын болса, күпір жасаған болады» дейді.

Алла тағала Құран кәрімде былай делінген:

فَإِنَّ اللَّهَ غَنِيٌّ عَنِ الْعَالَمِينَ

«Шын мәнінде Алла әлемдерге мұқтаж емес»²⁵³.

Егер біз Алланы мекенмен сипаттасақ, яғни, Ол аршы-да тақта отыр десек, оның белгілі бір ұзындығы, ені болуы тиіс болады, өйткені аспан жаратылған шегі бар нәрсе. Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзінің хадисінде:

كَانَ اللَّهُ وَلَمْ يَكُنْ شَيْءٌ غَيْرُهُ

«Алла болды және одан басқа еш нәрсе болған жоқ»²⁵⁴ дейді.

Бұл хадистің мағынасы Алла бүкіл жаратылысты, соның ішінде суды, жерді, аспанды, күрсіні, аршыны, адамды, жынды, періштелерді, уақытты, мекенді жаратпай тұрып, мекенсіз болған. Бұларды жаратпай тұрып, мекенге мұқтаж болмаған. Бір халден екінші халге ауысу немесе бір жағдайдан екінші жағдайға өзгеру ол Алла тағаланың сипаттарынан емес, ол жаратылғандардың сипаттарынан.

Имам Байхақидан жеткен хабар бойынша: Алла тағалаға мекен бермеу керектігін айтады, оны пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына сөзімен дәлелдейді:

«أَنْتَ الظَّاهِرُ فَلَيْسَ فَوْقَكَ شَيْءٌ وَأَنْتَ الْبَاطِنُ فَلَيْسَ دُونَكَ شَيْءٌ»

«Сен Заһирсің (Көрінуші) сенен жоғары ештеңе жоқ, Сен Батынсың (Жасырын) сенен басқа ешкім жоқ»²⁵⁵. Бұл Алланың мекенсіз екенінің дәлелі. Имам Әли осы турасында: «Мекен жоқ кезде Алла болды және Ол бұрынғы қалпынан

²⁵³ «Әли Имран» сүресі, 97-аят

²⁵⁴ Бұхари хадистер жинағы

²⁵⁵ Мұслим хадистер жинағы

өзгермеді»²⁵⁶. Басқа бір сөзінде: «Алла аршыны мекен үшін емес, құдіретін паш ету үшін жаратты» деген²⁵⁷.

Кейбір аспанда дейтін жат ағым өкілдері дұға жасағанда біз аспанға қарап жасаймыз, олай болса, Алла аспанда деп пайымдайды. Алайда мұсылмандар аспанға қол көтеріп, дұға жасаған секілді қағбаға қарап намаз оқиды, бұл Алла қағбада орналасқан деген сөз емес қой. Қолымызды жоғары көтеріп дұға жасағанымыз, Алланы ұлықтағанымыз.

Имам Абу Жаффар әт-Тахауи айтқандай: «Алла бүкіл жаратылғандар секілді алты жақтың біріне тәуелді емес».

Абай бір өлеңінде Алланың мекенсіздігін меңзеп былай деген:

«Мекен берген, халық қылған Ол Лә мәкан,

Түп иесін көксемей бола ма екен?

Және оған қайтпақсың оны ойламай,

Басқа мақсат ақылға тола ма екен?!»

Алланы аспанда дейтіндер өздерінің ұстанымына дәлел ретінде «хадис әл-Жария» күң хадисін мысалға келтіреді.

عَنْ مَعَاوِيَةَ بْنِ الْحَكَمِ السَّلْمِيِّ قَالَ: كَانَتْ لِي غَنَمٌ بَيْنَ أَحَدٍ وَالْجَوَانِيَةِ،

فِيهَا جَارِيَةٌ لِي. فَاطْلَعْتُهَا ذَاتَ يَوْمٍ فَإِذَا الدَّبْتُ قَدْ ذَهَبَ مِنْهَا بَشَاةٌ

وَأَنَا رَجُلٌ مِنْ بَنِي آدَمَ فَأَسْفُتُ فَضَكَّكْتُهَا فَأَتَيْتُ النَّبِيَّ فَذَكَرْتُ

ذَلِكَ لَهُ فَعَظُمَ ذَلِكَ عَلَيَّ، فَقُلْتُ: يَا رَسُولَ اللَّهِ، أَفَلَا أَعِقُّهَا. قَالَ:

«أَدْعُهَا» فَدَعَوْتُهَا. فَقَالَ لَهَا: أَتَيْنَ اللَّهَ؟ قَالَتْ: فِي السَّمَاءِ. قَالَ: مَنْ

أَنَا؟ قَالَتْ: أَنْتَ رَسُولُ اللَّهِ. «رواه مسلم وأبو داود والنسائي»

«Қойларымды Ұхұд пен әл-Жаууания таулары арасында жаятын бір күнім бар еді. Бір күні жайып жүрген қойларының біреуін қасқыр сүйреп бара жатқанын байқадым. Мен де адам баласымын ғой, ел секілді мен де ашуланып, қайғырамын. Әлгі күнімді бір қойдым. Содан соң Пайғамбарымыздың

(с.а.у.) жанына келдім. Болған оқиғаны айтып бергенімде, ол маған бұл істің үлкен күнә екенін айтты.

Мен: «Уа, Алланың Елшісі! Күңімді азат етейін бе?» – дедім. Маған: «Күңіңді алып келші», – деді. Сөйтіп, мен күңімді ертіп келдім. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған: «Алла қайда?» – деп еді, ол: «Фи сама²⁵⁸», – деп жауап берді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Мен кіммін?» – деді. Ол: «Сіз Алланың елшісісіз», – деп жауап берді²⁵⁹.

Бұл жерде Алла одан Алланың мекенін емес мәкәнасын яғни, ұлылығын сұрады, басқа бір риуаяттарда күңнің араб емес басқа ұлттан болғанын айтады, бұл оның жоғарыны меңзегенімен түсіндіріледі. Ал бұл хадистің дәрежесіне келетін болсақ, ахад яғни бір жолмен жеткен хадистер тобына жатады. Ахад жолмен жеткен хадис ақида мәселесінде дәлел бола алмайды. Сонымен қатар хадисті жинақтаушы Мүслим хадистер жинағында аталмыш хадисті «сенім, ақида бөліміне» емес «құл босату» бөліміне енгізген. Бұл хадистің ақида мәселесінде дәлел болмайтынының айқын дәлелі.

Алла тағала Құран кәрімде былай дейді:

وَكُلُّ شَيْءٍ عِنْدَهُ بِمِقْدَارٍ

«Оның жанында әр нәрсе өлшеулі»²⁶⁰.

Алла тағала әр нәрсені дәл есеппен өлшеулі қылып жаратқан. Яғни, оның бастауы бар, аяғы бар. Оның белгілі бір ауқымы бар, салмағы бар. Алла ол шексіз әрі мәңгілік. Егер біз Алланы еш нәрсеге ұқсамайды, шексіз деп иман келтірсек, қалай Оны біз шектеулі болған аспанға орналастырамыз. Әлбетте, қате сенім.

Көріп отырғанымыздай, алғашқы сәләф ғалымдар мағынасы бұлыңғыр, көмескі аяттарда көп талқыға бармаған, тек таңдаулыларына ғана түсіндірме бере алған. Олардың Құранды түсінуде абзал болуының себебі – Құран олардың тілдерінде түсті, хадистер оларға түсінікті тілде айтылды. Дегенмен, сахабалардың тәпсіршісі атанған Ибн

²⁵⁸ Жоғары болу, биік болу, аспан деген мағынаны білдіреді.

²⁵⁹ Мүслим хадистер жинағы №537

²⁶⁰ «Рағд» сүресі, 8-аят

Аббастан, табиғиндердің ұлы ғалымдары Қатада, Мужаһид, мухаддистердің имамы Бұхари және басқа да ұлы сәләф ғалымдары Құранның муташабиһ аяттарына тәпсір жасағаны көптеген кітаптарда риуаят етіледі.

Кейбір адамдар бұл тартыс кішігірім діни мәселе деп ойлауы мүмкін. Бірақ дер кезінде бұл ауруға балта шаппасақ қарапайым халықтың санасын улауы мүмкін. Бүгін олар Алланың қолы бар, көзі бар, жүзі бар деп шатасса, білімсіз адамдарды сол сенімге дағдыландырғаннан кейін одан бетер адасуға барады. Құран кәрімде былай деген:

وَقَالُوا لَا تَذَرُنَّ آلِهَتَكُمْ وَلَا تَذَرُنَّ وَدًّا وَلَا
شُوعَا وَلَا يَٰعُوثَ وَيَعْقُوبَ وَنَسْرًا

«Және олар: «Тәңірлеріңді тастамаңдар; Уад, Суағ, Яғұс, Яғұқ және Насырды әсте тастамаңдар» деседі»²⁶¹.

Нұх пайғамбардың кезінде Уад, Суағ, Яғұс, Яғұқ, Насыр есімді ізгі жандар өмір сүрген. Өлгеннен кейін де олардың есімі, өмірбаяны халық жадында мәңгі сақталды. Біраз уақыт өткеннен кейін әлгі қауымға шайтан уәсуаса жасап, қауымдарының мәжілістерінде оларға арнайы пұт жасап естелік ретінде қоятын болды. Ол кезде оған ешкім табынбаса да кейінгі келген ұрпақ Құдайға солар арқылы жақындаймыз деп табыну әрекеттері бастау алды. Бұл қиссадан алар ғибрат: қазіргі кездегі жат ағым өкілдерінің әрекетін нақты дәлелдермен тоқтатпасақ, кейінгі олардың ізбасарлары жоғарыдағы Құран аятында келген қауым секілді Алланы дәл адамша сипаттайтын топ пайда болуына апаруы мүмкін.

Адам бойында ақида дұрыс қалыптаспаса, жүрегі еш уақытта тыныш таппайды. Осының нәтижесінде жүрек ауруына душар болады. Әрдайым жүрегінде өзінің сеніміне деген күмән туындағандықтан басқаларға барып: «Алла аспанда», «Алланың қолы бар, көзі бар, аяғы бар» деп қыңыр пікірлерін алға тартады. Өзінің осы ұстанымын жұртқа жайғанмен көкейінде бәрібір сенімі орнықпайды.

²⁶¹ «Нұх» сүресі, 23-аят

Өйткені, олардың әуел баста ақида негіздері үмбетіміздің сәләфтарының жолына сәйкес келмеген, өздерінше дара жол ұстанған. Алла оларды тура жолға салсын.

УАХАБИЗМ АҒЫМЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Салафия немесе Уахабия термині Сауд Арабияда 18-ғасырдың аяғында бастау алған саяси діни қозғалысқа қатысты айтылады. Негізін қалаушы – Мухаммад ибн Абдул Уаххаб.

Толық аты-жөні Мухаммад ибн Абдул Уаххаб ибн Сулейман ибн Мухаммад ибн Ахмад ибн Рашид әл- Мушшарафи әт-Тамими. Нақты туған жылы белгісіз, шамамен 1703 жылы Нәдж аймағында Уайна деген қалашықта дүниеге келген. Әкесі Абдул Уаххаб Бану Тамим тайпасында атақты ғалым болған. Жас кезінде әкесінен Ахмад ибн Ханбалдың мазһабы бойынша фикһ ілімін оқыған. Ағасы Сулеймен де сол уақыттағы атақты ғалымдардың бірі еді. 12 жасында қажылыққа Мекке, Мәдинаға барып кейін үлкен ғалымдардан білім алып, ілімін шыңдайды.

Дегенмен, жастайынан өзі өмір сүрген қоғамда өзіне тән бұрыс жол ұстанады²⁶². Құран аяттарында, пәк сүннетте мүшріктер мен кәпірлерге қатысты келген аяттарды өздерінің пікірлерімен келіспеген мұсылмандарға таңып, оларға қарсы соғыс жариялап, мұсылмандардың қаны төгіліп, мал-мүліктері талан-таражға түседі²⁶³. Өз дағуатында келтірген Құран аяттары:

وَمَنْ أَضَلُّ مِمَّن يَدْعُو مِن دُونِ اللَّهِ مَن لَّا يَسْتَجِيبُ
لَهُ إِلَى يَوْمِ الْقِيَامَةِ وَهُمْ عَن دُعَائِهِمْ غَافِلُونَ

«Алладан өзге қияметке дейін өзіне жауап бере алмайтын біреуге табынғаннан кім залымырақ? Әрине, табынғандары олардың жалбарынуларынан хабарсыз»²⁶⁴.

²⁶² М. Сыддық Гүміштің «Ағылшын тыңшысының мойындаулары» кітабында Мухаммад ибн Абдулхубтың Британия мемлекетімен тығыз байланыста болғанын Осман империясын құлатуға негізгі қозғаушы күш болғаны жөнінде жазылған.

²⁶³ Юсуф Аррафағидің «насихату ихуанина улама надж» кітабы 17 бет

²⁶⁴ «Ахқаф» сүресі, 5-аят

وَلَا تَدْعُ مِنْ دُونِ اللَّهِ مَا لَا يَنْفَعُكَ وَلَا يَضُرُّكَ
 فَإِنْ فَعَلْتَ فَإِنَّكَ إِذَا مِنَ الظَّالِمِينَ^ط

**«Және де Алладан өзге саған пайда, зиян келтіре алмай-
 тын нәрселерге жалбарынба. Сонда егер оны істесең, онда
 күдіксіз сен залымдардан боларсың»²⁶⁵.**

Бұл әрекетімен ол сол кездегі Осман империясына қарсы шығады. Олардың сенімінше, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінде келген құтылушы топ тек солар ғана²⁶⁶. Осы соғыстардың нәтижесінде солтүстігі Дамаскіге, оңтүстігі Оманға жеткен бірінші Сауд Аравия мемлекеті құрылды. 1818 жылы Осман империясының бұйрығымен мемлекеттің тұтастығына сызат түсірген Сағд руы астанасы Дарғия қаласында Ибраһим Башаның басқаруымен болған Мысыр әскерімен талқандалды. Алайда, бұл мемлекет Абдул Азиз ибн Сағудттың басқаруымен (1902-1953 ж.) қайта құрылды²⁶⁷. Ол кезде мұсылман арасында тараған діни амалдарды Ислам негізіне керағар деп танып, солардың ішінде қабірлерге бару, тауассул, бидғаттың барлық түрін харамға шығарды. Ол өзіне ілескен адамдарға таза салафус салих уақытындағы кіршіксіз Исламға қайтамыз деп үгіттеген болатын²⁶⁸. Сол уақытқа дейін қалыптасқан төрт фикһ мазһабын мойындамай, ғалымдардың пікіріне емес тікелей Құран аяттары мен хадистерден алу керек деп шақырды.

²⁶⁵ «Юнус» сүресі, 106-аят

²⁶⁶ Хазіреті Ауф ибн Мәликтен (р.а.) жеткен риуаят бойынша хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Яһудилер жетпіс бір ағымға бөлінді. Олардың біреуі жаннатта, қалған жетпісі тозақта. Христиандар жетпіс екі ағымға бөлінді. Олардың біреуі жаннатта, қалған жетпісі бірі тозақта. Мұхаммедтің жаны қолында болған күдіретті Аллаға ант етемін, менің үмбетім жетпіс үш ағымға (фирқаға) бөлінеді. Солардың біреуі жаннатта, қалған жетпіс екісі тозақта». Сонда сахабалар: «Уа, Алланың елшісі! Олардың қайсысы жаннатта болады?» – деп сұрайды. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Сахабаларымның жолында болғандар», – деп жауап берген екен (Ибн Мәжа, Фитән бабы).

²⁶⁷ http://ar.wikipedia.org/wiki/%D8%B3%D9%84%D9%81%D9%8A%D8%A9_%D9%88%D9%87%D8%A7%D8%A8%D9%8A%D8%A9

²⁶⁸ <http://saaid.net/monawein/t/7-hm#3>

Аталмыш діни ағымның «Уахабизм» деп аталу себебі негізін қалаушы Мухаммад ибн Абдул Уаххабтың есімімен байланысты. Бұлай аталуына бұл ағымды ұстанушылар қарсы, өйткені олар өздерін саяси қозғалыс емес діни дағуат деп түсінеді²⁶⁹. Олардың пікірінше, Мухаммад ибн Абдул Уаххаб жеке мәзһаб ойлап шығармады, ол сахабалардың төрт имамның ұстанған жолы Құран жолы мен пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннетін ұстанады деп сенеді. Олар өздерін «салафилер» немесе «Ахлус сунна уәл жамаға» деп атағанды қалайды. Бұлай аталумен олар басқа мәзһаб ұстанушы топтардан өздерін ерекшелегісі келеді. Өйткені олардың мұсылмандарға қоятын сұрақтарының ішінде «сен әһлу сунна уәл жамағасың ба, әлде мазһаб ұстанасың ба?» деген сауал бар. Осылайша олар мазһаб ұстанатындарды әһлу сунна уәл жамаға шеңберінен алыстатқысы келеді.

Уахабизмнің пайда болу себептері мен олардың мақсаттарына келер болсақ, жария болған мақсат және жасырын құпия мақсат болып екіге бөлінеді. Жария жұрт аузындағы мақсаттары – Алланың бірлігіне, серік қосуға жоламауға, бидғат атаулыдан алыс болуға үндейді. Ал шынайы негізгі мақсаттары ол мұсылман үмбетінің ішіне ірткі салу, бір-біріне айдап салу, Исламның атына кір келтіру, батыстың айтқанына бағындыру, соларға тәуелді ету. Өйткені, әу баста Ислам жаулары мұсылмандармен бетпе-бет келіп, соғысуға шамалары келмейтін, талай жорықтарда жеңіліс тапқан. Пайғамбарымыз (с.а.у.) кезінен басталған күрес, Омаяттар, Аббаситтер, Аюбилер, Мамлюктер кезінде де жалғасты, сол ғасырларда бетпе-бет келген ірі соғыстардың ешбірінде мұсылмандарды жеңген емес. Ақырында мұсылмандармен соғысу әдісін ең соңғы Ислам империясы – Осман кезінде тапты. Мұсылмандардың ішінен ірткі салу. Сол кездегі араб жазирасының түгелімен Осман халифатының астында болғанын тілге тиек етіп, арабтардың ұлтшылдық намысын оятты. Сол уақытта Мухаммад ибн Абдул Уаххабтың керағар ұстанымы өте дәл сәйкес келген еді.

Өйткені, ол өзіне ермегендерді күпірлікке шығарудан тайсалмады.

Уахабия ағымының бүліктері жайында Мекке мен Мәдинада мүфтилік қызмет атқарған Шафиғи мазһабының ғалымы Ахмад ибн Зайни Дахлан (1816-1886ж) кеңінен баян етеді. Өзінің «Фитнатул Уахабия» яғни «Уахабилер бүлігі» деген кітабында Мухаммад ибн Абдул Уахабтың жастайынан тартысқа басқалардан өзгешелену мінезімен байқалған, тіпті әкесі Абдул Уахаб адамдарға оның адасуынан сақтану керектігін ескерткен.

Тағы бір кітабында ағасымен болған мына әңгімені мысалға келтіреді. Ағасы шейх Сүлейман: «Исламның неше негізі бар, Мухаммад?» – дейді. Ол: «Бесеу» дейді. Сүлейман: «Сенде ол алтау, алтыншысы кім, саған ермесе, ол мұсылман емес, алтыншы негізі осы», – деді²⁷⁰.

Сол уақыттағы ғалымдардың бірі Мухаммад ибн Абдул Уахабтан: «Сенің ойынша, Алла рамазанның түнінде неше адамды тозақтан босатады?» – деді. Ол оған: «Бір күнде Алла жүз мың адамды босады, ал ең соңғы түні бүкіл айда босатқан адамдай адамды босатады», – деді. Сол кезде анау адам «Саған ергендердің саны жаңағы аталған жамағаттың оннан бірінен де аз, сонда қалған мұсылмандар кімдер?» деп сұрады. Бұл сұрақ жауапсыз қалған болатын²⁷¹.

Бұл адам басқа сектанттар секілді өзінің жолына тартқанда, адамның білімсіздігіне жіті назар аударды. Ол өзінің тобын өркениеттен алыс шөлде өмір сүретін надан бәдауилерден²⁷² құрды. Ол сол кездегі білім орталықтары болып саналатын Каир, Басра, Куфа, Бағдадқа барып өзінің дағуатына шақырған жоқ. Ол Осман халифатын жек көретін, басқаруға ыңғайлы арнайы бәдауи топтардан жасақ құрды. Өйткені бәдауилер пайғамбарымыздың (с.а.у.) кезінен-ақ

²⁷⁰ Ахмад Зайни дахланның «Әддарар әссунния фиррад алал Уахабия» кітабының 104 беті.

²⁷¹ Ахмад Зайни дахланның «Әддарар әссунния фиррад алал Уахабия» кітабының 104 беті.

²⁷² Шөлде өмір сүретін көшпелі араб тайпалары

өздерінің тұйықтығымен, қаталдығымен ерекшеленетін. Алла тағала Құран кәрімде былай деуде:

الْأَعْرَابُ أَشَدُّ كُفْرًا وَنِفَاقًا وَأَجْدَرُ أَلَّا يَعْلَمُوا حُدُودَ
مَا أَنْزَلَ اللَّهُ عَلَى رَسُولِهِ ۗ وَاللَّهُ عَلِيمٌ حَكِيمٌ

«Бәдәуилер, қарсылық және екіжүзділік тұрғысынан қаттырақ. Сондай-ақ олар Алланың Елшісіне түсіргендерінің шегін білмеулеріне аса бейім. Алла толық білуші, аса дана»²⁷³.

Сол заманда бұл ағым жайлы білгендер аз болды. Ең бірінші қарсыласы әкесі Абдул Уаххаб және ағасы Сүлейман еді. Өзінің жолына шақырғанда, әкесі тірі кезде оған ешкім ермеді. ижра бойынша 1153 жылы әкесі өмірден өткеннен кейін өзінің дағуатын қайта жандандырды.

Туған бауыры Сүлейман ибн Абдул Уаххаб ағасы жайында былай деген:

«Қазір заман адамдары үлкен бәлеге бастарын тігуде. Құран аяттары мен хадистерді бұрмалап, оларға қарсы ой айтқандарды елемеуде. Кімде-кім оларға қарсы уәж айтатын болса, олар оны кәпірге шығарады. Олардың ижтихад жасаушы ғалымдардың ілімінің оннан бірі болмаса да көп надандар соның артынан ілескен, шын мәнінде бәріміз Аллаға қайтушымыз»²⁷⁴.

Уахабилер бүлігі кезеңінде өмір сүрген Ханафи ғалымдарының бірі Ибн Абидин (1784-1836) өзінің «Раддул Мухтар» кітабында уахабшыларға «заманымыздың хауариждері» деп анықтама берген. Ол өз сөзінде былай дейді:

«Әлидің (Алла оған разы болсын) кезінде оған қарсы шыққан өздерін ғана мұсылман көріп, өзгелерді кәпір санаған топты хауариждеп атайды. Сол секілді біздің заманымызда да Наджден шыққан Мухаммад ибн Абдул Уаххабтың ерушілері екі қасиетті жерге иелік етіп, өздерін шынайы мұсылман санап, оларға қарсы шыққандарды мүшріктерге

²⁷³ «Тәубә» сүресі, 97-аят.

²⁷⁴ Муххамад Шукри Алусидің «Тарих Надж» кітабы

теңеуде. Осылайша олар мұсылмандардың қанын төгіп, әһлу сунна ғалымдарын өлтіруге рұқсат берген»²⁷⁵.

Қазіргі Ислам ғалымдарының бірі Саиб Абдул Хамид өзінің «Уахабия фи суратиһа әл-хақиқия» (Уахабилердің шынайы бейнесі) атты кітабында олармен хауариждердің көптеген ұқсастықтары бар екенін санамалайды:

– Хауариждер үлкен күнә жасаған адамды кәпір десе, Уахабилер де адамды жасаған күнәсі үшін күпірлікке шығарған.²⁷⁶ Тарихшы Осман ибн Башар әл-Ханбали²⁷⁷ өзінің «әл-Мәжд фи тарих Нажд» кітабында Уахабшылардың Нажд аймағын бөліп-жармастан түгелдей кәпірге шығарғаны туралы дерек келтірген²⁷⁸.

– Хауариждер Ислам жерлерінде үлкен күнә жасалса, соғыс алаңы деп үкім беріп, соның нәтижесінде мал-мүліктерін талан-талажға салуға, қан төгуге жол береді. Сол секілді Уахабизм ағымы да мұсылмандардың кейбір әрекеттерін күпірлікке шығарып, сол үшін соғыс жариялады. Олар адамдарды пайғамбарымыздың (с.а.у.) зиратына барып, шапағат сұрағаны үшін күпірлікке шығарды.

– Ұқсас тұстарының бірі – діндегі қаталдық, оны біржақты түсінулерінде, пайғамбарымыз (с.а.у.) дінді жеңілдетуге шақырса, олар дінді тым қиын етіп көрсетеді. Бұл екі ағымға тән әрекеттер.

– Ибн Таймия айтқандай: «Хауариждер – діндегі ең алғашқы бидғат». Сол секілді Уаххабизм де діндегі ең соңғы бидғат.

– Хауариждер кәпірлерге, мүшріктерге қатысты аяттарды мұсылмандарға қолданса, уахабилер мұндай аяттарды мұсылман үмбетіне қолданған. Сахих хадисте Хауариждер, Уахабилер жайында келген хадисте былай делінген:

(إِنَّهُمْ أَنْطَلَقُوا إِلَى آيَاتِ نَزَلَتْ فِي الْكُفَّارِ، فَجَعَلُوهَا عَلَى الْمُؤْمِنِينَ).

²⁷⁵ Ибн Абидиннің «Раддул Мухтар» кітабы, <http://www.sunna.info/antiwahabies/lbnAbdeen2-hm>

²⁷⁶ Саиб Абдул Хамид «Уахабия фи суратиһа әл-хақиқия» кітабы

²⁷⁷ Уахабия ағымының тарихшысы 1780-1871 жылдары өмір сүрген

²⁷⁸ Осман ибн Башардың «әл-мәжд фи тарих Нажд» кітабының 42-беті, 1982 жылы Рияд қаласында шыққан.

«Олар кәпірлерге түскен аяттарды алып, мұсылмандарға қатысты амал істеген».

Мұхаммад ибн Абдул Уаххаб қауым арасында өзінің жолын бейбіт түрде жая алмағандықтан дағуатын күштеп жүргізуге саяси күшті қажет етті. Сол себепті, ежелден билікті аңсаған Сағуд тайпасымен келісімге келді. Өйткені бұл жерде екі жаққа бірдей пайда болды. Мухаммад Абдул Уаххаб үшін ол қуат көзі болса, Сағуд үшін олардың діни әрекеттерін шариғат тұрғысында заңды қылатын діни көсем болды.

Өзара мәміле нәтижесінде келесі келісімдерге қол жеткізді. Ол келісім бойынша Әл-Сағуд және оның ұрпақтары «Әмир әл-Мүминин», яғни мұсылмандардың әміршісі болу керек. Өз кезегінде Ибн Абдул Уаххаб және оның ұрпақтары дағуат имамы болу керек болды. Айта кететін жайт, бертінге дейін мүфтилік қызметке тек Мухаммад ибн Абдул Уаххабтың ұрпағы иелік етіп келген.

Ахмад ибн Зайни Дахланның кітабында жазған деректеріне сенсек, Уахабшылардың ең алғашқы соғысы 1804 жылы Тайф қаласына болған. Мекке мүфтиінің айтуынша, қалаға соғыспен кіргенде жалпы жас-кәріге қарамастан жаппай қырған. Тіпті мешіттерде құлшылық жасап жатқан адамдарға дейін қырғаны жайында өз кітабында келтірген²⁷⁹.

Сол секілді Ибраһим әр-Раауи әр-Рафағи Уахабшылардың соғыстарында қайтыс болған кейбір ғалымдардың тізімін келтірген, олар: Абдулла әз-Зауауи Шафиғи мазһабындағы Мекке муфтиі, шейх Абдулла Абул Хайр Мекке қазысы, шейх Сулейман ибн Мурад Тайф қазысы²⁸⁰.

Уахабшылардың негізгі белгілеріне тоқталатын болсақ:

1. Ақидадағы (сенімдегі) ауытқу. Олар Аллаға дене, пішін береді. Олардың мұсылман бауырының сенімін анықтау үшін ең бірінші сұрайтын сауалдары «Алла қайда?» Олар Алланы тақтың үстінде, аспанда орналасқан, түннің бір

²⁷⁹ Ахман ибн Зайни Дахлан «Хуласатул калам фи баян умараа биләдиль Харам» Каир, 297 бет.

²⁸⁰ Ибраһим әр-Раауи әр-Рафағи, «Рисаләтул Аурақ Бағдадия фи хуадис аннаждия» Түркия, 1976 ж 3-бет.

уақытында жерге түседі, оның қолы, аяғы, беті бар, адамға ұқсайды деп сенеді.

2. Адасуларының бірден-бір көрінісі сенім тұрғысында Ашғари, Матуриди ақидаларын адастыға шығарады. Кейбір пәтуаларда кәпір деген де үкім бергендер болған.

3. Суфизмнің барлық түрін жоққа шығарады.

4. Исламдағы мәзһабтарды мойындамайды, тек өздерінің ғалымдарына (Ибн Таймия, Ибн Абдул Уаххаб, Ибн Баз, Ибн Усаймин т.б.) шақырады.

5. Оларда ең маңызды болған мәселелердің бірі қабірлерге құран оқу, дұға жасау мақсатында зиярат қылумен күрес.

6. Тауасулдың кез-келген түрін жоққа шығару.

7. Олардың сенімі бойынша мұсылмандардың негізгі бөлігі: кәпірлер, мүшріктер, ақидада қателескендер, бидғатшылар. Алланың құтылған тобы тек өздері екеніне бек сенеді.

8. Олардың сыртқы келбетіндегі ерекшеліктер Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерінде келгендей тақырланған шаштар. Бұл алғашқы Уахабшыларда міндетті болған амалдардан еді.

9. Олардың пайда болу тарихынан тек мұсылмандармен күрес жүргізгенін байқайсыз. Еш уақытта жалпы мұсылмандардың мәселесін көтерген емес. Әлемдегі көптеген мұсылман мемлекеттерінде соғыстарды тоқтатуға өз үлестерін қоспады, керісінше басқыншы мемлекеттерге қолдау көрсеткені баршаға мәлім.

Аһлу әс-Сунна ғалымдарының Уахабшылар жайында айтқандары:

Атақты ғалым шейх Жамил Сыдқи аз-Захауи (1279-1354 ж.һ.) өзінің «әл-Фаджр ас-садық» кітабында былай деді:

«Уаххабшылар деп Мухаммад ибн Абдул Уаххабқа еруші топқа (секта) айтылады. Өзінің дағуатымен һижри жыл санауы бойынша 1143 жылы (1730 ж.) белгілі болды. Елу жасқа толғанда өзінің дағуатын ашық түрде жариялай бастады. Өзінің жалған жолына шақыруды Нажд аймағынан бастады. Оны Дарифия аймағының басшысы Мухаммад ибн Сауд

қолдап, біртіндеп араб шөлінде орналасқан тайпаларға тарала бастады. Өзіне ергендерге ол: «Мен сендерді тек бір Құдайға және ширк атаулының барлығын тастауға шақырам», – деді. Жалған дағуатқа ерушілер көп болды. Біртіндеп ол басқа да жерлерді күшпен қаратып алды²⁸¹.

19-ғасырдағы атақты Ханафи мәзһабы ғалымдарының бірі Пайғамбарымыз (с.а.у.) Фатима қызынан тараған ұрпағы имам Абидин (1784-1836 ж) өзінің **«Раддул Мухтар»** кітабына Мухаммад ибн Абдул Уаххабқа ерушілер жайында былай дейді:

Ерекше тоқталатын нәрсе, заманымыздағы Мухаммад ибн Абдул Уаххабтың соңынан ерушілер бүгінгі күннің харижиттері, олар пайғамбарымыздың (с.а.у.) сахабаларын көпірге шығарған. Бірақ бұл харижит деп аталуға себеп болатын шарт емес. Бұл атау Әлиге (Алла оған разы болсын) қарсы шыққандығымен түсіндіріледі. Харижит деп аталу үшін өздеріне ермегендерді көпірге шығарғандығы жеткілікті. Бұл біздің заманда Наждден шыққан Мухаммад ибн Абдул Уаххабтың соңына ерушілері де солай жасады. Олар Мекке мен Мәдинаға үстемдік қылып, үкім жүргізді. Олар өздерін Ханбали мәзһабына жатқызғанымен, тек өздерін ғана мұсылман деп, қарсы келгендерді мүшрік деп санаған. Сол себепті олар шариғи тұрғыда аһлу суннаны және олардың ғалымдарын өлтіруге рұқсат берген. Бұл Алланың қалауымен хижра бойынша 1233 жылы мұсылман әскерінің оларды тас-талқан еткеніне дейін жалғасты²⁸².

Малики мәзһабының атақты ғалымдарының бірі – имам Ахмад ас-Сауи әл-Мәлики (1761-1825 ж.) өзінің «Тафсир әл-Жәләләйн» кітабында Құрандағы мына аятты келтіреді:

إِنَّ الشَّيْطَانَ لَكُمْ عَدُوٌّ فَاتَّخِذُوهُ عَدُوًّا إِنَّمَا يَدْعُو
حِزْبَهُ لِيَكُونُوا مِنْ أَصْحَابِ السَّعِيرِ

²⁸¹ Жамил Сыдқи аз-Захауи, «әл-Фаджр ас-садық» кітабы 16-бет

²⁸² «Раддул Мухтар» 4-том, 262 бет

«Шәксіз, сендерге шайтан – дұшпан. Сондықтан сендер де оны дұшпан тұтыңдар. Шын мәнінде шайтан өз тобын тозақтықтардан болуға шақырады»²⁸³.

Харижиттерге қатысты түскені айтылған. Құран мен сүннетті өздерінің қалауынша түсіндіріп өзгерткен. Осы қате ұстанымға сүйене отырып, мұсылмандардың қанын, мал-мүлкін талан-таражға салуға жол береді. Дәл осы көріністі олардың жолымен жүрген Хижаздан²⁸⁴ «Уаххабшылар» деп аталатын ағымдардан байқауға болады. Олар өздерін тура жолдамыз деп пайымдағанымен шын мәнінде олар жалғаншылар. Оларды шайтан билеп, өздеріне Алланы еске алуды ұмыттырды. Олар шайтанның тобы. Байқаңдар! Расында шайтанның жамағаты солар; зиян тартушылар²⁸⁵. Алладан оларды құрдымға ұшырауын сұраймыз.²⁸⁶

Уақытында Меккеде мүфти болған Ханбали мәзһабының ғалымы шейх Мухаммад ибн Абдулла ән-Нажди (1878 жылы қайтыс болған) өзінің атақты «Әс-Сухуб әл-Уәбиля әля дара-их әл-ханабиля» кітабында Мухаммад ибн Абдул Уаххабтың әкесі жайында былай деп жазады.

«Ол яғни Абдул Уаххаб ибн Сулейман жоғарыдағы жалған дағуат иесі Мухаммадтың әкесі. Бірақ әкесі мен баласының арасында үлкен айырмашылық болды. Ол өзінің дағуатын тек әкесі Абдул Уаххаб қайтыс болғаннан кейін ғана бастады. Ғалымдардан маған жеткен хабар бойынша әкесі Абдул Уаххаб өзінің баласы Мухаммадтан көңілі қалғанын жеткізген, өйткені ол замандастарынан бөлініп, фиһқ ілімін оқымаған. Сол уақыттағы адамдарға баласы Мухаммадтан көптеген жаманшылық көретінін айтып кеткен».

Сол секілді оның туған бауыры шейх Сулеймен де оның жалған дағуатына Құран аяттарымен, хадис, сахабалардың ұстанымдарымен дәлелдер келтіріп, дағуатын қатеге шығарды. Сулейман өзінің бауыры Мухаммадтың ұстанымын қателікке шығарып жазған еңбегін «Фаслул Хитаб фи рад-

²⁸³ «Фатыр» сүресі, 6-аят.

²⁸⁴ Араб түбегіне айтылады

²⁸⁵ «Мүжәдәлә» сүресі, 19-аят.

²⁸⁶ Ахмад әс-Сауи, «Хашия әс-Сауи әлә әл-Джалалайн», 3 том, 255 б.

ди әлә Мухаммадин ибн Абдул Уаххаб» (Мухаммад ибн Абдул Уаххабқа жауап беруде соңғы сөз) деп атады. Мухаммад ибн Абдул Уаххаб өзінің заманындағы, оған дейінгі ғалымдардың сөзіне құлақ аспайтын. Тек Ибн Таймия мен оның шәкірті Ибн Қайымның ғана сөздерін алатын. Егер кімде-кім одан (Мухаммад) алыстап, оған қарсы шыққан болса, оны ашық түрде өлтірмей, оған қарсы шыққаны үшін тәкфир деген ұстаныммен біреуді жіберіп, түнде төсегінде немесе базарда өлтіргізетін»²⁸⁷.

Уаххабизм – теріс пиғылды идеология, олардың ұстанымы, олардың Ислам үмбетіне қауып-қатері жайында көптеген кітаптар жазылған. Қателіктері – адасулары айқын дәлелденген. Дегенмен, әлі күнге дейін қоғамның сауатсыз бөлігін адастырудан бір сәт тоқтаған емес.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) Алладан берілген ілімінің арқасында мұсылман қауымына бұл нәубеттен сақтануды ескерткен болатын. Өзінің мүбәрак хадисінде Алланың елшісі Нажд аймағынан шығатын, бүлікші шайтанның әскерінен болған Мухаммад ибн Абдул Уаххабтың тобы жайында сипаттаған. Аталған хадис Алланың кітабынан кейін ең сенімді кітап болған «Сахих Бұхари» хадистер жинағында келген:

حَدَّثَنَا عَلِيُّ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ، حَدَّثَنَا أَرْهَرُ بْنُ سَعْدٍ، عَنِ ابْنِ عَوْنٍ، عَنْ نَافِعٍ،
عَنِ ابْنِ عُمَرَ، قَالَ ذَكَرَ النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ «اللَّهُمَّ بَارِكْ لَنَا فِي
شَأْمِنَا، اللَّهُمَّ بَارِكْ لَنَا فِي يَمَنِنَا». قَالُوا وَفِي نَجْدِنَا. قَالَ «اللَّهُمَّ بَارِكْ
لَنَا فِي شَأْمِنَا، اللَّهُمَّ بَارِكْ لَنَا فِي يَمَنِنَا». قَالُوا يَا رَسُولَ اللَّهِ وَفِي نَجْدِنَا
فَأُظِنَّهُ قَالَ فِي الثَّالِثَةِ «هُنَاكَ الزَّلَازِلُ وَالْفِتَنُ، وَبِهَا يُطْلَعُ قَرْنُ الشَّيْطَانِ».

«Алла елшісіне (с.а.у.) Шам (Сирия, Йордания және т.с.с.), Йемен, Нежд өлкелерінен адамдар келіп, дұға жасауын тіледі, Алланың елшісі (с.а.у.) айтты: «О Аллам, Шамды берекеге бөлей көр, О Аллам, Йеменді берекеге бөлей көр! Адам-

²⁸⁷ Мухаммад ибн Абдолла ән-Наждидің «Әс-Сухуб әл-уәбиля әля дараих әл-ханабиля» кітабы

дар айтты: «О, Алланың елшісі, біздің Наджке ше?» Үшінші айтқаннан кейін пайғамбар (с.а.у.): «Жоқ, онда (Наджде) жер сілкіністері, сынақтар, бүліктер болады, онда шайтанның мүйізі пайда болады»²⁸⁸.

Басқа бір хадисте:

النَّبِيُّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَنَّهُ قَامَ إِلَى جَنْبِ الْمِنْبَرِ فَقَالَ « الْفِتْنَةُ هَا هُنَا الْفِتْنَةُ هَا هُنَا مِنْ حَيْثُ يَطْلُعُ قَرْنُ الشَّيْطَانِ » .

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) мінбердің жанында тұрып, (шығыс жақты меңзеп) айтты: «Бүлік осы жақтан! Бүлік осы жақтан! Сол жақтан шайтанның мүйізі пайда болады»²⁸⁹.

Баршаға белгілі, Надж – Сауд Арабиясы аймақтарының бірі. Тілдік мағынасы: «Надж: ол жерден биік тұрған нәрсе»²⁹⁰.

Алайда көптеген Уахабия жолын ұстанатын тұлғалар бұл хадистегі Надж аймағын Мәдина қаласындағы Надж аймағына қатысы жоқ екенін дәлелдеуге тырысады. Олар сөздің тілдік мағынасын қолданып, Ирактағы Надж аймағы деп өздерінен бұл пікірді аластатады. Өйткені, «надж» сөзі жоғары биік деген мағыналарды білдіреді, олардың тұжырымы бойынша, Ирак Мәдина қаласынан биікте орналасқан, сол себепті бүліктің барлығы сол жерден шығады деген ұстанымға келеді. Бірақ бұл жерде тек Ирак қана жоғары орналаспағанын атап өткен жөн.

Уахабшылардың ұстанымдары бойынша, Нажд ол Сауд Арабиядағы Нажд емес, басқа Нажд аймақтары, сондай-ақ атау мағынасында емес, тілдік жоғары орналасқан деген ұстанымдарға тоқталады. Бұл хадистің Сауд Арабиядағы Нажд аймағына қатысты айтылғаны дәлелденсе, өздерінің негіздеріне балта шапқандай болады.

Осы мәселеге кеңірек тоқталсақ:

1. Ұлық хадисте келгендей пайғамбарымызға (с.а.у.) Шамнан, Йеменнен, Наждтен мұсылмандар келіп, дұға жасауын сұрағаны жөнінде айтылған. Хадис жалғаса келе Нажд

²⁸⁸ Бұхари хадистер жинағы, №7183

²⁸⁹ Бұхари хадистер жинағы, №7092

²⁹⁰ Фатх әл-Бари, 13 т, 51 бет.

аймағынан келген адамдар пайғамбарымыздан (с.а.у.): «Уа, Алланың елшісі, ал біздің Нажд ше?» Егер «надж» сөзі кейбір адамдардың айтқанындай жоғары жерге қатысты қолданған болса, Шам, Йемен деген жер атауларынан кейін «ал біздің жоғары жер ше» деп, айтылмас еді. Сол себепті оның алдында келген Шам, Йемен жер атаулары болса, Нажд те жер атауы болмақ.

2. Сол секілді бұл хадисті Нажд аймағына қатысты етіп қабылдағысы келмейтіндер Нажд есімдес көптеген аймақтар болған деген ұстанымды алға тартады. Мүмкін ондай жер атаулары болуы мүмкін, дегенмен Нажд деп аталғанда Мәдинаның шығысында орналасқан Наждті мақсат етеді. Өйткені, Наждке ешқандай қосымшасыз айтылған. Мысалы, ешбір қосымшасыз Әл- Фараби делінсе, атақты Ислам философы Әбу Насыр Әл-Фарабиді меңзейді. Алайда, Әл-Фарабилік басқа да ғалымдар болған. Егер оларды мысалға келтірген жағдайда толық аты-жөнін айтып келтірер еді, бірақ хадисте олай келмеген. Егер Нажд сөзі уахабшылар айтқандай көптеген жерлерге қаратыла айтылды десек, хадисте келгендей, «біздің Нажд» деп сұрамас еді, ол нақты қай Нажд екенін айтар еді. Сол секілді пайғамбарымыз (с.а.у.) да істің мәнісіне жетпей «онда шайтанның мүйізі шығады» деп бекітпес еді. Сол үшін бұл Нажд баршаға мәлім Сауд Арабиясында орналасқан Нажд аймағы.


3. Хадисте Нажд сөзін нақтылап шегелеп айтқан және ондай жердің Араб түбегінде орналасқаны да анық. Хадисте анық келген «ал біздің Нажд ше» деп, яғни пұтқа табынатындардың Нажді емес, мұсылмандардың Нажді. Өйткені ол уақытта баршаға мәлім Ирак аймағы мұсылмандардың қарамағына өтпеген. Мұсылмандардың халифатына тек Омардың халифатының кезінде кірген. Сол үшін біздің Нажд деп Араб түбегіндегі Нажді мақсат етіледі, Ирактағы Нажд емес.

4. Сол секілді Ирак пен Нажд аймағының жер құрылымының ерекшелігін салыстыратын болсақ, Ирак аймағы теңіз бетінен 200 метр биік, ал Нажд болса, теңіз бетінен 1000 метр биіктікте орналасқан. Сол себепті

Нажд деп тілдік жағын да алатын болсақ, қазіргі Мәдина қаласының шығысында орналасқан аймақ меңзеледі.

5. Жалпыға мәлім заңдылықтарға сәйкес ешбір нақты дәлел болмаса, сөздің тура мағынасынан ауыспалы мағынасына ауысуға болмайды. Сол себепті, Нажд деп айтылса, Иракты емес, Араб түбегінде орналасқан Наждті мақсат етеді.

6. Хадистің Ирак жеріне қатысты емес екеніне ең салмақты дәлелдердің бірі хадистерде фитналардың шығыстан болатыны жайында көп айтылады. Кез келген әлемдік картамен жұмыс істей алатын адам картаға зер салатын болса, Ирак Мәдина қаласының солтүстігінде орналасқан. Ал Нажд қаласы нақты хадистерде меңзелген шығыс аймағында орналасқан. Бұл тұжырымның растығын төмендегі картадан көре аласыз.



7. Уахабшылар бұл хадистің өздеріне қатысты емес екеніне тағы бір дәлел ретінде хадисте келген зілзалалар Араб түбегінде болмайтынын алға тартады. Бұл тұжырымдар екі себепті дәлелге жатпайды: Бірінші: Сафи әр-Рахман әл-Мубаракфури өзінің Тирмизи хадистер жинағына жасалған «Тухфатул ахуази» атты түсіндірме кітабында осы хадисті талдай келе сілкіністер тек материалды ғана емес, рухани да болатынын айтады, яғни жүрек сілкінісі, адамдар жасайтын сілкіністер²⁹¹. Екіншіден, Әбу әл-Хасан Әли ибн Халафтың «Шарх Ибн Баттал» кітабында Омардың кезінде жер сілкіністері болғанын келтіреді²⁹².

Қорыта келе, «қарну аш-шайтан» шайтанның мүйізі деп аталған бұл хадис Мәдинаның шығысында орналасқан Нажд аймағында болатын үлкен бүлік жайында айтып, оның сипаттарына тоқталған.

Кез келген жануардың мүйізі бірінші кезекте оның қорғаныс құралы ретінде қызмет атқарады. Кезінде шайтанның қаруы болған аталмыш ағым қазіргі уақытта да неше алуан қатерлі вирустар таратып, мұсылмандардың санасын улауда. Алла ауру атаулыдан сақтасын, әсіресе рухани кеселдерден алыс қылсын!

²⁹¹ Сафи әр-Рахман әл-Мубаракфуридiң Тирмизи хадистер жинағына жасалған «Тухфатул ахуази» кітабының 9-т, 403 бет.

²⁹² Абул Хасан Али ибн Халафтың «Шарх Ибн Баттал» кітабы 5 т, 23 б.

ХАРИЖИЛЕР

Харижи – Исламда ең алғаш пайда болған діни адасқан ағым. Бұл ағымға ерушілер қазіргі уақытта кейбір араб мемлекеттерінде кездескенмен, олар саяси немесе діни ағым ретінде өз күшін жойған. Дегенмен, тарихта аттары қалған. Аты қалса да, заты жойылмаған ағымдар жайлы білу діни тұрақтылықты ізгі тұтқан кез келген мұсылман пендесі үшін қажетті мәлімет.

Бұл ағым тарихы хазіреті Әли дәуірінде Сыффин соғысынан кейін Мағауиямен «тахкимді» (келісім) қабыл еткені үшін үлкен күнә жасады деп күпірлікпен айыптаудан басталады. Ақырында, олар Әлидің әскерінен шығып, өздеріне харижиттер (бөлініп шығушылар) деген атаудың таңылуына себеп болды. Олар бұл атауды қабылдағанмен, басқаша түсініктеме береді. Олар Құран кәрімнің мына аятын дәлелге келтіреді:

وَمَنْ يَخْرُجْ مِنْ بَيْتِهِ مُهَاجِرًا إِلَى اللَّهِ وَرَسُولِهِ ثُمَّ يُدْرِكُهُ الْمَوْتُ فَقَدْ وَقَعَ أَجْرُهُ عَلَى اللَّهِ

«Сондай-ақ біреу үйінен Аллаға, Пайғамбарға бола шықса да, оған өлім жетсе, сонда оның бодауы Алланың өзіне тән болады»²⁹³.

Осы аятты дәлелге алып, Алла разылығы үшін отбасыларын тастап жиһадқа шықтық деп пайымдайды.

Бұл ағымның басқа да аттары болғанымен (Шурат, Харурия) харижи көпше түрі хауариждер деген атпен көбірек танымал.

Олардың сипаттары жайында Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мүбәрак хадистерінде он шақты жерде келген:

يَخْرُجُ مِنْهُ قَوْمٌ يَقْرَأُونَ الْقُرْآنَ، لَا يَجَاوِزُ تَرَاقِيهِمْ،

²⁹³ «Ниса» сүресі 100 аят

يَمْرُقُونَ مِنَ الْإِسْلَامِ مُرُوقِ السَّهْمِ مِنَ الرَّمِيَةِ.

«Олардан бір қауым шығады, Құран оқиды, алайда оны толық түсінбейді, жебеден шыққан садақ оғы секілді Исламнан тез шығады»²⁹⁴.

Басқа бір хадисте:

رَوَى الْإِمَامُ الْبُخَارِيُّ فِي صَحِيحِهِ عَنِ الصَّحَابِيِّ الْجَلِيلِ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ أَنَّهُ قَالَ: بَيْنَمَا نَحْنُ عِنْدَ رَسُولِ اللَّهِ وَهُوَ يَقْسِمُ قَسْمًا - أَيْ يَقْسِمُ مَالًا -، إِذْ أَتَاهُ ذُو الْخُوَيْصَرَةِ، وَهُوَ رَجُلٌ مِنْ بَنِي تَمِيمٍ، فَقَالَ: يَا رَسُولَ اللَّهِ اغْدِلْ! فَقَالَ: وَئِلكَ! وَمَنْ يَغْدِلْ إِذَا لَمْ أَغْدِلْ، قَدْ خَبْتُ وَخَسِرْتُ إِنْ لَمْ أَكُنْ أَغْدِلْ فَقَالَ غُمَزُ: يَا رَسُولَ اللَّهِ إِنْ لَمْ يَغْدِلْ لِي فِيهِ فَأَضْرِبْ غُنْفَةً؟ فَقَالَ: دَعُهُ، فَإِنْ لَهُ أَصْحَابًا يَحْفَرُ أَحَدُكُمْ صَلَاتُهُ مَعَ صَلَاتِهِمْ وَصِيَامُهُ مَعَ صِيَامِهِمْ - أَيْ مِنْ شِدَّةِ عِبَادَتِهِمْ -، يَفْرُقُونَ الْقُرْآنَ لَا يُجَاوِزُ تَرَاقِيهِمْ، يَمْرُقُونَ مِنَ الدِّينِ كَمَا يَمْرُقُ السَّهْمُ مِنَ الرَّمِيَةِ..

Имам Бұхари хадистер жинағында келген хабар бойынша Абу Сағид әл-Худри айтты:

Бірде пайғамбарымыз бөліс жасап жатқан кезде Бану Тамимнан болған Зу Хуайсара деген біреу келіп: «Әй, Алланың елшісі, әділдік жаса», – деді. Ол (с.а.у.) айтты: «Саған өкініш келсін, кім әділдік жасайды, егер мен әділдік жасамасам, қасіретте болып опық жер едім ғой, егер әділ болмасам». Сол кезде Омар: «Уа, Алланың елшісі, рұқсат бер мен оның басын алайын», – деді. Пайғамбар (с.а.у.): «Тиіспе, шын мәнінде оның намаз, оразада берік достары бар және Құран оқиды, алайда толық түсіне алмайды, жебеден шыққан оқ секілді діннен тез шығады», – деді²⁹⁵.

²⁹⁴ Бұхари хадистер жинағы

²⁹⁵ Бұхари хадистер жинағы

Шаһрстанидың «Миләл уә нихал» кітабында Хауариждер деп әр заманда бекітілген мұсылман басшыға қарсы шығатын қауымды айтады²⁹⁶.

Олардың Исламдағы ең алғаш рет ағым ретінде пайда болу тарихына оралар болсақ, көп ғалымдардың пайымдауынша Осман кезіне қатысы анықталады. Алайда жеке тұлға ретінде пайғамбарымыз (с.а.у.) кезінде де пайда болғаны келтіріледі. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бір жорықтарында соғыс олжаларын бөліске салған кезде Абдулла Зи әл-Хуайсара әт-Тамими жайында жоғарыда айтып өткенбіз. Бұл ең алғашқы Харижилік көрініс болғанымен ағым, топ ретінде байқалмады. Бұзақы топ ретінде Османның кезінде (Османның өлімінен кейін) пайда болғанымен саяси, діни мақсаттағы топ ретінде тек Әлидің кезінде күш алады. Жоғарыда айтылған Хуайсара алғашқыда Әлимен бірге болып, (Тахкимнен) Мағауиямен келісім жасағаннан кейін ауысқандығы риуаят етіледі, тіпті Әлиге «тәубе ет» деген де осы адам²⁹⁷ деген риуаят бар. Әлиден бөлінгеннен кейін Хуайсара топтың белсенді тұлғасы болғанымен әскерді Шабс ибн Рабиғи әт-Тамими, намазда Абдулла ибн әл-Кауи Яшқури басқарды. Олар тікелей басшылыққа қарсы келгеніне қарамастан Әли оларды бейбіт түрде тура жолға шақырады. Осы мақсатта Абдулла ибн Аббасты жіберді. Ол Хауариждердің Әлиден не себепті бөлінгенін сұрағанда үш себепті алға тартты:

Біріншіден, «тахкимді» (келісімді) қабыл етумен Алланың мына аятына қарсы шықты:

إِنَّ الْحُكْمَ إِلَّا لِلَّهِ

«Билік Аллаға ғана тән»²⁹⁸. Негізінде, соғысты Алланың үкімі байқалғанша жалғастыра беру керек еді. Олар болса адамдардың төрелігіне бойсұнды.

²⁹⁶ «Миләл уә нихал» 1 том, 114 бет.

²⁹⁷ «Дирасат ан фирақ фи тарих әл Мүслимин» Ахмад Мухаммад Ахмад Жали

²⁹⁸ «Әнғам» сүресі, 57-аят

Екіншіден, ол «Жамал» иелерімен соғысты, алайда олардың қашқандарын өлтірмеді, әрі соғыс олжаларын алмады. Егер олар мұсылман болғанда олармен соғысуға жол жоқ еді, ал егер кәпір болса, неге соңынан ілесіп өлтірмеді және соғыс олжаларын алмады.

Үшіншіден, ең ақырғы келісім барысында өзінің бойынан мұсылмандарға басшылық міндетін алып тастады, ал егер мұсылмандардың әміршісі болмаса, ол кәпірлердің әміршісі.

Ибн Аббас олардың Құран аяттарының мағынасын дұрыс түсінбегендіктерін айтып, «тахким» мәселесі үкімге жүгіну одан да маңыздылығы төмен әрекеттерге жүретіндігін айтып, Құран аятын мысалға келтірді:

وَإِنْ خِفْتُمْ شِقَاقَ بَيْنِهِمَا فَابْعَثُوا حَكَمًا مِّنْ أَهْلِهِ وَحَكَمًا مِّنْ أَهْلِهَا
 إِنْ يُرِيدَا إِصْلَاحًا يُوَفِّقِ اللَّهُ بَيْنَهُمَا^ف إِنْ اللَّهُ كَانَ عَلِيمًا خَبِيرًا

«Егер екеуінің арасының ашылуынан қауіптенсеңдер, еркектің ағайынынан бір төреші, әйелдің ағайынынан бір төреші жіберіңдер. Егер ол екеуі жарастыруды қаласа, Алла екеуінің арасын үйлестіреді. Күдіксіз Алла толық білуші, анық хабар алушы»²⁹⁹. Бұл аяттарда ерлі-зайыптыларды табыстыру үшін екі жақтан төрешілер тағайындауға болатынын көрсетеді. Ал егер кімде-кім төрешілікті жоққа шығарса, ол кәпір болады. Мұсылмандардың қаны төгілуіне жол бермеу үшін төрелікке жүгіну, ол ерлі-зайыптыларды табыстырудан да маңыздырақ.

Екінші мәселеге келетін болсақ, «Жамал» соғысында болғандардың арасында мұсылмандардың анасы Айша анамыз бар. Сонда Айша анамызға қастандық жасамақсыңдар ма? Егер ол біздің анамыз емес десеңдер күдіксіз діннен шығасыңдар, өйткені Алла тағала Құран Кәрімде былай деген:

النَّبِيُّ أَوْلَىٰ بِالْمُؤْمِنِينَ مِنْ أَنفُسِهِمْ^ط وَأَزْوَاجُهُ أُمَّهَاتُهُمْ^ف

«Пайғамбар мүміндерге өздерінен артық. Оның жұбайлары олардың аналары»³⁰⁰.

Үшінші мәселеге Әлидің өзінің тахкимде «мұсылмандардың әміршісі» деген атын алып тастауы, ол Әлиді сөгетін нәрсе емес. Одан да абзал жан бүкіл әлемнің сардары Мұхаммед (с.а.у.) Худайбия келісімінде мүшріктер Алланың елшісі деп жазудан бас тартқанда, Мұхаммад Абдулланың ұлы деп жазып, пайғамбарлығын өшірген. Пайғамбарлық әлбетте басшылықтан жоғары. Осы дәлелдерді келтіргеннен кейін Харижилердің біраз бөлігі дұрыс жолға қайтады³⁰¹. Хабарларда келгендей Ибн Аббас Хауариждермен болған сұхбатынан кейін халифа Әли «Олар екіжүзділер ме?» – деді. Ибн Аббас: «Жоқ, олардың жүзінде екіжүзділік белгі көрінбейді, жүздерінде сәжденің белгісін көрдім және олар Құран оқиды», – деді.

Олардың бүліктері Әлидің халифатынан кейін де Омаяттардың³⁰² кезеңінде де жалғасты, олардың атақты бесінші халифа атына лайық болған Омар ибн Абдул Әзиз кезеңінде Харижилерге қарсы күрестер жүргізіп, біраз жыл оларды басып отырды. Алайда, халифаттың көп аймақтарына тарап үлгерген Харижилер Аббаситтер³⁰³ кезеңінде әлемге өздерін паш етті. Аббасия халифаты алғашқы кезеңдерінен бастап, қиян-кескі соғыстар жүргізді, онда он мыңдаған

³⁰⁰ «Әхзаб» сүресі, 6-аят

³⁰¹ «Әл-фарқ байна әл- Фирақ» Әбдул Қаһир әл-Бағдади

³⁰² Омейя хилафаты – Араб халифатын билеген әулет (661 – 750). Негізін Меккедегі Құрайыш тайпасының Омейяд руынан шыққан І Муауия (т.ж.б. – 680) қалаған. Омейяд әулетінен шыққан халифтар мемлекет құрамына Солтүстік Африка, Пиреней түбегінің көп бөлігін, Орталық Азияны, Иран, Ауғанстан, Ирак, Кавказдың біраз жерлерін қосып алды.

³⁰³ Аббас әулеті (الخلافة العباسية; al-Khilāfah al-Abbāsīyah) – Араб халифатын билеген әулет (749-1258). Мұхаммед пайғамбардың немере ағасы Аббас бин Абдуль-Мутталибтен тараған. Мұхаммед ибн Әлидің ұлы Ибраһим жіберген өкіл Әбу Мүслим бастаған шииттік қозғалыс Омайяд әулетін тақтан тайдырған соң, Аббас әулеті үкімет басына келген. Аббас әулетінің алғашқы халифасы Әбу әл-Аббас әс-Саффах (750-754) болды. 762 жылы Аббас әулетінің астанасы Шамнан (Дамаск) Бағдадқа ауыстырылды. Аббас әулетінің мемлекеті әдебиеттерде, кейде «Бағдад халифаты» деп те аталады.

адамдар жазым болды³⁰⁴. Ол көтерілістердің ең ауқымдысы, Хорасан, Тунис, Сирия аймақтарында тұтанды.

Тарихшылар Харижилердің жиырмадан астам ағымдары болғанын айтады. Дегенмен олардың бөлінулері үлкен мәселелерде емес, фарғи (ұсақ) мәселелерде. Белгілі ағымдарын айтар болсақ, олар: әл-Махкамал Улә, әл-Әзариқа, ән-Наждат, ас-Сафария, әл-Ибадия. Бұлардың қазіргі заманда барлығы жойылып, тек Ибадия ағымы ғана өзін сақтап қала алды.

Ибадилер (араб: إِباضِيَّة) – Харижилердің орташа көзқарасты фракциясы саналатын сүнниттер мен шииттерге ұқсамайтын ағым. Нижри VII ғасырда пайда болып, негізін қалаған Абдуллаһ ибн Ибадтың есімімен аталған. Халифаттың билігіне қарсы шығып, өздерінің мемлекеттерін құрған (Солтүстік Африкадағы Ливия, Тунис жерінде). Оман мемлекетінің көп бөлігі Ибадилер. Алжир, Тунис, Ливия елдерінде, Занзибар аралында қолдаушылары бар.

Негізгі ұстанымдары:

1. Олардың ұстанымдарына қайшы келетін кез келген басқару жүйесі – кәпір жүйе.
2. Үлкен күнә жасағанды кәпірге шығару.
3. Муғтазилит ағымдары секілді Құранды жаратылған деп иман келтіреді.
4. Оларда иман ауызбен айту, жүрекпен бекіту, амалмен дәлелдеу.
5. Осман мен Әлиді (Алла оларға разы болсын) және оларды қолдағандарды кәпірге шығарады.
6. Кез келген адам егер әділдік орнатса, халифа басшы болуға лайық.
7. Зинақор адам жазаға тартылмайды.
8. Ер адамдарға жала жабу амалы жазаға тартылмайды.
9. Құран кәрімдегі «Юсуф» сүресін жоққа шығарады, олардың ойынша Құранда ғашықтар жыры келмеуі тиіс.
10. Етеккірі келген әйелге намаз оқуды міндеттейді.

Харижилердің сипаттарынан:

1. Орта жолды қабылдамайды, кез келген топ олармен бірге немесе оларға қарсы болу керек. Олардың кейбір ұстанымын қабылдап, кейбір ұстанымына қарсы болуға жол жоқ. Адам не жақсы, не жаман, басқаша айтқанда, адамның бойында жақсы қасиет пен жаман қасиет жиналуы әсте мүмкін емес.
2. Мінездерінде тұйықтық, қаталдық ерекше орын алады. Мұсылманның кейбір қателіктері үшін қатаң шешім қабылдап, оларды өлтіру олардың қанына сіңген сипат.
3. Өздерінің шешімдерінде ешбір атақты сахабалардың, ғалымдардың сөздеріне тоқталмайды. Түсінуі терең білімді қажет ететін Құран аяттарының көмескі аяттарын өздерінің түсінігінше пайымдайды.
4. Өз ұстанымдарында табанды, оларды өлім жазасы қайтарған емес. Өмірдің ләззаттарынан, дүние қуудан алыс.
5. Діндегі ұсақ-түйек мәселелерге ерекше көңіл бөліп, маңызды мәселелерге мән бермейді³⁰⁵.

Қорыта келе, аталмыш ағым алғашқы Ислам ғасырларында мұсылман мемлекетінде ойран салғанымен, негізі ақиқатқа сүйенбегендіктен ғасырлар бойы өз өміршеңдігін жойып, қазіргі уақытта тек аты ғана қалған. Бұл заманымыздағы діннің атын жамылушы ағымдардың ақыры ол тек уақыт еншісінде. Сол себепті, ортамызды ойраңдатып жүрген жат пиғылды ағымдардан алыс болайық. Хадисте келгендей «садақтан атылған жебедей діннен шығатындардан» болмайық. Әр нәрсені саралайық, салыстырайық, ой жүгіртейік, сонда ғана дұрыс шешімге қол жеткіземіз.

³⁰⁵ Әл-Балил Абду Карим «Нафсиятул хуариж»

МАЗҢАБ ҰСТАНУ – ЫНТЫМАҚ КЕПІЛІ

Қазіргі кездегі кейбір дінге жатағым өкілдерінің мұсылман қоғамын даурықтырып жүрген өзекті мәселелерінің бірі – мазһабсыздық, мазһабты мойындамау. Яғни мазһаб ұстанудың қажеті жоқ, пайғамбарымыз бен сахабалар кезінде мазһаб мүлдем болмаған, Құран алдымызда, хадис кітаптарда жинақталған, тіпті мазһаб имамдарының өзі оларға тақлид³⁰⁶ жасамауға тыйым салған, «егер сахих хадис көрсендер менің сөзімді тастаңдар» деген сөздерін келтіріп, әлсіз адамдардың жүрегіне күмән ұялатуда. Олардың ойынша, әрбір адам ешбір ғалымның айтқанына сүйенбей, Құраннан, хадистерден үкімдерді тікелей алып, амалға асыра беруі қажет. Осы және басқа да керітартпа ойларын алға тартып, енді-енді дін жолына түсіп, Алланың әмірлерін орындауға бет бұрған мұсылман жастарының жүректеріне сызат салуда. Олар мазһаб ұстайтындарды діннен бөлек ағым сияқты көрсеткісі келіп: сен «әһлу сунна уәл жамағаны» ұстанасың ба, әлде Әбу Ханифаның жолын ұстанасың ба, деген сұрақтарын қояды.

Исламның алғашқы дәуірінде мазһабтардың болмауын ол мазһабқа қажеттілік болмағандығымен түсіндіруге болады. Себебі ол кездегі дінге, Құран аяттарына, хадистерге деген түсінік қосымша талқылауды, зерттеуді қажет етпейтін. Кейінгі дәуірлерде Ислам қанат жайып, дінге кірушілер саны көбейген кезде олардың деңгейі Құран мен хадистерді тікелей түсінетіндей дәрежеде болмады, оларға дінді түсіндіруші ғалымдар қажет болды.

³⁰⁶ Тақлид (араб.: تقلید – еру, ұқсап бағу және т.б.) деп мұсылмандардың діннің практикалық міндеттемелерінде белгілі бір мазһабтың муджтаһидының немесе мүфтиінің сөзіне еруін атайды. Тақлидке Ислам дінінің құқықтық мәселелерін терең білмейтін мұсылмандар жүгінеді. Оларға кей дүниәуи мәселелердің шешімін фикһ білгірлерінен сұрап, оларға еруі жеткілікті саналады. Тақлид жасайтын мұсылмандарды муқаллидтер деп атайды.

Әлбетте, Құран, хадис, сахабалардың үкімдері Ислам шариғатының негіздері, бірақ оны түсінуге кез келген адамның шамасы келмейді. Оны тек таңдаулылар ғана түсіне алады. Атақты ғалым Суфиян ибн Уйайна: «Хадис фикһ ғалымдарынан басқаны адастыруы мүмкін» деген. Бұл дегеніміз, хадисті түсіну оны орынды қолдану тек ғұламалардың қолынан келетін іс. Алғашқы дәуір ғалымдарының фикһ саласында айтқан сөздері, үкімдері осы Құран мен хадисті түсінуден туындаған мәселелер, өйткені олар қазіргі кейбір ғалымсымақтар секілді емес, діннің атынан сөйлеудің қадірін түсінген адамдар. Керісінше, біз олардың сөздеріне жармасуымыз қажет, дін бізге солар арқылы жетті.

Олар бейне ауруға шипа іздеген дәрігер секілді, мыңдаған дәрілік қасиеті бар емдік шөптердің ішінен адамның жасына, ауруына қарай дәрі жазып берген секілді фикһ ғалымдары да өмірдегі әртүрлі мәселелерде адамның, жердің бүкіл халықтың ерекшеліктерін ескере отырып, шариғи дәлелдерді таңдап, діни мәселелерді шешіп отырған. Ал қазіргі кездегі кейбір мұсылман бауырлардың бір мәселе туындаса, шетелде жүрген белгісіз бір шейхтарға телефон соғып, үкімін сұрап сұрақтарына жауап алып жатқанын көресің. Қазақстанда болмаған ол адам үкім берген кезде елдің ерекшелігін, әдет-ғұрпын ескерді ме екен?!

Мәзһабтардың жеке мектеп ретінде пайда болу тарихына қайтсақ, Табиғиндер кезеңі фикһ мәзһабтардың негізі қаланған және жеке-дара мәзһабтардың қалыптаса бастаған дәуірі ретінде де өте маңызды. Сол дәуірде өмір сүрген Хасан Басри, Суфиян Сәури, Ибраһим Ән-Наһайй, Шағбий секілді көптеген ұлы тұлғалардың әрбірі мұжтәһид болып, жеке мәзһабқа ие болды, алайда шәкірттерінің аздығынан, үкімдерінің жазбаша түрде біздің уақытқа дейін жетпегендігінен бұл ұлы ғалымдардың мектебі ғасырлар өте жойылған. Ханафи мәзһабының имамы Әбу Ханифа да осы кезеңде өмір сүрген табиғиндер буынынан.

Мәзһаб ғалымдарына еру мәселесіне келер болсақ, қазіргі кездегі ұлы төрт мәзһабтың ғалымдары өз заманының Ислам

ілімінде шоқжұлдыздары болған және Ислам дініне басқа ғалымдарға қарағанда ауқымды еңбек жасап кеткен және әрбіреуінің Ислам заңдарында (фиqh) Құран мен сүннеттен бастау алатын бекітілген қағидалары болған. Оларды басқа мәзһабтардан ерекшелейтін басты белгілері мемлекеттік деңгейде амалға асырылған, онымен үкім етілген және ол кітап күйінде қалып шәкірттері арқылы біздің күнге дейін жеткен.

Қазіргі дін ілімі таяз болған, аумалы-төкпелі заманда бір ғалымның үкіміне жүгіну әрбір мұсылман үшін темірқазық іспеттес бағыт-бағдар берер тура жол. Ислам ғұламаларының көпшілігі бірауыздан қарапайым адамдар үшін төрт мәзһабтың біріне тақлид (еруді) жасауды міндеттейді.

Төменде бір мужтаһид ғалымның айтқанына орай ғалымдардың пікірлері:

Имам әш-Шанқиты: «Қарапайым адамның пәтуа беруге шамасы келетін бір ғалымға тақлид жасауы шариғатта рұқсат етіледі»³⁰⁷.

Имам ибн Қудамә әл-Мақдиси: «Фиqh мәселелерінде тақлид жасау барлық ғалымдардың келісімі бойынша рұқсат етіледі»³⁰⁸.

Имам ибн Абду әл-Бирр: «Қарапайым адамның тақлид жасауына байланысты ғалымдар арасында келіспеушілік болған емес».

Осыған орай ұстанған дәлелдері:

Бұл ұстанымдарын олар Құран аяттарымен, хадис, мантықпен (логикамен) қуаттады.

Бірінші дәлел:

فَاسْأَلُوا أَهْلَ الذِّكْرِ إِنْ كُنْتُمْ لَا تَعْلَمُونَ

«Егер білмесеңдер, кітап иелерінен сұраңдар»³⁰⁹.

Алла тағала білмеген адамға білген адамнан сұрауды әмір етеді. Бұл адамдар арасында білімнің бір деңгейде

³⁰⁷ Шанқитыдың «Адуаа әл-Баян» кітабының 7/318

³⁰⁸ Ибн Қудамә «Раудату ән-Назир» кітабының 3/1018

³⁰⁹ «Нахыл» сүресі, 43-аят.

емес екеніне дәлел. Сондай-ақ әрбір адамның шамасы ғалым болуға жетпейтіндігінің дәлелі. Бұл жерде аят жалпылама үкіммен айтылған. Дегенмен дін мәселесінде егер адамның жеткілікті білімі болмаса, одан білімдірек адамнан сұрауы міндетті амалдардан.

Екінші дәлел:

فَلَوْلَا نَفَرَ مِنْ كُلِّ فِرْقَةٍ مِّنْهُمْ طَائِفَةٌ لِّيَتَفَقَّهُوا فِي الدِّينِ
وَلِيُنذِرُوا قَوْمَهُمْ إِذَا رَجَعُوا إِلَيْهِمْ لَعَلَّهُمْ يَحْذَرُونَ

«Сонда әр топтан дін ғылымын үйреніп, олар қайтып келгенде, олардың сақсынулары үшін ескертулері керек емес пе?»³¹⁰

Үшінші дәлел:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَطِيعُوا اللَّهَ وَأَطِيعُوا الرَّسُولَ وَأُولِي الْأَمْرِ مِنْكُمْ

«Әй, мүміндер! Аллаға бой ұсынып, Пайғамбарға әрі өздеріңнен болған әмір иелеріне бой ұсыныңдар»³¹¹.

Бұл жердегі әмір иелері деп кейбір ғалымдар үмбеттің ғалымдарын айтқан³¹². Өйткені, басшы үкім шығарғанмен ғалымдармен ақылдасып шешетіні белгілі.

Төртінші дәлел:

وَالسَّابِقُونَ الْأَوَّلُونَ مِنَ الْمُهَاجِرِينَ وَالْأَنْصَارِ وَالَّذِينَ اتَّبَعُوهُمْ
بِإِحْسَانٍ رَّضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي
تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا أَبَدًا ذَلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ

«Мұһажир, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта оларға ергендерден Алла разы болды. Әрі олар да Аллаға разы болды. Сондай-ақ Алла олар үшін мәңгі қалатын, астарынан өзендер ағатын жаннаттар әзірледі. Осы ірі мұрат»³¹³.

³¹⁰ «Тәубә» сүресі, 122-аят.

³¹¹ «Ниса» сүресі, 59-аят.

³¹² Субкидің «әл-Ибһаж фи шархи әл-манһаж» кітабы, 3/272

³¹³ «Тәубе» сүресі 100-аят

Оларға ергендер деп Құранда келген аятты оларға тақлид жасаған деп түсіндіруге болады³¹⁴.

Бесінші дәлел: Пайғамбарымыздан (с.а.у.) жеткен хадисте: «Менің сүннетіме және менің ізгі халифаларымның сүннетіне жармасындар» деген³¹⁵.

Алтыншы дәлел: Сахабалар және табиғиндердің кезінде мұсылмандар кез келген жағдайда сахабалардың үкіміне жүгініп, шешімін табатын. Сахабалар және табиғиндер олардың бұл әрекеттерін бұрысқа шығармаған. Сол кезде мұсылмандарға өз алдына үкім шығаруға жол бермеген. Ол заманда бұл ижмағ түрінде болған³¹⁶.

Жетінші дәлел: Ғалымдар арасында ілім іздену, талап ету парыз кифая екені яғни, бір адамның орындауымен басқа адамдардан міндет түсетініне өзара келіскен. Егер тақлид рұқсат етілмесе, барлық адамдарға ғалым болып үкім шығару міндет болар еді. Бұл сәләфтардың ұстанымына кереағар әрекет³¹⁷.

Сегізінші дәлел: Егер барлық адам ижтиһад жасау мақсатында діни білімге ден қойып кетсе, дүние тепе-теңдігі бұзылары анық. Өйткені, басқа өмірдің тепе-теңдігін сақтайтын кәсіптер көп, егер оларды ешкім істемесе, өмір ағысы өзгереді. Бұл әлбетте адамзатты құрдымға апарады. Алла тағала Құран кәрімде:

وَمَا جَعَلْ عَلَيْكُمْ فِي الدِّينِ مِنْ حَرَجٍ

«Сендерге дінде қиындық қылған емес»³¹⁸.

Тоғызыншы дәлел: Алла тағала Құран кәрімде былай деген:

لَا يُكَلِّفُ اللَّهُ نَفْسًا إِلَّا وُسْعَهَا

«Алла кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді»³¹⁹.

³¹⁴ Шанкитыдың «Адуаа әл-Баян» кітабының 7/329

³¹⁵ Тирмизи хадистер жинағы

³¹⁶ Әс-Субки «әл-Ибһаж» кітабының 3/256

³¹⁷ Әз-Зәркаши «әл-Бахр әл-Мухит» кітабы

³¹⁸ «Хаж» сүресі, 78-аят

³¹⁹ «Бақара» сүресі, 286-аят.

Ижтиһад жасау әр адам шамасы келмейтін нәрсе, ол ғалымдардың сипаттарынан, өйткені үкім беру деңгейіне жету үшін өмірінің біраз бөлігін оқу-білімге арнауы ләзім, ол болса бүкіл адамға міндет те емес.

Ижтиһад мәселесі бойынша Мухаммад Хассан Хайтудың «әл-Ижтиһад уа табақат мужтаһиди әш-Шафиғия» кітабынан мысалдар келтірейік.

Ижтиһад және мужтаһидтердің түрлері:

Ижтиһад дәрежесіне жету – кез келген мұсылманның асыл мұраты, Ислам шариғатындағы биік шың. Біздерден ілгері өткен алғашқы дәуір мұсылмандарының ішінде таңдаулылары бұл салаға ерекше мән беріп, бір жүйеге салған. Шариғатты кіршіксіз таза күйінде қалдыру олардың басты назарында болған. Олардың шариғат іліміне түйсіктері табиғи түрде болған еді.

Соңғы уақытта қоғамда ғалымсымақ үкім шығаратын топтар көбейіп, шала үйренген білімдерімен халал нәрсені харам деп, харамды халалға шығаруда. Осы кері түсініктің нәтижесінде оларда сүннет амал бидғат болса, бидғат амал сүннет болып кеткен жайттар кездеседі. Бірбеткей үйренген білімдерінің нәтижесінде Исламның ұлы ғалымдарынан қате іздеп, оларды адастыға балауда. Кейбірі мәзһаб ұстануды бидғат десе, кейбіреуі, фиһқ негіздерін бидғатқа шығарады. Мұсылман ғалымдарының он төрт ғасыр бойғы ғылымның әр саласында тірнектеп жазған құнды еңбектерін жоққа шығарып, іске алғысыз етті. Бұрынғы ғалымдардың өміріне көз жүгіртетін болсақ, ешуақытта өздері жеке-дара жол бастамаған, белгілі бір мәзһабтың жолын ұстанған. Мысалға алғанда Бұхари, Мүслим, әл-Хаким, әл-Байхақи, Ибн әс-Саллах, ән-Науауи, әз-Заһаби, Ибн Хажар, әс-Суютый және басқа да ұлы ғалымдар ижтиһад жасауға шамасы келсе де мәзһаб ғалымдарының пікірімен санасқан. Осы аталған ғалымдардың ілімінен жүзден бірі болмаса да қазіргі кезде кейбір тұлғалардың жеке-дара мәзһаб ретінде сөйлеуі нағыз адасушылық.

Жалпы мужтаһид дегеніміз – үкім шығаруға шамасы келетін фикһ іліміндегі маман.

Мужтаһид деңгейіне байланысты топтарға бөлінеді. Олардың ішінде ең жоғарғысы мужтаһид мутлақ, ол ешкімге тақлид жасамайтын, өзіндік фикһ ережелері бар, тікелей Құран, хадистен үкім шығаратын, фикһ мәселелерінде негіздер мен тармақшалардан хабардар білімді адамды айтады. Ал, егер бір ғалымның бекіткен ережелеріне сәйкес үкім шығаратын болса, ол сол мәзһаб ғалымының мужтаһиді болады.

Жалпы мужтаһидтер Шейх Амру ибн әс-Саллахтың және оған ерген Науауидің «әл-Мажмуғта» келген мәліметтер бойынша бес түрі бар:

Мужтаһид мутлақ (ешбір ғалымның пікірін негізге алмайтын).

Мужтаһид мунтасиб (бір ғалымның негізінде үкім шығаратын).

Мәзһабтың мужтаһиді (ислам мәзһабтарының бірінің сөзін негізге алатын).

Ғалымдардың пәтуаларын салыстыру арқылы үкім шығаратын мужтаһид.

Белгілі бір мәзһабтың өкілі болған мужтаһид.

Мужтаһид мутлақ пен мәзһаб мужтаһидіне қойылар талаптар:

Бірінші: Ислам.

Бұл – еш күмәнді талап етпейтін шарттардың бірі. Кейбір ғалымдар мұсылман болуды шарттарға кіргізбейді, өйткені ол міндетті болған шарттардың қатарында. Сол себепті кез келген адам білім деңгейінде толық ижтиһад дәрежесіне жеткенмен, егер кәпір болса, оның ижтиһады қабыл алынбайды.

Екінші: Ақыл.

Егер ижтиһад дәрежесіне жетіп, ақыл-есінен ауысқан адам болса, оның сөзі негізге алынбайды. Ал ақыл-есі ауысқанға дейінгі айтқан үкімдері амалға асырылады, сол секілді ақыл-есі қайта оралса оның айтқаны қабыл алы-

нады. Егер бұл әрекет жиі қайталанып тұратын болса, сөзі қабылданбайды.

Үшінші: Балиғат.

Мужтаһид болудың шарттарының бірі балиғат жасына жету. Өйткені оның ақылының деңгейі кемеліне келмеген.

Төртінші: Әділдік.

Әділетсіз залымның ижтиһат деңгейіне жетуі мүмкін болғанымен пәтуасы қабыл етілмейді.

Бесінші: Ой ұшқырлығы.

Үкім шығаруға ұсынылған мәселелердің белгісіз астарлы мағыналарын сезу. Сол секілді зайырлы ілімдерден жоғары деңгейде хабардар болу.

Алтыншы: Құран ілімі.

Мужтаһидке міндет болған амалдардың бірі – Құран ілімі, оны жатқа білу міндет болмаса да, мужтаһид үшін абзал амалдардың бірі, өйткені имам Ғазали, ибн Әл-Араби айтқандай үкім аяттар, шамамен бес жүз аят бар, міне осы аяттарға қажет туындағанда жатқа білгені абзал. Алайда шынайы үкім аяттардың саны бұдан да көп. Құранды терең білген адам Құранда келген қиссалардан да үкім шығара алады. Құран Ислам шариғатының негізгі қайнар көзі болғандықтан, оның тілін, мағынасын білу жеткіліксіз.

Құран ілімінен білуі қажет ілімдер:

– Насых және мансұх. Насых аяттар үкімді жоюшы аяттар, мансұх аяттар үкімі жойылған аяттар. Үкім шығарарда мужтаһид үшін үкімі жойылған аяттардан алыс болуы ләзім. Осыған орай аяттардың түсу уақытын, насых ережелерін, оның түрлерін, осыған қатысты сахабалардың сөздерін білуі керек.

– Жалпы және жалқы. Құранда жалпы айтылған мәселелерді басқа дәлелдермен ықшамдау. Ықшамдау қағидалары, онымен жұмыс істеу жолдары.

– Шексіз және шекті. Яғни, Құранда айшықтауды қажет ететін мәселені екінші бір дәлелмен айшықтап беруді айтады. Осыған қатысты ережелерді білуі қажет.

– Түсу себептері. Аяттардың түсу себептерін білуі керек, өйткені бұл ілімді білу аяттың мағынасын аша түседі.

– Сол секілді Құранның Меккеде, Мәдинада түсуін ашық, астарлы мағыналарын білу міндет.

Жетінші: Сүннет.

Құранда білуі қажет білімдерді сүннеттен де білуі тиіс. Сүннет те насых және мансук, шексіз, шекті, жалпы жалқы болып бөлінеді. Хадистерді жатқа білу шарт емес, дегенмен оларға оралған кезде олардың қай кітапта келгенін білуі ләзім. Әсіресе хадис негіздері болып табылатын алты негізгі кітап: Бұхари, Мұслим, Әбу Дәуіт, әт-Тирмизи, ән-Нәсаи, Ибн Мәжа, және Ахмад, Байхақидың³²⁰ хадистер жинағын білуі керек және мұнымен шектелмей басқа да хадис ғалымдарының үкім берудегі хадистерін білуі міндет. Хадистермен айналысқан кезде білуі қажет амалдардың қатарында:

– Ахад (бір жолмен келген) және мутауатир (жамағаттың жеткізуі арқылы келген) жолмен келген хадистерді айыра білу.

– Әлсіз және сахих хадистер немесе қабыл алынатын, қабыл алынбайтын хадистер. Хадис сахихтің хадис хасаннан ерекшелігін және әлсіз хадистерден қандай айырмашылығы бар, оның іштей бөлінуі, олардың ішінде амалға асырылатыны мен дәлелге жарамайтыны, әрбіреуінің анықтамалары, шарттарын білу қажет.

– Хадистерді жеткізуші адамдар жайында олардың ахуалдары, әлсіз тұстары, олар жайында ғалымдардың айтқан пікірлері, олардың ұстаздары мен шәкірттері жайында толық мәліметтен хабардар болу.

– Хадисті жеткізуші адамдардың кемшіліктері, олардың риуаяттарын қабылдамау себептері, оның ережелері.

– Сол секілді хадистің тізбегіндегі кемістіктерді ажырата білу керек.

³²⁰ Бұл кітаптар мәзһаб ғалымдарынан кейін жазылғанмен ондағы хадистерді білулері міндет.

Сегізінші: Араб тілін білу. Араб тілін білу дегеніміз оның қағидаларын, грамматикасын, риторикасын, ескі араб жырларын білу. Араб тілінің сөзіндегі бір харекет мағынаны түбегейлі өзгертіп жіберуі мүмкін, ал оны араб тілі грамматикасын білмесе біле алмайды. Қате түсінілген сөз қате үкімге апаруы мүмкін. Наху ілімін үйрену арқылы сөйлемнің құрылымын білсе, сарф үйрену арқылы сөздің құрылымын үйренеді. Риторика (балаға) үйрену арқылы сөздің ауыспалы, тура мағыналарын біледі. Шарифат араб тілінде болғандықтан пәтуа беруші адам араб тілін меңгерген болуы ләзім.

Бұл жайында имам Ғазали: «Пәтуа беруші адамға араб тілін Сибуайхи, Халил, әл-Мубаррид³²¹ сияқты терең білудің қажеті жоқ. Ең бастысы, Құранның астарлы, тура мағыналарын, шексіз, шекті, жалпы, жалқысын ажырата білуі қажет»³²². Қорыта келе, егер кімде-кім өзін мужтаһидпін деп жариялап, өзі араб тілін білмесе, ол жалғаншылардан болады.

Тоғызыншы: Ижмағ мәселелерін білу. Мужтаһид үшін өзіне дейінгі ғалымдардың бірауыздан берген пәтуаларына қарама-қайшы пәтуа жасамауы керек.

Оныншы: Мәзһаб ғалымдарындағы хилаф (қарама-қайшы) мәселелерді білу. Кез келген мәселеде сәләф ғалымдардың пәтуаларын білу оларды негізге алу. Бұл жөнінде Имам әш-Шафиғи былай деп айтты: «Әрбір қияс қылушы адамға өзіне дейінгі ғалымдардың сөздерін, ғалымдардың бір мәселеде келісуін, келіспеуін негізге алуы керек»³²³.

Он бірінші: Усулу әл-Фиқһты (Ислам заңдары негіздері) білу. Бұл ілім мужтаһид үшін – ең маңызды білуі қажет ілімдердің бірі. Бұл ілімді үйрену арқылы шариғи дәлелдерден үкім шығару әдістерін үйренеді.

Мужтаһидқа міндетті емес нәрселер:

³²¹ Араб тілі ғалымдары

³²² Әл-Мустасфа, 2/352

³²³ Имам әш-Шафиғидің Әр-Рисала кітабы

Бірінші: Кәләм ілімінің ғалымы³²⁴ болуы шарт емес, өйткені оның фикһпен ешқандай байланысы жоқ.

Екінші: Фикһ тармақтарын білу шарт емес. Тармақтарды білу ол ижтиһадтың жемісі болып табылады.

Үшінші: Ижтиһад жасауда тек ер адамдар болуы шарт емес, егер ижтиһад дәрежесіне жетсе, әйел мужтаһид ғалымдар болуы мүмкін.

Төртінші: Ижтиһад жасауда бостандықта болуы шарт емес, құл да білімімен мужтаһид дәрежесіне жете алады.

Бесінші: Мужтаһид дәрежесіне жету үшін әділдік шарт емес бірақ әділдік болмаса, оның ижтиһады қабылданбайды.

Жоғарыда көріп тұрғанымыздай, діннің атынан сөйлеу, мәзһабты ұстанбау ижтиһадтық деңгейдегі ғалымдарға ғана рұқсат етіледі. Қазіргі біз мәзһаб ұстанбаймыз деп жүрген мұсылмандар сырқатқа шалдығып, ауруына ем іздеп түрлі балгер, тәуіптерге барған адамның кейпіне ұқсайды. Біреулер оған бір дәріні меңзесе, екінші біреулер екінші бір дәріні меңзейді. Әрбіреудің айтқанын тыңдап, сан алуан дәріні ішкен ол байғұс соңында ауруы асқынып, кемтар болады. Егер әуел баста білгір дәрігердің айтқанын істеп, жазып берген дәрісін қабылдаса, ауруынан Алланың қалауымен сол мезетте-ақ айығып кетер еді.

Бұл мысалдан алар ғибрат: адамдардың ғасырлар бойы қабылдап, емін жазып жүрген дәрісінен ішейік. Егер әр адам бір құлшылық істерде жеке-дара жол ұстанып, амал жасайтын болса, оның үстіне жоғарыдағы ижтиһад жасайтындай шамасы болмаса, соңы құрдымға кетеді. Әрбіреуі өз жолына тартқан ол қоғамның соңы – тоз-тоз болады. Ал мәзһаб үкімдеріне келер болсақ, оның негізі отыз-қырық жыл бұрын емес, он төрт ғасыр бұрын қаланған. Он төрт ғасыр бойы үкім шығаруға шамасы келмейтін қарапайым мұсылмандар осы жолды ұстанып келген. Соның нәтижесінде қазақ елі сан ғасырлар бойы қилы-қилы кезеңдерді басынан кешіріп, ынтымағын сақтай білген. Қазақта жесір дауы, жер дауы, ру дауы кездессе де, дін дауы болған емес. Ол әлбетте бір

³²⁴ Ақида ілімінің маманы

негізге жұмылғанның, бір үкімге бағынғанның нәтижесі. Бір мәзһабқа жүгінудің де негізгі мақсаты – мұсылмандарды ынтымақта, бірлікте ұстау. Алла ынтымағымызды баянды етсін!

ХАНАФИ МӘЗҢАБЫНЫҢ ӨМІРШЕНДІГІ

Ханафи мәзһабы – әлемде ең көп таралған және әлем мұсылмандарының қолдауына ие болған мәзһабтардың бірі. Ханафи мәзһабын басқаша «әһлу әр-Рай» ақыл-пайым мәзһабы деп те атайды. Бұл танымал төрт мәзһабтың ішіндегі ең алғашқысы. Мәзһабтың негізін қалаушы Имам Әбу Ханифа ән- Нұғман.

Бұл мәзһабтың негіздері тек Әбу Ханифаның үкімдерімен ғана емес, сонымен қатар, оның шәкірттерінің де үкімдерімен жинақталған.

Әбу Ханифа ең алғашқылардан болып, фикһ үкімдерін тарауларға бөліп, шәкірттері үшін фикһ ілімін үйренуді жеңілдетті. Бұл әдіс оған дейін сахабалар, табиғиндердің кезінде қолданылмаған, ол уақытта адамдар өздерінің жаттау қабілетіне сүйенген. Әбу Ханифа орнатқан тәртіп бойынша бірінші дәрет, содан кейін намаз және басқа ғибадаттар жалғасын тауып, ең соңында мираспен аяқталған. Бұл жүйені орнатқаннан кейін одан кейін алғашқылардан болып, Имам Мәлик «Муатта» кітабында қолданған.

Ханафи мәзһабы негізінің қалануы және даму кезеңдері.

Ханафи мәзһабы үш даму кезеңінен өтті:

1. Мәзһаб ретінде пайда болу кезеңі;
2. Даму, өсу кезеңі;
3. Орнығу кезеңі.

Бірінші кезең: Мәзһаб ретінде пайда болу кезеңі

Бұл кезең мәзһабтың негізін қалау, мәзһаб ережелерін орнату кезеңі. Бұл дәуір Әбу Ханифа және оның жақын шәкірттерінің кезеңін қамтиды. Шамамен һижра бойынша 120 жылы Имам Әбу Ханифаның ұстазы Хаммад ибн Сулейманның қайтыс болғаннан кейін пәтуа және дәріс беру қызметіне кіріскеннен кейін басталады. Алғашқы кезеңнің аяқталу уақыты атақты төрт шәкіртінің ең соңғысы әл-Хасан

бин Зияд әл-Лулуидің 204 жылы дүниеден өтуімен байланысты.

Фихқ кітабын Әбу Ханифаның өзі жазып қалдырғаны жайында ешқандай дерек жоқ. Жазып қалдыру шәкірттерінің кезеңінен басталды. Ең алғашқылардан болып ұлы шәкірті Әбу Юсуф жинаған болатын. Одан кейін ауқымды жазба ретінде қалдырған екінші шәкірті Имам Мухаммад ибн Хасан әш-Шайбани. Ол өзінің тікелей дәріс кезінде Әбу Ханифа және Әбу Юсуфтан естігендерін жинаған. Бұл кітаптар кейін әл-Мабсут, әл-Асыл, әл-Жамиғ әс-Сағир, Жамиғ әл-Кәбир, әс-Сияр әс-Сағир, әс-Сияр әл-Кәбир деген аттармен белгілі болды. Кей кезде мұның барлығын жиып, әл-Кәфи деп те атайды. Бұл кітаптар Ханафи мәзһабында негізгі қайнар көздер. Бұл кезеңдегі Имам Мухаммадтың басқа да кітаптары ерекше маңызға ие болған, олар: «әл-Жаржаният», «әл-Кисаният», «әл-Һаруният», «әл-Худжа әлә әһлу әл-Мадина» және тағы басқа кітаптар. Жоғарыдағы осы кітаптарды Ханафи мәзһабындағы ғалымдар кейін негізге алған.

Екінші кезең: Даму, өсу кезеңі.

Бұл кезең Әбу Ханифаның атақты шәкірттері әл-Хасан бин Зияд әл-Лулуидің һижра бойынша 204 жылы қайтыс болғанынан кейін басталып, атақты мужтаһид Имам Абдулла бин Ахмад бин Махмуд ән-Насафидің һижра бойынша 710 жылы қайтыс болғанына дейін жалғасады. Бұл кезеңде заманның өзгеруіне байланысты үкімдерде де біршама өзгерістер болды. Мысалы, егер Әбу Ханифаның сөзі екі атақты шәкіртіне қайшы келсе, шәкірттерінің сөзі үкімге асырылады, егер бір шәкіртімен сәйкес келсе, Имам Әбу Ханифаның сөзі алынады. Осы уақытта алғаш рет фикһ негіздеріне байланысты еңбектер пайда бола бастады. Бұл кезеңді іштей үш мерзімге бөлуге болады:

Бірінші түр: Кітапшалар

Бұл кітапшалардың мақсаты қысқаша түрде фикһ үкімдерін жазу. Олардың ең маңыздылары:

– «Мухтасар ат-Тахауи»

- Әл-Хахим «әш-Шахидтің әл-Кафиі»
- Самарқандидың «Тухфату әл-фуқаһа»
- Әл-Қудуридін «Мухтасар»
- Мирғананидің «Бидаяту әл-Мубтади»
- Әл-Маусулидың «Әл-Мухтары»
- Ән-Нәсәфидың «Кәнзу әд-Дақааиқ»

Екінші түрі: Түсіндірмелері

Жоғарыдағы кітапшаларға қатысты оның түсіндірмелері бар, солардың ең маңыздылары:

- Имам әс-Сархасидың «Мабсут» кітабы «Мухтасар ат-Тахауи» кітабының түсіндірмесі.
- Алаудин әл-Кәсәнидың «Бадааиғ ас-Санааиғ» кітабы Самарқандидың «Тухфату әл-фуқаһа» кітабының түсіндірмесі
- Мирғананидың «Хидая» кітабы өзінің кітабы «Бидаяту әл-Мубтади» кітабының түсіндірмесі
- Әл-Маусулидің «Тағлил әл-Мухтар» кітабы өзінің кітабы «Әл-Мухтары» кітабының түсіндірмесі.

Үшінші түрі: Пәтуалар

Жоғарыдағы кітапшалар мен түсіндірмелерге қосымша сол кездегі оның алдындағы ғасырларда болмаған әртүрлі мәселелерге орай берілген пәтуалар жиынтығы. Сол кездегі маңызды пәтуалар:

- Әл-Хәлуанидың пәтуалары;
- Ас-Садыр әш-Шаһидтың пәтуалары;
- Ән-Насафидың пәтуалары;
- Қадыйханның пәтуалары.

Бұл жоғарыдағы негіздер Әбу Ханифа мәзһабындағы маңызды дерек көздері. Ең жоғарғы кітапшалар болса, кейін оның түсіндірмелері келеді, ең соңында пәтуалар жиынтығына жол беріледі.

Үшінші кезең: Орнығу кезеңі.

Бұл дәуір ән-Насафидың қайтыс болғанынан бастап, біздің заманымызға дейін жалғасады. Нихра бойын-

ша сегізінші ғасырда Ханафи мәзһабы орнығып, келесі ғасырларда келген ғұламалардың еңбектері жоғарыдағы негізгі кітаптардың айналасында шоғырланды. Бұл ғасырда да көптеген еңбектер жазылды, дегенмен жоғары ғасырдағы кітаптар барлық ғалымдар үшін ең әуелгі қайнар көз болып қалды. Бұл кезең де бірнеше кезеңдерге бөлінеді:

Бірінші: Бұл кезең хижра бойынша жетінші ғасырдың аяғынан басталып, хижреттің оныншы ғасырына дейін жалғасады. Бұл дәуірде Ханафи мәзһабы үшін аса құнды еңбектер жазылды, олар:

- Әбу Ханифа, «Муснад»;
- Әл-Мәнжаби, «Әл-Лубаб фи әл-жамғи байна әс-сунна уа әл-Китаб»;
- Әз-Зайлағи, «Насб әр-Раая».

Екінші: Бұл кезең хижра бойынша ХХ ғасырдың орта кезінен бастап, ХІІІ ғасырдың аяғына дейін жалғасады. Бұл кезеңде де Ханафи мәзһабының құнды еңбектері жарық көрді. Солардың әйгілісі:

- Әл-Халабидың «Мултақа әл-Абхар» кітабы;
- Әт-Тамарташидың «Тәнуйр әл-Абсар» кітабы;
- Әш-Ширнибалидың «Нуру әл-Идах» кітабы.

Бұл кітаптарға қосымша басқа еңбектер жарық көрді. Сол кездегі жазылған еңбектердің көбі алдыңғы өткен ғалымдардың кітаптарына қатысты жазылған түсіндірмелер, сілтемелер қосылған кітаптар пайда болды. Солардың ішінде Ибн Абидиннің «Раду әл-Мухтар» деп аталған кітабында көптеген қосымшалар кіргізіп, бұрынғы және сол уақыттағы ғалымдардың пікірін келтіріп, Ханафи мәзһабына ауқымды еңбек сіңірді.

Үшінші: Бұл кезең хижрет бойынша он үшінші ғасырдың аяғынан басталып, біздің заманға дейін жалғасын тапты. Бұл кезеңнің ерекшелігі сол уақытқа дейінгі Әбу Ханифа мәзһабында жазылған кітаптардан қазылар мен әкімдерге үкім шығаруға оңай болу үшін ислами қағидалар, заңдар шығару жұмысы белсенді қолға алынды. Бұл, әсіресе, Осман империясы билік құрған кезде ерекше қолға алынды,

өйткені Ханафи мәзһабы Осман империясының кезінде ресми мәзһаб болып саналған.

Ханафи мәзһабының негіздері

Мәзһабтың негізін қалаушы Әбу Ханифа мәзһабқа арнайы қағидалар бекіткен. Оның өз сөзі бойынша: «Ең бірінші Алланың кітабы Құран кәрімнен алам, егер одан таппасам пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннеті, егер Алланың кітабынан, хадистен таппасам, сахабалардың сөзін алам, олардың сөздерінің ішінен қалағанын таңдауға құқығым бар және олардың үкімдерінен басқа үкімге ауыспаймын. Оларда табылмай (табиғиндер) Ибраһим, әш-Шағби, Ибн Сирин, әл-Хасан әл-Басри, Саид ибн әл-Мусаябқа т.б. ғалымдарға тірелсе, олар ижтиһад жасағанындай мен де ижтиһад жасаймын». Әбу Ханифа хадистерді қабылдауға ерекше мән беретін, әсіресе бір жолмен келген хадистерді (ахад хадис) қабылдауға ерекше көңіл бөлетін. Өйткені ол кезде Куфа қаласы саяси тұрақсыздық мекені болатын, бүліктер, әртүрлі діни ағымдар көп еді. Бұл өз кезегінде жалған хадистердің шығуына себеп болды.

Ханафи мәзһабы келесі негіздерге сүйенді:

1. Құран кәрім. Ханафи мәзһабында Құран кәрім ең бірінші Исламның қайнар көзі, өйткені Құрандағы әрбір аят, әрбір әріпте ешбір күмән жоқ. Құран кәрімнің үкімін бір жолмен келген сахих хадис жоя алмайды, тек мутауатир, (жамағаттың риуаят етуі арқылы) хадис қана Құран үкімін жоя алады.

2. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннеті. Имам Әбу Ханифаның ұстанымы бойынша, сүннет бір деңгейде емес. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қаули (сөз) арқылы жеткен сүннеті, әрекет арқылы жеткен фиғли (іс-әрекетпен) сүннеттен үстемірек, өйткені фиғли сүннеттер тек пайғамбарымызға (с.а.у.) қатысты болуы мүмкін. Ахад хадиске мутауатир хадис қайшы келсе, онымен амал жасалынбайды. Сол секілді Құран мен хадистерден алынған шариғи қағидаларға хадис ахад қарама-қайшы келсе, негізге алынбайды.

3. Ижмағ. Бұл Пайғамбарымыздан (с.а.у.) кейін белгілі бір уақытта мужтаһид ғалымдардың бір шариғи үкімде келісуі. Әбу Ханифада ижмағ шариғи дәлел.

4. Сахабалардың шариғи үкімдері.

5. Қияс – Ислам фикһында кең таралған ұқсастық бойынша (аналогия) үкім шығару әдісі. Мұсылман ғалымдарының арасында қияс Құран, Сүннет және ижмағтан кейінгі орын алады. Алайда, қиястың рұқсат етілген және тыйым салынған түрлері бар. Тыйым салынған түрлеріне біреудің Құран мен Сүннеттен дәлелі болып тұрып қияс арқылы үкім шығаруы жатады³²⁵.

6. Истихсан. Жоғарыдағы негіздерде үкім табылмаса истихсан үкімі жүреді. Бұл бір затты екінші заттан қарағанда жақсы деп тану немесе бір мәселеде келген дәлелдердің арасынан күштірегін таңдау.


7. Әдет-ғұрып. Егер белгілі бір қауымда ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтының нәтижесінде туындаған әдет-ғұрыптары Құранға, хадиске қайшы келмесе қабылданады. Бұл жөнінде ең алғаш рет Ибн Масғут айтқан болатын: «Мұсылмандар жақсы көрген нәрсе ол Алла үшін де жақсы». Егер Құран аяттарына, хадистерге қайшы келсе, ол әдет қабылданбайды.

Географиялық таралуы

Ханафи мәзһабы мәзһаб ретінде Куфа қаласында қалыптасты. Хижраның төртінші ғасырында кең тарала бастады. Сол уақыттағы Йемен аймағында Сана қаласында, Ирактың көптеген фикһ ғалымдары, қазылары, Сирия аймағы ғалымдарының басым бөлігі Ханафи мәзһабын ұстанған. Одан кейінгі уақыттарда Орта Азия, Хорасан, Иран, Солтүстік Индия жерлерінде тарады. Кейінгі ғасырларда Армения, Әзербайжан елдеріне жайылды. Қазіргі уақытта Ханафи мәзһабы Түркия, Албания, Косово, Босния, Пәкістанның, Бангладештің, Ресейдегі, Қытайдағы мұсылмандардың ұстанатын жолы.

³²⁵ <http://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B8%D1%8F%D1%81>

Мәзһаб ресми түрде Аббасилердің кезінде, атап айтқанда халиф Һарун Рашидтің кезінде Әбу Ханифаның ұлы шәкірттерінің бірі Мухаммад Юсуфтың кезінде қазылардың қазысы болып тағайындалып, сол кездегі әлемде ең үлкен мемлекет Аббасия халифатының үкім жүйесіне Ханафи мәзһабының негіздері енген болатын. Ханафи мәзһабы Аюбилердің, Салжұқтардың кезінде де ресми мәзһаб болып бекітілді. Алты жүз жыл Ислам әлемін басқарған Осман халифаты кезінде барлық уәләяттарда қазылар Ханафи мәзһабының ғалымдары болды.



1-Сурет. Діни ағымдардың шоғырланған жерлері

Ханафи мәзһабының әйгілі кітаптары:

1. Әл-Фиқһу әл-кабир;
2. Муснаду әл-хадис;
3. әл-Ғалим уә әл-Мутағаллим;
4. Заһиру әр-риуая әс-ситта;
5. Әл-Жамиғ әл-кәбир;
6. Әл-Жамиғ әс-сағир;
7. Әс-Сияр әл-кабир;
8. Әс-Сияр әс-сағир;
9. Әл-Мабсут;
10. Әл-Асл;
11. Әз-Зияадаат;
12. Бадаиғ әс-снаиғ фи тәртиб әш-шарааиғ;
13. Әл-Һидая;

14. Уқуд әл-жауһар әл-мәнфия фи адилләти мәзһаб Абу Ханифа;
15. Әл-Ихтияр фи тағлил әл-мухтар;
16. Әл-Лубәб фи шархи әл-китәб лилқудури;
17. Мажмаға әл-әнһәр фи шархи мултақа әл-әбхар;
18. Әл-Журжанияат;
19. Фатху әл-қадир;
20. Туфату әл-фуқаһаа;
21. Мухтасар әл-қудури.

Мәзһаб ғалымдары

1. Имам Әбу Ханифа

Әбу Ханифаның ата-бабалары Амудария өзені жағалауындағы Термез бен Хорасанда ертеректегі Наса қалаларында өмір сүрген. Олар парсы әулетінен еді. Әйтсе де, кейбір деректерде оның түркі текті екені жайлы да айтылады. Ұлық төрт халифа кезінде Ислам діні парсы елдеріне тарай бастады. Исламға қарсы шығып, тұтқынға түскен дінсіздер ішінде Әбу Ханифаның бабасы да болған деседі. Кейінірек ол Исламның шынайы дін екенін түсініп, мұсылман болады. Сол себепті ол тұтқыннан босатылып, үйіне жіберіледі. Отбасына аман-есен оралған бабасы Исламды тереңнен түсініп, балаларын да Исламға сәйкес тәрбиелейді, болашақтағы ұрпағының барлығы Исламның ақ жолында дүниеге келулерін тілейді.

Азан шақырып қойылған аты ән-Нұғман болғанымен, халық оны «Әбу Ханифа» деп атайтын. Ғасырының танымал, беделді, ірі ғалымы болғандықтан халық арасында «Имам Ағзам» деген атпен танымал. Бізде имам деп мешіт қызметкерін түсінеді. Бірақ, бағзы заманда имам деп аса білімді әрі тақуа кісілерге айтылатын. «Имам» – жетекші, басшы, ұстаз, данышпан деген мағыналарды да береді. Ал, «Ағзам» сөзінің айбынды, ең зор, ең үлкен, ұлық деген мағыналары бар. Шынында да, Имам Ағзам мұсылмандардың жетекшісі, ғалымдардың басшысы, білім мен тақуалықта теңдесі жоқ данышпан, айбынды әрі ұлық ұстаз еді.

Абдуллаһ ибн әл-Мубарак: «Имам деген атқа Әбу Ханифадан артық лайық кісі жоқ. Өйткені, ол өте тақуа ғалым еді, фикһ ілімі жолында басқалар ол секілді еңбек ете алмады» – деп еске алады.

Ислам діні тарих сахнасына көтерілгеннен кейін Куфа Ислам нұрына малынып, онда өнер, ғылым және мәдениет дами түсті. Әсіресе, соңғы халифа Әли ибн Әбу Талибтің тұсында мұнда атақты ғұламалардың дәрісханалары көбейіп, бұл жерге әлемнің түкпір-түкпірінен ілім алу мақсатымен мыңдаған шәкірттер ағылып келе бастады.

Әбу Ханифа да осындай ортада дүниеге келіп, онда өнегелі өмірі басталды. Ол жастайынан Құран, хадис, араб тілі мен әдебиетіне көңіл қойып, азды-көпті дәріс алды.

Әкесі саудагер еді. Олардың жеке дүкендері болды. Онда олар жібек мата саудасымен айналысатын. Әбу Ханифа әуелде мешітке тек күнделікті бес уақыт намаз оқу үшін ғана барып тұрды.

Бірде ол сол дәуірдің атақты ғалымы әш-Шағбиге кездесіп қалады. Шағби одан: «Қайда барасың, інім?» – деп сұрайды. Ол заманда адамдар тек ілімді ойлап, табыс табу, бала-шаға бағу, үйлі-жайлы болу секілді дүние тіршіліктерін екінші орынға қоятын. Сұрақ төркінін түсінген Әбу Ханифа дәрісханаларға барып, жүйелі сабақ алып жүрмегендіктен, «Базарға», – деп ұяла жауап береді. Өйткені, осы уақытқа дейін оның мақсаты да, кәсібі де сауда болып келген-ді, ал сабаққа деген қызығушылығы шамалы еді.

Әбу Ханифа бойындағы асыл қасиеттерді, оның ақылдылығын, зеректігін, шешендігін және ойының оялушылығын байқаған Шағби бұл жігіттің бұлай жүргеніне іштей қынжылады. Әбу Ханифаның болашақта үлкен ғалым болатынын іштей сезген Шағби оған: «Уақытыңды бос өткізбей, ғалымдардың дәрісханаларына қатысып, сабақ оқы», – деп ақылын айтады. Шынайы сөз Әбу Ханифаның жүрегіне жетеді. Сол күннен бастап ол барлық уақыты мен күш-жігерін ғылым-білімге салады. Ол кезде Әбу Ханифа жиырма екіде ғана еді.

Ол жылдары Куфадағы оқу-ағарту істеріне Хаммад ибн Сүлеймен жетекшілік ететін. Әбу Ханифа хадис пен фикһ ілімін сол заманның ең атақты ғалымдары – Шағби және Хаммад сияқты ғұламалардан үйренді. Куфада хадис ұстаздары, араб тілі және әдебиеті мамандары, шарифат ғалымдары жеткілікті болатын.

Ибн Шиһаб әз-Зухри: «Әлемде беделді ғұламалар төртеу. Олар: Мәдинада Ибн әл-Мусәйиб, Куфада әш-Шағби, Басрада Хасан әл-Басри (642–728), Шамда Мәкхул», – деп сол кездің ең үлкен ғалымдарын атайды.

Әбу Ханифа ұстазы Хаммадтың қолында жүйелі түрде 18 жыл оқыған. Ұстазы дүниеден өткенге дейін одан ажырамаған. Өйткені, ол ұстазын жақсы көріп, оның асыл қасиеттерін, даналығын, парасаттылығын, тақуалығын, әсіресе кеңпейілділігі мен жомарттығын өзіне үлгі тұтқан.

Хаммад бай болғанымен мал-мүлкін туған-туысқандарына, жетім-жесірлерге және шәкірттеріне жұмсайды екен. Бұл жайлы: «Хаммад ғұламалар ішінде ең жомарты еді, жылда келетін қасиетті рамазан айында күнде 500 адамға ауызашар беретін, жағдайы нашар шәкірттеріне ақшалай көмектесіп тұратын еді», – деп риуаят етіледі.

Хаммад ибн Сүлеймен дүние салғаннан соң оның ісі баласы Исмаилға тиді. Жұрт та оның бойынан әкесінің ілімі мен асыл бейнесін көргісі келді. Өкінішке қарай, Исмаил бірақ халық көңілінен шыға алмады. Сол себепті ұстазының оқу-ағартушылық істерін әрі қарай жандандырып, дамытуды шәкірті Әбу Ханифа мойнына алды. Халықтың қалағаны да сол болатын. Ол кезде оның жасы қырықта еді.

Әбу Ханифаның есімі мен білімі кеңінен тарай бастайды. Оған жер-жерлерден білім алу мақсатымен мыңдаған талабалар келіп жатты. Оның дәрісханасы Куфадағы ең үлкен әрі берекелі білім ошағына айналды. Шәкірттердің ғылыми сұхбаттары мен қуанышты үндері мешіт сыртынан да естіліп тұратын.

Әбу Ханифа ақылды, өткір, парасатты, кемел ой иесі еді. Осы ерекшелігімен тез арада өз дәуірінің ең ұлы ғалымдарының біріне айналды. Ол – Ислам фикһының

үлкен мүжтахид ғалымы болды. Құран кәрім және сүннеттен басқа нақты дәлел ретінде ол сахабалардың, табиғиндердің алқалы пікірін, сондай-ақ қияс (салыстыру), истихсан (дұрыс санау, жақсы деп білу) және ғұрып-дәстүр сияқты фикһ қағидаларын пайдалана отырып, шариғат шеңберінде үкімдер шығара білді.

Әбу Ханифа түні бойы ғибадат етіп, күндіз ораза тұтатын, тілін жалған сөзден сақтап, бойын таза ұстайтын, жағымсыз іс–әрекет пен ойын-сауықтан аулақ жүретін, Алла Тағаланың разылығын табуды өзіне парыз санайтын. Имам Ағзамның имандылығы мен тақуалығы, білімділігі мен парасаттылығы туралы имам әш-Шафиғи: «Адамдар фикһ ғылымында Әбу Ханифаға қарыздар. Кімде-кім Әбу Ханифаның кітаптарын оқымаса, ғылымға бойламағаны және фикһ ғалымы болмағаны», – дейді³²⁶.

Әбу Ханифаның атақты шәкірттері:

1. Әбу Юсуф. Толық аты жөні Яқуб ибн Ибраһим әл-Әнсари, нижра бойынша 113 жылы дүниеге келген. Жастайынан хадис іліміне ерекше мән берді. Алғашында фикһ ілімін Ибн Әби Ләйләдан алса, кейін Әбу Ханифадан ала бастады. Кейіннен Хижаз аймағына ауысып, Имам Мәликтен де дәрістер алды, кейбір мәселелерде Имам Мәликпен келіспей жеке ойларын алға тартты. Имам Әбу Юсуф Әбу Ханифа шәкірттерінен бірінші болып, хадис мектебі мен «әһлү рай» (пікір) мектебін жақындатқан ғалым ретінде танылды. Мәһди, һарун Рашидтің кезінде қазылық қызмет атқарды. Сол кездегі деректер бойынша оның еңбектері 40-қа жеткен, алайда біздің заманға тек төртеуі ғана жетті, солардың атақтысы «әл-Хараж».

2. Зафар ибн әл-Һузейл. Толық аты-жөні Зафар ибн әл-Һузейл ибн Қайс әл-Куфи нижра бойынша 110 жылы дүниеге келген. Арғы аталары арабтың атақты тайпасы Бану Тамимнан. Ата-анасы дәулетті адамдардан болған, соның нәтижесінде жастайынан алаңсыз Құран жаттаумен, ха-

³²⁶ Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 ISBN 9965-26-322-1

дис ілімін үйренумен айналысқан. Әбу Ханифаның шәкірті болуға итермелеген басты себеп Әбу Ханифаның дінді терең түсінгендігінде, шамамен ұстазының қасында жиырма жылдай бірге болады. Ұстазы Әбу Ханифа қайтыс болғаннан кейін орнына дәріс беруін жалғастырады. Хижа бойынша 158 жылы қайтыс болады.

3. Ибн әл-Хасан әш-Шайбани. Толық аты Мухаммад ибн әл-Хасан әш-Шайбани хижа жыл санауы бойынша 131 жылы Иракта дүниеге келеді. Куфа қаласында өсіп жастайынан Әбу Ханифа, Әбу Юсуфтан дәріс алады. Мұнымен шектелмей Имам Мәликке барып, оның атақты кітабы «Муатта» кітабы бойынша сабақ өтеді. Имам әш-Шайбани алғашқылардан болып, фикһ ілімін ауқымды ғылыми түрде жазып қалдырған адам. Сол секілді қоғамтану саласында мемлекетаралық қатынастар тақырыптарына арнап, «әс-Сияр әл-Кәбир» кітабын жазып шығарған. Бұл да жоғарыдағы ғалымдар секілді мужтаһид ғалым болып саналады.

4. Әл-Хасан әл-Лулуи. Толық аты-жөні әл-Хасан ибн Зияд әл-Лулуи әл-Куфи, жастайынан хадиске ден қойған кейін фикһ іліміне ауысады. Атақты еңбектерінің бірі «әдәбу әл-Қадый», Куфа қаласында қазылық қызмет атқарған.

Ханафи мәзһабының кең таралу себептері:


1. Шәкірттерінің көптігінің арқасында оның берген пәтуалары кең көлемде бүкіл әлемге жайыла бастады;
2. Орнатқан фикһ ережелері;
3. Мемлекет тарапынан қолдау жасалған. Аббиситтер, Салжұқтар, Ғазнауилер, Осман халифаттары кезінде мемлекет ісінің негізгі бөлігі Ханафи мәзһабына сүйенді;
4. Ханафи мәзһабы басқа мәзһабтарға қарағанда жеңіл әрі негіздері берік.

Жоғарыдағы аталған мәліметтерден байқағанымыздай, Ханафи мәзһабының негізі ұлық пайғамбарымыз (с.а.у.) мадақтаған дәуірге сүйенеді. Исламның бірінші ғасырында дүниеге келген, сахабалардың көзін көрген Әбу Ханифа ибн ән-Нұғманнан бастау алады. Бұл ұлы тізбек еш үзілместен

біздің заманымызға дейін көптеген мұжтаһид ғалымдардың еңбектерімен жеткен орасан зор ауқымды ғылыми қор болып табылады. Сол себепті Ханафи мәзһабы деп айтылғанда, ол тек Әбу Ханифаның ғана ижтиһады емес, он ғасырдан астам өмір сүрген ғалымдардың еңбектерінің жиынтығы. Ақыл-есі дұрыс, санасы ояу әрбір мұсылман өзінің діни ұстанымында беріктік, сенімділік болғанын қалайды. Бұл жерде он ғасырлық фикһ базасы бар, жүздеген мұжтаһид ғалымдардың еңбегі жиналған Ислам мемлекетінің ресми мәзһабы болған жолды таңдаған дұрыс па, әлде бір ғасырдан асар-аспас шашыраңқы негізі бар күмәнді Ислам әлеміне белгісіз тұлғалардың негізін ұстанған дұрыс па?! Әлбетте, дұрыс сана бірінші жолды ұстанары анық, өйткені ол жолды сан ғасырлар бабаларымыз ұстанып келді.

ХАНАФИ МӘЗҲАБЫНЫҢ ДӘЛЕЛДЕРІ

Ханафи мәзһабы бойынша намаз оқудың дәлелдері



Кейбір жат ағым өкілдерінің еліміздегі мұсылмандардың шырқын бұзудағы ұтымды тәсілдерінің бірі – мұсылмандардың ғибадаттарына күмән туғызу. Әсіресе, бұл намаз құлшылығына қатысты. Жаңадан намазға бет бұрған мұсылмандарға сен мынаны дұрыс жасамадың, мұның дәлелі әлсіз, мынау бидғат, намаз сүннет бойынша былай, имамдар сендерге қате үйретуде деген сөздерді таратып, әлі буыны бекімеген мұсылмандардың көкейіне күмән ұялатуда. Олардың айтатындары Имам Әбу Ханифа мәзһабының көп мәселеде дәлелдері жоқ, дәлелдері әлсіз деген пікірлер. Намаз мәселесінде көптеген хадистердің келгені мәлім, дегенмен нақтылы шегелеп тек осылай оқыған деп басып айту ол діни білімнің таяздығының белгісі және басқа ғалымдардың ғасырлар бойы Ислам дініне сіңірген еңбегінің елеусіз қалғаны. Осы мақсатта мұсылмандар арасында намазға қатысты жиі талқыға түсіп жүрген мәселелерге орай Ханафи

мәзһабының дәлелдері мен ұстанымдарын келтіргенді жөн көрдік.³²⁷

Таң намазына азан шақырылғанда «ас-Саләту хайрум минән нәуум» деген сөз тіркесінің қосылуы. Таң намазындағы азанға қосылатын «намаз ұйқыдан қайырлы» сөзін кейбір жат ағым өкілдері жоққа шығарады. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінде:

عَنْ بِلَالٍ قَالَ قَالَ لِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا تَتَوَبَّنَ فِي شَيْءٍ مِنْ الصَّلَوَاتِ إِلَّا فِي صَلَاةِ الْفَجْرِ

Сахаба Біләлдің айтуынша, Пайғамбарымыз (с.а.у.): ««Ас-салату хайрум минән наум» (Намаз ұйқыдан артық) сөзі тек таң намазында ғана айтылады»³²⁸, – деген.

Қаматтың сөздері де азандағы сияқты екі мәрте қайталануы. Ханафи мәзһабында қаматты азандағыдай созып оқымайды және «қад қааматиссала» сөзі қосылып, екі мәрте айтылады. Байһақиде риуаят етілген мына хадисте сахаба Абдулла ибн Зәйд былай дейді:

عَبْدُ اللَّهِ بْنُ زَيْدٍ الْأَنْصَارِيُّ جَاءَ إِلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ يَا رَسُولَ اللَّهِ رَأَيْتُ فِي الْمَنَامِ كَأَنَّ رَجُلًا قَامَ وَعَلَيْهِ بُرْدَانِ أَخْضَرَانِ فَقَامَ عَلَى حَائِطٍ فَأَذَنَ مُنًى وَ أَقَامَ مُنًى.

«Мен Пайғамбарымызға (с.а.у.): «Уа, Расулулла! Мен түсімде бір адамды көрдім. Үстінде екі қабат жасыл жамылғы киімі бар еді. Ол қабырғаға шығып, азан шақырды, (азан сөздерін) екі мәрте қайталап айтты. Қаматтың сөздерін де екі рет қайталады»³²⁹.

³²⁷ Бұл тақырып төңірегінде көлемді түрде жарық көрген Абдусамат Қасымның «Дәлел-дәйектермен намаз оқу үлгісі» кітабы Ханафи мәзһабының намазға қатысты ұстанған дәлелдерін кеңінен талқылаған. Бұл мақаладағы мәліметтер сол кітапқа сүйене отырып жазылған.

³²⁸ Тирмизи Сүнәні, №198

³²⁹ Бәйһақи риуаят еткен

Имамға ұю – намазын алдында тұрған имамына тапсыру. Кейбір жат ағым өкілдерінің әрекетінен намазда имамнан кешігіп әрекет жасап жатқанын байқаймыз. Олардың ойынша, әрбір адам намазы үшін тек өзі ғана жауап береді. Осыған орай Фатиха қысқа сүре оқып, имам руқуға кетсе, кейбір адамдардың әлі қиямда сүре оқып тұрады. Бұл хадиске қайшы әрекет.

عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: «قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ): الْإِمَامُ ضَامِنٌ فَمَا صَنَعَ فَاصْنَعُوا».

Жәбірден жеткен риуаят бойынша, Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтты: *«Иман намаздарыңа кепіл, Ол не істесе соны істеңдер»*³³⁰.

Басқа бір хадисте:

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: «إِنَّمَا جُعِلَ الْإِمَامُ لِيُؤْتَمَ بِهِ إِذَا كَبَّرَ فَكَبِّرُوا وَإِذَا رَكَعَ فَارْكَعُوا وَإِذَا قَرَأَ فَانصِتُوا»

*«Сөзсіз имамға ұю керек. Егер Аллаһу әкбар десе, сендер де солай айтыңдар. Ал қашан Құран оқыса (намазда), тыңдап тұрыңдар»*³³¹ деген (сахих хадис).

Ифтитах тәкбірін айтқандағы қолдың деңгейі.

عَنْ مَالِكِ بْنِ الْحَوَارِثِ: «أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ، كَانَ إِذَا كَبَّرَ رَفَعَ يَدَيْهِ، حَتَّى يُحَازِي بَهُمَا أُذُنَيْهِ»

*«Алланың елшісі (с.а.у.) (намазда) тәкбір айтқанда екі қолын құлағының тұсына дейін көтеретін»*³³².

«Сахих Мүслимде тағы бір хадисте сахаба Қатада Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қалай тәкбір келтіргенін көріп, былай деді:

³³⁰ Әл-Хайсами. Мажмағуз-зауаид: Бабу әл-Имаму Дамин. (Хасан хадис)

³³¹ Дәрәқутни сунані, Имамға ұю бабы- 2/115-бет, №1243 хадис.

³³² Сахих Мүслим «Китабу әссала, №25 хадис.

عَنْ قَتَادَةَ بِهَذَا الْإِسْنَادِ، أَنَّهُ رَأَى نَبِيَّ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَوَسَلَّمَ، وَقَالَ: حَتَّى يُحَازِي بَهُمَا فُزُوعَ أُذُنَيْهِ

«Ол қолын құлағының жоғарғы тұсына жететіндей етіп көтерді»³³³.

Басқа бір хадисте:

عَنْ وَائِلِ بْنِ حَجْرٍ، قَالَ: «رَأَيْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ
وَوَسَلَّمَ حِينَ يُكَبِّرُ لِلصَّلَاةِ يَرْفَعُ يَدَيْهِ حِيَالَ أُذُنَيْهِ»

«Мен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) намазға тәкбір айтқанда екі қолын құлақ тұсына көтергенін көрдім»³³⁴.

Тәкбірде қолды тек бір мәрте көтеруге байланысты.

قَالَ عَبْدُ اللَّهِ بْنُ مَسْعُودٍ: «أَلَا أَصْلِي بِكُمْ صَلَاةَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ؟ فَصَلَّى فَلَمْ يَرْفَعْ يَدَيْهِ إِلَّا فِي أَوَّلِ مَرَّةٍ

«Абдулла ибн Масғуд: «Мен сендерге Алла елшісінің намазды қалай оқитынын көрсетейін бе?– деп намаз оқыды. Намазда екі қолын тек намаздың басында ғана бір рет көтерді»³³⁵. (Сахих)

Басқа хадисте:

عاصِمُ بْنُ كُلَيْبٍ عَنْ أَبِيهِ أَنَّ عَلِيًّا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ كَانَ يَرْفَعُ
يَدَيْهِ فِي أَوَّلِ تَكْبِيرَةٍ مِنَ الصَّلَاةِ، ثُمَّ لَا يَرْفَعُ بَعْدَ

«Әзіреті Әли намаздың әуелгі тәкбірінде екі қолын көтеретін. Одан кейін көтермейтін» делінген³³⁶.

Тағы басқа хадисте:

عَنْ جَابِرِ بْنِ سَمُرَةَ قَالَ: «خَرَجَ عَلَيْنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَالَ: مَا لِي أَرَاكُمْ رَافِعِي أُيُودِيَكُمْ كَأَنَّهَا

³³³ Сахих Мүслим «Китабу әссала», №26 хадис

³³⁴ Имам Тахауи Шарху Мағани әл-Әсәр 3/512-бет

³³⁵ Имам Ахмад муснаді №3551. Бұл хадис Тирмизиде, Насаиде, Әбу Дәуітте келген.

³³⁶ Имам Тахауи Шарху Мағани әл-Әсәр 4/164-бет

أَذْنَابُ خَيْلٍ شَمْسٍ؟ أَسْكُنُوا فِي الصَّلَاةِ»

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) біз жаққа қарап: «Неге сендер асау аттың құйрығына ұқсап, қолдарыңды (қайта-қайта) көтеріп, жатырсыңдар. Намазда тыныш тұрыңдар» – деді³³⁷.

Басқа бір хадисте:

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ: «كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ إِذَا دَخَلَ فِي الصَّلَاةِ رَفَعَ يَدَيْهِ مَدًّا»

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) намазға бастағанда екі қолын бірік мәрте көтеретін еді»³³⁸.

Тәкбірден кейін қол байлауға байланысты.

عَنْ أَبِي جُحَيْفَةَ أَنَّ عَلِيًّا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: «السُّنَّةُ وَضْعُ الْكَفِّ عَلَى الْكَفِّ فِي الصَّلَاةِ تَحْتَ الشَّرَةِ»

«Оң қолды сол қолдың үстіне қойып, кіндіктен төмен байлау – сүннет»³³⁹ деген.

Басқа бір хадисте:

«أَخَذَ الْأَكُفَّ عَلَى الْأَكُفِّ فِي الصَّلَاةِ تَحْتَ الشَّرَةِ»

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір қолын екінші қолына қойып, кіндіктен төмен ұстап, қол байлады»³⁴⁰.

Намаздағы бисмилләһ айту мәселесі.

Сахаба Әнәс ибн Мәликтен жеткен хабар бойынша:

عَنْ قَتَادَةَ عَنْ أَنَسٍ قَالَ صَلَّيْتُ خَلْفَ رَسُولِ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَ أَبِي بَكْرٍ وَ عُمَرُ وَ عُثْمَانُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ فَلَمْ أَسْمَعْ أَحَدًا مِنْهُمْ يَجْهَرُ بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

³³⁷ Мүслим 27-баб/430-хадис

³³⁸ Әбу Дәуіт, №753, Сахих хадис.

³³⁹ Имам Ахмад №877

³⁴⁰ Дарақутни хадистер жинағы №1098

«Мен Пайғамбарымыздың, Әбу Бәкірдің, Омардың және Османның артында тұрып намаз оқыдым. Олардың ешқайсысы «бисмилләні» жария етіп оқығанын естімедім»³⁴¹.

Қиямда Құран оқу мәселесі.

Парыз намаздардың әуелгі екі ракағатында әрқайсысында ең кем дегенде қысқа болса үш аят, ұзын болса бір аят оқу парыз. Құран кәрімде бұл турасында:

فَاقْرَءُوا مَا تَيَسَّرَ مِنَ الْقُرْآنِ³⁴²

«(Намазда) Құраннан жеңіл келгенін оқыңдар»³⁴²

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінде бір кісіге намаз үйреткенде былай деді:

إِذَا قُمْتَ إِلَى الصَّلَاةِ فَكَبِّرْ ثُمَّ اقْرَأْ مَا تَيَسَّرَ مَعَكَ
مِنَ الْقُرْآنِ، ثُمَّ ارْكَعْ حَتَّى تَطْمِئِنَّ رَاكِعًا

Намазда тұрғанында ифтитах тәкбірін ал. Кейін Құраннан жеңіл келгенін оқы да рукуғқа бар, рукуғты толығымен жаса...³⁴³

Имамға ұйыған кісі іштей Құран оқи ма?

Имамға ұйыған адам «Сәнә», «Тәшәһуд» секілді дұғаларды іштей айтып, «Фатиха» және қосымша сүрелерді оқымайды. Бұған Ханафи мәзһабының ғалымдарынан басқа да ғалымдар келіседі³⁴⁴.

Хадисте:

سَأَلَ زَيْدُ بْنُ ثَابِتٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ الْقِرَاءَةِ مَعَ
الْإِمَامِ فَقَالَ: لَا قِرَاءَةَ مَعَ الْإِمَامِ فِي شَيْءٍ.

«Еш жерде имамның артынан қыраат (оқу) ету деген жоқ»³⁴⁵.

³⁴¹ Нәсаи 2/135 бет, №907 хадис

³⁴² «Музаммил» сүресі, 20-аят

³⁴³ Сахих Бұхари, №724

³⁴⁴ Бұл мәселе кеңінен «Дәлел-дәйектермен намаз оқу үлгісі» кітабында кеңінен талқыланады, 48-бет.

³⁴⁵ Мүслим №577

Басқа бір хадисте:

عَنْ عِمْرَانَ بْنِ حُصَيْنٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا قَالَ: صَلَّى بِنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ صَلَاةَ الظُّهْرِ أَوْ الْعَصْرِ، فَقَالَ: «أَيُّكُمْ قَرَأَ خَلْفِي بِ{سَبِّحْ اسْمَ رَبِّكَ الْأَعْلَى}؟ فَقَالَ رَجُلٌ: أَنَا وَلَمْ أُرِدْ بِهَا إِلَّا الْخَيْرَ، قَالَ: «قَدْ عَلِمْتُ أَنَّ بَعْضَكُمْ خَالَجَنِهَا».

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бірде бесінде ме, жоқ екінтіде ме, имам болып намаз оқыды. Намаздан кейін бізге қарап: «Қайсың артымнан тұрып «Сәббихисмә Раббикәл әғла» деген?» деп сұрады. Ұюшылардың бірі: «Мен едім, бірақ жаман ойым болған жоқ» деп жауап берді. Сонда пайғамбарымыз: «Менімен жарысып тұрған кім деп ойладым»³⁴⁶ дейді, өзгелердің имаммен қоса жармасып оқып тұруын дұрыс көрмей.

Әмин дұғасы.

Намазда «Фатиха» сүресінен кейін әмин деп дұға жасау сүннет амалдардан. Ханафи, Мәлики мәзһабтарында бұл дұға іштей айтылады. Алла тағала Құран кәрімде:

(ادْعُوا رَبَّكُمْ تَضَرُّعًا وَخُفْيَةً إِنَّهُ لَا يُحِبُّ الْمُعْتَدِينَ)

(Раббыларыңа жалбарынып, жасырын түрде тілеңдер. Күдіксіз Ол, шектен шығушыларды жақсы көрмейді)³⁴⁷.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мүбәрак хадисінде:

عَنْ عَلْقَمَةَ بْنِ وَاثِلٍ عَنْ أَبِيهِ: أَنَّهُ صَلَّى مَعَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ حِينَ قَالَ: «غَيْرِ الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ» قَالَ آمِينَ يَخْفَضُ بِهَا صَوْتَهُ

«Пайғамбарымызбен бірге намаз оқығанда Пайғамбарымыз «Ғайрил мағдуби ғалайһим уә ләддаалин» дегеннен кейін даусын бәсеңдетіп «Әмин» деді»³⁴⁸. Бұл хадис сахих. Оны

³⁴⁶ Мүслим хадистер жинағы

³⁴⁷ «Ағраф» сүресі, 55-аят

³⁴⁸ Әл-Хаким ән-Нисабори Мустадрак 2-том/253-бет.

Бұхари, Мұслим хадистерінде келтірмегенімен, олардың хадис қабылдау шарттарына сәйкес.

Ташәһуд отырысы.

Ханафи мәзһабы бойынша ер кісілер намаздың екі сәжде арасындағы отырысы мен «әттахиат» отырысында сол аяғын жамбасының астына басып, оң аяғының бармақтарын құбылаға қаратады. Бұлай жасау сүннет³⁴⁹.

Хадисте:

عَنْ ابْنِ حَجَرٍ قَالَ: «قَدَّمْتُ الْمَدِينَةَ قُلْتُ لِأَنْظُرَنَّ إِلَى صَلَاةِ رَسُولِ اللَّهِ فَلَمَّا جَلَسَ يَغْنِي لِلشَّهَادِ افْتَرَشَ رِجْلَهُ الْيُسْرَى وَوَضَعَ يَدَهُ الْيُسْرَى يَغْنِي عَلَى فَحْذِهِ الْيُسْرَى وَنَصَبَ رِجْلَهُ الْيُمْنَى

Мен Мәдина қаласына келгенімде өз-өзіме «ардақты пайғамбарымыздың намаз қалай оқитынын көруім керек», – дедім. (Барып қарағанымда) Ол кісі ташәһудте оң аяғын (бармақтарын құбылаға қаратып) тіктеді. Сол қолын сол аяғының санының үстіне қойды»³⁵⁰.

Намаздағы саусақты көтеру мәселесі

Намазда «Әттахиат» дұғасының «Лә иләһә» деген тұсында сұқ саусақты көтеріп, «иллаллаһ» деген жерінде түсіру сүннет амалдардан. Ал сұқ саусақты көтеріп, үздіксіз қимылдату Ханафи мәзһабында мәкруһ амалдарға жатады. Хадисте:

عَنْ عَلِيِّ بْنِ عَبْدِ الرَّحْمَنِ الْمَعَاوِيِّ أَنَّهُ قَالَ رَأَيْتُ عَبْدَ اللَّهِ بْنَ عُمَرَ وَأَنَا أَعْبْتُ بِالْحِضْبَاءِ فِي الصَّلَاةِ فَلَمَّا انْصَرَفْتُ نَهَانِي وَقَالَ اصْنَعْ كَمَا كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَصْنَعُ فَقُلْتُ وَكَيْفَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَصْنَعُ قَالَ كَانَ إِذَا جَلَسَ فِي الصَّلَاةِ وَوَضَعَ كَفَّهُ الْيُمْنَى عَلَى فَحْذِهِ الْيُمْنَى وَقَبَضَ أَصَابِعَهُ كُلُّهَا وَأَشَارَ

³⁴⁹ Ғылымхал 160 бет.

³⁵⁰ Әбу Дәуіт, №957 хадис

بَأْضَبِعِهِ الَّتِي تَلِي الْإِبْهَامَ وَوَضَعَ كَفَّهُ الْيُسْرَى عَلَى فَخْذِهِ الْيُسْرَى

Әли ибн Абдурахман әл-Мағауия былай деді: «Абдулла ибн Омар менің намазда ұсақ тастармен ойнап отырғанымды көрді. Намаз біткен соң ол мені бұл істен тыйып: «Алла елшісінің істегеніндей істе!» – деді. Мен: «Алла елшісі қалай жасайтын еді?» – дедім. Ол былай деді: «Алла елшісі намазда отырған кезде оң алақанын оң санының үстіне қойып, саусақтарын жиып, сұқ саусағымен ишарат ететін. Ал, сол алақанын сол санының үстіне қоятын»³⁵¹.

Әйел мен ердің намаз оқудағы айырмашылықтары

Кейбір жат ағым өкілдері Пайғамбарымыздың (с.а.у.) «Намазды мен оқығандай оқыңдар» деген әмірін тікелей түсініп, әйелдер мен еркектердің арасында намаз оқуда ешқандай айырмашылық жоқ деп пайымдайды. Құрандағы намазға қатысты әмір еркек пен әйелге ортақ болғанымен, хадистерге қарасақ, әйел адамның жаратылыс ерекшелігіне байланысты намазда кейбір өзгешеліктер бар.

Ерлерге мешітке барып, жамағат намазын оқу абзал болса, әйелдерге үйінде оқыған абзал. Ерлерге жұма намазын мешітке барып оқу – уәжіп. Ал әйелдерге ол міндетті емес.

Әйел адам намазға тұрғанда еркекке қарағанда киімі кең әрі денесін толық жауып тұруы қажет. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Балиғат жасына толған әйелдің намазы (басын) жамылғымен жауып (оқымайынша) қабыл етілмейді»³⁵² деген.

Ерлердің әурет жері кіндік пен тізенің арасы болса, әйелдікі жүзі мен екі алақанынан басқа барлық жері әуретке жатады. Әрі намазда тұрғанда да аталмыш жерінен басқа денесі түгелдей жабылып тұруы тиіс. «...Өздігінен көрініп тұрған жерден басқа зейнеттерін көрсетпесін...»³⁵³ деген аятқа қатысты Ибн Аббастан сұрағанда, ол: «Ол – бет пен екі алақаны»³⁵⁴, – деп жауап берген.

³⁵¹ Сахих Мұслим, 1-том, 408-бет.

³⁵² Мұстадрак ала сахихайн, әл-Хахим, 2-том, 428-бет. Хадистің дәрежесі сахих, Мұслімнің шартына сай.

³⁵³ «Нұр» сүресі, 31-аят

³⁵⁴ Мусаннаф, Ибн Әбу Шәйбә, 3-том, 384-бет.

Ерлер әрбір намазды бастағанда азан мен қамат айтып оқуы тиіс. Ал әйелдерге міндетті емес. Әсмә бин Бәрид (р.а.) Алла елшісінің (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) «Әйелдерге азан да, қамат айту да міндет емес» дегенін жеткізген³⁵⁵.

Әйел адам сәждеге барғанда екі қолын ерлер тәрізді ашпай, керісінше бауырына жинайды. Себебі Алла елшісі бірде намаз оқып тұрған екі әйелдің жанынан өтіп бара жатып (олар намазын оқып болған соң): «Сәждеге барғандарыңда еттің кейбір бөлігін (қолды) жерге тигізіңдер. Себебі әйел сәжде еткенде ер кісідей сәжде етпейді», – деген. Демек, әйел барынша намазда өзіне ұқыпты болғаны абзал, оның намаз оқуында еркекке тән әрекеттер болмауы тиіс. Бұл әсіресе сәждеге барғанда, руқуға барғанда, отырыстарында ерекше байқалады.

Бет сипау мәселесі

Дұға жасаушы құл дұға жасарда дәрет алып, құбылаға қарап, қолын көтеріп дұға жасағаны абзал. Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадисінде былай деген:

«إِنَّ اللَّهَ حَنِي كَرِيمٌ، يَسْتَجِي مِنْ عَبْدِهِ إِذَا رَفَعَ إِلَيْهِ يَدَيْهِ أَنْ يَرْدَّهُمَا صَفَرًا»

«Шын мәнінде, Алла Ұялушы әрі Жомарт. Егер Оның құлы Оған екі қолын жоғары көтеріп дұға қылса, оларды (екі қолын) құр қайтаруға ұялады»³⁵⁶.

Бұл жердегі қолын жоғары көтеріп, дұға тілеудегі мағына Алла тағаланың мекеніне емес, керісінше оның мәртебесінің жоғары екенін меңзейді. Сонымен қатар дұға тілеуші адамның қолын жайып, бетін сипауы сүннет амалдардан болып табылады.

(سَلُّوا اللَّهَ بِطُؤْنِ أَكْفِكُمْ وَلَا تَسْأَلُوهُ بِظُهُورِهَا
فَإِذَا فَرَعْتُمْ فَاْمَسَحُوا بِهَا وَجُوهَكُمْ)

³⁵⁵ Әс-Сүнән әл-Кубра, әл-Бәйһәқи, 1-том, 408-бет.

³⁵⁶ Тирмизи хадистер жинағынан

«Алла тағаладан сұрағанда алақандарыңның ішімен сұраңдар, сыртымен емес, дұға жасағаннан кейін беттеріңді сипаңдар»³⁵⁷.

Намаз оқымаған кәпір ме?

Сондай-ақ, жат ағым өкілдерінің қоғам арасында таратып жүрген бүліктерінің бірі – намаз оқымай жүрген адамдарды кәпірге шығаруы. Бұл жерде адам намаз оқымаса да болады, ең басты жүрек тазалығы деген сөз емес. Әлбетте, намаз ақыл есі дұрыс, балиғат жасына жеткен адамға парыз. Оның парыздығы Құран, сүннет және ижмағ дәлелдерімен анықталған. Намаздың маңыздылығының дәлелі бұл сөздің Құранда елу бір жерде келуі. Соның бірі:

حَافِظُوا عَلَى الصَّلَوَاتِ وَالصَّلَاةِ الْوُسْطَىٰ وَقُومُوا لِلَّهِ قَانِتِينَ

«Барлық намаздарды және орта намазды сақтаңдар»³⁵⁸

إِنَّ الصَّلَاةَ كَانَتْ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ كِتَابًا مَّوْقُوتًا

«Расында, намаз белгіленген арнайы уақыттарда парыз етілді»³⁵⁹.

Ибн Омардан (р.а.) риуаят етілген бір хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Ислам бес нәрседен тұрады: Алладан басқа Құдай жоқ екеніне және Мұхаммед Алланың елшісі екеніне куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, шамасы келсе қажылыққа бару және Рамазан оразасын ұстау»³⁶⁰.*

Намаз оқымайтын адамның үкіміне келер болсақ, бұл мәселе екіге бөлініп қарастырылады. Біріншісі, парыздығын мойындамай, оны жоққа шығару, екіншісі парыздығын мойындау, бірақ еріншектіктен, иманның әлсіздігінен оқымау, оқуды кейін қалдыру. Бірінші топтағы адам тікелей Құран аяттары мен хадистеріндегі әмірге қарсы келгені үшін діннен шығады. Екінші топтағы адамдар күнәһар болғанымен, діннен шықпайды. Бұл пікірді Имам Әбу Ханифа, Мәлики,

³⁵⁷ Әбу Дәуіт, Байхақи хадистер жинағынан

³⁵⁸ «Бақара» сүресі, 238-аят

³⁵⁹ «Ниса» сүресі 103-аят

³⁶⁰ Бұхари, Иман, 1,2; Мұслим, Иман, 19-22-

Шәфиғи және Ханбали мәзһабының кейбір ғалымдары ұстанған. *«Кісі мен ширктің, күпірліктің арасындағы перде – намаз»*³⁶¹ хадисіне келетін болсақ бұл жердегі күпірлік намазды жоққа шығаруға байланысты күпірлік. Өйткені, Ислам тарихында намаз оқымаған адамдарды мұсылмандарша жерлеп, мұсылманша жаназасын шығарып көміп келген.

Ғұламалардың көпшілігі кәпір болмайтынына Алланың келесі сөздерін дәлелге келтірген:

«Алла тағала Өзіне ортақ (серік) қосуды жарылқамайды, бұдан өзге қалаған кісісін жарылқайды»³⁶².

Және басқа хадистер келтірген: *«Кім «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтса, жаннатқа кіреді. Кімде-кім Алладан басқа Тәңір жоқ екендігіне сеніп дүниеден өтсе, ол жаннаттық. Егер Алланың құлы күмәнсіз екі куәлік сөзімен кездессе, ол жаннаттан алыстатылмайды. Алла «лә иләһә иллаллаһ» деп айтқан адамға отты арам еткен»* және тағы басқа да хадистер бар.

Қазіргі кездегі өздерін таза дін ұстанамын деушілер көп жағдайды Сауд Арабиясы ғалымдары, Усаймин, Ибн Бааз, Албани, т.б. ғалымдардың сөздерін келтіреді. Осы тұрасында Албаниден сұраған кезде фәтуаларының бірінде намаз оқымау адамды діннен шығармайды деген, діннен тек жүрек пен сенім тұрғысында қарсы келсе ғана шығады деп үкім берген. Яғни намаздың парыздығын мойындамауды меңзейді³⁶³. Олардың атақты ғалымдары ибн Бааздың ресми сайтында осы мәселеге орай берген фәтуасында бір мұсылманның «Егер адам Аллаға, пайғамбарға иман келтірсе, бірақ басқа негіздерді орындамаса мұсылман бола ма?» деген сұрағына: «Иә, ол Аллаға, пайғамбарға (с.а.у.) иман келтіруімен мұсылман болады»³⁶⁴ деп жауап берді. Дегенмен, кейін оның ісіне қаралып егер намаз оқыса иманы толық болады, оқымаса діннен шығады деп айтуы арқылы өз сөзіне өзі қайшы келуде.

³⁶¹ Сахих Мұслим, 1-том, 88-бет. «ДәруИхиа`ит-турасил-араби» баспасы

³⁶² «Ниса» сүресі, 48-аят

³⁶³ https://www.youtube.com/watch?v=7q_0t8vvWG4

³⁶⁴ <http://www.binbaz.org.sa/node/21507>

Намаз оқымаудың үкіміне байланысты келген хадистердің көбінде қандай халде тастағандығы жөнінде (парыздығын біліп, еріншектіктен тастау, парыздығын мойындамай тастау) ашып айтылмаған «куфр», «ширк» сөздері жалпылама келген. Сол себепті пайғамбарымыздың (с.а.у.) мынау хадисі намаз тастау қандай жағдайда діннен шығаратын күпірлік екенін ажыратып береді:

مَنْ تَرَكَ الصَّلَاةَ مُتَعَمِّدًا فَقَدْ بُرِئَتْ مِنْهُ ذِمَّةُ اللَّهِ

«Кімде-кім намазды әдейі тастаса, Алланың дінінен шығады»³⁶⁵.

Қорыта келе, бұл жердегі қарама-қайшылық «куфр» сөзінде болып отыр, өйткені бұл сөз ұдайы діннен шығуды мақсат етпейді³⁶⁶. Исламның бүкіл әлемде билік құрып тұрған кезінде намаз оқымаған адам өте жиі кездескеннің өзінде Ислам ғалымдары куфрге шығарудан аулақ болған. Ал дінге енді ғана бет бұрып жатқан елімізде мұндай пікірлерді тарату діни тұрғыда сауатсыздықтың белгісі және Ислам дінінің дамуына қарсы жасалған қастандық.

³⁶⁵ Бұхари, Ибн Мәжа хадистер жинағы

³⁶⁶ Куфр сөзінің мағынасы турасында кітаптың 79-бетінде кеңінен айтылды.

«БИДҒАТ» СӨЗІНІҢ МАҒЫНАСЫ

Қоғамда мұсылмандар арасында бүлік салушы кейбір топтардың қолданып жүрген тәсілдері – дін қызметкерлерін бидғатшылар деп айыптаулары. Имамдар, оларға ергендер, олардың ойынша, дінде ешбір негіздерге сүйенбей жаңалық ашуда және тура жолдан адасуда. Мешітке келген адамдарға имамдарды жеккөрінішті етіп көрсету үшін осындай керітартпа негізсіз пікірлерді алға тартуда. Осындай әрекеттерімен олар мұсылман қоғамына сызат түсіріп, алауыздық отын тұтатуда. Еліміздің бірлігіне, ынтымағына кері әсерін тигізетін мұндай надандық толқындарына қарсы тұру үшін ең алдымен өзіміздің діни ілімімізді арттыруымыз аса қажет.

«Бидғат» сөзінің араб тіліндегі тілдік мағынасына келер болсақ – (بدع) бадаъа, яғни бұрын болмаған затты ойлап табу, (بدعة) бидғат, жаңалық, жаңа ойлап табылған нәрсе. Құран Кәрімде:

بَدِيعُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ

«Ол көктер мен жерді жоқтан бар етуші»³⁶⁷.

Бидғат – Ислам дінінің кез келген бір құндылығын алып тастау немесе дінге жат нәрселерді енгізу, сол секілді дінде құпталған заттарды оған киелікіру. Бұл анықтамадан бидғаттың тек қана Исламға бір жаңалық енгізу емес, сондай-ақ оның құрамынан бір нәрсені алып тастау екенін ұқтық. Демек Исламға, оның негіздеріне кереғар жаңалықтар енгізу бидғат болғаны сияқты, оның ішінен бір нәрсені алып тастау да бидғат әрі бұлай ету үлкен күнә болып табылады, тіпті кейде діннен шығуға алып барады.

Ислам ғұламалары бидғат сөзіне көптеген анықтамалар берген, солардың кейбіруіне тоқталсақ:

1. **Абу Хамид әл-Ғазали:** «Барлық бидғат шариғатта тыйым салынбаған. Тыйым салынған бидғат бекітілген сүннетке, шариғаттағы бір үкімге қайшы келу»³⁶⁸.

2. **Ибн Раджаб әл-Ханбали:** «Бидғат деп дінде негізі жоқ нәрсеге айтады, егер дінде негізі болса, ол бидғат шеңберіне кірмейді»³⁶⁹.

3. **Ибн әл-Асир:** Бидғат екіге бөлінеді: тура бидғат және адасқан бидғат. Пайғамбарымыз (с.а.у.) әмір еткен нәрсеге қарсы келсе, ол харам шеңберіне кіреді, жақсы амалдар қатарына кірсе, ол мадақталған амалдар қатарына кіреді³⁷⁰.

4. **Тафтазани:** Сахабалардың кезінде болмаған барлық нәрсені харамға шығару егер оның харамдығына нақты дәлел болмаса, ол дінді дұрыс түсінбегендік³⁷¹.

5. **Ибн Таймия:** Мұсылмандарда қайырлы мақсатта, қажеттілік үшін пайда болған нәрсе болса рұқсат етіледі³⁷².

Бидғат турасында келген хадистерге тоқталсақ:

أَحْسَنَ الْحَدِيثِ كِتَابُ اللَّهِ تَعَالَى وَأَحْسَنَ الْهَدْيِ هَدْيُ
مُحَمَّدٍ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَشَرُّ الْأُمُورِ مُحَدَّثَاتُهَا
وَكُلُّ مُحَدَّثَةٍ بِدْعَةٍ وَكُلُّ بِدْعَةٍ ضَلَالَةٌ،

«Ең жақсы сөз ол Алла Тағаланың кітабы, ең жақсы жол ол Мұхаммедтің (с.а.у.) жолы, ең жаман нәрсе жаңалықтар (жаңадан ойлап табылған нәрселер), барлық жаңалықтар бидғат, барлық бидғат тозақта» деген³⁷³.

Басқа бір хадисте:

مَنْ أَخَذَ فِي أَمْرِنَا هَذَا مَا لَيْسَ مِنْهُ فَهُوَ رَدٌّ

³⁶⁸ Абу Хамид әл-Ғазалидің «Ихиа улумуддин» кітабының 2-томы, 428-беті

³⁶⁹ Ибн Раджаб әл-Ханбалидің «Джамиғ улум уәл хикам» кітабының

³⁷⁰ Ибн әл-Асирдің «Нихая» кітабының 1-томы, 80-бет

³⁷¹ Тафтазанидің «Шархул мақасид» 5-том, 232-бет

³⁷² Ибн Таймияның «Иқтисад ассирал мустаким» 258-бет. Дәрул Хадис

³⁷³ Сахих Мұслим, Хадистер жинағы №867

«Біздің бұл дінімізге жаңа нәрсе енгізілсе, ол қабылданбайды»³⁷⁴.

عَنْ الْعَرِبَاضِ بْنِ سَارِيَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ: وَعَظَنَا رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مَوْعِظَةً بَلِيغَةً، وَجِلَّتْ مِنْهَا الْقُلُوبُ، وَذَرَفَتْ مِنْهَا الْعُيُونُ، فَقُلْنَا: يَا رَسُولَ اللَّهِ، كَأَنَّهَا مَوْعِظَةٌ مُودَّعٌ فَأَوْصَنَا، قَالَ: «أَوْصِيكُمْ بِتَقْوَى اللَّهِ وَالسَّمْعِ وَالطَّاعَةِ وَإِنْ تَأْمُرْ عَلَيْكُمْ عَبْدٌ حَبَشِيٌّ، وَإِنَّهُ مَنْ يَعِشْ مِنْكُمْ فَسَيَرَى اخْتِلَافًا كَثِيرًا فَعَلَيْكُمْ بِسُنَّتِي وَ سُنَّةِ الْخُلَفَاءِ الرَّاشِدِينَ الْمُهْدِيِّينَ عَضُّوا عَلَيْهَا بِالتَّوَجُّدِ، وَإِيَّاكُمْ وَمُخَدَّنَاتِ الْأُمُورِ فَإِنَّ كُلَّ بِدْعَةٍ ضَلَالَةٌ» أخرجه أبو داود والترمذي.

Ғирбад ибн Сария (Алла оған разы болсын) былай деді:

Бірде Алланың елшісінің (с.а.у.) уағызы уақытында біздің жүрегімізге қорқыныш ұялап, көзімізге жас келді. Сонда біз: «Уа, Алланың елшісі, сенің бұл уағызың қоштасатын адамның уағызы секілді, сондықтан бізге насихат айтыңызшы?» – дедік. Ол былай деді: «Менің насихатым мынау: Ұлы Алла Тағаладан қорқыңдар, егер сендерге құл әмір болса да, оны тыңдаңдар және оған бойсұныңдар. Расында, араларыңдағы көп өмір сүргендер, әлі көп ұрыс–керіске (фитнаға) тап болады, сондықтан сендерге еш ауытқымай менің Сүннетімді және дұрыс жолмен жүрген діндар халифалардың сүннетін ұстану керек болады және сендерге бүкіл (діндегі) жаңалықтан (бидағаттан) қашу керек болады, өйткені әрбір (діндегі) жаңалық адасу болып табылады»³⁷⁵.

Жоғарыдағы хадистердегі «бидғат» сөзінің мағынасын толық түсіну үшін хадис ғылымындағы атақты ғұламалардың сөзін аламыз:

1. Ал-Хафиз Ибн Хажар ал- Асқалани «Фатхул Бари ала сахих ал-Бұхари» кітабында: «Исламдағы жаман болған бидғат ол шариғатта негізі жоқ нәрсе, ал егер шариғатта

³⁷⁴ Сахих Бұхари, Хадистер жинағы №1718

³⁷⁵ Әбу Дәуіт, Тирмизи, Хадистер жинағында

негізі болса, ол рұқсат етілген нәрселерден болып саналады» деген.

2. Имам Науауи «Тахзибул Асма уа Луғат» кітабында: «Бидғат – Пайғамбарымыздың (с.а.у.) уақытында болмаған нәрсе, ол екіге бөлінеді: жақсы және жаман» деген.

Бұл екі ұлы ғалымдардың анықтамаларынан түсінеріміз: Бидғат Пайғамбарымыздың (с.а.у.) кезінде болмаған жайт, егер Құран мен хадисте оны дәлелдейтін негіз болмаса қабылданбайды және ол жақсы, жаман болып екіге бөлінеді. Бұған Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Мүслимде келген басқа бір хадисі дәлел болмақ:

مَنْ سَنَّ فِي الْإِسْلَامِ سُنَّةً حَسَنَةً فَلَهُ أَجْرُهَا وَأَجْرُ مَنْ عَمِلَ
بِهَا بَعْدَهُ؛ مَنْ غَيَّرَ أَوْ يَنْقُصُ مِنْ أَجْوَرِهِمْ شَيْءٌ، وَمَنْ سَنَّ
فِي الْإِسْلَامِ سُنَّةً سَيِّئَةً كَانَ عَلَيْهِ وِزْرُهَا وَوِزْرُ مَنْ عَمِلَ
بِهَا مِنْ بَعْدِهِ، مَنْ غَيَّرَ أَوْ يَنْقُصُ مِنْ أَوْزَارِهِمْ شَيْءٌ

«Кім Исламда қандай да бір жақсы әдет бастаса, сол өзінің сауабына және одан кейін осыны істейтіндердің сауабына ие болады, ал бұл олардың сауабын еш кемітпейді, сол секілді кім Исламда жаман әдет бастаса, сол өзінің амалы үшін жаза тартады және соны істейтіндердің де жазасы еш кеміместен сондай болады»³⁷⁶.

Бұл хадистерден алар тұжырым – діндегі барлық жаңалық ол бидғат болып саналады, алайда ол шарифатқа қайшы келмесе харам шеңберіне кірмейді. Керісінше хадисте келгендей *«Кім Исламда қандай да бір жақсы әдет бастаса, сол өзінің сауабына және одан кейін осыны істейтіндердің сауабына ие болады, ал бұл олардың сауабын еш кемітпейді»* деген Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сөзі дінде кімде-кім жақсы нәрсеге бастаса, ол үшін сауап алатынын меңзеп тұр.

Ибн Шиһабтан, ол Уруа ибн әз-Зубәйрден, ал ол Абдуррахман ибн Абдилқаридың былай дегенін риуаят етеді: «Мен Рамазанның бір кешінде Омар ибн әл-Хаттабпен бірге

³⁷⁶ Сахих Мүслим, Хадистер жинағы №1017

мешітке баруға шықтым. Қарасақ, адамдар бөлініп алған. Бір кісі жеке намаз оқыса, енді бірі көпшілікпен намаз оқуда. Омар (р.а.): «Мен осыларды бір имамның артына жинасам, өте дұрыс болар еді деп ойлаймын», – деді. Сосын нақты шешім қабылдап, оларды Убай ибн Кағбтың артына (оған ұялары үшін) жинап берді. Осыдан кейін онымен бірге басқа бір түнде шықтым. Адамдар өз қариларына (имамдарына) ұйып намаз оқып жатты. (Бұны көрген) Омар (р.а.): «Бұл қандай жақсы бидғат?!..» – деді³⁷⁷. Сахаба Омардың (р.а.) «Бұл қандай жақсы бидғат?!» – деуі бидғаттың жақсы-жаманға бөлінетіндігінің дәлелі болып табылады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) кезінде болмаса да халифа Омардың бұл әрекетіне сол кездегі сахабалардың ешбіреуі қарсы келмеген. Сол секілді Пайғамбарымыз (с.а.у.) Мәуліт мерекесін атап өтсе, қазіргі кезде дінді дұрыс түсінбейтін кейбір дін бұзушы топтар Мәулітті тойлауды харамға шығарып жүр. Бұл мәселені айшықтау үшін мына бір хадиске тоқталсақ:

عن أبي قتادة الأنصاري رضي الله عنه أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ
صلى الله عليه وسلم سُئِلَ... عَنْ صَوْمِ يَوْمِ الْاِثْنَيْنِ قَالَ
ذَلِكَ يَوْمٌ وُلِدْتُ فِيهِ وَيَوْمٌ بُعِثْتُ أَوْ أُنْزِلَ عَلَيَّ فِيهِ

Сахих Мүслимде Әбу Қатададан мынандай хадис риуаят етілді. Ол былай деді: *Пайғамбарымыздан (с.а.у.) дүйсенбі күнгі ораза жайлы сұралған еді. «Бұл күні мен дүниеге келдім әрі елші болып жіберілдім немесе бұл күні маған Құран түсті», – деп жауап берді³⁷⁸.*

«Сахихул-Бухар» хадис кітаптарында Әбу Ләһабтың әр дүйсенбі күні тозақтағы азабының азда болса жеңілдейтіндігі жөнінде айтылған. Себебі, Әбу Ләһаб Пайғамбарымыз (с.а.у.) дүниеге келгенін естіген кезде қуаныштан Суәйба атты күңін азат еткен. Ал енді өмірден кәпір болып өткен әрі Құранда қарғыс алған Әбу Ләһабтың Пайғамбарымыздың (с.а.у.)

³⁷⁷ Бұхари, Хадистер жинағы

³⁷⁸ Сахих Мүслим, 2-том, 819-бет, «Дәру Ихиа'ит-турасил-араби баспасы»,

дүниеге келгенін естіп, бір рет қуанғаны үшін тозақта аз да болса азабы жеңілдейтін болса, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) дүниеге келгені үшін өмір бойы көкірегін қуаныш билеп, Раббысына сол үшін шексіз шүкір еткен мұсылман баласының ақыретте Ұлы Жаратушысынан алар сауабын пайымдау қиын емес³⁷⁹.

Осы тұрғыда кейбір ғалымдар³⁸⁰ бидғатты **уәжіп бидғат** (міндетті болған), мысалы, Құранды бір кітапқа жинау, Құран аяттарының характертерін қою, **мустахаб бидғат** (шариғатта мақтаулы құптаған), мысалы, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Мәуліт мерекесін атап өту, **мубах бидғат** (рұқсат етілген) намаздан соң қол алысып амандасу, сол секілді, **макрух бидғат** және **харам бидғат** болып бөлінеді. Жоғарыда келген хадистегі харам сипаттағы бидғат ол дін негіздеріне ақидада жаңалық кіргізу болып табылады. Оған, мысалы, Алланың қолы, көзі, аяғы, беті бар деп пайымдаулары. Алланы аспанда таққа орнықты деген керітартпа ойлары арқылы дінге үлкен қауіпті жаңалықтар енгізуде, өйткені сәләф ғалымдар Алланың сипаттарына қатысты аяттарды басқа тілге тікелей аударуға тыйым салған. Тіпті бұған Құран кәрімде де тыйым салынған:

هُوَ الَّذِي أَنْزَلَ عَلَيْكَ الْكِتَابَ مِنْهُ آيَاتٌ مُحْكَمَاتٌ هُنَّ أُمُّ الْكِتَابِ
وَأُخَرُ مُتَشَابِهَاتٌ فَأَمَّا الَّذِينَ فِي قُلُوبِهِمْ زَيْغٌ فَيَتَّبِعُونَ مَا تَشَابَهَ مِنْهُ
إِغْيَاءَ الْفِتْنَةِ وَإِغْيَاءَ تَأْوِيلِهِ وَمَا يَعْلَمُ تَأْوِيلَهُ إِلَّا اللَّهُ وَالرَّاسِخُونَ فِي
الْعِلْمِ يَقُولُونَ آمَنَّا بِهِ كُلٌّ مِنْ عِنْدِ رَبِّنَا وَمَا يَذَّكَّرُ إِلَّا أُولُو الْأَلْبَابِ

«Ол Алла саған Құран түсірді. Оның ашық, мағыналы аяттары бар. Солар Кітаптың негізгі іргетасы. Екінші ұқсас ұғымда аяттар бар. Ал жүректерінде қыңырлық болғандар бұзақылық іздеп, ұқсас мағыналы аяттардың ұғымын іздестіріп соңына түседі. Оның ұғымын Алла ғана біледі. Сондай-ақ ғылымында озат болғандар: «Бұған сендік.

³⁷⁹ muslim.kz/kk/question/26-maulit-bidgat-pa.html сайтында Қайрат Жолдыбайдың мақаласында кеңірек айтылған.

³⁸⁰ Юсуф Қардауи «Сунна уал Бидға» 24-бет. Мактабатул Уахба баспасы.

Барлығы Раббымыздың қасынан» дейді. Мұны ақыл иелері ғана түсінеді»³⁸¹.

Сол секілді діндегі харам болған жеккөріністі бидғаттар қатарына мұсылман үмбетінің ішінен өз алдына топтар құру және қалған мұсылмандарды адастыға шығару. Олар: Ахмадия, Қадария, Такфиршілер, Уахабшылар, Хизбут тах-рир ағымдары. Аталмыш ағымдардың Ислам дініне тигізген зиянын саралай келе, нағыз діндегі харам болған бидғатты осы деп айтуға тура негіз бар. Алла тағала оларды былай сипаттаған:

أَفِي قُلُوبِهِمْ مَرَضٌ أَمْ ارْتَابُوا أَمْ يَخَافُونَ أَنْ يَحِيفَ
اللَّهُ عَلَيْهِمْ وَرَسُولُهُ ۚ بَلْ أُولَٰئِكَ هُمُ الظَّالِمُونَ

«Олардың жүректерінде дерті бар ма? Немесе күдіктенуде ме? Не өздеріне Алла, Пайғамбары әділетсіздік істейді деп қорқа ма? Олай емес. Олардың өздері залым»³⁸².

Ислам бізден мемлекет ішінен мемлекет құруға немесе түрлі ағымға бөлініп, діни-саяси топтың қолшоқпары болып, бүлік шығаруға емес, керісінше қоғамдағы ынтымақ пен бірлікті ұстануды бұйырады. Сол себепті Алланың біздерге нәсіп еткен тыныштығын сақтайық. Сөзімізді мына бір хадистермен түйіндесек:

الْمُؤْمِنُ لِلْمُؤْمِنِ كَالْبُنْيَانِ يَشُدُّ بَعْضُهُ بَعْضًا

«Мұсылмандар қабырғалары бір-бірін мықтап ұстап тұрған ғимарат тәрізді».

Басқа бір хадисте:

مَنْ أَرَادَ بُحْبُوحَةَ الْجَنَّةِ فَلْيَلِزِمِ الْجَمَاعَةَ

«Кімде-кім жаннаттың дәл ортасында өмір сүргісі келсе, көпшілікпен бірге болуға көңіл бөлсін»³⁸³.

Яғни, мұсылмандардың бір мәміледе болуы – ол дініміздің бекіткен бұлжымас қағидасы, ел іргесінің бекем болуының

³⁸¹ «Әли Имран» сүресі, 7-аят

³⁸² «Нұр» сүресі, 50-аят

³⁸³ Тирмизи, Фитән. 7-

алғышарты. Сол себепті кез келген керітартпа ойлар жетегіне ермей, Исламның қайнар бұлағынан ілім алайық.

САҚАЛ ҚОЮ ПАРЫЗ БА?

Сақал өсіру – пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннеті, әрбір мұсылман үшін орындауы арқылы сауап үміт ететін мұстахаб амалдардың бірі. Бұл үрдіс Адамнан (а.с.) бүкіл пайғамбарлар арқылы жалғасын тауып, біздің өмірге дейін жеткен. Пайғамбар (с.а.у.) сүннеті деп сақал қойған адам ең алдымен өзін-өзі тәрбиелеуге, әдепке, иманға шақыруды үйренеді. Жүрген жерінде «сақалым бар ғой, өзімді дұрыс ұстайын, әр сөзіме мән берейін» деп, өзін тәрбиелеумен болады. Қазақта «Сөз көркі – мақал, иек көркі – сақал», «Сақалын сыйла, сақалынан ұялсаң етті» деген мақалдар сақалдың биік орнын, мәртебесін айшықтап тұрғандай. Қазақтың би-шешендерін, хандарын сақалсыз елестету мүмкін емес. Қазақтар сақалсыз жүрген адамдарды көсе деп кемсітетін. Қазақ ертегілеріндегі танымал Алдар көсенің образы осындай ұнамсыз сипаты үшін пайда болса керек.

Алайда, кейбір жат пиғылды ағымдардың кесірінен пайғамбарымыздың (с.а.у.) бұл ұлық сүннетіне халық үрке қарайтын жағдайға жетті. Көшеде сақал өсірген адамды көрсе Уахабшылар екен деп, жат ағым өкілдерін тек сақал өсіргенінен ғана таниды. Бұл түсініктің пайда болуына діни білімі таяз адамдар кінәлі болғанымен, сол пайымдауға апарған сақалды Уахабшылардың әрекеттері де себеп болып отыр. Өйткені олардың бойындағы айналасына деген қатігездік, өздеріне қарсы шыққан адамдарды жек көруі оларды мұсылман қоғамының вирусы етті.

Уахабшылардың ең маңызды қағидаларының бірі – сақал мәселесі. Өз жолдарына тартқан жаңа ізбасарларын басқалардан, яғни сақал қоймайтын мұсылмандардан ерекшелу үшін сақал қоюды міндеттейді. Али (р.а.) осы орайда былай деген: «Ақиқат сөз, бірақ астарында адасушылық жатыр». Иә, олардың бұл ұстанымы орынды, алайда мұны міндеттемес бұрын басқа да негіздер бар екенін естен шығарған секілді. Бұл өз кезегінде Уахабшыларға

мұсылмандар арасында ішінара іріткі салудың бірден-бір оңтайлы тұсы.

Осы тақырып турасында көптеген кітаптар, мақалалар жарық көрді. Солардың кейбірін атап өтсек:

1. Мухаммад Закарияның «Ужуб иғфаа әл-лиһия» кітабы.
2. Абу Абдуррахман Фаузидың «Әд-дарар әл-мунтақа фи табиин хукми иғфаа әл-лиһия» кітабы.
3. Салих ибн Фаузанның «Әл-баян ли ахтаа бағд әл-куттаб» кітабы.

Бұл және басқа кітаптарды оқи келе сақал өсірмейтін адамдарды бірнеше ауыр күнәлармен айыптауда. Олардың, яғни Уахабшылардың пайымдауынша, сақалын алған адам ол шарифаттың талабына мойұсынбаған күнәһар, кәпірлерге ұқсауға тырысқан жағымпаздар, әйелдерге еліктеген қызтекелер және Алланың жаратқанына риза болмаған на-дандар. Сақалын алған адамдарды олар пайғамбарлардың сүннетінен бас тартқандар және үмбет ғалымдарының пікірінен оқшауланған адамдар ретінде пайымдайды. Бұл ұстанымдарын пайғамбарымыздың (с.а.у.) және оның сахабаларының сақал қоюымен дәлелдейді.

Сақал ол пайғамбарымыз, сахабалар, табиғиндердің кезінде негізгі мәселелер қатарына кірмеген, ол жайында талқыға салып, орындамағанын жазалау оқиғалары Ислам тарихында кездеспейді. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) кезінде иегіндегі үш тал сақалын алып тастаған бір сахабаға Алланың елшісі тек іштей реніш білдіргені риуаяттарда айтылады. Бұл – сақал қыру күнә емес, алайда ұнамсыз әрекет екендігіне дәлел. Фикһ ғұламалары сақал мәселесін тек қысқа баян етумен шектелген.

Ханафи ғалымдары бойынша сақалдың бір тұтам ұзындықта болуы – сүннет³⁸⁴. «Бір тұтамнан артығын алу керек, одан артығын алмау күнә» дейтін ханафи ғалымдары да бар. Ал одан қысқа етіп алу немесе мүлдем қырып тастау дұрыс деп саналмайды³⁸⁵.

³⁸⁴ Хашяту Ибни Абидин

³⁸⁵ Ибн Абидин, Раддуль Мухтар

Мәлики мәзһабында сақал қою – уәжіп. Оны қырып тастау – харам. Алайда, халық арасында әдетке айналған мөлшерден тым ұзарып өсіп жатса, онда оны қысқартуға болады. Түр-әлпетті жағымды көрсететіндей жарасымды етіп қысқарту керек.

Шафиғи мәзһабында Имам ән-Нәуәуи, Имам әр-Рафиғи, Қады Ияз сынды беделді ғұламалар сақалды қыру – мәкрүһ (ұнамсыз) әрекет, бірақ харам емес деген. Шафиғи мәзһабында ең дұрыс деп қабыл етілген пәтуа да осы³⁸⁶.

Біздің ғасырда өмір сүрген дін мамандарының сақалға қатысты білдірген тұжырымдарын үшке бөлсек болады:

1. Сақал қою – уәжіп. Оны қыру – харам.
2. Сақалды қырмай, өсіру пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннеті. Ол адамның табиғи қажеттілігі болып есептелетін ұнамды әрекет. Сақалды қыру – мәкрүһ (ұнамсыз әрекет)³⁸⁷.
3. Сақал қою – діни бұйрық емес. Ол Пайғамбарымыздың өмір сүрген уақытындағы әдет-ғұрыптан туындаған дүние. Яғни, сақал қою – Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жүру үлгісі, киім кию үлгісі, тамақ ішу үлгісі іспетті. Бұл пікірді алға тартқан ғалымдар: Махмуд Шәлтут (1893-1963 ж),³⁸⁸ Ғұлама Мұхаммад Әбу Заһра.

Сондай-ақ, Мысыр еліндегі «Пәтуа шығару басқармасы» (Даруль ифта): 2013 жылы, 7 қаңтардағы жасаған баяндамасында: «Сақал қою парыз емес, ұнамды іс», деген пәтуа шығарған³⁸⁹.

Бір мәселеге үкім бермес бұрын осы турасында келген хадистерге тоқталған абзал. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Ибн Омардан (Алла одан разы болсын) жеткен хадисіне сәйкес:

خَالِفُوا الْمَشْرِكِينَ: وَفَرُّوا اللَّحَى، وَأَخْفُوا الشَّوَارِبِ

³⁸⁶ Әл маусуғатуль Фикһия Мухаммад Ахмад әш-Шариф

³⁸⁷ Юсуф Қардауи, әл-Халал уәл Харам

³⁸⁸ Әл Имам Әкбәр Махмуд Шәлтут, Әл Фәтауа: дирасату лимушкиләтиль Мүслим

³⁸⁹ <https://www.paldf.net/forum/showthread.php?t=540168>

«Мүшріктерден ерекшелену үшін сақалдарыңды өсіріп, мұрттарыңды қысқартыңдар»³⁹⁰.

Мұсылмандардың анасы Айшадан (Алла оған разы болсын) жеткен риуаят бойынша:

«عَشَرَ مِنَ الْفِطْرَةِ: قَصُّ الشَّارِبِ، وَإِعْفَاءُ اللَّحْيَةِ، وَالسَّوَاكِ،
وَاسْتِشْقَاءُ الْمَاءِ، وَقَصُّ الْأَظْفَارِ، وَغَسْلُ التَّرَائِمِ،
وَتَنْفِ الْإِبْطِ، وَحَلْقُ الْعَانَةِ، وَإِنْتِقَاصِ الْمَاءِ»

«Он нәрсе адамның табиғатына байланысты: мұртты қысқарту, сақалды жіберу, сиуак қолдану, мұрынды сумен шаю, тырнақ алу, буындарды жуу, қолтық түгін жұлу, жыныс мүшелерінің түгін қыру және суды қолдану»³⁹¹.

Жоғарыдағы хадистен байқағанымыздай, сақал жіберіп, мұрт қысқарту сүннет амалдан болып табылады.

Мұсылман егер сақал өсіретін болса, пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннетін орындаған болып саналады. Алайда, ескеретін жағдай сүннетке сәйкес мұсылман тартымды, ұнамды көрінуі керек, оның тазалығына, ұқыптылығына ерекше көңіл бөлуі қажет. Имам Мәликтен жеткен хабар бойынша ол сақалын өсіріп, ұқыпсыз болған адамға сақалын қысқартуды әмір еткен.

Ал ең қысқа сақал қандай болу керек деген сауалға Ханафи мәзһабының кейбір ғалымдары сақалдың төрт еліден аспағанын дұрыс деген. Мұны атақты сахаба ибн Омардың амалынан байқауға болады.

عَنْ الْهَيْثَمِ عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّهُ كَانَ يَقْبِضُ
عَلَى لِحْيَتِهِ فَيَأْخُذُ مِنْهَا مَا جَاوَزَ الْقُبْضَةَ

Хайтамнан жеткен хабар бойынша, Ибн Омар қолының ұстанымынан асқанша қысқартпаған³⁹².

³⁹⁰ Бұхари хадистер жинағы

³⁹¹ Мұслим хадистер жинағы

³⁹² Имам Әбу Юсуф, Китабул асар.

Имам Мухаммад бұл хадисті айшықтай келе: «Біз бұл ұстанымды Әбу Ханифаның ұстанымы деп санаймыз» деп үкім берген.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сақал мәселесіне қатысты хадистеріне келер болсақ, бірнеше себептер үшін оны қырмауға, қайта өсіруге әмір еткен:

Кәпірлерге ұқсамау: яғни сақал өсіру арқылы оларға ұқсамауға тырысады. Осыған орай Пайғамбарымыздың (с.а.у.)

إِنَّ الْيَهُودَ وَ النَّصَارَى لَا يَضْبَعُونَ فَخَالِفُوهُمْ

«Шынында, яһудилер, насранилер (сақалдарын, шаштарын) боямайды, сендер керісінше істеңдер»³⁹³, басқа бір хадисте:

غَيْرُوا الشَّيْبَ وَلَا تُشَبِّهُوا بِالْيَهُودِ وَ النَّصَارَى

«Шаштарыңды бояп өзгертіңдер, яһудилер (еврейлер) мен насранилерге (христиан) ұқсамаңдар»³⁹⁴ деген хадистер бар.

Осы хадиске орай кейбір сахабалар бояған болса, кейбір үлкен сахабалар боямаған. Олар: Әли ибн Әби Талиб, әз-Зубайир ибн Аууам, Абдурахман ибн Ауф, Талха, Биләл ибн Раббах, Абдулла ибн Масғуд, тағы басқа ұлы сахабалар. Бұл амалдары үшін оларға ескертулер айтылмады, адамдардың ықтиярында қалдырды, өйткені ол уәжіп болса міндетті түрде істер еді³⁹⁵. Бұл жерде кәпірлерге ұқсамау қажеттілігі ол діни мәселелерде, ал жүріс-тұрыстағы ұқсау шариғатта қатаң тыйым салынбайды. Жоғарыда келген: «Мүшріктерден ерекшелену үшін сақалды өсіріп, мұртты қысқартыңдар» деген хадистегі мұртты қысқартуға байланысты Имам Маликтың «Муатта» кітабында Омар ибн әл-Хаттабтың мұртының ұзын болғаны жайында риуаят етілген. Омардың бұл амалын дәлелге ала отырып, имам Мәлик те мұртын қысқартпайтын³⁹⁶.

³⁹³ Бұхари хадистер жинағында

³⁹⁴ Тирмизи хадистер жинағында келген

³⁹⁵ Ибн Муфлихтің «әл-Әдабу әш-шарғия уә әл-манх әл-марғия» кітабы

³⁹⁶ «Мәдәәрик» 1 том, 121 бет.

Асмаа бинт Умайстан жеткен хабар бойынша, пайғамбарымыздың (с.а.у.) қызы Фатима әз-Захраа Эфиопияның христиандарынан кісі өлген кезде табытқа салып көметінін көргеннен кейін өлген кезінде оған да табыт жасауды өсиет еткен. Бұл өсиеті орындалып, сол уақыттағы үлкен сахабалар жаназасына қатысты³⁹⁷. Бұл діни мәселеден бөлек әдеттерге байланысты еліктеген болса, харам әрекеттердің санатына кірмейтінінің дәлелі.

Сақал өсірмеген адамды кәпірге теңеген секілді, сондай-ақ әйелге де теңейді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзінің мүбәрак хадисінде қатаң тыйым салған:

لَعَنَ اللَّهُ الْمُتَشَبِّهِينَ مِنَ الرِّجَالِ بِالنِّسَاءِ، وَالْمُتَشَبِّهَاتِ مِنَ النِّسَاءِ بِالرِّجَالِ

«Алла тағала еркектердің аарсында әйелдерге ұқсағанды, әйелдердің арасында еркекке ұқсағандарға лағынет айтты»³⁹⁸.

Хадистен көріп тұрғанымыздай, ер адам әйел адамға ұқсаса, ол Алланың лағынетіне душар болған адам. Бұл жерде сақал қоймаған адамды тура лағынеттемесе де астыртын лағынеттеу бар. Ал лағынеттеуші адамдарды пайғамбарымыз (с.а.у.) қатты сынға алған. Алланың елшісі өзінің мүбәрак хадисінде:

«Мұсылманды лағынеттеуші оны өлтіргенмен тең»³⁹⁹, басқа бір хадисте:

«Егер адамның бауырын лағынеттеп жатқанын естісек, үлкен күнәға барған секілді көретінбіз»⁴⁰⁰.

Хадистерден байқап отырғанымыздай, мұсылманды әйелге ұқсады деп айыптау ол оны лағынеттегенмен бірдей, ал лағынеттеу ол Исламдағы үлкен күнәлардың қатарында. Ер адамды әйелге ұқсату ол әйелге тән сипаттың еркектің бойынан табылуы қажет. Сақал өсу ол тек ер адамға тән сипат, оны қыруымен еркек еш уақытта әйел болмайды. Немесе сақалсыз еркек көрсек, оны әйелмен шатастыру мүмкін

³⁹⁷ Әл-Хаким, Байхақидың хадистер жинағында

³⁹⁸ Бұхари хадистер жинағы

³⁹⁹ Бұхари, Мұслим хадистер жинағы

⁴⁰⁰ Табрани хадистер жинағында

емес, бұл орайда пайғамбарымыз (с.а.у.) сақалды алудағы негізгі мақсат ол мүшріктерге, кәпірлерге ұқсамау екенін айтқан болатын, яғни хадистерде «әйелдерге ұқсамаңдар, сақалдарыңды алыңдар» деген әмір келмеген. Шариғатта әйелдерге ұқсауға тыйым салғанда, негізінде киім-кешекте, әшекей бұйымдарын қолдануда ұқсастықтан тыйым салған. Хадисте келгендей:

لَعَنَ اللَّهُ الرَّجُلَ يَلْبُسُ لِبْسَةَ الْمَرْأَةِ، وَ الْمَرْأَةُ تَلْبُسُ لِبْسَةَ الرَّجُلِ

«Алла тағала әйелдің киімін киген еркекті және еркектің киімін киген әйелді лағынеттеді»⁴⁰¹, яғни ер адамға әйелдерше киінуге, олардың қолданатын әшекейлерін тағуға, оларша сөйлеп, табиғаты әйелдерге ұқсағанды айтады. Ал сақалын алып тастаған еркекті әйелдерге ұқсату қателік. Сол себепті мұсылмандарды Алланың лағынетіне лайық амалмен айыптау ол нағыз адасушылық.

Уахабизм ағымының ғалымдары сақалды алудың харамдығының дәлелі ретінде барлық мәзһабтарда сақал қыру харам екенін алға тартады. Бұл әдіс олардың Ибн Таймиядан бастап көптеген ғалымдарында кездеседі. Дегенмен осыған орай мәзһаб ғалымдары әртүрлі пікір ұстанған:

Ханбали мәзһабының ғалымы Ибн Қудамә «Муғни фи фикһ әл-Ханабилә» кітабында ер адамдарға сақал алу харам емес мәкруһ екенін айтады⁴⁰².

Имам әл-Ғазали «Ихия» кітабында дәрет құпиялары бөлімінде сақал жайында оны қысқарту, жұлу мәкруһ амалдардан екенін жеткізген⁴⁰³.

Шафиғи мәзһабының көрнекті ғалымы Имам Науауи өзінің «Мүслим» хадистер жинағына жасаған түсіндірме кітабында сақалды қыру мен өруді макруһ амалдарға жатқызған⁴⁰⁴.

Мәлики мәзһабының атақты ғалымы әл-Қади Ияз «Икмалү әл-Муғаллим бифауаиди Мүслим» кітабында сақалды

⁴⁰¹ Насаи хадистер жинағы

⁴⁰² Ибн Қудаманың, Муғни фи фикһ әл-Ханабилә.

⁴⁰³ Имам Ғазалидің «Ихия улумуддин» кітабы

⁴⁰⁴ Имам Науауидің «Шарху Мүслим» кітабы

қысқарту мен қыруды макруһ амалдардың қатарына кіргізеді⁴⁰⁵.

Шаукани өзінің «Нәйлу әл-аутар» кітабында сақалды қысқарту мәселесінде әл-Қади Ияз бен Науауидің сөздерін келтіріп, оғын қосымша пікір қоспаған, бұл оның олармен келісетінінің дәлелі⁴⁰⁶.

Бұл мәселеде басқа да ғалымдардың пікірлері болғанымен осы шамамен шектелдік, өйткені бұл дәлелдерді келтірудегі себеп мәзһаб ғалымдарының арасында әртүрлі пікір қалыптасқандығы жайында дәлел келтіру.

Жоғарыдағы дәлелдерден байқағанымыз, сақал өсіру ол сүннет амалдар қатарына жатады. Орындаған адам сауап алса, орындай алмаған күнәға батпайды. Ислам дінінде ең маңызды сенім – ақида, сосын құлшылық, қарым-қатынас, әдеп одан кейін сыртқы көрініс келеді. Ал Уахабшылар болса сырт көрініске жататын сақалды діндегі алғашқы орындалуы қажет амалдарға кіргізеді, өйткені Алла тағала біздің келбеттерімізге, түрлерімізге қарамайды, шын мәнінде Алла біздің жүрегімізге қарайды. Егер бұл діндегі маңызды мәселе қатарында болса, мәзһаб ғалымдары бұған ерекше көңіл бөліп, ғибадаттың басқа да бөлімдеріне арнаған секілді кеңінен қамтыр еді. Кейбір салаф ғалымдарының фикһ кітаптарында бұл мәселе мүлдем талқыланбаған. Сол секілді ешбір кітаптарда сақалын қырған адамға қатысты қолданылатын жаза түрлері де жоқ. Бұл пайғамбарымыздың (с.а.у.) кезінде де, сахабалар мен табиғиндердің уақыттарында болмаған нәрсе. Егер уахабшылар сипаттағандай бұл амал кәпірлерге еліктеу не әйелдерге ұқсау немесе Алланың жаратқанына қарсы шығу болатын болса, үлкен жазаның да болары анық еді. Бірақ ондай әрекеттер тіркелмеген.

Адамның адам екенін немесе мұсылманның шынайы мұсылман екенін сақалынан емес, оның Алла разылығы үшін жасаған амалдарынан байқауға болады. Діннен ха-

⁴⁰⁵ әл-Қади Иадтың «Икмалу әл-Муғаллим бифауааиди Мүслим» кітабы

⁴⁰⁶ Әш-Шауканидің «Нәйлу әл-аутар» кітабы

барсыз адамдарға бірден сақал жайында айтатын болсақ, дін жолына түсуден бас тартуы мүмкін. Егер Исламға шақыруда, жанұяға нәпақа табуда, ілім алуда және басқа да парыз болған амалдарда сақал (сүннет амал) кедергі болса, әлбетте оны орындамай, керісінше парыз болған амалды орындаймыз.

Сөзімізді қорытындылай келе, сақал жіберу – пайғамбарымыздың (с.а.у.) ұлық сүннеттерінің бірі, жоғарыдағы Айша анамыздан жеткен хадис оған дәлел:

«Он нәрсе адамның табиғатына байланысты: мұртты қысқарту, сақалды жіберу, сиуак қолдану, мұрынды сумен шаю, тырнақ алу, буындарды жуу, қолтық түгін жұлу, жыныс мүшелерінің түгін қыру және суды қолдану»⁴⁰⁷.

Кімде-кім оны пайғамбар сүннеті деп орындайтын болса, мол сауапқа кенелері анық. Алайда, оны көрсету үшін өсірген болса, ол бұл амалы үшін күнәға батады. «Сөз көркі – мақал, иек көркі – сақал» демекші, сақал тек адамның сыртқы ғана көркі болып қалмай, ішкі де көркі болуы ләзім. Бірақ, өкінішке орай, бұл сипатты көптеген сақал қойып, шынайы сәләфпын деген адамдардан байқай алмай жүрміз.

БАЛАҚ ҚЫСҚARTУ ҮКІМІ

Алла тағала адам баласын бүкіл жаратылыстардан үстем қылып, ерекше қылуының бір көрінісі – ұятты жерін жабуды әмір етуінде. Алла тағала:

يَا بَنِي آدَمَ قَدْ أَنْزَلْنَا عَلَيْكُمْ لِبَاسًا يُؤَارِي سَوْآتِكُمْ وَرِيشًا وَلِبَاسُ
التَّقْوَى ذَٰلِكَ خَيْرٌ ذَٰلِكَ مِنْ آيَاتِ اللَّهِ لَعَلَّهُمْ يَذَّكَّرُونَ

**«Әй, адам баласы! Ұятты жерлеріңді жабу үшін киім және сәндік-бұйым түсірдік. Негізінде тақуалық киімі жақсы. Со-
лар Алланың белгілері. Әрине, түсінерсіңдер»⁴⁰⁸.**

Негізінде, ұят адамзатқа тән игі қасиет, еркектердің де, әйелдердің де ұятты жерлерін жауып жүруі адамгершілік қасиеттерінің белгісі болып табылады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: *«Әрбір діннің мінезі бар. Исламның мінезі, ол – ұят»*, – десе, тағы бір хадисте: *«Ұят пен иман бір-бірімен өте тығыз байланыста. Егер біреуін алып тастаса, екіншісі өзі кетіп қалады»*, – дейді.

Мұсылман үшін ұятты жерін бөгде адамдардан жасыру – парыз. Алайда, Құран аятында келгендей адамның ең бірінші киімі ол тақуалық киімі. Тақуалық киімі адамды күнә жасаудан, шайтанның қармағына түсуден сақтайды. Ислам дініміз таза әрі жарасымды киім киюдi бұйырады. Ұлық болған ғалымдардың өзі адамдар алдында көркем, жарасымды киімдермен шығатын. Өйткені, Ислам осыған меңзейді. Алла тағала Құран кәрімде:

(Мұхаммед Ғ.С.): «Алланың құлдарына көркем етіп шығарған нәрсесін (киімін) және берген жақсы несібелерін кім арам етті» де. «Бұл несібе дүние тіршілігінде иман келтіргендер үшін. (Алайда, кәпірлер де ортақ) Қиямет күні мүміндерге ғана» де. Білген елге аяттарды осылай түсіндіреміз»⁴⁰⁹.

⁴⁰⁸ «Ағраф» сүресі, 26-аят.

⁴⁰⁹ «Ағраф» сүресі, 32-аят

Сондай-ақ Алла тағала мұсылмандарға Алланың үйі мешітке барғанда сәнді, жарасымды киім киюге әмір етеді. Құранда Алла тағала:

«Әй, адам балалары! Әрбір құлшылық орнында зейнеттеріңді алыңдар (киініңдер). Және жеңдер, ішіңдер де ысырап етпеңдер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді сүймейді»⁴¹⁰.

Әрбір мұсылман үшін жас болсын, кәрі болсын Алла тағаланың берген нығметінің әсерін өз бойында көрсетуі тиіс. Амру ибн аш-Шуғайбтан жеткен хадис бойынша Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтты: *«Шын мәнінде, Алла тағала өзінің нығметінің әсерін құлының бойында көргенін жақсы көреді»⁴¹¹.*

Дегенмен, киім кию сәнге айналып кетпегені ләзім. Бұл үрдісті де, өкінішке орай, кейбір мұсылмандардың бойынан байқауға болады. Өзара киім киюдегі бәсекелестік ақыры – біздің заманымызда адамның киген киіміне қарап сөйлесетін дәрежеге жетті. «Адам көркі шүберек», демекші, сәнді сапалы киінуге ешкім тыйым салмайды, алайда сол киімінен тәкаппарлықтың лебі сезілмеу керек. Егер адамдар киген киімімен мақтанып, басқа адамды төмен сападағы киім кигені үшін менсінбей, өзін жоғары ұстайтын болса, сол надандық дәуірдегі адамның күйін кешеді.

Алайда, кейбір жат ағым өкілдері хадистерді тікелей түсініп, «балақтарының тобықтарынан түскенін тозақтық», «Алланың қаһарына ұшыраймыз» деп керітартпа пікірлер таратуда. Балақ қысқарту мәселесі шарифатта негізгі мәселеге жатпайды, ол жеке адамның атқарылуымен жүзеге асады. Дегенмен, бұл тақырыпты өзекті тақырыпқа айналдырып, уағыздарда адамдарға қатаң ескертулер айтып, оны орындамаған адамдарды діннің бір маңызды негіздерін орындамағандай көреді. Сол себепті осы мәселе төңірегінде кеңінен түсіндіргенді жөн көріп отырмыз.

⁴¹⁰ «Ағраф» сүресі, 31-аят

⁴¹¹ Тирмизидің хадистер жинағында келген, хадис «хасан».

Ұзын етекті (балақты) киім киюдегі ниет: Мухаммад Абуссалам әл-Қуаири өзінің «Фаслул Хитаб фи масалати исбали әс-сияаб» кітабында пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерінде киім мәселесінде «изар» сөзі жиі қолданылады. Жалпы қолданыстағы мағынасы адамның белінен төменгі бөлігін орайтын матаның түрін айтады. Ауыспалы мағынада «изарына бекем» деп, айтылса ар-ұятын сақтай білген адамды меңзейді. Қазіргі уақытта Сомали, Джибути, Йемен және көптеген араб мемлекеттерінде ұлттық киім түріне айналған. Сол секілді Индонезия, Малайзия елдерінде де танымал.

Ұзын киім жайында көптеген хадистерде келген. Имам Маликтың «Муатта» кітабының «Киімдер бөлімінде» Абдулла ибн Омардан (Алла оған разы болсын) жеткен хадис бойынша Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтты: *«Киімін тақаппарлықпен сүйреткенге Алла тағала қиямет күні қарамайды»*⁴¹², басқа бір хадисте: *«Кімде-кім менменшілдіктен изарының етегін сүйрететін болса, Алла тағала оған қиямет күні қарамайды»*⁴¹³. Басқа сахих хадисте: *«Изардың тобықтан төмен түскені тозақта»*⁴¹⁴ деп келген. Осы хадистерді сөзбе-сөз түсінген Уахабизм ағымындағы тұлғалар «егер балағымыз тобықтан түссе тозақы екенбіз деп, балақтарын балтырдан кесіп, хадиске амал жасадық деп пайымдайды. Олардың діни ұстанымдағы негізгі қателіктері де осы кез келген дәлелді тура мағынасында қолдануында. «Изардың тобықтан төмен түскені тозақта» деген хадиске келетін болсақ, ең алдымен адамда ой тууы мүмкін. Алла тағала адамды шалбарының тобығынан бір елі түскені үшін азаптай ма, деген. Сол үшін осы тақырыптарға байланысты басқа да хадистерді іздеп тауып, толық сипат алған дұрыс:

وَعَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ : قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ
(: مَنْ جَرَّ ثَوْبَهُ خِيَلَاءَ لَمْ يَنْظُرُ اللَّهُ إِلَيْهِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ ، فَقَالَ

⁴¹² Ибн Мәликтің «Муатта» кітабы

⁴¹³ Мұслим хадистер жинағында

⁴¹⁴ Бұхари хадистер жинағы

أَبُو بَكْرٍ : إِنَّ أَحَدَ شَقَائِي إِزَارِي يَسْتَرْخِي إِلَّا أَنْ أَتَعَاهَدَ ذَلِكَ
مِنْهُ ، فَقَالَ : إِنَّكَ لَسْتَ مِمَّنْ يَفْعَلُ ذَلِكَ خِيَلَاءً

Абдуллаһ ибн Омардан риуаят етілген мына хадисте пайғамбарымыз (с.а.у.): «Алла Тағала тәкаппарланып киімін жерге сүйреткен кісіге қиямет күні қарамайды (рақымдылық көрсетпейді)» деген. Мұны естіген Әбу Бәкір: «Менің изарымның бір жағы егер қадағалап көңіл бөлмесем төмен түсіп тұрады» деп сауал тастады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Ей, Әбу Бәкір! Сен оны тәкаппарланып істейтіндерден емессің ғой» деп жауап берді⁴¹⁵.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Әбу Бәкірге берген жауабынан хадистегі шалбардың ұзындығын тобықтан асыруға қатысты тыйымның жалпы тыйым емес, тәкаппарлыққа қатысты екенін түсінеміз. Сол кездегі надандық дәуіріндегі арабтар өзінің атақ-абыройын көрсету үшін етегі жерге сүйретілген киімдер киген, сонысымен олар масаттанып, басқалардан өздерін жоғары ұстаған. Киімдерінің жерге салбыраған тұсынан кедей-кепшікке киім тігуге жетерліктей ысырапшылдыққа барған. Яғни, бұл жердегі тыйым балақтың ұзындығында емес, сол балақты ұзын қып киюге итермелеген тәкаппарлық қасиетте. Өйткені, хадистерде келгендей тәкаппарлық адамды тозаққа апаратын амалдардан:

«Кімде-кімнің жүрегінде тозаңдай өркөкіректік болса, ол кісі жұмаққа кірмейді», – деді. Сонда бір кісі: «Әркім өзінің киімі мен аяқ киімінің әдемі болғанын қалайды (бұл да тәкаппарлыққа жата ма?)» – деп сауал тастады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Алла Тағала көркем, көркемдікті жақсы көреді. Тәкаппарлық ол – ақиқатты мойындамау әрі өзге адамдарды менсінбеу» деп жауап қайырды⁴¹⁶. Басқа бір хадисте: «Ысырапқа және паңданып, тәкаппарлануға жол берместен ішіп-жеңдер, киініңдер әрі садақа беріңдер!». Тағы бір хадисте: «Үш кісіге қиямет күні Алла Тағала қарамайды. Біріншісі, не нәрсе берсе де сонысын міндетсізін кісі, екіншісі,

⁴¹⁵ Бұхари, Мұслим хадистер жинағында

⁴¹⁶ Мұслим хадистер жинағында

сауда затын өтірік антпен өткізген адам, ал үшіншісі, киімінің етегін төмен түсіріп (сүйретіп) киген кісі», – деген.

Жоғарыдағы хадистерден көріп отырғанымыздай, көп жағдайда хадистер мына екі сөзбен тікелей байланысты «بطرا» «خیلاء» «хуяла», «батаран». Бұл сөздер араб тілінде тәкаппарлық, менменсіну деген мағыналарды білдіреді. Яғни, бұл жерде адамның тозаққа лайық болатындай әрекеті ол балағын ұзартқанында емес соны ұзартып тәкаппарланғанында. Қазіргі кездегі кейбір жастардың атақты брендті фирманың киімін киіп басқалардың алдында мақтанып тәкаппарланғанындай.

Ал Бұхари, Мұслим хадистер жинағында келген «изарды тобықтан түсіріп кию ол тозақы» деген мағынадағы хадистің нақты не нәрсені харам ететіні жөнінде келесі хадистерде келген сөздер «بطرا» «خیلاء» «хуяла», «батаран» сөздері хадистен шығаратын үкімдерді ықшамдап, негізгі мақсат етілген мағынасын баяндайды. Бұған дәлел мұсылмандардың атақты ғалымдарының бірі Қади Ядтың сөзі, ол кісі былай деп айтты: «Ислам ғалымдары бірауыздан киім киген кезден ұзындық, көлем жағынан қажеттіліктен артық киінуді макруһ санаған»⁴¹⁷.

Мұсылмандардың атақты тәпсір ғалымы Қуртуби изар мәселесі жайында былай деп айтады: «Басқа хадистерде келген «тәкаппарлана сүйреу» деген сөз аталған хадистің негізгі мағынасын ашып, адамның ешбір тәкаппарлық сезім танытпай киімді сүйрете киюі Алланың қатаң ескертуі аясына кірмейді»⁴¹⁸.

Жоғарыда келген хадистерді ықшамдай келе, Бұхариде келген мына хадиске үңілсек:

عَنْ أَبِي بَكْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ قَالَ خُسِفَتِ الشَّمْسُ وَنَحْنُ عِنْدَ النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَقَامَ يَجُرُّ ثَوْبَهُ مَسْتَعِجِلًا حَتَّى أَتَى الْمَسْجِدَ وَتَابَ النَّاسُ فَصَلَّى رَكْعَتَيْنِ فَجَلَّى عَنْهَا

⁴¹⁷ Шарх Науауи ала Мұслим 14/63

⁴¹⁸ Куртубидың «Муфһим» кітабы 1/303

Әбу Бәкірден (р.а.) риуаят етеді. Әбу Бәкір: *«Пайғамбарымыздың (с.а.с.) заманында күн тұтылды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) сол күн тұтылған кезде киімін сүйретіп үйінен мешітке шықты. Адамдар мешітте жиналған соң екі рақағат намазды бірге оқыды, сосын күн ашылды»*⁴¹⁹.

Бұл хадис турасында имам Асқалани «Фатхул Бари» кітабында: Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бұл әрекетінен ұзын киімді тәкаппарлық мақсат болмаса киюге болатынын айтқан⁴²⁰.

Сол секілді бұл хадис турасында Бадруддин әл-Айни «Умдатул Қари» деген кітабында: Пайғамбарымыздың (с.а.у.) күн тұтылған кезде асыққан күйде намазға киімін сүйретіп шығуы егер тәкаппарлық ниетпен болмаса рұқсат екенін меңзейді⁴²¹.

Мардауидің «Инсаф» кітабында: киімді тәкаппарлық мақсатта емес қажеттілік үшін ұзын жіберуге болады, бұл Ханбали мәзһабында құпталған әрекет⁴²².

Қорыта келе, балақтың тым ұзын болуы нәжіс, кір-қоқыс жинауға апаруы мүмкін, ол ғалымдарымыз айтқандай мәкруһ амалдардан. Ал балақ қысқарту және оны жасамаған адамға тозақы деп үкім беру нағыз надандықтың белгісі, өйткені жоғарыда айтқанымыздай, мата сол заманның қол жетпес құнды заты болатын. Сол үшін сол уақыттағы байлықтың межесі матаның ұзындығымен өлшенетін. Қазіргі кезде де неге жабатын мата тапшы болмағанымен соны жасаушы фирмалармен мақтан тұтатын адамдар аяқ киімімен, қолындағы сағатымен, қалтасындағы телефонымен мақтанатындар кездеседі, бұл да тәкаппарлықтың белгісі. Қазіргі заманда керісінше балақ қысқартып, аяқтарын алшаң басып мешітке келетін кейбір бауырларымыздың бойынан осындай тәкаппарлық байқалады.

Алла бізді шаңның түйіріндей болсын тәкаппарлықтан сақтасын!

⁴¹⁹ Бұхари хадистер жинағы

⁴²⁰ Фатхул Бари 4/83

⁴²¹ Умдатул Қари 21/296

⁴²² «Инсаф» 1/472

ӘНЛУ СУННА ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ИБН ТАЙМИЯ ТУРАСЫНДА ПІКІРІ

Тақий әд-Дин Ахмед ибн Әбдуль-Халим ибн Әбду-ссаләм ибн Абдуллаһ ибн Әбу әл-Қасим ибн Мұхаммед ибн Таймия, Әбу әл-Аббас (أبو العباس تقي الدين أحمد ابن عبد الحليم ابن عبد السلام) «Шейх әл-Ислам» деген лақаппен танымал. 1263 жылы Харран қаласында дүниеге келіп, 1328 Дамаск қаласында қайтыс болған. Өз заманының атақты дін қайраткері, тәпсір, хадис және фикһ ғылымдарын жетік меңгерген.

Мұсылман әдебі бойынша бір ғалымның еңбектерін, оның ұстанымын қатеге шығарар алдында өте мұқият, ұқыпты болған жөн, өйткені бұл іс барысында Алланың харам еткен амалы – ғайбатқа ұрынуымыз мүмкін. Бір ғалым жайында толық мәлімет немесе сипаттама алу үшін сол уақыттағы аталмыш ғалыммен замандас және одан кейін өмір сүрген ғалымдардың пікірін негізге алу ең тиімді жол. Бір ғалымға сын айтудағы мақсат оны төмен түсіру, даттау емес, негізгі мақсат – мұсылман бауырлардың санасында ол ғалым жайында дұрыс түсінік қалыптастыру. Кез келген ғалым қателесуі мүмкін, бірақ бұл қателік мұсылман үмбетінің шытынауына немесе көпшілік ғалымдардың діннің кез келген мәселесіне ижмағ (келісу) жасағанына қарсы келген жағдайда бұл ғалымға еруге тыйым салынады. Көпшілік ғалымдардың пікірімен санасу шариғат талабы. Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзінің мүбәрак хадисінде:

إِنَّ أُمَّتِي لَا تَجْتَمِعُ عَلَى ضَلَالَةٍ . فَإِذَا رَأَيْتُمْ
اخْتِلَافًا فَعَلَيْكُمْ بِالسَّوَادِ الْأَعْظَمِ

«Шынында менің үмбетім адасушылықта бірікпейді, егер келіспеушілікті көрсеңдер көпшілікпен бірге болыңдар» деген⁴²³.

Бұл ғалым турасында әртүрлі пікірдің орын алуы ол ғалым жайында мәліметтің толық болмауында, өйткені кейбір кітаптарында әһлу сүнна ақидасына жат «тәжсим»⁴²⁴ мәселесін анық әшкере қылса, кейбір кітаптарында бұл мәселені жасырған. Бұл өзінің дәріс алған немесе сабақ берген ортасына байланысты. Кей жерлерде оның ұстанымдарына тойтарыс беретін ғалымдардың көптігінен өзінің ойын әшкере қылмаған. Өйткені оның бес жүзге тарта еңбектері халық арасында тараған. Ол еңбектерінің барлығында кереғар пікірлер жазылмаған. Бұл ғалым жайында зерттеп, оған жауап берген жүзге тарта ғалымдар болған. Дегенмен Ибн Таймияның заманында оның еңбектерін саралап, толыққанды жауап берген ғалымдар көп. Соның ішінде Тақиюддин Әли ибн Абдул-Кафи әс-Субки. Ол «әд-Дурра әл-мудыйя фи-р-радд әлә Ибн Таймия» кітабында Ибн Таймияға ерекше тоқталып, оның ұстанымдарына тойтарыс берген және сол замандағы ғалымдардың Ибн Таймия жайында пікірлерін келтірген. Ал біздің заманымызда сол ғалымдардың пікірлерін жинақтап, Ибн Таймияның еңбектерін саралап, ақидадағы өрескел қателерін тауып, құнды еңбек жазған ғалым Сағид Абдуллатиф Фуда. Ол өзінің «Әл-Каашиф ас-Сағир ан ақаид ибн Таймия» кітабында бұл тұлға жайында оның ұстанған бағытының әһлу сүнна уәл жамағадан алыс екендігіне толыққанды мәлімет берген.

Атақты ғалым Тақиюддин Әли ибн Абдул-Кафи әс-Субки⁴²⁵ (683-756 h /1284-1355 м) өзінің «**әд-Дурра әл-мудыйя фи-р-радд әлә Ибн Таймия**» кітабында Ибн Таймия жайында:

⁴²³ Ибн Мәжа хадистер жинағы

⁴²⁴ Алла тағаланы денелелік сипаттардан тұрады деп сену. Мысалы: Алланың қолы бар, екі көзі бар деп илану

⁴²⁵ Тақиюддин Әли ибн Абдул-Кафи әс-Субки заманының атақты ғалымдарынан болған. Сол уақыттағы ғалымдар оған «шейхул Ислам», «қазылардың қазысы» деген атау берген. Өз заманында хадис, фикһ, мантық, тафсир, тіл білімін игерген. Ол жайында оның еңбектерін жоғары бағалап, мақтау айтқан.

أما بعد ، فإنه لما أحدث ابن تيمية ما أحدث في أصول العقائد ، ونقض من دعائم الإسلام الأركان والمعاهد ، بعد أن كان مستترا بتبعية الكتاب والسنة ، مظهرا أنه داعٍ إلى الحق هادٍ إلى الجنة ، فخرج عن الاتباع إلى الابتداع ، وشذَّ عن جماعة المسلمين بمخالفة الإجماع ، وقال بما يقتضي الجسميّة والتركيب في الذات المقدّس ، وأن الافتقار إلى الجزء – أي افتقار الله إلى الجزء – ليس بمحال ، وقال بحلول الحوادث بذات الله تعالى ،

Шынында, Ибн Таймия өзін жұртшылық алдында Құран және сүннетпен жүретінін өзінің тура жолға шақыратынын, жаннатқа үгіттейтін тұлға ретінде көрсеткеннен кейін, ақида саласында (дін негіздері) жалпыға белгілі негіздерге жаңалық енгізді. Жалпының ұстанатын Құран, сүннет бағытынан бидғат жолға ауысты. Жамағаттан бөлініп, ижмағқа⁴²⁶ қарсы шықты. Ол Алланың денеден тұратыны Өзінің бөлшектеріне мұқтаждығы туатыны турасында, уақыт өте өзгеріске ұшырайтыны жайында мәлімдеді⁴²⁷.

Хафиз **Ибн Раджаб әл-Ханбали** (736-795 h/1335-1393 м)

:

وطوائف من أئمة أهل الحَدِيث ، وحفاظهم وفقائهم كانوا يحبون الشيخ ويعظمونه ، وَلَمْ يَكُونُوا يحبون لَهُ التَّوغلَ مَعَ أَهْلِ الْكَلَامِ

Жәләлуддин әс-Суюты: Имамның заманында тафсир, хадис, фикһ, дін негіздерінде ол адам секілді мұжтаһид ғалым болмаған.

Имам Заһаби: Қазы, имам, ғалым, фиһқ, хадис маманы, ғалымдардың ең абыройлысы деп сипаттаған.

Салахутдин әл-Ғалаи: Адамдар бұл ғалым жайында Имам Ғазалиден кейін екінші адам дейді, ал меніңше ол атақты Суфиян Саури секілді, деген.

⁴²⁶ Ижма ұғым ретінде Пайғамбардың (с.а.у.) үмбетінен болған мужтаһидтердің Пайғамбар (с.а.у.) қайтыс болғаннан кейінгі қандай да бір дәуірле шариғи бір мәселеге үкім шығаруда ортақ пікірді ұстануы» деген түсінікті береді.

⁴²⁷ Тақиюддин Әли ибн Абдул-Кафи әс-Субкидің «әд-Дурра әл-мудыйя фи-р-радд әлә Ибн Таймия» кітабы

«ولا الفلاسفة ، كما هو طريق أئمة أهل الحديث المتقدمين ، كالشافعي ، وأحمد ، وإسحاق ، وأبي عبيد ، ونحوهم. وكذلك كثير من العلماء من الفقهاء ، والمحدثين ، والصالحين كرهوا له التفرد ببعض شذوذ المسائل التي أنكرها السلف على من شذ بها ، حتى إن بعض قضاة العدل من أصحابنا منعه من الإفتاء ببعض ذلك».

Хадис ілімі бір топ фикһ ғалымдары шейхты (Ибн Таймия) құрметтейтін және жақсы көретін. Бірақ олар оның пәлсапа, кәләм⁴²⁸ ғалымдарымен тартысқанын жақсы көрмейтін, өйткені бұл бұрынғы ғалымдар хадис ғалымдарының, әш-Шәфиғи, Ахмад, Исхақ, Әбу Убайд сияқты ғалымдардың жолы еді.

Сол сияқты көптеген фикһ, хадис ғалымдары салихалы топтар кейбір мәселелерде жеке дараланғанын жек көретін, бұл сәләфтардың да жолына кереғар әрекет. Кейбір (Ханбали мәзһабындағы) әділ қазылар оған кейбір мәселелерде пәтуа беруіне тыйым салатын⁴²⁹.

Атақты ғалым Зайнуддин әл-Ирақидың баласы Абу Зурра Уәлиюддин әл-Ирақи (762-826 h/1361-1423 м):

أما الشيخ تقي الدين ابن تيمية فهو إمام واسع العلم كثير الفضائل والمحاسن زاهد في الدنيا راغب في الآخرة على طريقة السلف الصالح ، لكنه كما قيل فيه : « علمه أكثر من عقله » فأداه اجتهاد إلى خرج الإجماع في مسائل كثيرة ، قيل أنها تبلغ ستين مسألة وما أبشع مسألتي ابن تيمية في الطلاق والزيارة وقد رد عليه فيهما الشيخ الإمام تقي الدين السبكي وأفرد رحمه الله تعالى ذلك التصنيف فأجاد وأحسن

Тақиюддин ибн Таймияға келетін болсақ, білімі терең, көптеген жақсы қасиеттері бар өмірде зухд⁴³⁰ жолын

⁴²⁸ Ақида саласындағы ғалымдар

⁴²⁹ Зайл табакат әл-Ханабия», 4/505

⁴³⁰ Аскетизм

ұстанатын, ақыретке көбірек мән беретін сәләфтардың жолын ұстанатын имам. Ол жайында «ілімі ақылынан кең» деп айтылады. Оның ижтиһады көп мәселеде сол уақытта ижмағқа (ғалымдардың бір мәміледе келісуі) қайшы келді. Қарама-қайшы үкімдердің саны шамамен алпысқа жеткен. Ибн Таймияның халықтың наразылығын тудырған екі мәселе ол талақ пен пайғамбар (с.а.у.) қабірін зиярат ету. Бұл мәселеде шейх имам Такъиюддин ас-Субки (Алла оған разы болсын) арнайы кітап жазып толыққанды жауап берді⁴³¹.

Шейхул Ислам, хафиз **Ибн Хаджар әл-Аскаляни** (773-852 h/1372-1449 м) «**Фатхуль Бари фи шарх Сахих әл-Бұхари**» кітабында Мекке және Мәдина мешіттерінде намаз оқудың артықшылығы бөлімінде:

قلت : يشير إلى ما رد به الشيخ تقي الدين السبكي وغيره على الشيخ تقي الدين ابن تيمية ، وما انتصر به الحافظ شمس الدين بن عبد الهادي وغيره لابن تيمية ، وهي مشهورة في بلادنا ، والحاصل أنهم ألزموا ابن تيمية بتحريم شد الرحل إلى زيارة قبر سيدنا رسول الله صلى الله عليه وسلم ، وأنكرنا صورة ذلك ، وفي شرح ذلك من الطرفين طول ، وهي من أبشع المسائل المنقولة عن ابن تيمية ،

Мен (әл-Асқалани) айттым: шейх Тақиюддин әс-Субки және басқа да ғалымдар шейх Тақиюддин ибн Таймияға (оны Хафиз Шамсуддин ибн Абдуль-Хади және басқалар қолдаған болатын) тойтарыс берді. Бұл біздің елде белгілі нәрсе. Қысқаша айтқанда, олар (Ибн Таймия) пайғамбарымыз (с.а.у.) қабіріне зиярат жасауды, оған сапар шегуге тыйым салған болатын. Біз бұл әрекеттің түріне қарсымыз. Бұл Ибн Таймия тарапынан көтерілген ең өрескел мәселелердің бірі⁴³².

Ибн Хажар әл-Хайтами (909-974h/1504-1567 м) «**әл-Фатауа әл-Хадисия**» кітабында ибн Таймия жайында:

⁴³¹ Әл-Адживбатул Марзия әнил Әсиятиль Маккия», 91-99-бет; Мактабату Тауиятиль Исламийя

⁴³² Ибн Хаджар аль-Аскаляни, «Фатхуль Бари фи шарх Сахих әл-Бұхари», 3-том . 53бет

ابن تيمية عبد خذله الله وأضلّه وأعماه وأصمه وأذله، وبذلك
صرح الأئمة الذين بينوا فساد أحواله وكذب أقواله،

*Ибн Таймия Алланың адасуға душар болған соқыр, саңырау болып, алыстатылған құлы. Ол жайында сол уақытта имамдар оның адасқанын, сөздерінің жалғандығын ашық айтқан*⁴³³.

Атақты ғалым Қади **Юсуф ан-Набхани** (1265-1350 h/1849-1932 м) «**Шауахидул Хақ**» кітабында Ибн Таймия жайында:

فقد ثبت وتحقق وظهر ظهور الشمس في رابعة النهار أن
علماء المذاهب الأربعة قد اتفقوا على ردّ بدع ابن تيمية،
ومنهم من طعنوا بصحة نقله، كما طعنوا بكمال عقله، فضلاً
عن شدة تشنيعهم عليه في خطئه الفاحش في تلك المسائل
التي شدّ بها في الدين، وخالف بها إجماع المسلمين، ولا
سيما فيما يتعلّق بسيد المرسلين صلّى الله عليه وآله وسلم

*Төрт мәзһаб ғалымдарының бірауыздан Ибн Таймияның бұл діндегі жаңалықтарына үзілді-кесілді қарсы болған. Олардың ішінде (төрт мәзһаб ғалымдары) оның жеткізген хабарларының растығына қарсы болған, кейбіреулер оның ақыл кемелдігіне күмәнмен қараған. Ол тарапына айтылған қарсы пікірлерді тағы қосуға болады. Осы көптеген мәселелерде өзіне дейін ешкім ұстанбаған жолды ұстанып, мұсылмандардың ижмағына қарсы тұрды. Бұл оның негізгі қателіктері болды. Әсіресе бұл пайғамбарымызға (с.а.у.) қатысты мәселелер*⁴³⁴.

Имам **Мухаммад Захид әл-Каусари** әл-Ханафи (1296-1371 h/1879-1952 м):

يوجد من يذكره - يعني ابن تيمية - بلقب شيخ الإسلام -
وللمبتدعة افتتان بهذا التلقيب لزعمائهم - إيهاماً للضعفاء في

⁴³³ Ибн Хаджар, «әл-Фатава әл-Хадисийя»

⁴³⁴ «Шауахидуль Хақ», 191-бет

العلم أن ما يدعو إليه هذا الزائغ هو الإسلام الصحيح ، ويخاف
على من يستمر على تلقيه به بعد أن عرف مخالفاته لشرع
الإسلام ، ومن ذكره بهذا اللقب من أهل السنة إنما ذكره قبل أن
يجاهر ذلك المبتدع ببدعه المعروفة ، وأما من استمر على هذا
التلقيب من المتأخرين فإنما استمر جهلاً ببدعه التي نقلناها من
أوثق المصادر أو ظناً من أنه تاب وأناب وحافظ على عهوده

*Адамдардың арасында оны (Ибн Таймия) «Шейхул Ислам»
деп атайтындар бар. Бұндағы мақсат әлсіздердің арасын-
да оны ұлы тұлға ретінде көрсету. Оның ұстанымдарын
олардың арасында жаю, оны шынайы Ислам етіп танысты-
ру. Оның Ислам шариғатына жасаған кереғар әрекеттері
әшкере болса да бұл атаудың тоқтамауы алаңдатушылық
туғызады. Оны «Шейхул Ислам» деп атаған кейбір тұлғалар
бұл атауды оның бидғат амалды бастамай тұрғанда атаған.*

*Ал оны «Шейхул Ислам» деп атайтын кейбір бертінгі
ғалымдар оның бұл әрекетінен бейхабар немесе ол бұрынғы
әрекеттеріне қайтпасқа уәде беру арқылы тәубе қылды деп
пайымдаған⁴³⁵.*

Қазіргі Уахабшылардың ұстанатын ақидасы осы
ғалымға келіп тіреледі. Олардың өрескел қателіктері құран
аяттарындағы муташабиһ аяттарды тікелей түсіну, соның
нәтижесінде Аллаға жаратылғандарға тән сипаттар таңу,
Оған дене, пішін беру – бұл әлбетте адасушылық.

⁴³⁵ «ас-Сайфу ас-сакыль фи ррадди әлә Ибн Зуфейль», 89-бет

УАХАБШЫЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАТЕЛІКТЕРІ

Әһлу сунна ұстанымы	Шариғи дәлелдер	Уахабшы-лардың ұстанымы	Білім көздері
1. Алланың отыру сипатының пәктігі			
Алла тағала аршыға да, орындыққа отыруға мұқтаж емес	Құран кәрімде: (Еш нәрсе Ол сияқты емес) Шура сүресі, 11-аят	Алла аршыда адам секілді орныққан күйде отыр	Абдурахман ибн Хасанның ⁴³⁶ «Фатхул Мәжид» кітабының 356-беті
2. Алланың денелік сипаттан пәктігі			
Алла тағала мүшелерден тұратын белгілі бір дене емес	Құран кәрімде: (Еш нәрсе Ол сияқты емес) Шура сүресі, 11-аят	Ибн Бааз айтты: «Алла тағаланың денелік сипаттары жоқ деу ол адасушылық».	Ибн Бааздың ⁴³⁷ «Танбиһат...» кітабының 19-беті
3. Алланың мекеннен пәктігі			
Алла тағала мекенге мұқтаж емес, бір мекенде болу 6 тараптың бірінде болу деген сөз, ол жаратылғандарға тән нәрсе	Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінде былай делінген: «Алла тағала болды, Одан басқа еш нәрсе болған жоқ» (Бұхари)	Ибн Бааз айтты: «Алла тағала Өзі (затымен) аршының үстінде	Меккеде жарық көретін «Хадж» журналының 11-саны, 73-74 беттер, 1415 жыл һ.б.

⁴³⁶ Абдурахман ибн Хасанн Уахабия ағымының негізін қалаушы Мухаммад ибн Абдул Уахабтың туған немересі, хижреттің 1193 жылы дүниеге келген. Алғашқы білімін атасынан алады. Атақты еңбегі «Фатхул мәжид лишархи Китаби әт-таухид».

⁴³⁷ Абдуль-Азиз ибн Абдуллаһ ибн Әбдуррахман ибн Мұхаммед ибн Абдуллаһ ибн Баз (араб.: 13.05.1999 – 21.10.1910) – (عبد العزيز ابن عبد الله ابن عبد الرحمن ابن محمد ابن ابن باز) – Уахабия ағымының атақты өкілдерінің бірі. Сауд Арабияда мүфтилік қызмет атқарған. Атақты еңбектері: Дурус әл-муһимма ли амматиль-умма (Барлық үмбетке маңызды сабақтар) Бәян мағна кәлима «Лә иләһә илл-Алла» («Лә иләһә илл-Алла» сөзінің мағынасы) Әт-тахзир мин әл-бидәғ (Діндегі жаңалықтардан сақтандыру) Әл-ақида әс-сахиха уа мә йиудаддуһа (Дұрыс ақида мен оның терісі) Әд-дағуату иля-Ллаһ уа ахләк әд-дуғат (Аллаға шақыру және шақырушылардың мінез-құлығы) Әт-тахқиқ уәл-идах ли кәсир мин мәсәил әл-хадж уәл-умра уә-ззияра (Қажылық, ұмра мен зияраттың көптеген мәселелерін анықтау мен түсіндіру)

Әһлу сунна ұстанымы	Шариғи дәлелдер	Уахабшылардың ұстанымы	Білім көздері
4. Абу Жаһіл, Әбу Ләһәб			
Әбу Жаһіл мен Әбу Ләһәб мұсылмандардан емес	Алла тағала Әбу Ләһәб жайында: (Ол жайындаған отқа кіреді) Мәсәд сүресі , 3-аят	Уахабшылар айтады: «Әбу Жаһіл мен Әбу Ләһәб таухид, иман тұрғысында кәлима шаһадат айтып, әулие, салихалыларға тауасул қылатындардан биік».	Мухаммад Башмилдің «Кай-фа наф-һаму таухид» кітабының 16-беті
5. Ашғари мен Матуриди			
Ашғари мен Матуриди ақидасын ұстанатындар әһлу әс-сунна уә әл-жамағаттан	Муртада Зубайди ⁴³⁸ айтты: «Егер әһлу әс-сунна уә әл-жамағат деп айтылса, Ашғарилер мен Матуридилер айтылады» (Итхафу әс-сәдә» 2/6)	Салих ибн Фаузан айтты: «Ашғарилер мен Матуридилер әһлу әс-сунна уә әл-жамағат деген атқа лайық емес.	«Фаузанның Мин машаһир әл-мужадидин фил Ислам» кітабының 32-беті
6. Адам (а.с)			
Адам (а.с) ижмағ ⁴³⁹ бойынша пайғамбар	Ибн Хиббан хадистер жинағында келген хадиске сәйкес: «Адам (а.с) пайғамбар ма? деп сұрағанда «Иә, ол пайғамбар» деп жауап бергені бар.	Уахабшылар Адамды (а.с) пайғамбар деп санамайды.	Абдулла ибн Зейдтің «Иман бил-әнбия жумләтән» кітабында
7. Тозақ оты			
Тозақ отында кәпірлердің азабы аяқталмайды	Алла тағала Құран кәрімде: (Ал енді қарсы келушілер үшін тозақ оты бар. Оларға өлім үкімі берілмейді. Олардан азап жеңілдетілмейді. Әрбір қарсы келушілерді осылай жазалаймыз) Фатыр сүресі, 36-аят	Тозақ оты сөніп, кәпірлердің азабы аяқталады	Уахабшылардың өкілі Абдул Кәрим әл-Хамидтің «әл-қаул әл-Мұхтар лифинә әннәр» кітабының 7-беті

Әһлу сунна ұстанымы	Шариғи дәлелдер	Уахабшы-лардың ұстанымы	Білім көздері
8. Алланың еш нәрсеге ұқсамауы			
Алла тағала өзінің жаратқандарына ұқсамайды	Құран кәрімде: (Еш нәрсе Ол сияқты емес) Шура сүресі, 11-аят	Уахабшылар Алла тағаланың адамды өзіне ұқсатып жаратқанын мәлімдейді	Махмуд әт-Туайжиридің «Ақидату аһлу әл-Иман фи халқи Адам ала сурати ар-Рахман» кітабының 76-беті, бұл кітапты Ибн Бааз құптаған.
9. «Лә Иләһә илла Алла» сөзі			
«Лә Иләһә илла Алла» сөзін мың мәрте айтып, Алланы еске алып зікір етуге болады	Алла тағала Құран кәрімде: (Әй, мүміндер! Алланы өте көп зікір етіңдер. Оны ертелі-кеш пәктендер) (Ахзаб сүресі, 41-аят)	Уахабия айтады: «Зікірдің бұл түрі шариғатта тыйым салынған, бұл Аллаға серік қосуға апаратын амал»	Хисам әл-Аққадтың «Халақат мамнуға» кітабының 25-беті
10. Сопылық			
Нағыз сопылық жол – ол Құран мен сүннеттен ауытқымаған, хидаятқа бастаған тура жол	Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзінің хадисінде: <i>«Кім Исламда қандай да бір жақсы әдет бастаса, сол өзінің сауабына және одан кейін осыны істейтіндердің сауабына ие болады, ал бұл олардың сауабын еш кемітпейді»</i> (Мүслим хадистер жинағы)	Уахабшы-лар айтады: «Яһудилермен соғыс-пай тұрып ең алдымен сопылармен соғысыңдар, өйткені олар яһудтар мен пұтқа табынатындардың рухы	«Әл-мажмуғ әл-муфид мин ақидати әт-таухид» кітабының 102-беті
11. «әл-Истиуаа» (Алланың аршыға үстемдік қылуы)			
Кім Құранда келген «әл-Истиуаа» сөзін үстемдік қылды деген мағынада тәпсір жасаса, қателеспейді	Хафиз әс-Субки айтты: «әл-Истиуаау» сөзін үстемдік қылды деп тәпсір жасайтын болса, қателікке ұрынбайды.	Уахабшы-лар айтады: «Кім «әл-Истиуаау» сөзін үстемдік қылды деп тәпсір жасайтын болса, кәпір болады.	Хисам әл-Аққадтың «Халақат мамнуға» кітабының 26-беті

Әһлу сунна ұстанымы	Шариғи дәлелдер	Уахабшылардың ұстанымы	Білім көздері
12. «әл-Истиуаа» мәселесі			
Алла аршыға бекіді деп айтылмайды	Бір нәрсеге орнығу ол орныққан заттың пішінін білдіреді, ол үлкен, кіші немесе бірдей ауқымда болуы мүмкін. Яғни, оның материалдық сипатын меңзейді.	Уахабшылар айтады: «Алла таға (затымен) аршыға орнықты»	Салих әл-Фаузаннның «Назарат уа тағкибаат ала ма фи китаби әс-салафия» кітабының 40-беті
13. Әл-Күрсі» мәселесі			
Күрсі Аршының астында орналасқан үлкен ауқымды Алланың жаратқан заты	Алла тағала Құранда: (Оның күрсісі көктер мен жерді сыйдырады.) (Бақара сүресі 255-аят.	Усаймин айтты: «Күрсі ол Алланың екі аяғының тұратын орны»	Усайминнің «Тафсир аят әл-Күрси» 19-беті
14. Алла тағаланың мекеннен пәктігі			
Алла аршыға да, күрсіге де отырмайды, отыру жаратылғанға тән сипат	Құран кәрімде: (Еш нәрсе Ол сияқты емес) Шура сүресі, 11-аят	Уахабшылар Алланы адамдарға, жануарларға ұқсатады, олардың айтуынша: «Алла Күрсінің үстінде отыр»	Абдурахман ибн Хасанның «Фатхул Ма-жид» кітабының 356-беті
15. Әлемнің түрі			
Әлем түгелімен Алла тағаланың жаратылысы	Құран кәрімде: (Алла барлық нәрсенің Жаратушысы Алла әр нәрсеге кепіл) Зумар сүресі, 11-аят	Уахабшылар фило-софтар секілді әлем мәңгі әр жаратылған нәрсенің алдында басқа бір жаратылған нәрсе бар	Ибн Әби әл-Ғиздің «Тахауия ақидасына» түсіндірме кітабының 132-беті

Әһлу сунна ұстанымы	Шариғи дәлелдер	Уахабшы-лардың ұстанымы	Білім көздері
16. Шағбан айының ортасы			
Шағбан айының ортасында ораза ұстап, түнінде намазға тұруға болады	Пайғамбары-мыздың (с.а.у.) хадисі: «Шағбан айының ортасы болғанда түнінде намазға тұрып, күндіз ораза ұстаңдар» (Ибн Маджадан риуят етіледі)	Салих ибн Фаузан және басқа Уахабия жолын ұстанушы-лар: «Шағбан айының ортасын на-маз, ораза құлшылығымен ерекшелеу харам» деп үкім берген	Салих ибн Фаузанның «Таухид» кітабының 101-беті
17. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мәулітін тойлау			
Шариғат шеңберінде Мәуліт мерекесін атап өтуге болады ⁴⁴⁰	Әлем мұсылмандары (Уахабшылардан басқа) 900 жылдан бері мәуліт мерекесін тойлап келеді	Мәулітті тойлау харам, ол яхудтарға еліктеудің бір түрі	Ибн Фаузанның «Таухид» кітабының 115-116 беттері
18. «Исра және Миғраж» оқиғасын атап өту			
«Исра және Миғраж оқиғасын» адамдарға түсіндіру мақсатында атап өтуге шариғат қарсы емес	Бұл шариғатта жақсы бастама, әрбір жақсы бастама үшін сауап бар	Бұл жайында олар харам деп үкім шығарғанмен, бұған қатысты олардың да апталықтары болады.	Ибн Фаузанның «Таухид» кітабының 120-беті

⁴³⁸ Тәуассул деген Алладан бір мұқтажын сұрағанда ортаға белгілі бір адамды, затты, амалды, т.т. себепкерлерді қойып тілек тілеу. Мысалы, хадистерде хазіреті Омардың (р.а.) Алладан жаңбыр тілегенде ортаға Пайғамбарымыздың (с.а.у.) немере ағасы хазіреті Аббасты (р.а.) қойғаны. Яғни, Алладан Пайғамбарымыздың (с.а.у.) немере ағасының құрметіне жаңбыр тілегенде, жаңбыр жауған. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) тірі кезінде бір соқыр кісі де пайғамбарымыздың өзінің үйретуімен оны тәуассул етіп, көзі жазылған. Алланың көркем есімдерін атап, тасбих тартып немесе зікірлеп соның қасиетінен тілек тілеу де, екі ракат нәпіл намазбен дұға жасау да соның бір сипаты. Бұған дәлел ретінде «Маида» сүресінің 35-аятын басшылыққа аламыз. Алла Тағала: «Әй, иман келтіргендер! Алладан қорқыңдар, оған жақындасуды іздеңдер...» – деген. Тәфсіршілер осындағы «уасила» сөзін өз мағынасында «себепкер» деп түсіндірген кейбір тәфсірлерде бұл сөз «жақындасу» деп түсіндіріледі.

Әһлу сунна ұстанымы	Шариғи дәлелдер	Уахабшы-лардың ұстанымы	Білім көздері
19. Мұсылманды кәпірге шығару мәселесі			
Шариғатта себепсіз мұсылманды кәпірге шығаруға болмайды	Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтты: <i>«Егер қандай да бір адам мұсылманға: «Әй, кәпір!» – десе, бұл олар-дың біреуіне қайта оралады».</i> әл-Бұхари 6104, Мүслим 60.	Уахабшылар өздеріне қарсы шыққандарды, қателерін әшкере қылғандарды кәпірге шығарады	Мекке мүфтиі Мухаммад ибн Абдулла Ханбалидің «Сихаб әл-Уәбилә» кітабының 39-бет
20. Әулие салихалылардың құрметіне тауассул ⁴⁴¹ жасау			
Мұсылманға: «Аллам, әу-лие, әнбие-леріңнің құр-метіне жағдайымды жақсартса көр» деп Алладан дұға тілеуге болады	Алла тағала Құранда былай деген: «Әй, иман келтіргендер! Алладан қорқыңдар, оған жақындасуды іздеңдер және екі дүниеде құтылып мұратқа жетулерің үшін»(Маида сүресі 35-аят	Уахабшы-лар: «Әу-лие, әнбие-лерінің құрметіне деп сұрау ширк амалдан, адамды діннен шығарады және мәңгі тозақ отына лайықты қылады.	Әбу Бәкір әл-Жазаиридің «Ақидату әл-муумин» кітабының 144-беті
21. Әл-Уахабия			
Әһлу әс-сунна уахабшылар-дың бұзылған ақидасынан және жалған пәтуаларынан сақтандырады	Уахабшылар-дың ұстанымына қарсы 100-ден астам кітап жарық көрді ⁴⁴²		
22. Алланың кәламы			
Алланың кәламы белгілі бір әріптерден, дыбыстардан тұрмайды	Алланың кәламы егер әріптерден, дыбыстардан құралған болса, адамзаттың кәламына (сөзіне) ұқсар еді.	Уахабшылардың айтуынша, Алланың кәламы әріптерден, дыбыстардан тұрады.	Усайминнің «Фатауа Ақида» кітабының 72-беті.

Әһлу сунна ұстанымы	Шариғи дәлелдер	Уахабшылардың ұстанымы	Білім көздері
23. Әйелдердің қабірге баруы			
Әйелдерге пайғамбарымыздың (с.а.у.) және басқа да мұсылмандардың зираттарына баруға болады.	Айша анамыз: <i>«Қабірдегі-лерге) Не дейін?»</i> – деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз: <i>«(Қабірге барғанда) былай де: «Уа, мұмин, мұсылман қабір иелері! Алла Тағала біздің өлілерімізге де, тірілерімізге де рақым етсін. Алла қалаған күні біз де сендердің қатарларыңа қосыламыз»</i> [Мүслимде келген], – деп жауап берді.	Усаймин айтты: «Әйелдің қабірге баруы харам, үлкен күнәлардың қатарына жатады, тіпті пайғамбарымыздың қабірі болса да».	Усайминнің «Фатауа муһимма» кітабының 149-беті
24. Алланың белгілі бір кейіпте болудан пәктігі			
Алла адамзатқа ұқсамайды, оның белгілі кейпі, пішіні болуы мүмкін емес	Құран кәрімде: (Еш нәрсе Ол сияқты емес) Шұра сүресі, 11-аят	Уахабшылар Алланың белгілі кейпі бар екеніне және адамды өзінің бет бейнесінде жаратқанына сенеді.	Махмуд әт-Туайжиридің «Ақидату аһлу әл-Иман фи халқи Адам ала сурати ар-Рахман» кітабының 40-91 беттері, бұл кітапты Ибн Бааз құптаған
25. Алланың бағытқа мұқтажсыздығы			
Алла белгілі бағытқа, мекенге мұқтаж емес, ол аспанда да, аршыда емес	Хазіреті Әлидің (Алла оған разы болсын) «Мекен жаратылмай тұрып Алла болды және Ол қазір де өз қалпын өзгертпеді» (Әбу Мансур әл-Бағдади риуаят еткен.)	Уахабшылар Алланың өзі (затымен) аршының үстінде деп пайымдай-ды	Усайминнің «Фатауа Ақида» кітабының 85-беті.

Әһлу сунна ұстанымы	Шариғи дәлелдер	Уахабшы-лардың ұстанымы	Білім көздері
26. Алланың қозғалыстан пәк болуы			
Алла тағала қозғалыс сипатымен сипатталмайды	Бүкіл үмбет ғалымдары бірауыздан қозғалу, орын ауыстыру жаратылғандардың сипаттарынан деп үкім берген	Уахабшы-лардың пікірінше, Алла қозғалады, ол жоғарыдан төмен түсіп, төменнен жоғары көтерілуі мүмкін	Усайминнің «Фатауа Ақида» кітабының 742-беті.
27. Сақал мәселесі			
Адами келбетін бұзбас үшін сақалды қысқартуға болады	Ибн Омар егер сақалы уысынан асатын болса, қысқартқан. (Әбу Дәуітте риуаят етіледі)	Ибн Бааздың пікірінше, кез келген уақытта сақалды қысқарту харам амалдардан	Ибн Бааздың «Тахқиқ уәл-Идах фи касир мин масаил хадж, уәл-умра уә әз-зиара» кітабының 16-бет
28. Әйелдің шалбар киюі			
Күйеуінің алдында әйеліне шалбар және соған ұқсаған кию харам емес	Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінде: «Әйелдердің жабық киінгендеріне Алланың рақымы бар» (Байхақи риуаят еткен)	Ибн Бааз әйелдерге жалпы шалбар және соған ұқсаған киім кию, ол кең болса да және күйеуінің алдында кесе де харам саналады ⁴⁴³ .	1995 жылы шыққан «Дағуат» журналының 28-бетінде келген
29. Азаннан кейін пайғамбарға (с.а.у.) салауат айту			
Азаннан кейін пайғамбарға (с.а.у.) салауат айту мадақталған зікір	Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінде: «Кімде-кім маған бір салауат айтса, Алла оған он салауат айтады» (Имам Ахмад риуаят етеді)	Уахабшылар: «Адам егер азаннан кейін жария салауат айтатын болса, үлкен күнә жасағандай күнә алады».	Мухаммад әл-Жуайжатидің «Исаба» кітабының 8-беті.

Әһлу сунна ұстанымы	Шариғи дәлелдер	Уахабшы-лардың ұстанымы	Білім көздері
30. Пайғамбардың (с.а.у.) қабірін зиярат ету			
Пайғамбардың (с.а.у.) қабірін зиярат ету мәселесінде көптеген хадистер келген	Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтты: «Кімде-кім менің қабірімді зиярат етсе, шапағатым уәжіп болады». (Даракутни хадистер жинағында келген)	Ибн Бааз пайғамбар (с.а.у.) қабірін зиярат етудің артықшы-лығы жай-ында келген хадистердің барлығы жалған.	Ибн Бааздың «Тахқиқ уәл-Идах фи касир мин масаил хадж, уәл-умра уә әз-зиара» кітабының 88,98,90-беттер
31. Құран оқып болған соң «Садақа Аллаһул азим» сөзін айту			
Құран оқып болғаннан соң «Садақа Аллаһул азим» сөзін айтуға болады, бұл жалпы мұсылман әлемінде құпталған әрекет	Алла тағала Құран кәрімде: (Өйткені, Алланың уәдесі хақ. Алладан тура сөзді кім бар?) (Ниса сүресі, 122-аят	Ибн Бааз Құраннан кейін «Садақа Аллаһу әл-Азим» деп айтуды адасқан бидғат деп санайды	Мухаммад Зайнудің «Таужихат Ислами» кітабының 81-беті
32. Мухаммад ибн Абду әл-Уаххаб – Уахабия ағымының негізін қалаушы			
Мухаммад ибн Абдул Уаххаб Құраннан, сүннеттен алыс адам.	Мухаммад ибн Абдул Уаххабтың туған әкесі, ағасы мұсылмандарды оның бүлігінен ескерткен. «Сихаб әл-уабилә ала нарайх ханабилә» кітабында баян етілген.	Мухаммад ибн Абду әл-Уаххаб: «Менің шейхтарымның ешқайсы «Лә Илһә ила Алла» сөзінің мағынасын білмеген.	Хусейн ибн Ғанамның «Та-рих «ән-Нәжд» кітабының 2-томы, 137-138 беттер
33. «Қадим» сипатымен Алланы сипаттау			
Үмбет ғалымдары бірауыздан аталған сипатты Аллаға бағыттауға болатынына келіседі. Бұл Алланың мәңгі екенінің белгісі	Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтты: «Құдіреті мәңгі, жомарт, ұлы Аллаға сиынамын». (Әбу Дәуіттен жеткен хадис)	Уахабшы-лар бұл Алланың сипатын мойында-майды.	«Әл-фауаких әл-азаб» кітабының 52-беті

Әһлу сунна ұстанымы	Шариғи дәлелдер	Уахабшы-лардың ұстанымы	Білім көздері
34. Әйел адамның бастауыш кезеңіндегі балаларға сабақ беруі			
Бұл кезеңдерде әйелдердің сабақ беруіне рұқсат етіледі	Кейбір сахаба әйелдер (Айша Алла оған разы болсын) ер адамдарға хадистер риуаят еткен ілім берген. Табарани, Ибн Асакир кейбір әйел адамдардан ілім алған	Ибн Бааз бастауыш сыныптарға еркектердің қыздарға, әйел адамдардың ер балаларға сабақ беруіне тыйым салады	«Фатауа «әл-мара» кітабының 27-беті
35. Жамағат намазына қатыспайтын адамға күйеуге шығу			
Күйеуге шығуға кедергі жоқ ⁴⁴⁴	Адамның жамағат намазына қатыспағаны оған күйеуге шығуға кедергі емес, өйткені ол күпірлік әрекетін жасамады.	Ибн Бааз: Жамағат намазына қатыспайтын адамға күйеуге шығуға тыйым салады	«Фатауа «әл-мара» кітабының 103-беті
36. Хайыз кезінде талақ жасау			
Әйел егер хайыз кезінде талақ етілсе, ол харам болғанымен талақ үкімі жүреді	Үмбет ғалымдары бір ауыздан бұл мәселеге келіскен, бұған дәлел хадисте келгендей: «Ибн Омар әйелін хайыз кезінде талақ еткенде пайғамбарымыздан (с.а.у.) бұл жөнінде сұраған еді және талақ орнады». (Мұслим хадистер жинағында келген)	Усаймин әйелдің хайыз кезінде талақ болмайды деп үкім береді.	Усайминнің «Фатауа «әл-мара» кітабының 127-беті
37. Қайтқан адамға Құран оқу			
Қайтқан адамның қабіріне Құран оқуға болады	Пайғамбарымыздың (с.а.у.): «Өлілеріңе «Ясин» сүресін оқыңдар» деген хадисі бар. (Ибн Мәжа, Әбу Дәуітте келген	Уахабшы-лар өлілерге Құран оқу харам және ақыретте азапқа душар болады деп санайды	«Таужиһат Исламия» кітабының 137-беті

Әһлу сунна ұстанымы	Шариғи дәлелдер	Уахабшылардың ұстанымы	Білім көздері
38. «Бисмиләһи әр-Рахман әр-Рахим» сөзін айту			
Кез келген қайырлы іс бастағанда ««Бисмиләһи әр-Рахман әр-Рахим» сөзін толық айтуға болады	Пайғамбарымыздың (с.а.у.) айтуы жайында тыйым келмеген.	Уахабшылардың пайымы бойынша бұл харамға апаратын бидғаттан болып саналады	Мухаммад Зайнудың «Ахтаа шааиға» кітабының 68-беті
39. Алла тілсіз сөйлейді			
Алла тағаланың сөйлеуіне адамдардікіндей ауыз, тіл, ерін қажет емес, өйткені бұл жаратылғандардың сипаты	Құран кәрімде: (Еш нәрсе Ол сияқты емес) Шура сүресі, 11-аят. Имам Тахауидың кітабында келгендей Алла тағаланың ешқандай шек-ке, мүшеге мұқтаж емес екендігі келген	Усаймин «Алланың тілі бар немесе тілі жоқ деп бекітіп айтуға болмайды» деген пәтуа берген	Усайминнің «әл-лиқаа әш-шаһри» кітабының 47-беті
40. Мәйітті автокөлікке салып апару			
Рұқсат, харам емес	Кез келген нәрсенің харамдығына дәлел немесе кәпірлерге ұқсау болмаса, халал болып саналады	Уахабшылардың пікірінше, бұл кәпірлерге ұқсау сол үшін жасалмағаны ләзім	Әли Абду әл-Хамидтің «әл-маут ғиззатуху уә ахкамуху» кітабының 30-43 беттері
41. Араб тілінен басқа тілде сөйлеу			
Кез келген тілде сөйлеуге рұқсат	Бұны харамға шығаратын ешқандай дәлел жоқ	Ибн Фаузан: «Кәпірлердің тілінде сөйлеу оларға ұқсау болып есептеледі»	Ибн Фаузанның «Әл-уара уә-бара» кітабының 7-беті

Әһлу сунна ұстанымы	Шариғи дәлелдер	Уахабшылардың ұстанымы	Білім көздері
42. Күнтізбеде ауыз бекіту уақытының жазылу			
Ауыз бекіту үшін таң намазының алдында имсак (ауыз бекіту) белгілеу адамдар үшін тамақтарын тоқтату үшін	Құран мен сүннетте бұған тыйым салатын дәлел жоқ	Таң намазының алдында 10-15 минут ауыз бекіту үшін күнтізбеде бекіту ол харам болған жаңалық-тардан	Усайминнің «Алфааз уә мәфәһим» кітабының 67-беті
43. Тәспі қолдану			
Алланы зікір еткен кезде тәспіні қолдануға болады	«Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір әйел адамның қасынан өтіп бара жатқан кезде тастармен зікір етіп отырғанын көрді және оған тыйым салмады» (Тирмизи хадистер жинағында келген)	Тәспіні қолдану ол адасқан бидғаттардан болып саналады	Абдулла ибн Мухаммадтың «әл-һадия әс-сунния» кітабының 47-беті

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі, Халифа Алтай, Мәдина
2. Мұхаммед ибн Исмағил Әбу Абдолла әл-Бұхари, Сахих әл-Бұхари, Дәру Түқи ән-Нәжәт баспасы, Бірінші басылым, 2001-жыл.
3. Мүслим ибн Хажаж, Сахих Мүслим, Дәру әт-Таиба баспасы, Бірінші басылым, 2006-жыл.
4. Ахмад ибн Ханбал, Муснад Ахмад ибн Ханбал, Дәру әл-Миннаж баспасы, 2008-жыл.
5. Мәлик ибн Әнәс, Муата Мәлик.
6. Сүлейман ибн әл-Әшғас әл-Әзди, әс-Сажастани Абу Дауд, Сунан Аби Дауд, Дәру әр-Рисалә, әл-Әләмия баспасы, Бірінші басылым, 2009-жыл.
7. Ән-Нәсәәи, Сунан ән-Нәсәәи, Байту әл-Афкар әд-Даулия баспасы.
8. Мұхаммад ибн Иса ибн Сура әт-Тирмизи, Сунан әт-Тирмизи, Мәктәбәту әл-Мағариф Линнашри уә әт-Таузиғ баспасы, Бірінші басылым, 2008-жыл.
9. Мұхаммад ибн Язид ибн Мәджә әл-Қазуини Әбу Абдолла, Сунан ибн Мәджә, Дәру әр-Рисалә, әл-Әләмия баспасы, Бірінші басылым.
10. Әли ибн Әд-Дарақутни Әбу әл-Хасан, Сунан Әд-Дарақутни, Дәру ибн Хазм баспасы, Бірінші баспасы, 2011-жыл.
11. Ахмад ибн әл-Хусейн ибн Әли ибн Мұса әл-Байһақи, Сунан әл-Байһақи әл-Кубра, Дәру әл-Кутуб әл-Әләмия баспасы, Үшінші басылым, 2003-жыл.
12. Мұхаммад ибн Абдолла әл-Хаким ән-Нисабори, әл-Мустадрак әлә сахихайни, Дәру әл-Кутуб әл-Илмия, Екінші басылым, 2002-жыл.
13. Исмағил ибн Умар ибн Кәсир әл-Қураши әд-Димашқи, Тафсир әл-Құран әл-Азим, Дәру әт-Таиба баспасы, Екінші басылым, 1999-жыл.
14. Мұхаммад ибн Ахмад әл-Әнсари, әл-Құртуби, Әл-Жаамиғ лил-Әхкам әл-Құран, Муассасту әр-Рисалә баспасы, Бірінші басылым, 2006-жыл.

15. Мұхаммад ибн Жәрир ибн Язид ибн Ғалиб, Тафис әт-Табари, Мұассасту әр-Рисәлә баспасы.
16. Абдолла ибн Ахмад ибн Махмұд ән-Нәсәфи Әбу әл-Баракат, Тәфсир ән-Нәсәфи, Дәру әл-Кәләм әт-Тайб баспасы, Бірінші басылым, 1998-жыл.
17. Ахмад ибн Әли ибн Хажар әл-Асқалани, Фатху әл-Бари бишарх сахих әл-Бұхари, Дәру ибн Хазм баспасы, Бірінші баспасы, 2001-жыл.
18. Яхия ибн Шараф Әбу Зәкәрия ән-Науауи, Шарх ән-Науауи әлә Мұслим, Дәру әл-Хайр, 1996-жыл.
19. Әділетті төрт халифа, Жолдасов Абдолла
20. Мұхаммад Сәйд Рамазан әл-Бути, Фиқһу ас-Сира кітабының қазақша аудармасы Издательство АСТ Полиграф ЖШС, 2011-
21. Фахруддин әр-Рази, Мафаттиху әл-Ғайб, Дәру әл-Фикр баспасы, Бірінші басылым, 1981-жыл.
22. Әл-Хусейн ибн Масғұд әл-Бағауи, Мағалиму әт-Танзил, Дәру әт-Тайба баспасы, 1989-жыл.
23. Ибраһим ибн Мұса ибн Мұхаммад әл-Ләхми әш-Шатыби әл-Ғарнати Әбу Исхақ, Әл-Иғтисам, Мәктәбәтә әт-Таухид баспасы, 2008-жыл.
24. Мұхаммад әз-Зарқани, Шарх әз-Зарқани әлә Мұата, Матбаға әл-Хайрия баспасы.
25. Әл-Хафиз ибн Ражаб, Жаамиғ әл Улум уә әл-Хикам, Мұассасату әр-Рисәлә баспасы, 2001 жыл.
26. Ибну Әсәәкир, Тарих әд-Димашқ, Дәру әл-Фикр баспасы.
27. Бадру әд-дин ибн Джамға, Тахрир әл-әхкәәмф тадбир әһли әл-Ислам, Бірінші басылым, 1985-жыл.
28. Әбу Абдолла әл-Қалғи әш-Шафиғидің Тахзиб
29. Мұхаммад ибн Әли ибн Мұхаммад әш-Шаукани, Фатху әл-Қадир, Мағрифа баспасы. Бейрут.
30. Абдурахман ибн Сағд ибн Әли әш-Шәси, Ақидату әш-Шииа әл-Иснә әл-Әшария, Мәктәбәту әр-Ридуан әс-Сәләфия, Алтыншы басылым, 2007-жыл.
31. Смайыл Сейтбеков, Мазһабатар тарихы, Көкжиек баспасы, Алматы, 2012.
32. Убайдулла ибн Мұхаммад ибн Батта әл-Абқари, әл-Ибана әс-Сұғра, Мактабату әл-Улам уәл-Хикам, 2002-жыл.
33. Мажмағ әл-Луға әл-Арабия, Мұғжам әл-Уасит, Мәктәбәту әш-шуруқ әд-Даулия, Төртінші басылым, 2004-жыл.
34. Әбу әл-Қасим Абдулқарим ибн Науазан әл-Құшайри, Рисәләту әл-Құшайрия, Дәру әл-Китаб әл-Араби баспасы, 2003-жыл.

35. Ахмад Зарук, Қауағид әт-тасаууф, Дәру әл-Кутуб әл-Илмия баспасы, 2007-жыл.
36. Мұхаммад Жәмил Ғази, әс-Суфия әл-уәжһу әл-Ахар, Дәру әл-Иман баспасы.
37. Мустафа әл-Маданидің, Ән-Нусра ән-Набауия
38. Хамид Ибраһим Мұхаммад Сақар, Нуру әт-Тахқиқ фи сихати ағмали әт-Тариқ, Египет, 1970.
39. Ахмад ибн Ажиба әл-Хусни, Миғраж әт-ташаууф илә хақаиқи ат-тассауф, Дәру әл-Мағариж баспасы.
40. Абдул Қадыр Иса, Хақаиқ ан Тасаууф.
41. Хажи Халифа, Кашфу аззунун ан Асмаа әл-кутуб уә әл-фунун, Ихия турас ал-араби баспасы, 1991-жыл.
42. Мұхаммад Садик әл-Ғаммари, Әл-интисар литариқ әс-суфия.
43. Доктор Ахмад Алуш, Тасаууф мин әл-уажһати әт-тарихия.
44. Ахмад ибн Абдухалим ибн Абдуссалам ибн Таймия, Әл-Фатауа әл-Кубра, Дәру әл-Кутуб әл-Илмия баспасы, Бірінші басылым, 1987-жыл.
45. Имам Әбу Хамид әл-Ғазали, Әл-Мунқиз мин ад-далал, Египет 1985 жыл.
46. Жәләлуддин Сүютый, Таиид хақиқату әл-Улия, Дәру әл-Кутуб әл-Илмия баспасы, Бейрут.
47. Смайыл Сейтбеков, Иман негіздері, Дәуір баспасы, Алматы, 2011-жыл.
48. Әбу әл-Аббас Ахмад ибн Омар ибн Ибраһим әл-Құртуби, Муфһим, Дәру ибн Кәсир баспасы, 1996-жыл.
49. Ахмад ибн Абдухалим ибн Абдуссалам ибн Таймия, Минһажу әс-сүнна, Жаамиғату әл-Имам Мұхаммад ибн Сағд әл-Исламия баспасы, 1986-жыл.
50. Мұхаммад ибн Мүкрим ибн Манзүр Жамалүддин Әбу әл-Фадл, Лисәну, Дәру әс-садр баспасы, Бейрут.
51. Абдолла ибн Мұхаммад әл-Әнсари әл-һаруи, Әбу Исмағил, Зәмму әл-Кәләм, Мәктәбәту әл-Улум уәл-Хикам, Бірінші басылым, 1998-жыл.
52. Ризабек Батталұлының «Ақида сабақтары».
53. Ибн Хиббан, Сахих ибн Хиббан, Дәрә әл-Мағариф баспасы, 1952-жыл.
54. Ибн Мүаллим әл Құрашидің «Наджму әл Мұхтади уә ражму мұхтади»
55. Юсуф ибн әс-саид Һашим Аррафағи, Насихату ихуанина улама Надж.
56. Ахмад Зайни Дахлан, Әддарар әссунния фиррад алал Уахабия.

57. Махмуд Шукри Алуси, Тарих Надж, 2005-жыл.
58. Мухаммад Амин Ибн Умарт Абидин, Раддул Мухтар, Әләму әл-Кутуб баспасы, 2003-жыл.
59. Саиб Абдул Хамид «Уахабия фи суратиһа әл-хақиқия».
60. Осман ибн Башар «Әл-мәжд фи тарих Нажд, Рияд қаласы, 1982 жылы Рияд қаласы.
61. Ахман ибн Зайни Дахлан «Хуласатул калам фи баян умараа биләдил Харам» Каир қаласы.
62. Ибраһим әр-Раауи әр-Рафағи, «Рисаләтул Аурақ Бағдадия фи хуадис аннаждия» Түркия, 1976 ж.
63. Джамил Сыдқи аз-Захауи, «әл-Фаджр ас-садық» Дәру әс-Садик әл-Акбар баспасы.
64. Ахмад әс-Сауи, «Хашия әс-Сауи әлә әл-Джалалайн», Дәру әл-Кутуб әл-Илмия баспасы.
65. Мухаммад ибн Абдолла ән-Нажди «Әс-Сүхүб әл-үәбия әля дараих әл-ханабия» Муассасату әр-Рисәлә баспасы, Бірінші басылым, 1996-жыл.
66. Сафи ар-Рахман әл-Мубаракфуридiң Тирмизи хадистер жинағына жасалған түсiндiрмесi «Түхфатүл ахуази».
67. Абул Хасан Али ибн Халафтың ибн Абдумәлик ибн Баттал әл-Құртуби, «Шарх Ибн Баттал», Мәктәбәту әр-Рушд баспасы.
68. Мухаммад ибн Абдулкәрим әш-Шаһрстани Әбу әл-Фатх, Миләл уә нихал, Дәру әл-Кутуб әл-Илмия баспасы, Екінші басылым, 1992-жыл.
69. Ахмад Мухаммад Ахмад Жали Дирасат ан фирақ фи тарих әл Мүслимин», Мәркәз Мәләк Файсал Лилбухус уә әддирасат әл-Илмия баспасы, Бірінші басылым, 1986-жыл.
70. Әбдул Қәһир әл-Бағдади, «Әл-фарқ байна әл-Фирақ», Дәру әл-Мағрифа баспасы, Бейрут.
71. Әл-Балил Абду Карим «Нафсиятул хуариж».
72. Мухаммад әл-Амин ибн Мухаммад әл-Мухтар әш-Шанқитый, Адуаа әл-Баян фи идаах әл-Құран бил-Құран, Дәру әл-Фикр баспасы, 1995-жыл.
73. Абдолла ибн Ахмад ибн Мухаммад ибн Қудама әл-Маәдиси, Раудату ән-Наазир уә жәннәту әл-Манаазир фи үсүлү әл-фиқһ, Мәктәбәту әр-Рушд баспасы, Бірінші басылым, 1993-жыл.
74. Әли ибн Абдулкәфи әс-Сүбки, Әл-Ибһаж фи шархи әл-минһаж, Дәру әл-бухус лидирасаат әл-Исләмия уә әл-Ихиаа әт-Турас баспасы, Бірінші басылым, Дубай, 2004-жыл.

75. Мұхаммад ибн Баһәдур ибн Абдолла Әз-Зәркаши бәдрү әд-Дин, Әл-Бахр әл-Мұхит фи үсулу әл-Фиқһ, Дәру әл-Кутүби баспасы, Бірінші басылым, 1994-жыл.
76. Әбу Хамид әл-Ғазали, Әл-Мұстасфа мин ғилими әл-Усул, Дәру әл-күтүб әл-Ғилмия баспасы, Бірінші басылым, 1993-жыл.
77. Мұхаммад ибн Идрис әш-Шәфиғи, Әр-Рисәлә, Мустафа әл-Бәби, әл-Хәлби баспасы, Бірінші басылым, 1940-жыл.
78. Әли ибн Әби Бәкір ибн Сүлейман әл-Һайсами Нуруддин, Мажмағу әз-Зуаид манбағу әл-Фауаид, Дәру әл-күтүб әл-Ғилмия баспасы, Бірінші басылым, 2001-жыл.
79. Ахмад ибн Мұхаммад ибн әс-Сәләмә әт-Тахауи Әбу Жағфар, Шарху Мағани әл-Әсәр, Әләму әл-Күтүб баспасы, Бірінші басылым, 1994-жыл.
80. Абу Хамид әл-Ғазали, Ихиа үлүмуддин, Мұассатү әр-Райан баспасы.
81. Әл-Мубарак ибн Мұхаммад әл-Жазари ибн әл-Асир, «Нихая фи ғариби әл-Хадис уә әл-Әсәр», Күтүб әл-Илмия баспасы, Ливан, Бейрут.
82. Ибн Таймия, Иқтисад ассирал мустаким, Дәрул Хадис баспасы.
83. Юсуф Қардауи «Сунна уәл Бидғә», Мактабатүл Уахба баспасы.
84. Мұхаммад Ахмад әш-Шариф, Әл маусуғатүл Фиқһия.
85. Юсуф Қардауи, әл-Халал уәл Харам, Дәру ихиа әт-Турас.
86. Әл Имам Әкбәр Махмуд Шалтут, Әл Фәтауа: Дирасатү лимушкиләтиль Мүслим
87. Имам Абу Юсуф Яғқуб ибн Ибраһим ибн Хабиб ибн Сағд ибн Хабта әл-Ансари, Китабу әл-асар, Ихия әл-Мағариф ән-Нүгмания, Индия, 1355-жыл (һижра).
88. Абдолла Мұхаммад, ибн Мүфлих әл-Мақдиси, Әл-әдабу әш-шарғия уә әл-манх әл-марғия, Мұассасатү әр-Рисалә баспасы, Үшінші басылым, 1999-жыл.
89. Әл-Қаади әл-Ииад, Тәртибу әл-Мадарик уә тақрибу әл-Мәсәлик
90. Ибн Қудаманың, Мүғни фи фиқһ әл-Ханабилә, Күтүб әл-Ғилмия баспасы.
91. Әл-Қаади әл-Ииад, Икмалу әл-Мүғаллим бифауааиди Мүслим, Дәру әл-Уфааи баспасы, Бірінші баспа, 1998-жыл.
92. Мұхаммад ибн Әли әш-Шауканидің, Нейлу әл-аутар, Дәру әл-Хадис баспасы, Бірінші баспа, 1993-жыл.
93. Бадруддин Әбу Мұхаммад Махмуд ибн Ахмад әл-Айни, Умда-тул Қари шарху әл-Бұхари, Дәру әл-Күтүб әл- Ғилмия баспасы, 2001-жыл.

94. Тақиюддин Әли ибн Абдул-Кафи әс-Субкидің «әд-Дурра әл-мудыйя фи-р-радд әлә Ибн Таймия» кітабы
95. Әли ибн Сүлейман әл-Мардуаи Алауддин Әбу әл-Хасан, әл-Инсаф фи мағрифати әр-Ражих мин әл-Хиләф, Сүннә әл-Мұхаммадия баспасы, Бірінші басылым, 1956-жыл.
96. <http://zhamagat-kyzylorda.kz/kaz/content/atakti-tulgalardin-sozderi>
97. <http://www.muftyat.kz/kz/article/view?id=623>
98. <http://ar.wikipedia.org/wiki/%D8%A7%D9%84%D8%B4%D9%8A%D8%B9%D8%A9>
99. <http://www.zakon.kz/4660259-mezhdunarodnaja-organizacija-at-takfir.html>
100. <http://www.muftyat.kz/kz/fatwa/view?id=68>
101. http://dinislam.kz/publ/a_ida_d_rys_pa_2/21-1-0-500
102. <http://saaid.net/monawein/t/7.htm#3>
103. muslim.kz/kk/question/26-maulit-bidgat-pa.html
104. <https://www.paldf.net/forum/showthread.php?t=540168>

МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	3
Аңдатпа.....	5
Ислам – бейбіт дін	7
Діни алауыздықтың (фитна) шығу себептері	16
Бауырмашылдықтың бұзылу себептері	21
Басшыға бағыну – парыз.....	33
Шииттер мен олардың сүнниттерден айырмашылығы	45
Хизбут тахрир неге шақырады?	54
Қазақстандағы Таблиғ жамағаты және сүннетке сай дағуат негіздері ..	61
Сопылық жол	70
«Аққуға» емес, Аллаға сен!	81
Такфир жамағаты.....	100
Шынайы сәләфтар қандай ақида ұстанған?.....	113
Уахабизм ағымының шығу тарихы.....	129
Харижилер	144
Мазһаб ұстану – ынтымақ кепілі.....	151
Ханафи мәзһабының өміршеңдігі.....	163
Ханафи мәзһабының дәлелдері.....	176
«Бидғат» сөзінің мағынасы.....	189
Сақал қою парыз ба?	197
Балақ қысқарту үкімі.....	206
Әһлу сунна ғалымдарының Ибн Таймия турасында пікірі	212
Уахабшылардың негізгі қателіктері.....	219
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:.....	231

Хамзат Қажымұратұлы
Алтынбек Ұтысханұлы

ДІН ЖАРАСТЫРА МА, ТАЛАСТЫРА МА?

Жауапты редактор: Құдайберді Бағашар